



Тіл –
адамның адамдық
бөлгісінің зоры



**АЙГҮЛ БӘЙДЕБЕКҚЫЗЫ
ӘМІРБЕКОВА**

ЛЕКСИКОЛОГИЯ ЖӘНЕ ФРАЗЕОГРАФИЯ

(монография)

Алматы
2024

УДК 80/81
ББК 81.2
Ә 58

Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі
Ғылым комитеті

А. Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтының
ғылыми кеңесі ұсынған 11.11.2024 жылғы № 19 хаттама
BR 24993133 «Қазақ тілін лингвосинергетикалық,
лингвоэкологиялық, лингводидактикалық аспектіде зерттеу
және оның оқу мәтіні лингвистикалық негіздерін әзірлеудегі қызметі»
атты БНҚ жобасы аясында дайындалды.
(Жоба жетекшісі - ф.ғ.д., профессор Қ.Кудеринова).

Пікір білдіргендер:

А. М. Алдаш, филология ғылымдарының докторы, профессор
М. Малбақұлы, филология ғылымдарының докторы, профессор

Ә 58 **Әмірбекова А. Б.**

Лексикология және фразеография. (монография) / А. Б. Әмірбекова. –
Алматы: «Ел-Шежіре» баспасы, 2024 ж. – 304 б.

ISBN 978-601-7042-79-0

«Лексикология және фразеография» монографиясы қазіргі қазақ тілінің лексикалық және фразеологиялық жүйесінің теориялық негіздері мен қолданбалы мәселелерін зерттеуге арналған. Еңбекте лексикологияның басты мәселелері сөздік қор мен сөздік құрам айырмашылығы, сөз мағынасы және оның түрлері, сөз мағыналарының кеңеюі мен тарылуы, қазақ лексикологиясының парадигмалық жүйесі: синонимия (*мағыналас сөздер*), антонимия (*қарама-қарсы сөздер*), омонимия (*тұрпаттас сөздер*), көпмағыналық, кеңмағыналық (*эврисемия*) және жалпылық пен жалқылық (*гипоним-гиперонимдер*), сөз жарыспалығы, сөздің типтері мен түрлері (*көне сөз, тарихи сөз, жаңа сөз, кірме сөз, шеттілдік сөз, аймақтық сөз, кәсіби сөз, діни сөз*) қарастырылады. Сондай-ақ танымдық (*когнитивтік*) лексикология мәселелері, ұғым және концепт айырмашылығы, концептілік құрылымдар, концептілік өріс зерттеледі. Жаңа сала – тіркесім лексикологиясы (*комбинаторлық лексикология*) мәселелері: сөздердің тіркесжасам қабілеті, сөздің комбинаторлық жүйесі, тіркесім өрісі анықталады, фразеография – сөздік түзудің жаңа үлгісі ретінде, зерттеліп, фразеография құрамы және сөздікте түзілу реттілігі, фразеография түзу тәжірибесі, бейнелі тіркестер сөздігін құру мәселелері айқындалады. Бұл еңбек тілтанушыларға, қазақ тілін зерттеушілерге, тіл үйренушілерге арналады.

УДК 80/81
ББК 81.2

ISBN 978-601-7042-79-0

© Әмірбекова А.Б., 2024

КІРІСПЕ

Лексикология – сөздік қор мен сөз құрамына енген барлық лексикалық бірліктер мен олардың мағынасын, сөздікте түзілу үдерісін зерттейтін тіл білімінің саласы. Лексикология жеке ғылым ретінде ХХ ғасырда қалыптасты. 1916 жылы жазылған Фердинанд де Соссюрдің «Курс общей лингвистики» еңбегінде тіл – құрылымдық жүйе екенін, сондай-ақ тіл ғылымы сыртқы лингвистика және ішкі лингвистика болып ажыратылатынын айтқан болатын [1]. Осы кезеңнен бастап Лексикология саласы тіл ғылымының бір тармағы ретінде зерттеу нысандарын, ішкі құрылымдарын, салалық тармақтарын айқындады. Сонымен лексикология саласы құрылымдық және антропоэзеттік бағыттар бойынша шартты түрде бірнеше тармақтарда зерттеледі: жалпы лексикология, жеке лексикология, тарихи лексикология, қазіргі лексикология, салыстырмалы, салғастырмалы лексикология, танымдық (*когнитивтік*) лексикология, тіркесім лексикологиясы.

Лексикология

Жалпы лексикология

(барлық тілдерге ортақ заңдылықтар)

Жеке лексикология

(бір тілге тән: қазақ лексикологиясы)

Тарихи лексикология

(диахронды, этимология)

Қазіргі лексикология

(синхронды)

**Салыстырмалы, салғастырмалы
лексикология**

Танымдық лексикология

(Когнитивтік лексикология)

Тіркесім лексикологиясы

(Комбинаторлық лексикология)

Лексикография

Фразеография

Жалпы лексикология – барлық тілге тән лексикалық құрамның заңдылықтары мен сөз мағыналарын анықтау қағидалары, сөздің қызметі мен сөздікте тіркелу ережелерін анықтайтын лексикологиялық теорияларды зерттейтін тіл ғылымының саласы. Сондықтан барлық тілдегі сөздердің лексикологиялық

зерттелімі тарихи (*диахронды*) және сипаттамалы (*синхронды*) бағытта қарастырылады. Сөзді (*лексикалық бірлік*) тарихи бағытта зерттеу тарихи лексикологияны қалыптастырады.

Тарихи лексикологияның зерттеу нысаны – сөздің этимологиялық болмысы және даму үдерісі. Сондықтан тарихи бағытта зерттелетін сөздің шығу тегі, дамуы міндетті түрде анықталады. Ал сипаттамалы зерттеуде сөздің қазіргі қызметі, қазіргі мағыналық өзгерісі, сөздік құрамнан сөздік қорға ауысу құбылысы қарастырылады.

Жеке лексикология белгілі бір тілге тән лексикалық заңдылықтарды зерттейді. Мәселен қазақ лексикологиясына тән өзіндік мағынажасамдық, сөз түзімдік, лексикографиялық ерекшеліктері бар. Бірқатар тілдерде жаңа сөздер қатары көп болып, сөздік құрам үздіксіз жаңаланып отыруы мүмкін. Ал бір тілдің сөздік құрамында диалектілік сөздер көп болуы ықтимал. Бірқатар тілде көне сөздер сөздік құрамда белсенді қызмет етіп, сөзқолданыс жаңаланбауы мүмкін. Демек, әрбір тілде сөздік қордың даму өзгерісі әртүрлі болуына байланысты олардың жеке лексикологиясы дадамиды. Соған орай сөзқолданыстағы әрбір сөздің мағыналық дамуы мен қызметі, тілдік қатысымдағы белсенділігі анықталады.

Салыстырмалы лексикология – бір туыстық топтан тараған (*генеологиялық типі бір*) тілдердің лексикалық мағыналарын өзара салыстыру арқылы зерттеу ғылымы. Мәселен, қазақ тілін түркі тілдес кез келген тілдердің мағыналық өзгерісін, ұқсастығын, атаужасамдық, мағынажасамдық қызметін, сөздердің лексикографиялық қордағы орны мен мәртебесін, яғни көне сөз, кірме сөз, жаңа сөз, термин сөз немесе атау сөз, сондай-ақ белсенді тұрмыстық қолданыстағы, бейнелі қолданыстағы, кәсіби қолданыстағы қызметін салыстыра зерттеу үдерісі салыстырмалы лексикологиясы аясында атқарылады.

Салғастырмалы лексикология. Типологиялық және генеологиялық сипаты жағынан әртүрлі тілдердің лексикалық құрамдарын пара-пар қойып, олардың ұқсастықтары мен айырмашылықтарын анықтайды. Мысалы: қазақ (*жалғамалы*), орыс (*қопармалы*) және ағылшын (*аналитикалық*) тілдеріндегі сөздердің мағыналық байланыстарын, сөздік қордағы қызметін зерттеу.

Лексикография сөздік құрастырудың теориясы мен тәжірибесін зерттейді. Бұл салада әртүрлі сөздіктер жасалады: түсіндірме, екітілді, фразеологиялық, тарихи, терминологиялық, т.б. сөздіктер.

Қазіргі лексикология – қазіргі сөзсаптам мен сөзқолданыстағы белсенді лексикалық бірліктер мен сөздердің лексикологиялық өзгерісін, семантикалық дамуы мен мағыналық кеңею, тарылу үдерісін, сөздік қор мен сөздік құрамға ықпал ету ерекшеліктерін зерттеу. Қазіргі лексикология көбінесе жеке тілдің лексикалық бірліктерінің дамуына қатысты зерттелетін болғандықтан, қазіргі қазақ лексикологиясы немесе қазіргі татар лексикологиясы, т.б. деп аталады.

Сонымен лексикологияның жалпы және жеке тармақтарымен қоса лексикологияның ішкі құрылымдық салалары да болады.

Лексикология (сөзтаным) салалары

Семасиология

(мағынатаным)

Ономасиология

(атаутаным)

Фразеология

(тұрақты сөз таным)

Паремиология

(нақыл сөз таным)

Терминология

(терминтаным)

Неология

(жаңа сөз таным)

Диалектология

(аймақ сөз таным)

Лексикология – жеке тілдегі мағынасы бар барлық сөздердің мәнін, қалыптасуын, дамуын, өзгеруін, мағыналық кеңеюін, тарылуын, мағыналас болуын, жарыса қолданылуын, т.б. қызметтерін зерттейтін аясы кең тіл саласы. Лексикология жеке тілде қанша мағыналы сөз болса, соның барлығының семантикалық болмысын, лексикографиялық орнын анықтайтын сала болғандықтан, бастапқыда термин сөздерді зерттейтін терминология, жер-су, кісі атауларын зерттейтін ономастика,

жергілікті тіл ерекшеліктерін зерттейтін диалектология саласы да лексикология құрамында болды. Бірақ зерттеу нысаны мен аясы кеңейіп, зерттеу бағыттары түрленгендіктен, терминология, диалектология, ономастика салалары жеке тіл ғылымының тармағы ретінде әрі пән ретінде дами бастады.

Семасиология сөз мағыналарын, мағына түрлерін арнайы зерттейтін лексикологияның бір тарауы ретінде қалып отыр.

Ономастиология саласы да атаулану, яғни сөздің атау категориясына ұласу үдерісін зерттейтін болғандықтан, бұл құбылыс сөздің мағынасы мен оны білдіретін заттың белгілерімен тікелей байланысты болғандықтан, демек, сөз-ұғым-атау тұтастығында анықталатын болғандықтан лексикология аясында қалып отыр. Тіл – адам санасында қалыптасқан ұғымдарды, нақты немесе дерексіз нысандар мен құбылыстарды таңбалауға қызмет ететін күрделі таңбалық жүйе. Осы тұрғыдан алғанда, атаулану үдерісін зерттеу тілдің танымдық, коммуникативтік және мәдени қызметтерін тереңірек зерттеуде ономастиология ғылымының маңыздылығы байқалады. Мәселен, логика бойынша бір заттың не құбылыстың бір ғана атауы болуы тиіс деп есептейміз, себебі адамның есімі сияқты тиесілі атауы біреу болу керек. Бірақ заттар мен құбылыстардың атауын адам ұсынатын болғандықтан, халықтың танымы әртүрлі болғандықтан бір затқа екі не одан да көп атау тиесілі болатын жағдайлары кездеседі. Бұл – тілдік заңдылық. Мысалы: *кемпірқосақ – күнжелек (аспандағы оптикалық құбылыс); қосауыз – қосатар – екіатар – қос ұңғылы мылтық*, т.б. қатарынан қолданылу себебінің бірнеше мәні бар. Бұл атаулар өзара синоним емес, мағыналас сөздер емес, бір ұғымды танытатын атаулар болғандықтан, атау теориясында да көпаталымдық үдеріс болатыны аңғарылады. Сөздің көпмағыналық құбылысы сияқты зат не құбылыстың көпаталымдық жағдайы тілдік жүйеде уәжділік категориясы аясында және таңба теориясы негізінде зерттелді. Бірақ көпаталымдық (*полиноминативность*) үдеріс неден пайда болатыны, сол бір зат не болмыстың ғана бірнеше атауды иелену себебі неде екенін зерттеу терең қарастырылмағандай. Осы тұрғыдан алғанда қазақ ономастиологиясының өзектілігі мен маңыздылығы артқанын байқауға болады. Ономастиология – атау

теориясын, заттың болмысына атау беру, яғни атаулану үдерісін, атаужасамдық жүйенің құрылымын, зат пен ұғымға, құбылыс пен әрекетке тиесілі атаудың қайдан, қалай пайда болғанын зерттейтін тіл саласы. Атаудың барлығы – тілдік таңба, сөз. Кез келген зат, әрекет, қимыл-қозғалыс, сын, сапа, сан, мөлшер, яғни құбылыстар мен ұғымдардың атауы – сөз. Сонда ономазиология тілде қанша сөз бар соның барлығын атау деп қарастыратын тіл саласы болғаны ма, ендеше лексикологияның зерттеу нысаны не болады деген ой туындауы мүмкін. Ия бұл заңды сұрақ! Бұл сұрақ туындамас үшін біз сөз басын бір ұғымның бірнеше атауы не себептен болады деген ойдан бастағанымыз да сол еді. Демек, ономазиология барлық атауды емес, екі немесе бірнеше атауға ие болған ұғымдарды, бір затқа берілген бірнеше атаулар өрісін, көпаталымдық үдерісті және атаулардың жаңарып, жоғалып, қайта жаңғыруын зерттейді. Мәселен, *үй, баспана, там, шаңырақ, түтін* – көпатаулы ұғым. Адамның өмір сүретін, отбасын өрбітетін, паналайтын орны ретінде танылатын бір ғана заттың атаулар өрісі. Бір затты осылайша бірнеше атаумен атаудың себебі неде – халықтың танымында, мәдениетінде, ұлттық қарым-қатынастың сақталуында. Бұл атаулар өрісі болашақта түрлене түсуі мүмкін: *этажка, ЖК (ауызекі қолданыс), коттедж, жекежай (особняк)*. Бұл атаулар өрісі адамның әлеуметтік қолданыс ортасы мен стильдік мүмкіндіктеріне қарай жұмсалады. Мысалы: *үй сатып алу, баспаналы болу, там соғу, шаңырақ көтеру, түтін түтету, этажкада тұрамын, қай ЖК-да тұрасың? коттедж алу, жекежайы бар*.

Тіл білімінде атаулану үдерісі таңбалаушы (*дыбыстық не графикалық форма*) мен таңбаланушы (*ұғым, мағына*) арасындағы байланыстан туындайды. Атаулану үдерісінің нәтижесінде тілде жаңа атаулар пайда болып, қолданыстағы сөздердің атаулық өрісі кеңейеді. Негізінен атаулануды екі түріне қарай ажыратады: бірінші (*негізгі*) және екінші (*жанамма*) атау. Атаулану үдерісі тілдің негізгі қызметтерінің бірі – болмысты таңбалау қызметімен тікелей байланысты. Тіл арқылы адам қоршаған ортаны танып, қабылдаған білімін атаулар жүйесі арқылы бекітеді. Осы тұрғыдан алғанда, атаулану кездейсоқ құбылыс емес, белгілі бір қағидаларға негізделген заңды үдеріс болып табылады.

Фразеология саласында да сөздік қорға енетін тұрақты тіркестер мен бейнелі тіркестердің зат не әрекеттің, құбылыс не ақиқат дүниенің, ұлттық құндылық не дәстүрдің атауын білдіретін қызметі болғандықтан лексикология тармағы ретінде танылады.

Паремиология мақал-мәтелдер мен қанатты сөздердің мәнін, мағынасын танытатын лексикалық бірліктердің зерттейтін сала болғандықтан лексикология тарауы болып саналады.

Ал лексикография сөз түзудің заңдылықтары мен қағидаларын, сөздіктің түрлері мен типтерін анықтайтын, әрі тілдегі сөздік қор мен сөздік құрамның дамуын бақылайтын көрсеткіш болғандықтан, яғни тікелей лексикалық мағынасы бар сөздердің жиынтығын зерттейтін болғандықтан лексикология тарауы ретінде таныстырылады.

Лексикология ғылымының зерттеу нысандары – сөз, лексема, сөздің түрлері (*көне сөз, жаңа сөз, төл сөз, кірме сөз, кәсіби сөз, жергілікті сөз*), мағына түрлері (*тура, ауыспалы мағына, бейнелі мағына, коннотатты мағына, денотатты мағына, келтірінді мағына, мәнмәтіндік мағына*), мағыналардың кеңеюі мен тарылуы (*метафора, теңеу, эпитет, синекдоха*), семантикалық құбылыстар (*омоним, синоним, антоним*), семантикалық өріс (*лексика-семантикалық топ, гипогиперонимдік қатынас*), фразеологизмдер мен мақал-мәтелдер.

ЛЕКСИКОЛОГИЯНЫҢ ЗЕРТТЕУ НЫСАНДАРЫ

СӨЗ бен ЛЕКСИКА	СӨЗДІК ҚОР СӨЗДІК ҚҰРАМ	ҰҒЫМ мен КОНЦЕПТ
МАҒЫНА	КӨПМАҒЫНАЛЫҚ, КЕҢМАҒЫНАЛЫҚ	АТАУЛАНУ ҮДЕРІСІ
СЕМАНТИКАЛЫҚ ҚҰБЫЛЫСТАР: Омонимия, синонимия, антонимия	СЕМАНТИКАЛЫҚ ЫҒЫСУЛАР: Мағынаның кеңеюі мен тарылуы	СЕМАНТИКАЛЫҚ ӨРІС: Лексика-семантикалық топ, гипо-гиперонимдік қатынас
СӨЗ ТҮРЛЕРІ: көне, жаңа, кірме, төл, кәсіби, тарихи, аймақтық сөздер	ФРАЗЕОЛОГИЗМ ИДИОМА	МАҚАЛ-МӘТЕЛДЕР НАҚЫЛ СӨЗДЕР

Бұл – құрылымдық және антропоэзектік бағыттағы лексикологияның қарастыратын мәселелері. Дегенмен, тілдегі әрбір лексикалық бірліктің мағыналық қызметінен тыс, ұғымдық әлеуетке жету мүмкіндіктері болады. Сөз – кең атау. Оның қатарына жеке лексемалар да, тіркестер де, күрделі атаулар да, үш-төрт компоненттен тұратын, бірақ бір ғана мағынаны білдіретін тұрақты тіркестер де, мақал-мәтелдер де енеді. Сөздің қызметі – белгілі бір затты не құбылысты дәл мағынасында (*функционалды немесе эмоционалды не прагматикалық мақсатта*) жұмсалатын лексикалық бірлікпен таныту. Ал ұғым керісінше, санада қалыптасқан ақиқат дүниенің бейнесін адамның өмір тәжірибесінен жиналған, аялық білімімен жиналған ақпараттары арқылы дәл таныту үшін оны түсіндіру (*интерпретациялау*). Ұғымды түсіндіретін сөздер іріктеліп алынады. Демек, сөздің түсіндірмесі – мағына болса, ұғымның түсіндірмесі – концептілік құрылым, ұғым туралы ақпараттардың жиынтығы. Сондықтан лексикологияның зерттеу аясы кеңейіп жатқанын аңғарамыз. Жалпы қоршаған әлемдегі әрбір зат пен құбылыс, әрекет атауына адамның тікелей қатысы болғандықтан, тілде тіркелген әрбір сөздің иесі – адам. Демек, сөзді тұтынушы да, жаратушы – адам. Сондықтан сөздің адам санасында қалай қалыптасатынын, атау беруде адамның танымдық қабілеттері қалай қызмет ететінін, ұғымды тануда адамның аялық білімі қандай деңгейде көрінетінін анықтау лексикология мәселелерімен тікелей байланысты зерттеледі. Осы тұста, Вильгельм фон Гумбольдтің «Тіл – зияткерлік түйсіктің көрсеткіші, тіл мен ойлау өзара тепе-тең» деген пайымдауынан кейін тілді антропоэзектік бағытта зерттей үрдісі қалыптасты [2]. Осы үрдіс Фердинанд де Соссюрдің ішкі және сыртқы лексикология деген жіктелімін нақтылауға мүмкіндік береді. Яғни ішкі лексикология – құрылымдық лексикология, ал сыртқы лексикология (*экстралингвистиканың бір тармағы*) – танымдық (*когнитивті*) лексикология саласының қалыптасуына негіз болды [3].

Танымдық лексикология – сөздің ұғым деңгейіне дейін даму, жетілу қадамдарын зерттейтін, яғни сөздің мағыналық шегінен шығып адам санасында құндылық биігінде танылу үдерісін анықтайтын сала. Танымдық лексикологияның зерттеу нысаны – ұғым және ұғым қалыптастыратын мағыналар жиынтығы.

Танымдық лексикологияның қалыптасуына сөз мағынасының кеңеюі негіз болды. Ал сөз мағынасының кеңеюі, адамның белгілі бір ұғымды дүниенің ақиқат бейнесі ретінде (*иррационалды*) тану және оны астарлы бейнелермен түсіндіру үрдісін туғызды. Бұл құбылыс адамның тілдегі сөздерді жай ғана белгілі бір зат не құбылыс атауы ретінде емес, одан кең ауқымда, яғни ұғымдық деңгейде тану әрі қабылдауға бейімделуінен туындады. Мысалы, қазақ тілінде «ӨЛІМ» – *о дүние, аруақ болу, аққа орану, келместің кемесі, жер астынан пана алу, жер жастану, жер құшу, мәңгілік ұйқы, сапары біту, жүзімі үзілу, бөренесі қиылу, сағаты таусылу, демі біту, тас өлім, ит өлім, топырақты өлім, аза, қаза, ажал, жүріп кету, қайтыс болу, кетіп қалу, өмірден өту, раббысына қайту, қаралы хабар, дүние салды, дүниеден озды, рухы аспанға ұшты, мәңгілік мекеніне кетті, табыт, жетілік, азаға салу, көрісу, шаш жаю, жоқтау, арулау, т.б.* Өлім ұғымын түсіндіруде бұл сөздердің арасында тұрақты тіркес те, жазушының окказионал сөзқолданысы да, идиома да, бейнелі тіркестер де, мағыналас лексемалар да, тіпті өлімді жөнелту рәсіміне қатысты атаулар да бар. Құрылымдық лексикологияда өлім ұғымына берілген бұл сөздерді синонимдер қатарына да мағыналас сөздер қатарына да лексика-семантикалық топ қатарына да жатқыза алмаймыз. Себебі олардың әрқайсысының лексикологиялық ережелері бар. Демек, өлім туралы әртүрлі деңгейдегі ақпараттардың жиынтығы құрылымдық жүйеден тыс, адамның танымдық жүйесінде сақталған концептілік түсініктер болмақ. Сондықтан танымдық лексикология тілде үздіксіз қалыптасатын сөз мағыналарының кеңею, тарылу, белсенді/белсенсіз қолданылуын, екінші атау болу, жарыспа қолдану, терминдену, бейнелі қолданыстың лексикалы, кірме сөздерге төл балама табу құбылыстарын бақылауға және дер кезінде анықтауға мүмкіндік береді. Тіпті жеке тілдегі ұғымдар мен ұлттық құндылық атауларын айқындауға септігін тигізеді. Яғни белгілі бір сөзге қатысты сол тілді тұтынушылардың (*халықтың*) танымы, түсіндірмесі (*интерпретациясы*) көбейген сайын ол сөздің халық үшін құнды екені аңғарылады. Демек, ол сөз сол халық үшін ұғым деп танылуы ықтимал. Сондықтан тілдегі лексикалық бірліктердің барлығын сөз деп танығанымызбен,

олардың ішінде ұғым атаулары да іріктеліп шығады. Сонда тілдегі сөздердің тізбегі немесе түсіндірмесі лексикографиялық жүйеде сақталатын болса, ұғым ретінде танылған сөздер концептографиялық жүйеде сақталады. Концептография қатарына енетін бір ғана концептінің түсіндірмесі үш-төрт беттік немесе тіпті бір кітап болуы да ғажап емес. Сондықтан сөз де, концепті де, ұғым да лексикология саласының нысаны ретінде зерттеліп отыр.

Сондай-ақ лексикологияның маңызды нысандарының бірі – фразеологизмдер. Фразеологизмдер – әрбір тілдің ұлттық болмысын, мәдениеті мен ғұмырлық тарихын, тілдің қуаты мен байлығын танытатын тілтанымдық категория. Фразеологизмдер бірнеше түрлерге (*тұрақты тіркес, идиома, этнофразеологизмдер, т.б.*) ажыратылады. Сондай-ақ фразеологизмдер тұрақты қолданыстан кейін лексикаланады, жазушылардың көркем тіліндегі окказионалды-бейнелі қолданыстарымен толығып отырады. Осылайша фразеологизмдер жүйесінде тарылу, кеңею, жойылу, толығу үдерістері болады. Сондықтан фразеологизмдердің сөздікте тұзу жұмыстары әрбір 5 жыл сайын бақылануы тиіс. Ол үшін лексикологияның бір тарауы фразеография заңдылықтары ескеріледі. Демек, фразеография – тілдегі бейнелі сөзқолданыстардың астарлы мағынасын айқындап, идиома не фразеологизм категориясына ажырататын, тұрақты тіркестердің бейнелі мағынасы күңгірттенсе лексикалық қорға енгізетін, қаламгерлер мен публицистердің көркем тіліндегі көріктеуіштерді тіркейтін лексикографиялық сала. Сондықтан монографияда лексикологияның бір тармағы ретінде фразеография саласының қызметі жайында тарқатып айтамыз.

Байқағандарыңыздай, монографияда талданатын басты тақырыптарды атап өттік. Сонымен лексикология – сөздіктегі (*лексикалық*) құрамды әртүрлі аспектіде зерттейтін тіл саласы. Құрылымдық лексикология, танымдық лексикология және фразеография деген үш тараудан тұратын бұл монографияның құрылымы қазақ сөзін зерттеу және талдаудың өзгеше түрін, қазақ сөзіндегі ерекшеліктер мен жалпы лексикологияға тән ортақ заңдылықтарды (*универсалийлерді*) анықтауға бағытталған.

1-ТАРАУ. ҚҰРЫЛЫМДЫҚ ЛЕКСИКОЛОГИЯ

Құрылымдық лексикология тілдің лексикалық құрамының жүйесін, сөздердің мағыналық өрісі мен олардың ішкі құрылымын зерттейді. Құрылымдық лексикология сөздер мен олардың мағыналарын, тілдегі сөздік қордың қалай ұйымдастырылғанын түсіну мақсатында қызмет етеді. Құрылымдық лексикологияның негізгі міндеттері:

1. Сөздердің мағыналық құрылымын анықтау, сөздің бойында қанша мағына болса, соның барлығын мәнмәтіндік қолданыста анықтау, түсіндіру;

2. Сөздің типтері мен түрлерін ажырату, сөздерді тілдік қорға тіркеу;

3. Сөздік қор мен сөздік құрамның кенею, тарылу үдерісін зерттеу;

4. Сөздің семантикалық дамуын: синонимдер мен антонимдер, омонимдер мен көпмағыналығы, кеңмағыналығын зерттеу;

5. Сөздің стилистикалық реңктерін қарастыру.

Нақты айтқанда құрылымдық лексикология мағынасы бар лексикалық бірлікті, яғни сөзді зерттейді. Сондықтан лексикологияны қазақ ғылымында «сөзтаным» деп атауға болады.

Сөз – белгілі бір ұғымды, мағынаны білдіретін, дыбыстардың жүйелі тіркесінен тұратын тіл бірлігі. Сөздің басты белгісі – мағынасы. Сөз белгілі бір затты, құбылысты, іс-әрекетті немесе сапаны білдіреді. Сөз басқа сөздермен байланысып, сөйлем құрай алады. Сөз мағынасына қарай бірнеше типтерге және түрлерге ажыратылады. Сөз құрамы – сөздің құрылымын, оның қандай бөліктерден тұратынын айқындайтын лексикология нысаны. Сөздің құрамына негізгі түбір және оған жалғанатын қосымшалардан жасалған туынды сөз, тұрақты сөздер енеді.

Лексема – бұл сөздің сөздіктегі нұсқасы, яғни сөздік қорға тіркелген негізгі бірлік. Лексема – бірнеше мағыналардың жиынтығынан құралған атау. Лексемалардың тізбегінен сөздік қор қалыптасады.

1.1. ЖАЛПЫ ЖӘНЕ ҚАЗАҚ ЛЕКСИКОЛОГИЯСЫНЫҢ ЗЕРТТЕЛУІ

Жалпы лексикология тіл білімі саласы ретінде грамматикадан кейін пайда болды. Тіпті ХХ ғасырдың өзінде құрылымдық бағыттың кейбір үрдістеріне сәйкес келмеуіне байланысты лексикологияны сала ретінде бөліп қарастыруға күмәнмен қараған кездер болды. Лексикологияның ішкі тармақтары құрылымдық жүйенің қағидаларына дәл келмейтін тұстары мағынаның өзгермелі болуында еді. Сондықтан лексикологияның негізгі өзегі – сөз мағынасын ажырату ережелері толық дайын болғанша бұл сала тіл білімінен бөлініп шыға алмады. Сонымен қатар сөз барлық тіл саласының зерттеуге алынар мысалы мен дереккөзі болғандықтан оны лексикологияның нысаны ретінде қарауға күмән туындай түсті. Жалпы лексикология тіл саласы әрі пән ретінде басқа салалардан (*фонетика, морфология, грамматика*) кейіндеу пайда болғанымен, сөз мағынасы мен сөздің ұғымдық, шешендік және көркемдік қызметі ежелгі ғасырда, антикалық шешендік өнер аясында зерттеле бастады. XVI – XVIII ғасырда Батыс Еуропада лексикографияның дамуы мен сөздіктердің құрастырыла бастауы лексикологияның пән ретінде тұрақталуына себеп болды. 1755 жылы ағылшын сөздігінің алғысөзінде С. Джонсон атап өткен лексикалық категориялар (*синонимия, тіркесімділік, тура және ауыспалы мағына*) алғашқы лексикологиялық теорияның бастамасы болды [4]. Осындай зерттеулерден кейін 1765 жылы лексикология термині алғаш рет франциялық энциклопедияда жарық көрді. Лексикология терминінің анықтамасын ғалым Д. Дидро мен Ж. Аламбери осы энциклопедияға енгізді [5].

Лексикология синтаксистің екінші бөлімінің бірі ретінде анықталып келді. Кейін сөз мәселесін зерттеушілер лексикология міндетін орындау барысында сөзді сөйленістен, сөйлемнен тыс дара зерттеуге болатынын, лексикалық бірліктердің типтерін ажыратуға болатынын айқындағанда байқай бастады. Осыдан кейін лексикология міндеттерінің қатарына сөздің сыртқы формасы мен мағынасы және этимология мәселелерін енгізді. Бұған дейін ол сөзжасам деп аталды. XVIII ғасырда стилистика туралы трактаттарда сөздің ауыспалы мағына жасау жолдары

талданған болатын. Бұл мәселе де кейін лексикология нысанына кірді. Осылайша орта ғасырдағы Батыс Еуропа зерттеулерінің нәтижесінде жалпы лексикологияның негізгі нысандары сөз бен мағына болып анықталды. Р. Раск және Ф. Бопптың салыстырмалы-тарихи тілтаным жөніндегі алғашқы еңбектері тарихи лексикологияның негізі болып қабылданды [6].

XIX ғасырда Еуропадағы лексикологиялық зерттеулердің негізгі саласы мағына мәселелері болды. Мәселен, В. Гумбольдт сөздің ішкі формасын зерттеді, Г. Павел сөз мағыналарының қалыптасуы мен эволюциясының жалпы заңдарын зерттеумен айналысты, тарихи лексикологияны айтарлықтай дамытты. 1897 жылы М. Бреалдың «Семасиология жетістіктері» атты еңбегінде семасиология тілтанымдық ғылымның бір саласы, сондықтан жеке пән ретінде қалыптасқанын айтып өтті [7].

XX ғасырда Еуропа тілтанушылары лексикология мәселелерінен гөрі семасиологияның дамуын жетілдіруді мақсат етті. Осы тұрғыда мағыналық әмбебаптық ерекшеліктер (*универсалийлер*) анықталды. Сөз мағынасының логика және психология ғылымымен сабақтастықта зерттеген Э. Кассирер, С. Ульманн, Г. Штерн сөз мағыналарының эволюциялық заңдылықтарын анықтап берді [8].

Тілдік құбылыстардың жүйеленуі туралы ғылыми болжамдар ең алдымен парадигматикалық және синтагматикалық қағидаға құрылған лексикалық өріс теориясында көрініс тапты. Осы тұста парадигматикалық қағиданы енгізген И. Трир [9], синтагматикалық қағиданы енгізген В. Порцигтің еңбегі ерекше еленді [10]. Лексикалық өріс теориясының нәтижесінде тезаурустық сөздік қалыптасты. Тезаурустық сөздіктің алғашқы үлгісін Роже жасаған болатын [11]. Ал сөздіктегі семантикалық өрістің түзілуін Огден, Балдингер қалыптастырды. Аталмыш сөздіктен кейін сөздің тілден тыс әлеммен қатынасын зерттеу маңызды екені анықталды. Осыған орай әлемдік тілтанымда бірнеше идеялар жарыққа шықты. Мәселен, сөздің тарихы, сол кезеңдегі қоғам тарихынан ажырамастығын дәлелдеушілер Ф. Мейе, Э. Бенвенист, Ж. Маторе болды [12]. Тіл тұтынушының сөздік қоры мен тұлғалық таным құрылымы өзара тәуелді деген идеяны қалыптастырушылар Э. Сепир, Б. Уорф, Л. Вейсгербер болды.

Ал Прага тілтанушылары сөздің функционалды жіктелімін зерттеуге назар аударды [13].

Ресей тіл білімінде лексикология ғылымының негізін қалыптастырған М. Ломоносовтың еңбектері. Ғалым сөздің үш түрлі стилистикалық жіктелімге ажыратылатыны туралы, сөздің тарихи өзгермелі сипаты туралы, негізгі лексикалық қордың тұрақты болуы туралы теориялық еңбек жазған болатын [14]. XIX ғасырдың соңы мен XX ғасырдың басында А. Востоков, И. Срезневский лексикографиялық үлгі жасап, славян сөздерінің этимологиясын анықтап, тарихи сөздерді түзуде белсенділік танытты. В. Даль, А. Соболевский, Бодуэн де Куртенэ орыс сөзінің аймақтық (*территориялық*) және әлеуметтік жіктелімін жасады. А. Потебня мен М. Покровский еңбектері жазушы тілінің лексикасына арналды. А. Потебня сөздің тұрпат және мазмұн межесінің жалпы теориясын (*сөздің ішкі мазмұнын тереңдету, сөздердің лингвистикалық және экстралингвистикалық қызметін, сөздердің семантикалық қатынастарын, полисемия, сөздердің өзгергіштігі қасиетін*) терең дамытты. М. Покровскийдің еңбектерінде жалпы семасиологияның негізі қаланды, сөз мағыналарының даму заңдылықтары анықталды.

Кеңес дәуірінде лексикологиялық зерттеулер қарқынды дамыды. Салыстырмалы, салғастырмалы лексикологияның негізі қаланды. Бірнеше тілдердің деректері бойынша зерттеу жүргізудің әдістері қалыптасты. КСРО халықтарының тілдерін зерттеуге аса мән берілді. Соның нәтижесінде лексикология пән ретінде жоғары филологиялық білім беру жүйесінде міндетті теориялық курс болып қолданысқа енді. Осы кезеңде Е. Поливанов, Б. Ларин, Д. Лихачев, В. Жирмунский, Н. Марр, В. Виноградов, Ф. Филин, Р. Будагов сөзді «тіл мен қоғам» сабақтастығында зерттеуге ерекше мән берді.

Кеңес дәуірі кезінде орыс тілтанымында лексикология бағыты көркем мәтін лексикасын зерттеуге бет бұрды. Нәтижесінде классик жазушылардың тілі арнайы сөздік болып шықты. Сөз стратификациясы, халықтық этимология және жергілікті тіл ерекшеліктері мен сөз қолданысы зерттеле бастады. «Сөз тілдің негізгі бірлігі» деген тұжырымды дәлелдеу барысында А. Пешковский, Л. Щерба, В. Виноградов, А. Смирницкий, Р. Шор, С. Кацнельсон, О.С. Ахманова, Ю. Рождественский сөздің жалпы

теориясын, сөз типтерінің шегін, сөздің ұғымнан айырмашылығы мен қатысын анықтады. Л. Булаховский, В. Звегинцев, Д. Шмелев, Б. Городецкий, А. Супрун сөздің семантикалық теориясын зерттеуге ерекше көңіл бөлді.

Орыс лексикологиясының жетістігі ретінде В. Виноградовтың сөз мағыналарының типологиясын дамытуын атауға болады. А. Смирницкийдің сөздердің лексикалық және семантикалық нұсқаларының дәйектеуін атауға болады. Р. Будаговтың сөз мағыналарының дамуы қоғамның дамуымен тікелей байланысты, мағына дамуында аралық буын болатынын дәлелдеуін атап өткен жөн. Осы зерттеулердің арқасында көпмағыналық теориясының негізі жасалды.

XX ғасырдың басында жалпы лексикологияда сөздің семантикалық құрылымы және оның теориялық заңдылықтары біріздендірілсе, ғасырдың соңында лексикологияның ішкі тармақтары мен салалары айқындалды, әрбір лексикологиялық сала зерттеу нысандары мен мақсат, қызметтерін нақтылады. XXI ғасырда жалпы лексикологияда тіл тұтынушының танымы, оның сөйлеу белсенділігі сөздің дамуы мен жаңа сөздің пайда болуына ықпал ететіні тұрғысынан қарастырылды. Жалпы лексикология антропоөрістік әдістермен зерттеле бастады. Лексикологияның зерттеу нысаны ретінде – дүниенің тілдік бейнесі, мифологема, символ, концепт ұғымдары алына бастады.

Қазақ лексикологиясының қалыптасуы мен дамуына тоқталатын болсақ.

Қазақ тіл ғылымының негізін қалаған А. Байтұрсынұлының «Тіл – құрал» еңбегінде арнайы лексикология саласын атап өтпесе де, төл сөз, жат сөз, көркем сөз, әдеби сөз ұғымдарын жіті түсіндірген. Кірме сөздің икемделуі туралы былай дейді: «Сырттан бірен-саран жат сөздер келсе, оны жаншып кеміріп, өз тілінің қалпына түсіріп алған – қазақ. Жат жұрттың шалығы тимесе, кәсіби, ғұрпы өзгерілмесе, жалғыз тіл өзгерілді деп айтуға тіпті жол жоқ». Яғни қазақ халқы кірме сөзді түпнұсқа қалпында емес, қазақ тілінің айтылымына сындырып бейімдеп алғанын көрсетеді. Сондай-ақ сөз түрлері бойынша былай дейді: «Көркем сөз – көңіл тілі, жалаң сөз зейін тілі». Сондай-ақ мақалды да сөз қатарына жатқызады: «Мақал – тәжірибеден шыққан ақиқат түрінде айтылатын сөз». Сөздік қордың ескіру,

жаңару үдерістері туралы да өз тұжырымын айтады: «Халықтың тілі бұзылып өзгерді һәм көршілес күшті халықтың тілімен әсірелеп...соған қол болады, оның ішінде жаңалықтар көбейеді. Ол кішкене ұлттарды жаңартып, жандандырылмаған ескі тілі өзінің барлық маңызын жояды һәм жылдам ұмытылады» [15].

Ғалым Қ. Жұбановтың қазақ лексикологиясын құрылымдық аяда емес, адамтанымдық кеңістікте зерттеуге бағыттайтын тұжырымдары әлемдік тілтаным жүйесіне антропоэзеттік бағытты алғаш жариялаған ғалым ретінде танытады. Мысалы ғалымның: «Біз жекелеген лингвистикалық фактілерді тілдің басқа салаларымен жалпы бірлікте қарастырып, осы байланысты қоғамның даму деңгейі, экономикалық, әлеуметтік дүниетаным тұрғысынан зерделеуді қажет етеміз. Тіл адамдардың өзара қарым-қатынас жасау нормаларын жүзеге асырады, олардың өзге жаратылыс иелерінен табиғи айырмашылығын анықтайды, ойлау қабілетінің даму деңгейін сипаттайды. Оның адам «жанын» айғақтайтын қасиеті де әмбебап құбылыс деп танылады. Тіл арқылы адамзат атаулыны біріктіруге, олардың жеке этникалық ерекшеліктерін сұрыптауға ішкі сырын айқара ашуға немесе жасырып «бүгіп қалуға» болады» деген пікірі танымдық лексикологияның міндетін атап тұрғандай қабылданады. Сондай-ақ ғалымның: ««Сөз бұйымын дұрыс жасап шығару үшін де оның жасалу жолын, материалының сыр сипатын білу керек. Білмесе, мұнда да темірді желімдеп, ағашты пісіргендегідей нәтиже шығады» деген пікірі де сөздің стилистикалық қызметіне ғылыми бағыт бергенін көрсетеді [16].

Қазақ тіл білімінің әрбір саласын арнайы зерттеген ірі еңбек – 1954 жылы жарияланған «Қазіргі қазақ тілі (*лексика, фонетика, грамматика*)» еңбегі. Онда қазақ лексикологиясы туралы алғаш рет ғылыми-теориялық зерттеу жарияланған. Оқулықтың жауапты редакторы М. Балақаев пен А. Ысқақов болғанмен, кітаптың екінші бетінде Лексика тарауын жазған доцент Ғ. Мұсабаев деп көрсетілген. Бұл оқулық 10 томдық түсіндірме сөздік құрастырылмай тұрғанда-ақ лексикография туралы ақпарат берді. Ол туралы редакторлар оқулықтың алғысөзінде былайша түсіндіреді: «Қазақ тілі лексикасын зерттеуде олқылықтар болды. Қазақ тілінің түсіндірмелі сөздігі, этимологиялық сөздік, синонимдер сөздігі, фразеологиялық сөздік жасалмады. Әдеби

тіл мен ауызекі тілдің лексикалық ерекшеліктері, сөздердің қолданылуындағы стилистикалық ерекшеліктері сияқты мәселелер де арнайы зерттелмеді» [17]. Демек, қазақ тілінің лексикасы, сөздік қоры мен құрамы толық анықталмай тұрғанда жазылған оқулық болды. Осы академиялық еңбек қазақ сөзін түзуге, түгендеуге себепкер болған деп танимыз.

Сонымен қазақ лексикологиясын алғаш рет арнайы зерттеген ғалымдардың бірі – Ғ. Мұсабаев. Ғалымның «Современный казахский язык (*лексика*)» еңбегі 1959 жылы шыққан болатын. Ғалымның бұл еңбекке қосқан маңызды үлесі – сөз мағыналарының жасалу жолдарын көрсетуі. Ғалымның зерттеуінде: «Сөз мағыналарының көпшілігі семасиологиялық белгілі заңдары бойынша жасалады. Оның бастылары: ұқсату заңы (*метафоризация*), функционалды семантика заңы, бөлшектің бүтінге ауысу заңы; мағыналардың кеңеюі мен тараяуы» делінеді [18].

Ғалым Т. Қордабаев 1958 жылы «Қазақ тілі мен әдебиеті» журналына «Сөз және оның мағыналары» атты мақаласын жариялап: «Сөздің лексикалық мағынасы – оның жеке тұрып та білдіретін өзіне тән қоғам таныған мағынасы» деген анықтама берген болатын [19].

К. Аханов 1962 жылы жариялаған «Тіл біліміне кіріспе» еңбегінде: «Сөздің лексикалық мағынасы дегеніміз дыбыстық комплекстің ақиқат өмірдегі құбылыстардың бірімен белгілі бір тілде сөйлесуші коллектив арқылы белгіленген байланысы болып табылады» деген анықтама беріп, лексикология саласына қатысты зерттеулерін жазды [20].

Сөз мағыналарын зерттеген ғалым Р. Барлыбаевтың 1969 жылы «Қазақ тілінде сөз мағынасының кеңеюі мен тарылуы» атты еңбегі жарияланды. Ғалымның айтуы бойынша, «Ұғым, сөз, мағына – үшеуінің дегенмен ерекшелігі бар. Ұғым сөзге қарағанда кеңірек. Өйткені бір ұғымда әр түрлі, бірнеше сөзбен береміз. Керісінше, сөз біреу ғана болып, оның ұғымы бірнеше болуы да мүмкін»[21].

1973 жылы «Қазақ тіліндегі көпмағыналылық мәселесі» тақырыбында кандидаттық диссертация қорғаған Р. Садықбековтың зерттеуінде мағына тудыратын тәсілдер талданған [22].

Ғалым І. Кеңесбаев, Ғ. Мұсабаевтың 1975 жылы жарияланған «Қазіргі қазақ тілі. Лексика, фонетика» оқулығы мынадай тараулардан құралған: Лексика туралы жалпы түсінік. Тілдің лексиканы тексеретін тараулары. Сөздің пайда болуы. Сөз – лексикалық единица. Сөз бен дыбыс. Сөз бен дыбыстау. Сөз бен ұғым. Сөз бен мағына. Этимология. Семасиология. Сөздің түрлері. Сөз мағынасы тураалы түсінік. Семасиологияның негізгі заңдары. Омонимдер туралы жалпы түсінік. Антонимдер. Синонимдер. Сөздердің метафоралық қолданылуы. Метонимия. Синекдоха. Табу. Эвфемизм. Қазіргі қазақ тілі лексикасының құрамы. Түркі тілдеріне ортақ сөздер. Шығыс тілдерінен ауысқан сөздер. Орыс тілінен ауысқан сөздер. Басқа тілдерден ауысқан сөздер. Қазіргі қазақ тілі лексикасының стильдік мәні. Сөйлеу тілінің лексикасы. Диалектілік лексика. Професионал және терминдік лексика. Көнерген сөздер. Неологизмдер. Кітаби тіл. Экспрессивтік-эмоционалды лексика. Лексикография. Қазақ тілінің идиомдары мен фразалары туралы. Бұл оқулықтың 3-203 беттері толықтай лексикология ілімін түсіндіруге арналған [23].

Әсет Болғанбаевтың 1979 жылы жарияланған «Қазақ тілі лексикологиясы» еңбегінде көпмағыналық, сөз мағынасының кеңею тәсілдері тың зерттелгені байқалады [24].

Ғалым Ғұбайдолла Қалиев қазақ лексикологиясын зерттеуші ғалым ретінде танылды. Ғалымның 1961 жылы шыққан «Қазіргі қазақ тілі лексикологиясы бақылау-пысықтау жаттығулары» еңбегінде лексикология бойынша теориялық білімді тексеруге сөз, сөз мағыналарын ажыратуға, мәтіннен ескірген сөздерді анықтауға, сөздіктің түрін ажыратуға, неологизм сөздерді табуға, жалпыхалықтық сипаты бар сөздер мен диалектілік лексиканы анықтауға, термин сөздерді ажыратуға бағытталған мәтіндер арнайы таңдалған [25].

Ғұбайдолла Қалиевтің 1981 жылы шыққан «Қазіргі қазақ тілі лексикологиясы» атты әдістемелік кеңесі еңбегінде ұғым мен сөз айырмашылығын анықтауға, сөздің ауыс мағынасын көрсетуге, мағынасы кеңейген не тарылған сөздерді айқындауға омоним, синоним, антонимдерді табуға, моңғол, араб, орыс тілінен ауысқан сөздерді анықтауға бағытталған жаттығулар ұсынылған. Жаттығу мәтіндерінің дені көркем шығарма үзінділерінен

алынған. Соның ішінде М. Әуезовтің «Абай жолы» роман-эпопеясынан көп берілген [26].

Қазақ тіліндегі лексикалық варианттарды синоним деп тануды ұсынған ғалым И. Ұйықбаевтың пайымдауынша: «Сөздің құбылуы оның варианттарын жасайды. Сөз мағыналарының тепе-теңдігі варианттылықтың белгісі болады, сөздердегі мағыналардың қатыстық, жақындығы, жуықтығы синонимдерге тән қасиет: Сондықтан да сөз варианттары абсолюттік синонимдер немесе толық синонимдер деп аталады» [27].

Ғалым М. Белбаеваның 1976 жылы жарияланған «Қазақ тілінің лексикологиясы» атты оқулығында сөздің лексикалық мағынасы жан-жақты талданған [28].

1979 жылы жарияланған Р. Сәрсенбаевтың «Қазіргі қазақ тілі лексикологиясы (*журналистика факультеті студенттеріне арналған*)» оқу құралындағы ерекшелік – сөздік мағыналық типтері мен варианттары, синонимдердің түрлері (*идеографиялық, стилистикалық синонимдер*), арнаулы лексика, жаргондық лексика, бейтарап лексика, сөйлеу лексикасы, қарапайым лексика, тұрпайы лексика, былапыт лексика, қоқырсық, дөрекі лексика, ауызша тіл лексикасы, жазба тіл лексикасы, көтеріңкі стильді лексика, ресми лексика анықтамаларының болуы [29].

Академик Рәбиға Сыздықтың сөз мағыналарына қатысты тұжырымдары, әсіресе сөз мағынасының ұмытылуы, күңгірттенуі, кеңеюі туралы зерттеулері де қазақ лексикологиясына қосқан едәуір үлесі болып саналады [30].

К.Ш. Хұсайынның «Звукоизобразительность в казахском языке» еңбегінде сөздің пайда болуы, дыбыс және бейне қимылдарына еліктеуден туындаған сөздердің этимологиясын зерттеп, сондай-ақ сөзге тарихи-типологиялық салыстырмалы талдау үлгілерін ұсынған болатын [31].

Ғалым А. Айғабыловтың 1989 жылы жарияланған «Қазақ тілі лексикологиясы» (*методикалық талдау*) еңбегінде сөздің лексикалық және грамматикалық мағыналарын түсіндіруге, сөздің көпмағыналылығы мен оның жасалу жолдарын танытуға синонимдік қатар мен доминанттарға баса назар аударған [32].

Ғалым Б. Қалиевтің лексикологиялық зерттеуінде: «Жалпы сөздің лексикалық мағынасының дамуы таным процесімен тығыз байланысты болғандықтан басқаша болуға тиіс емес.

Ол сөздің затты белгілеп қана қоймай, оны талдау қызметін де атқаратынын, ұрпақтардың тарихи даму барысында жинақтаған тәжірибелерін де жеткізетінін атап көрсетіп отыр» делінеді [33].

Қазақ тілінің семантикасын зерттеген ғалым М. Оразовтың еңбегі 1991 жылы жарияланды. Онда сөздің лексикалық мағынасы, лексикалық мағынаның құрылымы және оның басқа да тілдік құбылыстарға қарым-қатынасы жан-жақты талданады [34].

Ғалым Н. Уәлидің 1997 жылы жарияланған «Фразеологизм және тілдік норма» еңбегінің қазақ лексикологиясын дамытуға елеулі үлесі болды. Қазақ тіліндегі тұрақты сөз орамдарының тілдік табиғаты, ұлттық мәдени мазмұны, стильдік ерекшеліктері әдеби тіл нормасы тұрғысынан қарастырылды [35].

Ғалым Ж. Манкеева қазақ лексикологиясының дамуына елеулі үлес қосып келеді. Ғалым алғаш рет қазақ тіліндегі заттық мәдениет лексикасын зерттеді [36].

А. Ә. Иманғазинаның зерттеуінде «Ғалым Ғ. Мұсабаевтың ғылыми-теориялық шығармашылығы қазақ тіл біліміндегі тарихи лексикология, семасиология саласының негізін салушы деп анықтауға негіз береді» делінген [37].

Г. Смағұлова қазақ тілі лексикологиясын зерттеген ғалымдар Ә. Болғанбаев пен Ғ. Қалиевтің зерттеулеріне сүйене отырып, «Қазақ тілінің лексикологиясы мен фразеологиясы – 500 тест» атты білімді бақылау құралын құрастырды. Тест тапсырмалары қазақ тілі лексикасының жалпы теориялық негіздері, қазақ тілі лексикасының семасиологиялық сипаты, қазақ тілі лексикасының шығу арналары, қазақ фразеологиясы, лексикография деген тарауларға жіктеліп жасалған [38].

Ғалым Ш. Жалмахановтың 2001 жылы жарияланған «Қазіргі қазақ тіліндегі көп мағыналы зат есімдердің мағыналық құрамы» атты оқу құралында көп мағыналы сөз семантикасының табиғаты түсіндірілген. Сондай-ақ мағына түрлері: негізгі, туынды, ауыспалы, сараланған, диалектілік мағыналардың арақатысы, айырмашылықтары нақтыланған [39].

Ғалым М. Жүнісованың 2008 жылы жарияланған «Қазіргі қазақ тілі» оқулығында 51-147 беттер аралығында, яғни кітаптың басым бөлігінде Лексикология ғылымы туралы ақпарат берілген [40].

Б. Құлжанованың 2015 жылы жарияланған «Қазіргі қазақ тілі Лексикология» оқу құралында сөздік құрам тарауы тарқатылып жазылған. «Сөздік құрамды тарихи шығу, жасалу тұрғысынан қолданылу жиілігіне қарай, пайдалану шеңберіне қарай, көркемдік мәніне, стильдік қатысына қарай бірнеше топқа бөлуге болады» деп көрсеткен. Сондай-ақ сөздік қорға енетін сөздердің тақырыптық топтарын жіктеген [41].

Қазақ лексикологиясының даму тарихы қазақ тілінің сөздік қоры мен құрамын жинақтау және тізбектеу, сөздің мағынасын ашу, сондай-ақ қазақтың сөздік құрамының кірме сөздермен кеңею үдерісін зерттеу мәселерінен басталғанын байқадық.

1.2. ҚҰРЫЛЫМДЫҚ ЛЕКСИКОЛОГИЯНЫҢ НЕГІЗГІ ЗЕРТТЕУ НЫСАНЫ – СӨЗ

Сөз – толық мағынаға ие, жеке тұрып белгілі бір заттың не құбылыстың атауы бола алатын бүтін тілдік таңба, сөйленім құрамында да мағыналық ерекшелігімен ажыратылатын, сөйлем құрамында еркін синтаксистік байланысқа түсе алатын, сөздіктен, сөздік қор мен сөз құрамынан орын алған лексикалық бірлік. Сөздің негізгі белгісі оның грамматикалық және семантикалық қағидаларымен анықталады. Мәселен:

Бесік – түбегі мен шүмегі бар нәрестенің мамықталған ағаш төсегі. Бұл – дара тұрған лексема.

Бесіктой – нәрестені бесікке салар той. Бұл – дара тұрған, бірақ екі лексеманың бірігуінен жасалған күрделі атау.

Бесік құда – сәбилерді бесігінде атастыру арқылы болған жекжаттық. Бұл да – екі лексеманың тіркесуімен пайда болған, бір мағынаны білдіретін күрделі сөз.

Бесіксалар – бесікке салу рәсімінде орындалатын кәде атауы. Бұл да – екі лексеманың бірігуінен жасалған атау.

Бесіктен белі шықпаған – қаршадай, кіш-кішкентай деген мағынаны білдіретін идиома. Бұл да – бірнеше лексеманың тіркесінен құралған тұрақты сөз тіркесі.

Бесік-месігімен – төсек-орнымен. Бұл да – екі лексеманың қосарлануы арқылы бір мағынаны білдіретін күрделі сөз. Демек, сөз грамматикалық және семантикалық құрылымдарына қарай

жеке лексикалық бірліктен немесе екі не одан көп лексемалардың бірігуі, қосарлануы, тіркесуі арқылы жасала келіп, бір ғана мағынаны білдіретін аталым категориясы. Яғни сөз – белгілі бір зат не құбылыстың, әрекеттің атауы. Сонда сөз – лексикалық бірлік, лексема, атау, күрделі атау, күрделі сөз, сөз тіркесі, тұрақты сөз тіркесі, фразеологизм, идиома, мақал мен мәтелдің жиынтық атауы, яғни бір ғана мағынаның атауыштық формасы. Сөз – гипероним болса, оның құрамына енетін лексема, лексикалық бірлік, атау, күрделі атау, күрделі сөз, сөз тіркесі, тұрақты сөз тіркесі, фразеологизм, идиома, мақал-мәтел – гипонимдері болып саналады. Сондықтан сөз – өте күрделі құбылыс. Сөз – тілдің сөздік қоры мен құрамын, лексикографиялық қорын жасаушы құрал. Сөз – айтылмақ ойды, сөйлемді құраушы негізгі тетік. Бірақ сөйлемдегі әрбір лексикалық бірлік сөз бола бермейді. Мысалы, *Анам мектепке қарай жүрді* деген сөйлемде үш сөз бар: *анам*, *мектепке қарай* (*тіркес*), *жүрді*. Бұндағы «қарай» – лексико-грамматикалық бірлік, себебі оның толық лексикалық мағынасы жоқ, тек белгілі бір бағыттың реңкін білдіретін көмекші мәні ғана бар. Сондықтан ол шылау деп аталады. Байқағанымыздай, берілген сөйлемде төрт тілдік бірлік, бірақ үш сөз бар.

Ғалым Р. Авакова, С. Бектемирова зерттеулері бойынша: «Сөз (*лексема*) – дербес және еркін қолданылатын номинативтілік функциясын атқарушы мағыналы тілдік орталық бірлік. Оның қызметтері: 1) атауыштық – сөз болмыстағы және бейболмыстағы қандай да бір құбылысты атайды және ажыратады. 2) жалпылау (*семиотикалық*) – сөз біртепті құбылыстарды бір топқа біріктіруге және оларды атауға қабілетті. 3) құрылымдық – сөз сөйлем құраушы бірліктер» [42].

Лексикалық бірлік дегеніміз не? Ғ. Қалиевтің анықтамасы бойынша: «Лексикалық бірлік – негізгі мазмұнның сипаты жеке сөздерден көрінетін тілдік бірлік» [43]. Лексикалық бірлік – сөздік құрамдағы бөлінбейтін тұтас мағыналы бірлік, яғни жеке тұрып зат не құбылыстың мағынасын түсіндіретін атау бірлік. Мысалы: *шебер* – түбір тұлғалы, өнерпаз адам, ісмер, ұста мағынасындағы тұтас бір тілдік атау.

Лексема – лексикалық бірліктің сөйлем ішінде парадигматикалық қалпындағы мағынасында жұмсалатын тілдік бірлік. Мысалы: *шебер лексикалық бірлігінің лексемалары* – шебермен

қатар, шеберсіз, шебер жанында, шеберлі, шеберхана. Демек, лексема – лексикалық бірліктен кеңірек. Лексикалық бірлік – түбір тұлғалы, тұтас, негізгі мағыналы сөз болса, лексема сол негізгі түбірден тарайтын бірнеше түрленген сөздердің жиынтығы болмақ. Лексема сөздің лексикалық және грамматикалық мағыналарының түрленуінен жасалады. Лексемаға екі қасиет тән: ол жеке тұрып та, сөйлем ішінде басқа лексикалық бірліктермен тіркесе байланысып та қызмет ете алады. Сондықтан тұрақты тіркестер, күрделі сөздер, идиомалар лексема бірліктері болып саналады.

Ғ. Әбуханов лексика туралы мынадай анықтама береді: «Лексика бір тілдегі барлық сөздердің жинағы деген мағынада қолданылады. Лексика деген термин белгілі бір автордың, шығарманың тілі деген ұғымды да береді. Лексикология – сол тілдегі сөз байлығын қарастыратын, айқындайтын тіл ғылымының бір тарауы Лексикологияның зерттейтін объектісі – сөз» [44].

Ә. Болғанбаевтың зерттеуінде: «Бір тілде қанша сөз болса, солардың тұтас жиынтығын тіл ғылымында лексика немесе сөздік құрам деп атайды» [45].

Тіл білімі терминдерінің сөздігінде: «Сөз – зат пен құбылыстың атын, түр-түсін, сапалық белгісін, амалын, қимыл-әрекетін таңбалаушы негізгі мағыналық-құрылымдық бірлік. Болмыстың тілдік атауы ретінде дыбыс пен мағына тұтастығынан тұрады» [161].

Ғ. Мұсабаевтың зерттеуі бойынша: «Сөз болған жерде мағына болуы – табиғи нәрсе. Сөз – мағынаның тірегі. Сөзсіз мағына жоқ. Бірақ бұдан сөз бен мағына екеуі бір нәрсе деп қарауға болмайды. Өйткені тілде кейбір сөздер мағынасын жоғалтқан, сонда да олар мағынасыз сөз болып өмір сүре береді. Мысалы шылау. Сөз болған жерде ұғым бар. Ұғымды қалыптастыруға, оны айтуға сөз қажет болады. Өйткені ойлаудың өзі де сөз арқылы болатындықтан, ұғым да сөз арқылы пайда болады, бірақ ұғымның мағынасы кең. Ұғым түйсіктен (*представление*) басталады. Сырттағы зат адам түйсігіне әсер еткенде адам ойлай бастайды. Ұғымды сөз жинақтап аяқтайды. Сөз ұғымның пайда болуына түрткі бола алмаса да, оның құрылу процесін аяқтайды» [46].

Сөз бен лексема айырмашылығы қандай? Сөз – сөйлеу барысында қолданылатын тілдің негізгі бірлігі. Ол белгілі бір мағынаға ие және әртүрлі сөйлемдер мен контекстерде қол-

данылуы мүмкін. Сөздің ішінде грамматикалық тұлғалар, дыбыстық құрам, лексикалық мағына, сөзжасамдық құрылымдар бар. Сөз – тілдің ең кіші дербес бірлігі болып табылады. Мысалы: «Үй» – бұл сөз бір не бірнеше мағына білдіреді және өз алдына тұрып та, сөйлем құрамында да қызмет атқара алады (*үй, үйім, үйшік, менің үйім, өз үйім, үй соғу, үй жинау*). «Жүгіру» – етістік, туынды бірлік. Демек, сөздің қызметі мынадай: 1. Сөз мағына таныту қызметін атқарады. Сөз өзінің тұрақты мағынасын білдіреді. 2. Сөздердің өзара грамматикалық байланысындағы мағынасы да ықпал етеді. Сөз сөйлемде белгілі бір грамматикалық формада қолданылып, басқа сөздермен байланысқа түседі.

Лексема – бұл сөздің сөздіктегі нұсқасы, яғни тілдің лексикалық қорында тіркелген негізгі бірлік. Сөз – сөйлеу барысында қолданылатын тілдің жеке бірлігі. Сөздің негізгі белгілері: 1) Сөздің тұрпат межесі болады, яғни дыбыстық құрылымы болады. 2) Әрбір сөз дыбыстардан құралады. 3) Сөздің мағыналық тұтастығы болады, яғни әрбір сөз бірнеше мағынасы бола тұрса да, бір қолданыста бір ғана мағынасымен қызмет етеді, танылады. 4) Сөз грамматикалық мағынасына қарай түрлене алады, синтаксистік қатынас жасайды. 5) Сөздер өзара грамматикалық формалардың көмегімен байланысып, сөйлем, мәтін құрай алады. 6) Сөз халықтық танымның құндылығына айналып, концептілік ұғымға ұласа алады. Себебі, ғалым Ә. Болғанбаев айтқандай: «Сөз біткеннің бәрінде де белгілі бір мағына болады. Бірақ кез келген сөзде ұғым бола бермейді» [45]. 7) Сөз бірнеше лексикалық бірліктердің тіркесуі, бірігуі, қосарлануы арқылы бір мағына білдіретін күрделі лексикалық категория бола алады.

М. Белбаеваның зерттеуінде: «Сөз – қыры-сыры мол, күрделі категория. Сөздің мағыналық, дыбыстық жағы, шығу төркіні, даму тарихы, қолдану ерекшелігі, жасалу жолы, өзгеру жүйесі және басқа алуан түрлі жақтары бар. Сөздің осындай сыр-сипаттары оның аса күрделі категория екенін дәлелдейді» делінеді [47]. Сонымен сөз атауыштық, прагматикалық, атрибуттық, көркем-бейнелі, эмоциялық, стилистикалық, прагматикалық, ақпараттық-танымдық, бағалауыштық қызмет атқарады.

Сөз – белгілі бір ұғымды, мағынаны білдіретін, дыбыстардың жүйелі тіркесінен тұратын тіл бірлігі. Сөз адамзаттың қарым-қатынас құралы болып, ойды жеткізу, ақпарат беру, сезімдерді білдіру қызметін атқарады. Сөздің басты белгісі – мағынасы. Сөздің қызметі – адам арасындағы қарым-қатынас құралы ретінде қолданып, ақпаратты жеткізу. Сөздің формасы дыбыстық не жазбаша түрде көрініс табады (*мысалы: сандық*). Сөздің ерекшелігі – тілдің құрамдас бөлігі және белгілі бір мағынаға ие болуы. Ұғым – нақты заттар, құбылыстар, әрекеттер немесе қасиеттер туралы адам санасындағы дерексіз түсінік. Ұғымның қызметі – адамның ойлау қабілетінің нәтижесі ретінде әртүрлі нәрселерді топтастыру немесе түсіндіру. Ұғымның формасы – дыбыстық немесе жазбаша белгісі жоқ, тек адамның санасында орын алатын түсінік (*мысалы, сандық дегенде, оның құрылысы, қызметі туралы ой келеді*). Ұғымның ерекшелігі – онда сөз ойлау қабілетінің нәтижесі ретінде ғана қызмет атқарады, ал ұғым туралы түсініктер тек санада қалыптасады.

Ұғым мен сөздің тең келе бермеуі мағына бойындағы экспрессивті-эмоциялық бояулардан да байқалады. Ұғымда эмоциялық бояу жоқ, ал сөздің бойында жақсы көру, жек көру сияқты көзқарас кездеседі. Мысалы, *жогол, құры* сөздерінде жек көру эмоциялық реңкі болса, *тамаша, сәулетай* деген сөздерде жақсы көру эмоциясы бар. (*Бұл келтірілген сөздер ұғым ретінде санада кең өріс құра алмайды. Бұлар сөз деңгейінде ғана танылады – (А. Әмірбекова түсіндірмесі)*). Немесе «бір ұғымның бірнеше сөзбен (*синонимдермен*), керісінше бірнеше ұғымның бір сөзбен (*омоним, көпмағыналық*) айтылуы да сөздің ұғыммен тепе-тең емес екенін білдіреді» [48]. Сонда сөз – ұғымды жеткізетін құрал, ал ұғым – адамның ойлау қабілеті арқылы қалыптасатын дерексіз түсінік.

Байқағанымыздай, лексикология – тілдегі мағыналық мәні бар барлық сөздерді құрамы, түрі, мазмұны, мағынасы, мағыналық реңкіне қарай ажыратып талдап, сөздікке тіркейтін тіл саласы. Сондықтан лексикология ендігі кезекте тіл саласы ғана емес, жеке ілім ретінде қалыптаса бастады. Себебі оның қарастыратын ауқымы кеңейді, сөзді талдап, зерделеудің түрлері де көбейді. Яғни сөздің мағыналық аспектісі – семасиология саласында

зерттелсе, қалыптасу, даму динамикасы этимология саласында анықталады. Ал адам танымында ұлттық құндылық ретінде сақталып, мәдени код, ұлттық концепт деңгейінде танылса танымдық лексикология аясында қарастырылады.

Лексикология – сөз туралы ілім. Құрылымдық лексикология аясында сөздің қызметі, сөйлем ішіндегі мағынасының өзгеруі, лексикографиялық қатардағы орны мен әлеуеті, болмысы жайында анықталады, яғни сөз тілдің өз ішіндегі құбылыстар шеңберінде зерттеледі. Ал сөздің өзі қайдан пайда болады, қалай қолданысқа енеді деген мәселелер бұрын соңды қарастырылмаған болатын. Демек, құрылымдық лексикологияда тілдегі бар сөздердің өзгерісі мен қызметі анықталып келді, солай анықтала бермек. Ал сөз – адамның өмірлік қажеттіліктері мен тәжірибелерінің көрінісі. Сөз – халық жасаған құндылық. Бәлкім сөз бір ғана адамның туындысы болар, бірақ ол көпшілік қолданысқа сәтті еніп кетсе, солайша сөздік қордан орын алса, сол халықтың тілі ретінде сақталып қалады. Ендігі кезекте қазақ тілінің сөздік құрамында сөздің сапасы қандай, олардың өміршеңдігі қандай, төл/кірме сөздер теңгерімі қандай, жаңа сөз қандай қажеттіліктермен қалыптасып жатыр, төл жаңа сөздерді жасауда адамтанымдық қағидалар қандай, жаңғырған жаңа сөздер қанша, сөзжасам мен мағынажасам үдерісінде ақиқат дүниенің бейнесін тану уәжі қандай деңгейде, сөзжасамда адамның аялық білімі қандай деңгейде деген мәселелердің зерттелуі маңызды деп ойлаймыз. Ол үшін танымдық лексикология саласының зерттеу әдістері насихатталуы тиіс.

Сөздің қалыптасуы мен пайда болуы – тіл ғылымында күрделі және көпқырлы үдеріс. Бұл – тіл дамуының алғашқы кезеңдерінен бастап қазіргі кезеңге дейінгі уақыт аралығында түрлі әлеуметтік, мәдени, табиғи және психологиялық түрткіжайттардың әсерімен жүзеге асады: а) Сөздің пайда болуының бірінші себебі – табиғи қажеттіліктер мен қоғамдағы өзгерістер. Алғашқы қауымдық кезеңде адамдар өз қажеттіліктерін жүзеге асыру үшін бір-бірімен қарым-қатынас жасауды үйренді. Осы қажеттіліктерді білдіру үшін алғашқы сөздер пайда болды. Мысалы, аңшылықта, егіншілікте және тұрмыс саласында қолданылатын сөздер сол кезеңнің нақты қажеттіліктерін көрсетеді. Халық табиғат пен

қоршаған ортадағы түрлі құбылыстарды сипаттау үшін сөздер ойлап тапты. Ол сөздер қоршаған ортаны түсіну мен оған бейімделуді жеңілдетті. б) Сөздің пайда болуының екінші себебі – тілдің құрылымдық және психологиялық аспектілері. Халықтың (адамның) психологиялық және танымдық қабілеттері дамыған сайын, олардың тілдік қоры да кеңейеді. Тілдік сана мен сөйлеу жүйесінің күрделенуі жаңа сөздер мен ұғымдардың пайда болуына алып келді. Сөздердің пайда болуының маңызды бағыттарының бірі – дыбыстардың белгілі бір мағыналарға сай келуі. Алғашқы сөздер көбінесе табиғатта болатын дыбыстарға еліктеу арқылы жасалды (мысалы, жануарлардың дыбыстарына ұқсас сөздер, есіктің сықыры – сықырлауық, аспантық даңғырлауы – даңғара, құстың қарқылдауы – қарға, т.б.). в) Сөздің пайда болуының үшінші себебі – әлеуметтік және мәдени әсерлер. Әлеуметтік құрылымдардың күрделенуі мен қоғамдағы мәдени өзгерістер де жаңа сөздердің пайда болуына себеп болды. Мысалы, әлеуметтік бөлініс пен кәсіби қажеттіліктердің өсуі терминология мен арнайы сөздерді жасауды талап етті. Әр халықтың өзінің өмір сүру салты, дүниетанымы мен мәдениеті арқылы тілде сөз жасаудың этнологиялық және жаһандық әсерлері қалыптасты. Әрбір халық өзінің нақты тәжірибесіне байланысты сөздер ойлап тапты немесе өзге тілдегі кірме атауларды қолданды. г) Сөздің пайда болуының төртінші себебі – сөз мағынасының өзгеруі – кеңеюі, жаңғыруы. Сөз пайда болғаннан кейін уақыт өте келе олардың мағынасы өзгеріп отырады. Бұл – тілдің дамуындағы табиғи үдеріс. Мағына кеңеюі – белгілі бір жаңа зат не құбылысты атайтын дәл, жаңа сөздің табылмауынан туындайды. Сондықтан, сол зат не құбылысқа ұқсас сөзге жаңа мағына үстемеленеді. Мысалы, қазақтың «санақ» сөзі – мал санау әрекетіне қатысты пайда болған. Бірақ қазіргі уақытта «перепись» кірме атауының аудармасы ретінде қабылданды. Демек, санақ сөзінің мағыналары кеңейді: *Санақ1* – белгілі бір кезеңде малға санақ жүргізу, есептеу әрекетінің атауы. *Санақ2* – жергілікті атау, аз, санаулы деген мағынаны білдіреді.

Санақ3 – халықтың санын анықтау үшін жүргізілетін есеп көрсеткіші. Сондықтан сөздің пайда болуына бұрыннан бар сөзге жаңа мағына үстемеленіп жаңа сөздің жасалуы негіз болады.

Сөз үнемі дамып, өзгеріп отырады, бұл тілдің өміршеңдігін және халық арасындағы тілдік қатысымды тиімді жүзеге асыру мүмкіндігін қамтамасыз етеді.

Сөз – адамның ойы мен сезімін жеткізетін ең қуатты құрал. Сөз адамзаттың тілдік қатысымындағы мәдениеттің, білімнің, рухани мұраның тасымалдаушысы болып табылады. Сөздің құдіретін мынадай қырынан көруге болады:

1. Сөз – ойдың бейнесі. Сөз арқылы адам өз ойын, сезімін, арманы мен мақсаттарын жеткізеді. Адамның ішкі дүниесін айқындап, айналасындағыларға түсінікті етуге көмектеседі.

2. Сөз – сендіру мен әсер ету құралы. Сөз адамға рух береді, ынталандырады немесе керісінше, көңілін түсіріп, ренжіте алады. Ұлы көшбасшылар, шешендер, жазушылар сөз арқылы қоғамға ықпал етіп келеді.

3. Сөз – адамның жаны мен психикасын өзгерте алады. Жылы, мейірімді сөз жанды емдейді, адамға үміт пен сенім береді. Дұрыс айтылған сөз ауыр күйзелістен шығуға көмектеседі.

4. Сөз – мәдениет пен тарихтың айнасы. Халықтың байлығы оның тілінде, сөзінде көрінеді. Әр ұлттың тарихы, салт-дәстүрі мен дүниетанымы сөз арқылы сақталып, ұрпақтан-ұрпаққа жетеді.

5. Сөздің теріс күші де жеткілікті. Сөзді дұрыс пайдаланбау үлкен зиян келтіруі мүмкін. Жаман сөз жүректі жаралайды, реніш тудырады немесе өшпенділікке алып келеді. Сөздің құдіретін түсіну – адамның рухани байлығының белгісі. Әрбір сөзді ойланып айту және оның әсерін бағалау үлкен жауапкершілік. Сөз – адамдар арасындағы байланысты нығайтатын ең маңызды құрал. Сондықтан лексикология сөз туралы ілім деп аталғандықтан, тілге енген барлық сөздің мағынасын танытып, сөздікке тіркеп, сөздің ескіру, жаңару үдерісін бақылайтын лексикологияның қызметтері де күрделі екенін байқадық.

Сөздің қызметі – сөйленісте, тілдік қатысымда сөздің қолданылу мүмкіндігін қамтамасыз ету. Қазақ лексикологиясында сөздің қатысымдық (*коммуникативтік*), атауыштық (*номинативтік*) және көркемдік (*эстетикалық*), кумулятивтік (*толықтырушы*) қызметтері бар.

Сөздің атауыштық қызметі – сөз арқылы зат не құбылыстың, ақиқат дүниенің атауын білдіру. Д. Н. Шмелевтің зерттеуінде

бұл қызмет «атау бірлігі» деп аталған. Тілімізде деректі атаулар, дерексіз атаулар, жалқы және жалпы атаулар, қимыл атаулары, түр-түс атаулары, табиғи құбылыс атаулары, жан-жануарлар атауы, құс атауы, су атаулары, т.б. болып атау түрлері бөліне береді. Сөздің атауыш қызметін гносеологиялық деп те атайды. Себебі атау – бұл адамның қоршаған ортаны танудың нәтижесі. Сөздің атауыштық қызметі сол заттың не құбылыстың бітімі, болмысы, ерекшелігі, қалпы, құрылысы, сипаты, түр-түсі, дамуы, т.б туралы ақпарат береді. Мәселен, *атұстар* (*ұл бала*) деген этномәдени атаудың атауыштық қызметі сол сөздің бойындағы *ат* – ер азаматтың серігі, қанаты, жаугершіліктегі мініс көлігі болғандықтан барлық жігітке тән стереотиптік түсінікпен алынғаны және *атты ұстау* – аттың құлағында ойнау, атқа бап жасай алатын, атжарыстарына қатыса алатын ер екенін білдіретін белгі ретінде алынғаны көрінеді. Демек *атұстар* – ұл бала деген атаудың бірлігі болып тұрғаны сөздің мағынасынан ақ танылып тұр. Ал *итмұрын* деген өсімдіктің атауы арамшөп, алабұта сияқты сөздің өз бойынан танылып тұрған жоқ. Бұл сөзді танымайтын адам итке қатысты иттің семантикалық өрісіндегі атау деп шатасуы әбден мүмкін. Бұл атау – өсімдіктің дәні иттің мұрнына ұқсауынан қалыптасқан. Өсімдікке бұлай атау беру – адамның танымдық көрсеткіші, адамның аялық білімінің нәтижесі.

Атауыштық қызмет кей жағдайда зат не құбылыстың ақиқат дүниедегі дәл сипатын анықтауда семантикалық құрылымдарға сүйенеді. Мәселен, *аға* сөзінің екі түрлі атауыштық қызметі бар. Жеке тұрғанда қай қызметте жұмсалып тұрғаны айқын емес. Ал басқа сөздермен тіркескен кезде оның нақты қызметі анықталады. Мысалы *туған аға*, *үлкен аға* дегенде аға – туыстық атау ретінде қызмет етеді. Ал *аға лейтенант*, *аға ғылыми қызметкер* дегенде – дәреже, лауазым қызметінде екенін байқалады.

Сөздің толықтырушы (кумулятивтік) қызметі – қоршаған орта немесе ақиқат дүние туралы білімнің толығыуы және сақталуы. Белгілі бір зат не құбылысты сол ақиқат дүние бейнесінің бір бөлшегі, үзіндісі ретінде тану. Мысалы: *өмір* – мектеп; *бақыт* – бала; *өлім* – табыт, *отбасы* – шаңырақ, *билік* – қамшы сияқты халықтың не ұлттық танымындағы фреймдік үзінділердің таптаурын қолданысынан туындаған. Сөздің кумулятивтік қызметі тілде екінші атау тетігін жүзеге асырады.

Сөздің қатысымдық қызметі. Қатысымдық (*коммуникативтік*) қызмет күнделікті тіршілікте маңызды рөл атқарады. Сөздің бұл қызметі «сөз сүйектен өтеді», «жақсы сөз жарым ырыс» деген мақалмен тікелей қатысы бар. Бір сөздің бойында адамды жұбататын, шаттандыратын мән болады, ал бір сөздерді ренжіту үшін, кекету үшін қолданады. Мәселен, *айналайын* деген қазақтың жағымды, еркелету мәніндегі сөзінің екінші мағынасы пайда болды. *Айналайын, тыныш отырышы, енді сен қалып едің!* деген сөйлемнен кекету, менсінбеу, өзінен төмен санау мағынасындағы жағымсыз мазмұны туындаған. Бұл коммуникациялық қызметтің ықпалында қалыптасты.

Ал кейбір сөздер адамның өзінің жеке жайлылығы (*комфорты*) үшін жұмсалады. Мәселен бір адамдар ауызекі сөйлеу тіліндегі сөздерді қолданады, бұл оның коммуникациядағы жайлылығын, дағдысын көрсетеді. Мысалы мәссаған одағайы әдеби қолданыста жиілегенімен қоса, телебағдарлама атауына «Мәссаған, мен алдандым», портал атауына «massagan.com» айналды.

Бірқатар сөздерді адамдар көпшіліктен ерекшелену үшін, сәндік үшін айтады. Мысалы кейбір жастардың қарым-қатынасында сленг сөздер өте көп. Демек олардың өз ортасына сленг сөздер сән сөздер, қатарынан қалмайтынын, ортаға бейімділігін білдіреді. Тілдік қатысымда айтылмақ ойды жеткізуде адамның санасында таңдалған сөздерге қарай ол кісінің әлеуметтік мәртебесін тануға болады. Мысалы, «желіні жару», «хайп қуалау», «не хабар», «қадалып қалу», «базар жоқ».

Сөздің экспрессивтік қызметі. Экспрессивтік қызмет адамның белгілі бір зат не құбылысқа, айтылған сөзге баға беруде, эмоциясын көрсетуде, яғни психологиялық қатынасында жүзеге асады. Қазақтың сөздік қорында экспрессив-эмоционалды лексиканың арнайы тобы бар: бағалаушы сөздер (*керемет, тамаша*), одағай сөздер (*уау, пай-пай*), еркелету мәніндегі сөздер (*ағажан, боташым*), қарғыс сөздер (*құрып кеткір!*), алғыс сөздер (*мың болғыр!*), т.б. Сондай-ақ жеке лексемалардың да ауыспалы мағыналарында экспрессивті қызмет көрініс табады. Мысалы: «жаман» сөзінің тура мағынасы – жағымсыз, ұнамсыз. Бірақ *Оны «жамаааан» жақсы көрем* деген сөйлемдегі жаман сөзі «қатты, шексіз, құшырлана» мағынасында қолданылып эмоциямен жұмсалып тұр. Бәлкім еркелету мәнінде айтылған

да болар. Қалай болғанда да адам ішкі сезімін танытуда өте қатты жақсы көремін деген мазмұнды «жамаан» жақсы көрем деп сөйлеу сөзді экспрессивті қызметте жұмсау мүддесінен туындағаны оның интонациясымен және ішкі интенциясымен жүзеге асырылады.

Сөздің көркемдік қызметі көркем сөздерді қалыптастырады. Көркем сөз – ойды көріктеу мақсатында жұмсалатын бейнелі, окказионалды қолданыстар. Әдетте көркем сөзді ақын-жазушылар, публицист журналистер жасайды. Мысалы: *қақпан – шынжыр азу (С. Жүнісов), түн – мылқау (М. Мақатаев), кедейлік – қара табан (Қ. Мырза-әлі), зеңбірек – таял ауыз (Ә. Кекілбаев)*. Сөздің көркемдік қызметі арқылы көріктеуіш құралдар метафора, метонимия, эпитет, теңеу, т.б. тілдік қолданысқа түседі. Сөздік қорды байытатын тетіктің бірі – сөздің көркемдік қызметі.

1.3 СӨЗДІК ҚОР МЕН СӨЗДІК ҚҰРАМ

Сөздік қор – тілдің барлық лексикалық бірліктерінің жиынтығы, ол жеке тілдік тұлғалардан бастап күрделі сөздер мен фразеологизмдерге дейін қамтиды. Әрбір тілдің сөздік қоры оның грамматикалық құрылымымен тығыз байланысты және оның функционалдық маңызы зор. Сөздік қорды зерттеу тіл білімінде лексикология саласына жатады, себебі сөздер – тілдің негізгі құраушылары, олар коммуникацияның басты құралы болып табылады.

Сөздік қордың құрылымы. Сөздік қор тілдегі сөздердің барлық түрлерін қамтиды, бірақ олар әрқалай құрылымданған. Құрылымдық тұрғыдан алғанда, сөздік қорды бірнеше деңгейде қарастыруға болады:

1. Морфемалық деңгей – сөздер морфемалардан құралады, ал морфемалар тілдің ең кіші мағыналық бірліктері болып табылады. Сөздер бір немесе бірнеше морфемалардан тұруы мүмкін.

2. Сөздік деңгей – сөздер, олардың мағыналары, қолданылу аясы. Бұл деңгейде сөздердің түрлену қабілеті, синтаксистік құрылымдары зерттеледі.

3. Сөйлемдік және мәтіндік деңгей – сөздер бір-бірімен өзара байланысқа түсіп, сөйлемдер мен мәтіндер құрады.

Сөздік қордың қалыптасуы. Сөздік қор уақыт өте келе қалыптасады және дамиды. Оның қалыптасуына бірнеше түрткіжайт әсер етеді:

- Тарихи даму – әрбір тіл уақыт өте келе жаңа сөз қабылдайды, сөздер өзгереді, ескілері ұмытылып, жаңа мағынаға ие болуы мүмкін.

- Әлеуметтік түрткіжайттар – қоғамдағы өзгерістер, мәдениет, технологиялық даму ықпалында туындаған жаңа сөздер мен ұғымдар.

- Саяси және экономикалық жағдайлар – қоғамдағы саяси және экономикалық өзгерістер де тілдік құрылымдарға әсер етіп, жаңа сөздерді туғызады.

Сөздік қорды былайша типтендіруге болады:

– Тұрмыстық сөздік қор – күнделікті өмірде қолданылатын сөздер мен тіркестер. Бұл сөздер адамның негізгі қажеттерін, тұрмысын білдіреді.

– Ғылыми сөздік қор – ғылыми салаларда қолданылатын арнаулы сөздер мен терминдер. Олар нақты ұғымдарды білдіреді.

– Әдеби сөздік қор – әдеби тілде жиі қолданылатын сөздер мен стильдер. Бұл сөздер көркем әдебиет пен поэзияда қолданылады.

– Салт-дәстүр мен мәдениетке байланысты сөздер – әртүрлі халықтар мен мәдениеттердің ерекшеліктерін көрсететін сөздер мен ұғымдар.

Сөздік қор тілдің ішкі динамикасына, сыртқы әсерлерге байланысты үнемі өзгеріп отырады. Жаңа сөздер пайда болып, кейбір сөздер ескіріп, ұмытылып жатады. Сонымен қатар, белгілі бір сөздердің мағынасы кеңейіп, жаңа мағыналар алады. Бұл үдеріс тілдің тірі екендігін, қоғамның дамуымен бірге тілдің де үнемі өзгеріп тұратынын көрсетеді. Сөздік қор қоғамның мәдениетімен тығыз байланысты. Әр халықтың өзіне тән сөздік қоры, өзіндік сөзқолданыс өрісі мен ұғымдары болады. Жаңа сөздердің пайда болуы мен ескі сөздердің өзгеруі әлеуметтік өмірдің түрлі аспектілеріне байланысты. Мысалы, жаңа технологиялар мен ғаламтор тілінің дамуы жаңа терминдер мен сөздер тудырды. Сөздік қор – тілдің тірі және дамып отыратын элементі. Ол қоғамның дамуымен тығыз байланысты, әрі тілдің құрылымы

мен қолданылуына үлкен әсер етеді. Сөздік қордың түрленімі, оны пайдаланудың мүмкіндіктері мен тілдің даму үрдістері тіл біліміндегі маңызды мәселелерді қозғайды. Сөздік қорды жан-жақты зерттеу тілдің мазмұнын, оның әлеуметтік және мәдени аспектілерін толық түсінуге мүмкіндік береді.

Сөздік қор және сөздік құрам – бұл екі ұғым тіл білімінде жиі қолданылса да, олардың арасы біршама ерекшеленеді. Атап айтқанда, сөздік қор – бұл тілдің барлық сөздерінің жиынтығы болса, сөздік құрам сол сөздердің түрленген нұсқаларын да тіркейтін қор, яғни тілдегі барлық қолданыстағы сөздердің жинағы болып табылады. Сөздік қор – лексикалық бірліктерінің жиынтығы, оған негізгі және туынды сөздер енеді. Ол тілдің даму тарихы барысында пайда болған барлық сөздерді қамтиды, соның ішінде қазіргі тілде қолданылатын, сондай-ақ ұмытылған немесе қолданыстан шығып қалған, жаңа сөздер, қайта жаңғырған сөздер, жергілікті атаулар, аймақтық сөздер енеді, яғни сөздік қор халық қолдансын, қолданбасын тілге енген атау сөздердің барлығын тіркейтін қор. Ал сөздік құрам негізінен қолданыстағы сөздердің тізбегінен құралады. Сөздік қор тілдің барлық дәуірлеріндегі сөздердің жиынтығын білдірсе, сөздік құрам жұмсалымдағы сөздердің жиынтығын құрайды. Сонымен қатар, сөздік қор әр дәуірдегі халықтың және әрбір жеке адамның сөздік қорын да қамтуы мүмкін. Ал сөздік құрам – бұл нақты бір кезеңдегі тілдің белсенді қолданылатын сөздерінің жиынтығы. Яғни, сөздік құрам тек бүгінгі күнде қолданыста бар сөздерден тұрады. Ол тілдің қалыптасқан жүйесіне сәйкес белсенді түрде қолданылып, халықтың күнделікті тілінде орын алады.

Сөздік қор мен сөздік құрам айырмашылықтары:

1. Қамтылған сөздеріне қарай, сөздік қор – барлық дәуірдегі сөздер мен олардың өзгерістерін, ескі және жаңа сөздерді қамтиды. Сөздік құрам – тек қазіргі қолданыстағы сөздерді ғана қамтиды, яғни бүгінгі күнде қолданылатын сөздер.

2. Уақыттық деңгейіне қарай, сөздік қордағы сөздер уақыт өте толығып, тіркеліп отырады, бірақ тіркелген сөздерден бірде-бір сөз шығарылмайды не өшірілмейді. Сөздік құрам тек белгілі бір кезеңдегі тілдің белсенді және кеңінен қолданылатын сөздерін көрсетеді, яғни уақыт өте келе, қолданыстан шыққан сөздер ұмытылады.

3. Қолданыс жиілігіне қарай, сөздік қор сөздердің барлық түрлерін қамтиды, оның ішінде сирек кездесетін, көнерген сөздер де, белсенді және белсенсіз сөздер де, қолданыстан тыс қалған немесе үздіксіз қолданыстағы сөздерде болады. Сөздік құрам қазіргі кезеңде қоғамда кең таралған және белсенді қолданылатын сөздерді ғана қамтиды.

Байқағанымыздай сөздік құрам сөздік қордан тек белсенді қолданыстағы сөздерді бөліп көрсететін категория болып табылады. Сөздік құрам – бұл нақты бір кезеңдегі тілде қолданылатын, яғни қазіргі уақытта белсенді түрде қолданыстағы сөздер мен лексикалық бірліктердің жиынтығы. Сөздік құрам тек сол кезеңдегі тілдің тірі элементтерін қамтиды және ол тілдің функционалды бөлігі болып табылады. Сөздік құрамның ерекшеліктері:

1. Қазіргі кезеңге тән болуы. Сөздік құрам осы кезеңде тілде жиі қолданылатын сөздерден тұрады, сондықтан оның құрамы уақыт өте өзгеріп отырады.

2. Қолданыс жиілігінің басым болуы. Сөздік құрамда белсенді қолданылып жүрген сөздер ғана болады. Мысалы, көне, тарихи сөздер, аймақтық сөздер, ескірген сөздер сөздік құрамда бола бермейді. Сөздік құрамда қолданыс белсенділігі жоғары жаңа сөздер жиі көрініс табады.

3. Әлеуметтік және мәдени ықпалы болуы. Сөздік құрам қоғамның әлеуметтік, мәдени, саяси және техникалық дамуымен тығыз байланысты. Ол жаңа сөздердің пайда болуына, ескі сөздердің ұмытылуына немесе жаңа мағына алуына әсер етеді.

4. Белсенді қолданылатын сөздердің болуы. Сөздік құрамға жаңа сөздер, терминдер, жаргондар, сондай-ақ жастардың тілінде жиі қолданылатын сөздер кіреді.

Сөздік құрамның сөздік қор қатарына айналуы – бұл тілдің даму үдерісінің бір бөлігі. Яғни, уақыт өткен сайын, тілде белсенді қолданылатын сөздер мен тіркестер өзгеріп, кейбіреулері тарихқа кетіп, ескі немесе ұмытылған сөздер қатарына қосылады, ал жаңалары белсенді қолданылатын сөздер қатарына қосылады. Осы үдеріс бірнеше кезеңнен тұрады:

1. Сөздің белсенді қолданылуы. Бірінші кезекте, сөздер қоғамда кеңінен және жиі қолданылуы қажет. Мұндай сөздер тілдің сөздік құрамына кіреді. Олар түрлі әлеуметтік, мәдени,

ғылыми және техникалық мәнмәтінде пайдаланылып, тілдің күнделікті және ресми өмірінде көрініс табады.

2. Сөздің тұрақтылығы. Егер сөз белгілі бір уақыт аралығында тұрақты түрде қолданылып, сөйлеу мен жазуда тұрақты орын алса, онда ол сөздік құрамнан сөздік қор қатарына өтуі мүмкін. Бұл кезде сөздің мағынасы және оның қолданылу аясы қоғамда толық қалыптасып, сөз лексикографиялық қорға еніп кетеді.

3. Көне және тарихи сөздер. Бірте-бірте кейбір сөздер өз мағынасын жоғалтып, сирек қолданылатын болады. Мұндай сөздер сөздік құрамнан шығып, сөздік қорға енуі мүмкін. Олар әдетте тарихи тұрғыда көне сөздер немесе сол кезеңдегі әлеуметтік қажеттіліктерге жауап беретін сөздер болып табылады. Мысалы, «қазынашы», «барымта» сияқты сөздер бір кездері кеңінен қолданылғанымен, қазіргі уақытта мүлде кездеспейді.

4. Жаңа сөздердің пайда болуы. Әлеуметтік және мәдени өзгерістер, жаңа технологиялардың дамуы, ғылым мен техниканың жаңа жетістіктері сөздік құрамға жаңа сөздер қосуға себеп болады. Жаңа сөздер сөздік құрамға енгізіліп, олар уақыт өте келе сөздік қордың құрамына өтеді. Мысалы, ХХ ғасырдың соңында «интернет», «компьютер», «смартфон» сияқты сөздер пайда болды, бірақ олар бүгінгі таңда сөздік қордың тұрақты бір бөлігіне айналды.

5. Сөздің ұмытылуы немесе аз қолданылуы. Тілде тек белсенді түрде қолданылатын сөздер сөздік құрамға жатса, олар белгілі бір себептермен аз қолданылып, көнерген немесе ұмытылған кезде сөздік қордың құрамына ауысады. Мысалы, «*жабдық*» (қазақ тілінде «*құрал-жабдық*» мағынасында қолданылған) немесе «*боқша*» (ұрын бару кезінде берілетін кәденің дорбасы) сияқты сөздер қазіргі таңда сирек қолданылып, тек тілдің көне (*мұрағаттық*) бөлігінде сақталады.

Егер сөз белгілі бір уақыт аралығында қолданыста болып, қоғамдың тілдік тәжірибесінің бір бөлігі болса, сөздік құрам уақыт өте келе сөздік қор қатарына айналады. Сонымен қатар, бұрын белсенді қолданылған сөздер уақыт өте келе көнеріп, тарихи немесе әдеби мәтіндерде ғана қолданылса, сөздік қордың құрамына енеді. Бұл үдеріс тілдің дамуы мен өзгеруін көрсетеді және әрбір тілдің сөздік қоры қоғамның тарихы мен мәдениетін сақтаушы ретінде қызмет етеді.

Белсенді сөздер – халық жақсы білетін және жиі қолданатын сөздер. Белсенсіз лексика – халық білетін, бірақ көп қолданбайтын сөздер, тіпті халық білмейтін, бірақ сөздікке тіркелген сөздер. Көпшілік қолданысқа түспеген, бірақ түсіндірме сөздікте сақталатын сөздер де болады. Жаңа сөздер қоғамның даму ағынына сай қолданыс сұранысынан туындаған зат не құбылыс атауы болғандықтан тілдік қатысымда жиі кездеседі. Сондықтан олар белсенді сөздер тобында болып, сөздік қор мен сөздік құрамнан да орын алады. Ал көне сөздер қолданыстан шығып қалады, себебі оны білдіретін зат не құбылыс тұтынудан қалыс қалады. Сондықтан тұтынылатын зат болмағандықтан оның атауы да аталмайды, тілдік қатынаста жұмсалмайды. Осылайша көне сөздер қолданыстан тыс қалып, белсенсіз сөздер қатарына енеді. Демек, көне сөздер сөздік қорда қалады да, сөздік құрамда бола бермейді. Бірақ жаңа атау беруде мағына жаңғыру үрдісі бойынша кейбір көне сөздер жаңа атаудың орнына қолданылады. Мысалы: қазіргі мектеп оқушыларының дене киімін салуға арналған «шопер» сөмкесінің баламасы ретінде тілімізде бұрыннан бар «боқша» сөзі алынуы мүмкін. Боқшаның былғарыдан не матадан жасалып, қарапайым дорба секілді тігілуі, екі ұстайтын құлағы ұзындау болуымен, төртбұрышты пішінмен тігілуі, яғни шопер мен боқшаның сыртқы қалпы ұқсауына орай көне сөздің жаңа мағынамен қайта жаңғыруының арқасында белсенді сөзқолданысқа енуі мүмкін. Осындай жағдайда сөздік қор мен сөздік құрам өзара теңесуі де ғажап емес. Бірақ тіліміздегі барлық сөзді белсенді ете алмаймыз. Тілдік қолданыстан тыс қалатын сөздердің болуы да тілдік заңдылық. Кейбір жағдайда тілде қазақша атауы бола тұрса да өзге тілден енген кірме сөздерді белсенді қолдану себептерінен кейбір сұранысқа ие зат не құбылыс атаулары да сөздік қордағы сөздерді тілдік қатысымға түсіре алмайды. Мәселен, *мұғалім*, *ұстаз*, *оқытушы* сияқты атаулары болса да «педагог» сөзінің қолданысына басымдық беру. Сондай-ақ *оятқыш*, *оятар*, *ұйқыашар*, *қоңырау сағат*, *дабыл сағат* сияқты жарыспа баламалары болса да «будильник» деген белсенді қолданыс, төл сөздің жұмсалымдық қызметін шектеп қояды.

Әрбір тілдің мемлекеттік немесе ұлттық мәртебесі сөздік қоры мен сөздік құрамындағы төл сөздерінің белсенділігімен және өз елінде, тіпті әлемде белсенді қолданылуымен өлшенеді. Бірақ

сөздік қоры жүз пайыз төл сөздерінен тұратын тіл жоқ. Тіл де ұлт сияқты көршілес елдермен қарым-қатынаста болғандықтан, сөздерінде алыс-беріс болатыны шындық.

Сөздік құрам – тілдің ең өзгертмелі және өнімді бөлігі, оның лексика-семантикалық жүйесі үнемі қозғалыста, яғни толығы, азаю үдерісінде отырады. И. А. Бодуэн де Куртенэнің пайымдауынша: «Тілде тұрақтылық жоқ. Тіл табиғат пен қоршаған орта сияқты, қозғалмалы тіршілікте өмір сүреді, үздіксіз әрекетте, үздіксіз дамуда» [49].

Сөздердің пайда болуы мен жойылуы – әрбір тілдің лексикалық құрамында болатын даму үдерісінің көрсеткіші. Сөздік құрамның дамуы тікелей қоғам тарихымен, қоғамдық-саяси, экономикалық, рухани және мәдени өмірмен байланысты. Сондықтан қоғамдық өмірде орын алып жатқан түрлі өзгерістер сөздік құрамнан көрініс табады.

Тілдің сөздік құрамына талдау жасау арқылы сол елдің қоғамдық дамуындағы жағдаятты тануға болады. М. Степановтің зерттеуінде: «Әр тілдің мағыналық, стилистикалық, сөзжасамдық және терминжасамдық, мағынажасамдық қарқынын талдау арқылы сол тілдің қоғам ағымына ілесу деңгейін анықтауға болады» [50].

Сөздік құрамның дамуындағы әрбір тарихи кезең өзіндік белгілерімен ерекшеленеді. Мәселен, Кеңес өкіметі тұсында құрылған *ұжымшар* (*ұжымдық шаруашылық*), *кеңшар* (*кеңес шаруашылығы*) күрделі атаулары сол кезеңде белсенді қолданылып, қазір тек сөздік қордан, сөздіктен ғана орын алып отыр. Ал осыдан 3-4 жыл бұрын әлемдік пандемия кезеңінде сөздік құрамға енген *тәжтажал*, *коронавирус*, *ковид*, т.б. сөздері сол уақытта ғана қоғамға қызмет етті, қазір қолданыстан шығып қалды. Сондай-ақ, ақпараттық технологияның қарқынды дамуына орай ғаламтор желісіндегі әлеуметтік желілерге қатысты атаулар *жазарман*, *инстадос*, *оқырман* (*подписчик*) сөздер бүгінгі күнге дейін белсенді қолданыста. Себебі әлеуметтік желіні тұтынушылар көбейіп келеді. Демек, бұндай сөздер қатары толығы түседі. Лексикалық жүйенің дамуында басты қасиет – әлеуметтік-мәдени кеңістіктегі тілдің толығы үздіксіз болады және ол тоқтаған емес. Сондай-ақ сөз әлемі қоғамдағы оқиғалар мен идеялар әлемінен ажырамайды, қалыс қалмайды.

Сөздік қордағы көнерген сөздер сөйленісте қайта жаңғырғанмен сөйлеу тілі немесе ауызекі тіл лексикасы ретінде сипаттала бастады. Яғни сөздік құрамында көнерген сөздер «сөйлеу» белгісімен ерекшеленді. Сондай-ақ кітаби сөздердің де қатары азайды. Қазіргі сөздік құрастырушылар «кітаби» белгісін қоймайды. Себебі сөздік құрамда сөздің функционалды және стилистикалық қызметтері өзгерді.

Түсіндірме сөздік – сөздік құрамның толығын, тілдің әртүрлі қабаттарындағы қатынастардың өзгеруін тіркейтін лексикографиялық қор. Түсіндірме сөздікті лексикалық (*сөздік*) қор деп атауға болады. Он томдық түсіндірме сөздік – қазақ тілінің лексикалық негізін құраушы алғашқы еңбек. 1959-1974 жылдар аралығында құрастырылған Он томдық сөздіктегі сөздер семантикалық талдау, салыстырмалы-тарихи, диахронды зерттеу әдістері аясында анықталды. 103 мыңнан аса лексикалық бірлік тіркелген болатын. Ал 2008-2011 жылдары құрастырылған Он бес томдық қазақ әдеби тілінің сөздігінде бұл әдістермен қоса мәнмәтіндік (*контекстік*) мағынаны анықтау әдісі оңтайлы жүзеге асып, 166 мың бірлікке түсіндірме берілді. 35-40 жыл аралығында қазақтың сөздік қоры 50-60 мың лексикалық бірлікке толыққанын көреміз. Демек, сөздік қор – көпқырлы, өзгермелі әрі толығып, азайып отыратын ашық тіл кеңістігі. Сөздік қордың легі мен оның мағыналық қоры қоғамның дамуына сай еріксіз өзгеріп отырады. Сөздік қор соңғы жылдары сөзжасамдық түрткіжайттардың ықпалымен қолданысқа енген лексемалардың қатарымен толығуда. Соның ішінде лексикалық сөзжасам тәсілдерінен гөрі мағыналық дериваттар (*туынды формалар*) арқылы жасалған сөздердің қатары кеңейіп келеді.

Сөздік қор – үздіксіз дамудағы (*динамикалық*) құрылым, оның қарқынды өзгерісі сол тілде сөйлейтін халықтың алға дамуына және халықтың көбеюіне тікелей тәуелді. Сөздік қордағы тілдік өзгерістер қоғамның сыртқы және ішкі дамуындағы өзара әрекеттестік қатар өркендеуі кезінде жүзеге асырылады. Сөздік қордағы өзгерістер тілдің ішкі құрылымынан, ішкі заңдылықтарынан байқалғанмен, оған себепші болатын сыртқы түрткіжайттар (*стимуляторлар*) тілдің жүйелілігінде жатыр. Бірақ бұл өзгерістердің өзіндік стимуляторы – қоғам өміріндегі өзгерістер және сол өзгерістерге халықтың бейімделе бастауы.

Л. Е. Супруннің пайымдауынша: «тіл эволюциясының негізгі қозғаушы күші – бұл қоғамдағы түрлі жағдаяттық қайшылықтар. Бұл қайшылықтар – қоғамдағы төтенше жағдай оқиғалары, соған қоғамның (*халықтың*) қарсылығы, қоғам мен билік арасындағы қақтығыс, халықтың қоғамдық сұраныстарындағы мәселелер: тапшылық, т.б. жаһандық экономикалық жағдаяттар. Адам қоғамнан тыс өмір сүре алмайтын болғандықтан, қоғамда болып жатқан оқиғаларға көнеді не қарсы шығады немесе қабылдамаудың жолымен қақтығысады» [51].

Демек, қоғамдық өмірде адам сол кезеңдегі оймен сөйлейді, жаңа сөздерін қалыптастыра бастайды, сол жағдаятты дәл сипаттау үшін жаңа сөзқолданысқа көшеді. Бұл – алдымен сөздік құрамға өзгеріс алып келеді, содан соң сөздік қорға жаңа сөздер легін тіркетеді. Сөздік қор мен сөздік құрамдағы осындай қозғалыс баяу болса да сөздердің әлеуеті мен қызметін өзгертіп отырады. Яғни бұрынырақ енген жаңа сөздердің белсенділігі бәсеңдеп әдеби тілден орын алады, әдеби тілге еніп, қолданыстан шығып қалған сөздер көне сөзге айналады.

Әдетте сөздік қордың қарқынды дамуына елдің зиялы тұлғалары, жазушылар, билік өкілдері едәуір ықпал етеді. Қазіргі лексикалық қордың дамуына негіз болатын түркіжайттарды атайтын болсақ:

1) Қоғамның халықаралық қарым-қатынастағы еркіндігі мен ашықтығы.

Яғни халық шетелдік тұрғындармен еркін қатынаста болуы, олардың жаңалықтары мен жетістіктерін тани алуы. Сол арқылы лексикалық қорда кірме сөздер туындайды.

2) Сөзжасамдық тәсілдердің сантүрлі үлгілерін шексіз қолдану. Жаңа сөз жасауға сұраныстың артуынан сәтті/сәтсіз сөздердің қолданысқа енуі.

3) Сөздік қорға әдеби сөзден гөрі тұрмыстық лексика мен жаргондардың қарқынды демократиялы қолданысының салдарынан, экспрессия мен авторлық діттемді жеткізу мақсатында бейберекет еніп кетуі.

4) Сөздік қорға тілдік жаңартпалардың енуі.

Қазіргі қазақ тілінің сөздік қоры қандай деңгейде? Әрине жоғарыда аталған 4 түрткіжайттың төртеуін де бастан кешіп жатыр. Оған қоғамдағы саяси, әлеуметтік, рухани, мәдени,

технологиялық даму өзгерістері ықпал етіп келеді. Л. П. Крысиннің зерттеуі бойынша «Сөздік қордың әлеуметтенуін арнайы зерттеу қажет. Себебі тіл адамзаттық қоғаммен тікелей қарым-қатынаста өрбиді. Адамның әлеуметтік даму дәрежесі тілдің әлеуметтік табиғатын қалыптастырады. Демек тіл – қоғам өмірінің айнасы» [52].

Сөздік қор белгілі бір кезеңде қоғамдағы күрт жағдаяттарға орай лексикалық жарылыс жасайды. Сол кезде жаңа сөз-қолданыстардың легі қарқынды болғаны соншалық, халықтың да әлеуметтік дәрежесі (*аялық білімі, қоғам өмірімен қаншалық байланыста екені, ақпараттану мүмкіндігі*) анықталады. Мәселен, қазіргі ХХІ ғасырдың 20-шы жылдары қоғамда ГМӨ, МӘМС, ЖСН сияқты қысқарған сөздерді танитын, танымайтын адамды ажыратуға болады. Қазіргі кезеңде сөздік қор жағымсыз мәндегі сөздермен толығып жатқанға ұқсайды, себебі қоғамда сондай өзгерістер көбірек. Мәселен, педофил, аутизм, фобия, фаббинг, сталкинг, коронавирус т.б. ауру, қылмыс атаулары арта түсті.

Г. Виноградовтың пайымдауынша: «Сөздік қордағы өзгерістер тек жаңа сөздердің пайда болуымен немесе көнелердің жойылуымен ғана емес, семантикалық туынды формалардың (*дериваттардың*) түрленуімен де байланысты: сөз мағынасының негізгі белгісін соған мағыналас, реңктес басқа дүниені танытуда қолдану жаңа мағынаны тудыру немесе мағыналық қызметті мамандандыру үрдісін қалыптастырды. Бұл көпмағыналықты кейде жетілдіреді кейде бастапқы мағынаның жойылуына ықпал етеді» [53]. Сол үшін кейбір көпмағыналық ықпалымен сөздің бастапқы мағынасын жойып алмас үшін, сөздік қордың, яғни лексикографиялық қорға тіркелуінің маңызы зор.

Ғалым М. Жүнісованың зерттеуінде: «Негізгі сөздік қорды – белгілі бір сөйлеуші адамдардың барлығы бірдей қолданады. Негізгі сөздік қордағы сөздер адамдардың кәсібі мен мамандығына және білім дәрежесіне байланысты болмай, олардың барлығына қарым-қатынас жасауда, пікір алысуда бірдей қажетті сөздер болып саналады. Сонымен сөздік қордағы сөздер жаппай және жиі қолданушылық қасиетімен сипатталып отырады» [54].

Демек, сөздің семантикалық эволюциясына әлеуметтік түрткі жайттар ықпал етеді. Сөздің лексика-семантикалық

кеңеюінің себептері де әлеуметтік органның сұранысы мен қоғамның даму ағымына тікелей байланысты. Фразеологиялық бірліктер де сөздік қордың бөлшегі болғандықтан, ондағы даму қарқыны да тікелей адаммен байланысты. Әдетте фразеологияны қолдану және сөзқолданыста оған сұраныстың көп болу қарқындылығы қай кезеңде де белсенді емес. Бірақ ондай жағдай сирек болса да болып тұрады. Фразеологизмдердің қолданыстағы белсенділігі семантикалық ұйысуды (*конденсация*) және әсерлі сипаттауды тудырады. Бұндай құбылыстың нәтижесінде жиі қолданылатын фразеологизмдер лексикаланады. Яғни бейнелік қасиетінен айрылады да, лексика қатарында таныла бастайды. Мысалы, *күн шықты, күн батты, орта бойлы* тұрақты тіркестері о баста фразеологизм болған, одан соң тұрақты тіркестер қатарынан орын алды, ал қазір лексикалық бірлік ретінде қабылданады. Бұндай тілдік құбылыстар лексикалық қордағы фразеологизмдердің әмбебаптануы немесе қарапайымдануы делінеді. Демек, фразеологизмдердің бейнелі (*имплицитті*) мазмұны дәл сол қоғам үшін немесе жалпыадамзаттық таным үшін сұраныстағы сәтті қолданыс болса (*актуалданса*) ол фразеологизм бірте-бірте астарлы не жасырын мағынасынан айрылып, белгілі бір зат не құбылыстың атауына айналады. Осы әрекеттердің бәрін жасайтын тіл тұтынушы, яғни халық. «Бұл – сөздік қордағы өзгерісті жасайтын – адам» деген пайымды тудырады.

Сөздік қордағы сөздердің құрылымдық өзгерісіне де адамның ықпалы жоғары. Қазіргі тіл тұтынушылардың ұстанымында сөз шұбалаңқы емес, қысқа әрі нұсқа болуы талап етіледі. Бұл да әлеуметтік сұраныс тетігі. Осыған орай сөздік қорда тұрақты тіркестер мен сөз тіркестерінің ықшамдалу үдерісі болып жатыр. Мәселен, *бой жазу* тұрақты тіркесі қазір *бойжазар* деген жеке сөзбен кең қолданысқа түсті. Біріншіден, біріктірілу үдерісінің басым екенін байқаймыз, екіншіден, жаңа атаудың пайда болғанын көреміз. *Бойжазар* – денені сергітуге арналған жаттығулардың бір түрі. Сол сияқты көк бет, көк бақа фразеологизмдері қазір бейнелі (*имплицитті*) қызметінен айрылып, олар сөздік қорда сипаттаушы, айқындаушы жеке лексема ретінде өзгерді, біріктіріліп жазылды. Демек бұл фразеологизмдер *көкбет* (*долы, ашушаң*), *көкбақа* (*арық, тырбиган*) болып лексикаланды.

Байқағаныңыздай, сөздік қор зиялы, қуатты, дамуға бейім қоғамның ықпалында байиды әрі толығады. Бұған дейін сөздік қор жаңа сөздердің жасалуымен, кірме сөздердің енуімен, грамматикалық сөзжасам жолымен толығын еді, қазір көне сөздің мағыналық жаңғыруымен, кірме сөзге балама атау табумен сөздік қорды дамыту үрдісі сәтті жүзеге асып келеді. Дегенмен, мағына жаңғыру көпмағыналықты немесе омонимия құбылысын арттырады. Мысалы: *бас қосу (бір жерге жиналып бірігу)* тұрақты тіркесі мағына жаңғыру үдерісімен *саммит (басқосу)* аудармасы болып қолданысқа еніп келеді.

Соңғы онжылдықта қазақтың сөздік қорында семантикалық үдеріс қарқынды жүзеге асып келеді. Соның ішінде семантикалық өзгерістер қатарында көпмағыналықтан кеңмағыналыққа ауысу құбылысы басым болып тұр. Мысалы, *бас (адамның басы)* тура мағыналы сөздің көпмағыналы өрісі – *бұлақтың басы, таудың басы, істің басы* сияқты бастың жоғары тұратын вертикалды мазмұндық аясында қалды да, *бас ғылыми қызметкер, бас мақала, бас ұйым* мағынасындағы өрісі – кеңмағыналық (*негізгі, арқасүйер, ұйытқы, тірек, үлкен мәніндегі*) нұсқалары болып саналды.

Қазақтың сөздік қорында екі түрлі қарама-қарсы үрдіс бар. Біріншіден, белгілі бір зат не құбылыстың бірнеше атауы жарыса қолданылуы басым болып тұр. Мысалы: *оятар (будильник) – оятқыш, дабыл сағат, қоңырау сағат, ұйқыбұзар. Обыр (рак) – қатерлі ісік, гасыр дерті, жаман ауру. Депутат – мәжілісмен, мәжіліс (сенат) депутаты, халық қалаулысы, мандат иесі.*

Екіншіден, жастар тілінде кірме сленгтер мен жаргондардың жиі қолданылуы. Мысалы ағылшын тілінен тікелей енген сленгтер: *кринж (жарылу), флекс (мақтану), изи (оңай), краш (керемет), хейт (жақтырмау)*, т.б.

Сөздік қор – әрқашан ашық тілдік қолданыста тұрғанда ешқашан жабылмайтын жүйе. Белгілі бір тілде сөйлейтін халықтың мәдениеті, экономикасы, техникасы, білімі мен ғылымы өркендеген сайын оның сөздік қоры толығын түседі, әрине, сөздерді жаңа атаулар ығыстыруы, көне сөзге айналу, қолданыстан шығып қалу үдерістері болады. Бірақ оның барлығы сөздік қорда сақталады. Демек сөздік қор – лексиканың жүйелі жиынтығы және ол дамушы, дамыған елдердің тілінде үздіксіз толығып отырады.

Осы мәселені терең зерттеген Е. М. Верещагин лексиканың жүйелі сипатын оның кейбір бөлімдерінде ғана, атап айтқанда терминология саласына ғана тән деп таниды. М. Г. Булахов та осындай көзқарасты ұстанады. И. А. Штернин сөздік қордың ашықтығы лексикалық жүйенің қағидаларын бұзбайды деп есептейді, өйткені пайда болған кез келген сөз лексикалық жүйеге енсе, тілдің барлық құбылыстарына бейімделгенін көрсетеді деп түсінеді.

Сөздік қордағы лексикалық жүйені белгілі бір қалыпқа салу, яғни модельдеу – күрделі үдеріс. Сондықтан кез келген тілде сөздік қордың лексикалық-семантикалық жүйесі парадигмалық және синтагмалық қатынастарға негізделген. Ж. Н. Караулов парадигмалық қатынастағы модельдерге семантикалық өрісті, лексикалық-семантикалық және тақырыптық топтарды, синонимдік қатарларды жатқызады. Осылардың ішіндегі аса ірі парадигмалық үлгі ретінде лексикалық-семантикалық өрісті атайды. Лексика-семантикалық өріс дегеніміз – қызметі бір, мәні бір, мағынасы жуық, бір әлеуеттегі сөздердің тобы. Өр өрістің ортақ белгісі болады және ондағы жалпылама мағынаны бір лексикамен түсіндіруге болады.

Т. Куренкованың пікірінше, лексикалық-семантикалық өріс – сөздерді семантикалық қағида бойынша біріктіретін күрделі тілдік микрожүйе [55]. Лексикалық-семантикалық өрістің өзі бірнеше ішкі өрістерге бөлінеді, сондай-ақ маңызды құрылымдық қасиеттерге ие болады: өзара байланысы, олардың реттілігі мен иерархиясы болады.

Ал тақырыптық топ – сөздердің лексикологиялық ерекшеліктеріне қарай емес, сөз мағынасын құрайтын ақпараттар мен білімдердің тақырыптас болуына қарай біріктірілген сөздер жиынтығы. Тақырыптық топты ажыратуға сыртқы дүниенің атрибуттық белгілері, заттық қасиеттері, қызметтік ерекшеліктері, т.б. ортақтықтарына қарай топтасады (*мысалы, «адамның дене мүшелері» тақырыптық тобына қол, аяқ, арқа, тізе, бас, жүрек, бауыр, табан және т.б. енеді.*

Сөздік қордың дамуында өзгермелі үдерістегі тепе-теңдіктің болуы аса маңызды. Яғни сөздік қор сапа жағынан да сан жағынан да қатар дамуы тиіс. Мүмкіндігінше сөздік қордың төл сөзбен, әдеби сөзбен толығыуы сапаның көрсеткіші болып саналады. Ал сөздік қор кірме сөздермен және бейтарап, бейпіл,

бейәдеби сөздермен, сөйлеу тілімен толығатын болса, бұл сапаға жатпайды. Ол тек сандық толығу болып саналады.

Қазақтың сөздік қоры байыған, толыққан, тұрақты болғанымен, ол үздіксіз өзгермелі. Солай болуы да керек. Бұл – тіл заңдылығы. Себебі сөздік қорға енген сөздің өзегі ешқашан жойылмайды. Тек ол басқа мағынаға ауысып, формалар арқылы түрленіп, жаңа атауға айналып, толыға түсуі мүмкін.

1.4. СӨЗ МАҒЫНАСЫ ЖӘНЕ ОНЫҢ ТҮРЛЕРІ

Лексикалық мағына – сөздің дыбыстық құрылымы мен ақиқат дүние (*зат не құбылыс*) белгілерінің сәйкестігі. Лексикалық мағына зат не құбылысқа тән белгілердің барлығының жиынтығы емес, тек бір затты екіншісінен ажыратуға көмектесетін маңызды белгілерін көрсететін сол атаудың түсіндірмесі. Мысалы, *мектеп* – бастауыш, орталау және орта дәрежелі жалпы білім беретін оқу орны. Лексикалық мағына беруде сөз мазмұнындағы екі маңызды белгісі негізге алынған: оқушылардың деңгейі (*бастауыш, орталау орта*) және ғимарат, мекеме ретіндегі оқу орны деген негізгі белгілеріне басымдық берілген. Ал мектептің құрамы оқушылар, мұғалімдер, директор, оның көмекшілері сияқты субъектілері негізгі белгіге алынбаған. Сондай-ақ мектеп құралдары, сыныптың ішкі сипаты, мектеп тәртібі мен талаптары лексикалық мағынаны таныстыратын белгілерге енбеген. Демек лексикалық мағынаны танытуда ең алдымен жанды/жансыз екенін білдіретін сипатына, сосын қызметіне басымдық беріледі. Ал егер сөздің барлық белгілерінің бірін қалдырмай түсіндіретін болса ол концептілік мағына немесе энциклопедиялық сипаттама, тіпті ұғымдық дефиниция болар еді.

Сөз тілдік қолданыста әртүрлі қызметте жұмсалатын болғандықтан әртүрлі мағынада қолданылады. Сондықтан сөздің лексикалық мағынасы біреу ғана емес, бірнешеу болуы мүмкін, соған орай бірмағыналы, көпмағыналы сөздер болып бөлінеді. Дегенмен қазақ сөздері әдетте көпмағыналы болып келеді. Мысалы, *арыстан* – көпмағыналы сөз.

Арыстан 1 – мысық тұқымдас ең ірі жыртқыш аң (*тура мағына*).

Арыстан 2 – азулы, тегеуріні күшті адам (*ауыспалы мағына*).

Арыстан 3 – жігіттің сұлтаны, төресі (*бейнелі мағына*).

Арыстан 4 – шоқжұлдызының бірі (*атаулық мағына (омоним)*).

Арыстан 5 – ер кісі есімі (*атаулық мағына (антропоним, жалқы есім)*). Бірмағыналы сөздер – мағыналық түрленуге түспеген, бір ғана мәнде қолданылатын және санаулы сөздермен ғана тіркесетін сөздер. Мысалы *қабаған* – кісі талайтын, қапқыш мағынасындағы сындық атау. *Ит*, *төбет* сөздерімен ғана тіркеседі (*қабаған ит, қабаған төбет*). Мәселен, *қозықұйрық* – қалпақ пішінді саңырауқұлақ түрі. *Қозықұйрық* – бірмағыналы заттық атау, әзірше басқа ұғымдарды сипаттауға негіз болмаған, сондықтан көпмағыналы атау емес. Себебі қазақ халқы саңырауқұлақты белсенді тұтынбауынан, соған орай тілдік қолданыста жиі кездеспеуі салдарынан мағыналық өрісі кеңеймей тұр.

Сөздің лексикалық мағынасы – зат не құбылыстың ақиқат болмысы туралы ақпараттың сол тілді тұтынушының санасында тарихи тұрғыдан терең сақталған мазмұны. Демек лексикалық мағына – белгілі бір сөздің мазмұны, сөзге оның мазмұнының семантикалық сәйкестігі. Яғни бір сөздің бірнеше мағыналық сәйкестігі болады. Бұл – сөздің мағыналық жүйесін құрайды. Сөздің бірнеше семантикалық мәнге қатыстылығы мағына түрлерін тудырады. Қазақ лексикологиясында мынадай мағына типтері бар:

1. Атауыштық қызметіне қарай сөздің тура және ауыспалы мағыналары болады:

Тура мағына – сөз танытып тұрған зат не құбылыстың басты белгілерін білдіретін, шынайы бейнесін түсіндіретін негізгі мәні. Мысалы, *ағаш* – орманда, бақшада, көшеде өсетін, тамыры жайылған, діңі қатты, бұтақтары мен жапырақтары болатын өсімдік. Бұл – ағаштың жалпыадамзаттың танымына ортақ түсінік, яғни ағаштың ботаникалық мазмұны оның тура мағынасы. Себебі оның бастапқы қалпы да далада өсетін өсімдік болуында. Бұл мазмұндық ақпарат әрі тура мағынаның ішіндегі бастапқы мағына.

Бастапқы мағына – зат не құбылыстың пайда болуы кезіндегі алғашқы танылған мәні. Бұдан бөлек тура мағынаның ішіндегі келтірінді мағына түрі де болады. Демек, тура мағынаның өзі екіге ажыратылады.

Келтірінді мағына – бастапқы мағынадан кейін тұратын адам санасындағы сол зат не құбылыстың екінші белгі-қасиеттерінен туындайтын мазмұн. Мысалы, *ағаш* – үй, жиһаз, тұрмыстық бұйым жасауға қолданылатын құрылыс заты делінген мағына – келтірінді мағына. Себебі ағаштың құрылыста қолданылатын тақтай секілді, бөрене секілді пішіндері санада ағаш туралы ақпараттар қатарынан орын алған.

Сөздік түзу жүйесінде сөз мағыналарының реттілігінде ең алдымен тура мағыналары беріледі. Соның ішінде де алдымен бастапқы мағынасы тұрады, одан кейін келтірінді мағына, содан соң ауыспалы мағыналары сөздің қолданыс жиілігіне қарай реттеледі.

Ауыспалы мағына – сөзде танылып отырған зат не құбылыстың белгі-қасиеттерінің бірі өзге ұғымға ұқсатылып, соны сипаттауға жұмсалғанда пайда болатын екінші мағына. Мысалы, *шаңырақ* – киізүйдің уықтарын біріктіретін ағаштан жасалған дөңгелек құрылғы. Тура және бастапқы мағынасы – зат, бұйым, жансыз дүние екенін байқадық. Осыдан туындайтын «шаңырақ көтеру» тіркесінің бастапқы мағынасы киізүй құру болғанымен, оның мақсаты бөлек отау құрумен парапар қолданылды (*шаңырақ – бөлек шыққан отбасына арнап құрылатын киізүй деген стереотип қарқындылығы басып түсті*). Осындай қазақы таптаурынмен, «шаңырақ – отбасы» тепе-тең мағыналастар пайда болды. *Шаңырағың бар ма?* деген тіркес – үйің бар ма – отбасың бар ма? ұғымының теңмағыналы мәндегі қолданысы болды. *Шаңыраққа қара* – әулетке қара деген мағынамен ауысты. *Шаңырағымды асырап жүрмін*, шаңырағым өркендеп келеді – бала-шағам, үрім-бұтағым өсіп келеді мағынасына ауысты. Демек, шаңырақ (*жансыз зат*) – отбасына (*дерексіз ұғымға*), – отбасы мүшелері, қатын, бала-шағаға (*жандыға – адамға*) айналды. Ауыспалы мағынаға өзгерудегі уәж біреу ғана – қазақтың шаңырақ ұғымын құндылық ретінде қабылдауы, шаңырақты бөлек отау құрудың символы ретінде

тануы, шаңырақты – отбасы мүшелерін біріктіретін, толық отбасы жасайтын негізгі қажеттілік деп түсінуі. Осылайша ауыспалы мағына құрылады. Ауыспалы мағына жасау өте күрделі үдеріс, ауыспалы мағынаны ана тілінде сөйлейтін тіл тұтынушылар еркін түсінгенмен, өзге тіл иесіне түсініксіз болатыны сөзсіз.

Байқағанымыздай ауыспалы мағына тіркесім қатынасында айшықталады. Мәселен, *қол* – адамның дене мүшесі (*тура мағына*). Соның ішінде *қол* – білезіктен басталған, алақан, саусақ бөліктерін қоса алғандағы адамның дене мүшесі деген мағынадағы түрі – бастапқы мағынасы. Себебі осы мағынада танылған қолданыстар жиілігі жоғары. Өйткені қолынан ұстау, қолымен уқалау, мыжу, тарту, т.б. қызметтері жалпыадамзаттың танымда бірінші кезектегі сипаттаушы түсінік болып тұр. Ал «*қол* – адамның иықтан қар, білек, қолдың басын қамтыған дене мүшесі» ретіндегі анатомиялық мағынасы – келтірінді тура мағына болып саналады. Себебі осы мәндегі қолданыстар жиілігі аз. Өйткені қолы ауырып тұр дегеннің орнына қолдың қай тұсы ауырса соны нақтылап айту (*білегі ауырды, қолының қары ауырып..., шынтағы ауырып...*) басымдыққа ие. Енді ауыспалы мағыналарына келсек, тек тіркес арқылы ажыратылатынын көреміз. Біріншіден, «*қолымда тұрғанда*» – билігімде, иелігімде (*қол астымда*) болғанда деген ауыспалы мағынасы арқылы қолдың көп тірлікті атқара алатын, барлық жұмысты істейтін (*аяқпен салыстырайық: аяқ жүреді, секіреді, ал қол сурет салады, ас дайындайды, киім тігеді, т.б.*) қасиетінің уәжделгенін көрсетеді. Қолың жоқ болса, біреуге тәуелділік басталады. Қолдың осы мәртебесі қазақтың танымында билік, иелік мағынасын түсіндіруде сәтті таңдалғаны қуантады. Екіншіден, «*мыңдаған қол басып кірді*» деген мәнмәтінді мағынада – қол – әскер, сарбаз мәнінде жұмсалған. Демек қолдың жауынгер, мықты адам орнына жұмсалудағы уәжі – ежелгі ғасырда зеңбірек, зымыран сияқты техника болмаған кезде, қарсы жаумен екі қолдың күшіне сеніп күресуімен, қолдағы күш адамды сипаттауға жұмсалыуымен өлшеніп тұр. Сондай-ақ «*қол қою*» тіркесіндегі қол – адам, жеке тұлғаны растайтын белгі ретінде ауыспалы мағына жасауға негіз болды. Демек, «қол» сөзінің үш ауыспалы мағынасы бар екен: «қолымда тұр» – билік; «мыңдаған қол» – әскер; «қол қою» – жеке тұлғаны растайтын белгі. Болашақта қол

сөзінің ауыспалы мағынасы кеңейе беруі әбден мүмкін, себебі ауыспалы мағынаның кеңеюіне шектеу жоқ, ол шексіз толығына береді. Оған негізгі себеп – сол сөздің белсенді қолданысында. Ал қол сөзінің тура мағынасы ешқашан өзгереді. Сол қалпында сөздік қорға енетін тұрақты мағына деп танылады. Ауыспалы мағыналар адам танымындағы сантүрлі ұқсату, теңестіру, айшықтау, әсірелеу, көркемдеу үдерістерінен туындайтын болған соң, мағынаны кеңейтетін тетіктер қатарына метафора, теңеу, эпитет, метонимиялар енеді. Бірақ аталған көріктеуіш құралдары алдымен бейнелі мағынаны жасайды, кейін көпшілік қолданыста сәтті жұмсалған жағдайда ғана ауыспалы мағынаға ұласады. Демек, бейнелі мағыналардың барлығы ауыспалы мағына емес. Себебі ауыспалы мағынаға барғанда бейнелілік жойылады. Бұл мәселені түсіндіруге кейіндеу барамыз.

2. Құрылымдық болмысына қарай сөздер негізгі және туынды мағына деп бөлінеді.

Негізгі мағына – сөздің әрі қарай бөлшектеуге келмейтін түбір күйіндегі мағынасы. Мысалы, *біл, бас, көз, екпін*. Негізгі мағына негізгі сөзді жасайды.

Туынды мағына – түбір сөзге грамматикалық қосымшалар жалғануы арқылы жасалады. Мысалы: *біл (әрекет атауы) – білім (дерексіз ұғым атауы) – білімпаз (адам мінезін сипаттайтын атау) – білімпаздық (қабілет атауы)*. Біл сөзінен мүлде бөлек үш мағыналы сөз туындады.

Семантикалық уәжділігіне қарай сөз мағыналары уәжді және уәжсіз болып бөлінеді:

Уәжді мағына – сөзжасамдық қосымшалардың көмегімен екінші немесе туынды мағынаға ие болу. Уәжді мағынаның туынды мағынадан айырмашылығы мынада: туынды мағына түбір сөзге жұрнақ жалғау арқылы жасалған мағына. Ал уәжді мағына керісінше туынды сөздің мағына жасаудағы уәжі оның түбір сөзі болды ма әлде басқа уәж ықпал етті ме? Соны анықтау. Мысалы: құрылыс сөзінің уәжді мағынасы – құр, құрастыр, құрап-құрап жасалатын құрамдас бөлік. Бәлкім ол ғимарат болуы мүмкін, бәлкім адамның дене құрылысы болуы мүмкін. Қандай мәнде қолданса да уәжді мағынасы барлығына ортақ танылатындай өзек болуы талап етіледі. Ал ақ, қара, қызыл сөздерінің уәжі жоқ.

Уәжсіз мағына – сөздің түбір тұлғасындағы мағынасынан әрі уәждемлейтін бастапқы мәні. Уәжсіз мағыналарды іздеу қазіргі біздің түбір сөздер деп танып жүрген атаулардың этимологиясын анықтауда маңызды. Мәселен, *бүгін* – түбір сөз деп танылып жүр, бірақ оның уәжі – күн, *бұл күн* деген ұғымда екенін келешек ұрпаққа жазып қалдырмасақ білмей кетуі де мүмкін. Сондықтан түбір сөздердің барлығы уәжсіз мағыналы деп тану тек шарттылық қана.

3. Сөздердің лексикалық тіркесімділігіне қарай сөз мағыналары еркін және тәуелді болып бөлінеді. Әдетте бұл екі мағына түрін синтаксистік шартты мағына деп атап келген болатын. Бірақ тілімізде талғап, талғамай тіркесетін сөздердің еркіндігі мен тәуелділігін дәл түсіндіруді жөн көрдік. Синтаксистік шартты мағына бейнелі мағынаға дәл келеді.

Еркін мағына – сөздің жеке тұрып заттық, сипаттық мағына беруі және тіркесімділікте талғаусыз, тәуелсіз тіркесуі. Мысалы, *«таны»* етістігі жеке тұрып та әрекеттің атауы екенін таныта алады. *Әлемді таны (зат атауларымен де тіркеседі); асықпай таны, тезірек таны (үстеумен де тіркеседі), оқып таны (етістікпен де тіркеседі)*. Еркін мағына деп айтылуының өзі де шарттылық. Себебі бір сөздің шексіз талғаусыз кез келген сөзге тіркесуі болмайды. Мысалы, *су* – кең қолданыстағы дара лексиканың өзі сұйықтыққа қатысты әрекеттермен ғана (*ағу, ішу, құю, төгілу, сіміру, жұту, тарылу, сіңу, шаю, жуыну, қолдану, қайнату, сапыру, сүзу, толтыру, пайдалану, тоқтату, тасу, беру, сұрау,*) тіркеседі. *Су* сұйықтықтың сипатын білдіретін сындық атаулармен тіркеседі (*салқын, ыстық, жылы, қанжылым, мұздай, тастай*). *Су* сұйықтықтың қайнар көздерінің атауымен тіркеседі (*өзен суы, көл суы, теңіз суы, жаңбыр суы, қар суы, жерасты суы, бұлақ суы, мұхит суы, ағын су*). Байқағаныңыздай, суға қатысты 30-дан аса тіркес сөз туындады. Бұдан бөлек, *бір жұтым су, мөлдір су, зәмзәм су, ем су, шикі су, су жүгірді* сияқты бейнелі тіркестері де кездеседі. Судың тіркесімділігі бұдан да артық кеңейе беруі мүмкін. Бірақ судың тіркесімінде де шектеу бар. Мысалы: *су желінбейді, су шайналмайды, су саналмайды, су жазылмайды, су ұшпайды*. Демек *су* жеу, шайнау, санау, жазу, ұшу, т.б. әрекет атауларымен тіркесе алмайды. Дегенмен, бір ғана сөзбен тіркесуден

гөрі, тіркесімділігі кең сөздердің мағынасын еркін мағына деп атауға негіз бар.

Тәуелді мағына – жеке тұрып сөздік қордан орын алғанымен мағынасы тіркескен сөздері арқылы ғана анықталатын, яғни мағынасы тіркесімділікке тәуелділік. Мысалы: *қосетек* – әйелдердің ұлттық көйлек атауы. Бірақ оны жеке қолдансақ (*Айман қосетегін киіп алыпты*) түсініксіз болады, сондықтан *қосетек көйлегі* деген тіркеспен қолдануға тәуелденген. Нақтылау үшін мынадай мысал келтірейік: *Әсел қосетегін түріп алып жүгірді*. Бұл жерде балақтың етегін түрді ме? Тонның етегін түрді ме? Шапанның етегін түрді ме әйтеуір бір киімнің қос етегін бүрген секілді түсініледі. Оған басты себеп қосетектің әйелдер көйлегі ретінде толық атау ретінде лексикаланып үлгермей тұрғанында. Сондықтан ол көйлек тіркесіне тәуелденеді. Сондықтан *Әсел қосетек көйлегін түріп алып жүгірді* деп құрастырса дұрыс болады.

«*Қусаған*» сөзі сөздік қорда сындық мағынада қолданылатын, тек түйе сөзімен ғана тіркесетін, тіркесімділігі таңдаулы сөз болғандықтан тәуелді мағына деп танылады. Себебі бұл сындық мән түйе сөзінің мағынасына тәуелді. *Қусаған түйе* – бақырауық түйе.

Сөздік түзу жүйесінде тәуелді мағыналар былайша рәсімделеді:

ҚУСА: *қусаған түйе. жерг. Бақырауық түйе.*

4. Сөздің қызметіне қарай сөз мағыналары атау мағына, бейнелі мағына, бағалауыш мағына, экспрессивті мағына болып бөлінеді.

Атау мағына – сөзде танылып тұрған зат не құбылыстың қасиет белгілері мен қызметі туралы ақпараттық мән беретін мазмұн. Мысалы, *орындық* – *отыруға арналған жиһазды білдіретін деректі заттың атауы*. *Жел* – *атмосферадағы ауаның қарсы созылуынан пайда болатын табиғат құбылысының атауы*. *Ой* – *адам санасындағы ақиқат дүние туралы пайымдаулар мен пікірлердің жиынтығын білдіретін дерексіз атау*. Атау мағына – тура мағынаның зат, не сын, не әрекет, не сан, не құбылыс атауы екенін растаушы мағына. Атау мағына сөздің дерексіз, деректі, бейтарап түрін, сондай-ақ жалқы, жалпы түрін анықтау қызметін

атқарады. Бір сөздің өзі мәнмәтіндік, тіркесімділік қолданысына қарай әрі атау мағына, әрі экспрессивті мағына, әрі бағалауыш мағына бола алады. Мысалы: *таза1* – дүние не құбылыстың кірсіз, мұнтаздай, тап-тұйнақтай қалпын білдіретін сапа атауы (*таза үй мағынасы*). *Таза2* – арамдығы жоқ, кіршіксіз, қоспасы жоқ жүректі жарып шыққан ой, көңіл (*таза ой, таза көңіл, таза ниет – бейнелі мағына*). *Таза3* – нағыз, дәл, ең-ең мағынасында бағаланатын сөз (*таза надан екенсің, таза еңбек, таза ғылым жолы – бағалауыш мағына*).

Бейнелі мағына – сөздің ауыспалы мағынасына негіз болатын, жазушылар мен ақындардың, көркемсөз шеберлерінің окказионалды қолданысынан туындаған астарлы мағына. Мысалы: *Түн – шымылдық, түн – шашын жайған албасты. Кеңес одағы – қызыл империя, депутат – мандат иесі, шенеунік – портфель ұстағандар. Өлім – қайтпас сапар*. Бейнелі мағына көріктеуіш құралдардан құралады. Метафора, теңеу, эпитет, метонимия, синекдохалық қолданыстар біртіндеп окказионалдық (*авторлық*) қолданыстан жалпыхалықтық қолданысқа ауыса бастайды. Себебі сәтті шыққан окказионалдар оқырман жадында сақталып, олар өз тілдік қолданысында жұмсай бастайды. Осылайша бейнелі мағыналар қалыптасады. Көпшілік қолданысқа түскеннен кейін бейнелі мағыналы сөздер сөздік қорға енеді. Қолданысы кеңейген сайын бейнелі сөздердің тілтанымдық мәртебесі анықталады. Яғни бастапқыда метафора, эпитет болған тіркестер фразеологизмдер қатарынан орын алады, ал нақыл сөзбен айтылған бейнелі сөзорамдар мақал-мәтел құрамына өтеді. Теңеулер тұрақты теңеулер мен тұрақты тіркестердің қорын толықтырады.

Экспрессивті мағына – сөздің белгілі бір діттеммен, яғни жағымды не жағымсыз күйді жеткізу немесе эмоциялық күйін (*қорқыныш, ұнатпау, ренжу, долдану, шаттану, рақаттану*) білдіру мүддесінде жұмсалатын мағына. Мысалы: *сұмдық* – тура мағынасында да, ауыспалы мағынасында да жағымсыз мәндегі масқаралық, адам шошырлық, арам ниеттілік, сұмырайлық деген пайымдауда жұмсалады. Бірақ қазіргі тілдік қатысымда «*сұмдық жеңілдік болып жатыр*», «*мына шаңсорғыштың пайдасы сұмдық, айтып жеткізе алмаймын*», «*той сұмдық керемет өтті*» сияқты қолданыстар бар. Бұл – әсіре бағалаудан туындаған эмоцияның

салдары. Нәтижесінде сұмдық – ең-ең, керемет, адам қызығарлық деген экспрессивті мағынаға ие болды. Экспрессивті мағына кейде ренжу, өкпелеу, долдану кезінде адамның ар-ожданына тиетіндей былатып, бейпіл сөздермен айтылғанда көрінеді. Себебі оның бәрі – эмоцияның салдары. Былатып, боғауыз сөздер адамның негативті ашулы күйіндегі эмоциясын білдіретін сөздер деп танылады. Эспрессивті мағына әдетте көңіл-күй одағайларымен, алғыс, қарғыс сөздерімен, жағымды және жағымсыз мәндегі сын есімдердің асырмалы, күшейтпелі шыраймен жасалады.

Бағалауыш мағына – сөздің жағымды/жағымсыз, теріс/оң, дұрыс/бұрыс, мақтау/даттау бағытын айқындайтын мәні. Бағалауыш мағына – ауыспалы мағынаны тудырушы тетіктің бірі. Мысалы, *Ұлым биік белеске жетті*. Мұнда – ұлы таудың биік шыңына жеткен жоқ. Қызметінде немесе оқуында үлкен мәртебеге, жетістікке немесе марапатқа ие болғаны бағаланып жеткізілген. *Биік* сөзінің атағы зор, мәртебелі, дәрежелі деген ауыспалы мағынасын бағалауыштық мәнде қолдану арқылы жасалғанын аңғардық.

5. Сөз мағыналарының өзара қатынасына, басқа сөздерге қатынасына қарай мағыналар *автономды, қатысымды, жіктелімді* мағына деп ажыратылады:

Автономды мағына – тілдік жүйеде категориялық түріне қарай дараланған сөздердің мағынасы. Мысалы зат есім сөздерінің мағынасы (*үстел – төрт аяғы, бет тақтайы бар, ас ішуге, жазуға арналған жиһаз атауын білдіретін зат есім*), етістік сөздерінің мағынасы (*секіру – төменнен жоғарыға қарай денені әрлі-берлі көтеріп-түсіріп қозғау әрекетінің атауын білдіретін етістік*), сын есім сөздерінің мағынасы (*аласа – биік емес, қысқа, тапал мәнін білдіретін сын есім*), т.б. Автономды мағына сөз мағыналарын сөз таптарына қарай ажыратып түсіндіруге негізделеді.

Қатысымды мағына сөздердің қарама-қарсы мағыналастарын, тең мағыналастарын, жуық мағыналас қатарларын анықтау үшін қызмет етеді. Яғни қатысымды мағына сөздің синонимін немесе антонимін анықтауда тиімді болатын, сөздің ең жақын мағынасын айту арқылы немесе қарама-қарсы мағынасын айту арқылы оның мәнін оңтайлы түсіндірумен жүзеге асырылады.

Мысалы: *ескі кітап* деген ұғымның синонимін табуда оның *ұзақ жылдар бойғы, бұрыннан келе жатқан* деген мағынасын емес, *тозығы жеткен көне* деген мағынасын таңдау қажет. Себебі ескі сөзінің тіркесіп тұрғаны кітап (*зат атауы*) болғандықтан затқа сай жұмсалатын синонимдік қатардағы сөзді таңдау қажет. Сондықтан *ескі кітап* – бұл тозығы жеткен, біраз ұсталып көнерген деген мәнімен мағыналас болатын *көне кітап* нұсқасы таңдалады. Дегенмен, байырғы, ілкі, ертедегі қатарындағы синонимдер кітаппен (*зат*) тіркесуге келмейді. Сол сияқты ескі – ұзақ жыл болған, бұрыннан келе жатқан деген мағына қатарына жуық келетін кәрі, қартаң сөздері де кітаппен тіркесе алмайды. Себебі ескі – жансыз заттарға тіркесе (*ескі үй, ескі ой, ескі дәстүр*), кәрі – жанды заттарға тіркеседі (*кәрі адам, кәрі ит, кәрі құс*). Бірақ синоним таңдауда бұндай шатасулар кездесуі әбден мүмкін. Сондықтан қатысымды мағына антонимді таңдауда да, синонимді таңдауда да негізге алатын маңызды белгі.

Жіктелімді (дифференциалды) мағына – бірнеше сөздердің мағыналарындағы ортақтықты тану, яғни мағыналарында ортақтық белгі болуына қарай сөздерді топтастыру. Мысалы: *арыстан, жолбарыс, қабылан, ілбіс* сөздерін ортақтастыратын белгілер – олардың жыртқыш аң болуы, оның ішінде сүтқоректілер қатарына енуі, оның ішінде *мысықтектес* тұқымдасы болуы. Ал *арыстан мен қасқырды* тек бір ғана ортақтық белгісі біріктіреді. Ол – *жыртқыш аңдар* екені. Себебі арыстан жыртқыш аң ішіндегі мысықтұқымдасына жатса, қасқыр – иттұқымдасына жатады. Байқағанымыздай, жіктелімді мағына сөздің гипоним-гипероним жіктелімін жасау үшін маңызды. Келтірілген мысалдарда гипероним – жыртқыш аң. Ал оның гипонимдері: 1) мысықтұқымдас, иттұқымдас. Аталған аңдарды ортақтастыратын тағы бір белгісі – күшігі, ұрғашысы (*қаншығы*), еркегі болуы және жемтігін аулау тәсілі (*алқымнан тістеу*).

Қорыта келгенде, сөздің лексикалық мағыналары біріншіден, сөздің бойындағы заттық-ұғымдық ақпаратты танытады (*парадигмалық сипаты*); екіншіден, сөз мағыналары сөзжасамдық үрдіспен мағына түрлендіруге бейім болады (*деривациялық сипаты*), үшіншіден, сөздердің өзара қатынасынан, сөздердің

тіркесімділігінен мағынада өзгеріс болады (*синтагматикалық сипаты*).

Сөз мағынасы – айнала қоршаған ортадағы заттар мен құбылыстарды танытатын білім көзі. Сөзді естіп не оқып, оның мағынасын танымау, бұл ол сөзбен таныс емес екенін білдіреді. Егер адамның сөздік қорында өзі таныған (*сөздің мағынасын білген*) сөздері көп болса, оның аялық білімі де жоғары деген сөз.

Байқағанымыздай, сөз мағыналарының қызметі көп және сөз мағыналарының өзіне тән арнаулы белгілері бар. Сөз мағыналарының қызметі мен тілдік қатысымдағы арнаулы белгілерін дұрыс қолдану сәтті сөзсаптамды қалыптастырады.

1.5 СӨЗ МАҒЫНАЛАРЫНЫҢ КЕҢЕЮІ МЕН ТАРЫЛУЫ

Сөз мағыналарының тарылуы – бұл тіл біліміндегі күрделі құбылыс. Ол сөздің бастапқы мағынасынан тарылып немесе басқа мағынаға ауысу үдерісін білдіреді. Сөз мағыналарының тарылуы – тілдің өзгеру табиғатына тән жағдай, өйткені тіл уақыт өткен сайын өзгеріп отырады. Тарылу (*немесе ықшамдалу*) сөздің бастапқы мағынасының қолданыстан шығуы, ұмытылуы, жойылуы немесе оның нақты бір нұсқасына бағытталуы болып табылады. Мысалы, «қызметкер» сөзі бастапқыда «барлық жұмысшыларды» білдірген жалпы атау болса, қазір тек «белгілі бір қызмет атқаратын адам, яғни мемлекеттік және мемлекеттік емес мекемелерде қызмет ететін тұлға» деген мағынаға ие. Демек, қоғамда еңбек ететін тап өкілдері әлеуметтік мәртебесіне (*кәсібі, білімі, тәжірибесі*) қарай жұмысшы/қызметкер/қызметші болып ажыратылуына байланысты, қызметкер жалпы атаудан тарылып, жеке еңбек ету лауазымының бір түрі ретінде ықшамдалды. Бірақ қызметкер – лауазым, мансап иесі ретіндегі ықшамдалған мағынадағы сөздің өз ішінде мағыналық кеңеюі басталды. Мысалы: *ғылыми қызметкер, техникалық қызметкер, мемлекеттік қызметкер, дін қызметкері, әдеби қызметкер, штаттағы қызметкер, әскери қызметкер*, т.б.

Сондай-ақ *обыр* – бастапқыда көзі тоймайтын ашқарақ, қомағай, жебір мағынасында қолданылды. Бұл мағынасы қазір қолданыстан шығуға сәл қалды десек те болады. Оның орнына қомағай сөзі белсенділікке ие болды. Бірақ *обыр* сөзінің екінші

мағынасы – ел-жұртты не малды қырып салатын жұқпалы ауру деген мағынасы медицина тілінде қатерлі аурудың бірі – рақтың баламасы ретінде қолданысқа енді. Демек, бастапқы мағынасы тарылып, екінші мағынасы кеңейе түсті.

Айырық – өзеннің, жолдың (*темір жолдың, күре жолдың*) екіге бөлінетін жері деген мағынасындағы атау бұрынырақта өзеннің екі айырылысына қатысты жиі айтылатын. Ал қазір «өзен айырығы» деген қолданысты кездестірмейміз. Демек, «өзен айырығы» тіркесіндегі мағына тарылды. Керісінше жол айырығы (*перекресток*) қолданысының жиілігі артты.

Байқағанымыздай, қазақ тіліндегі сөз мағыналарының тарылу үдерісі сөздің қолданыстан шығып кетуі емес, мағынаның ұмытылуы оның орнына екінші мағыналы нұсқаның белсенділігінің арттуы, кейбір сөздер екінші мағына иеленбей, сөз де мағына да ұмытылуы мүмкін.

Ақзон – бірінші мағынада ақ шыт, ақ сиса, екінші мағынасында – мырышталған (*оцинкованный*) қаңылтыр темірден жасалған бұйымдар, құралдар. Осы сөздің екі мағынасы да қазіргі қолданыста жоқ. Ақзон мата орнына ақ шыт келді, ақзон темір, ақзон шелек орнын мырышталған темір, мырышталған шелек қолданысы ауыстырды. Байқағанымыздай ақзон сөзі сөздік қорда қалды, мағыналары тарылды, көне сөзге айналды.

Қыран – бірінші мағынасында бүркіт, сұңқар, қаршыға тектес жыртқыш құстардың жалпы атауы, екінші мағынасында жергілікті тілдің моншақ ұғымын білдіреді. Осындағы екінші (*моншақ*) атауы қолданыстан шығып қалды, сондай-ақ жыртқыш құстардың жалпы атауы ретінде танылған бірінші мағынасы узуалданды – бүркіттің балама атауы ретінде тарылды, сондай-ақ қыран сөзінің мағынасы универбелді: батыл, мықты жігіттің сипатын танытатын мағынада жұмсала бастады.

Шабарман – би-болыстың тапсырмаларын бұлжытпай орындайтын хабаршы мағынасындағы көне сөз. Әдетте шабарман дипломатиялық хабарларды тасушы адам болған. Әрине қазіргі уақыт би-болыс заманы емес, сондықтан бұл мағына тарылған. Бірақ шабарман сөзі қолданыста бар. Қазіргі қолданыстағы шабарман – курьер (*мекемедегі іскерлік қағаздарды, хабарламаларды таситын қызметші*) баламасы деп танылады.

Сонымен, сөз мағынасының тарылуы тарихи, қоғамдық, әлеуметтік т.б. жағдайларға байланысты сөздің кейбір мағынасының қолданыстан шығып қалуын білдіреді. Көне түркі тілінде тон, тары деген атаулар кең мағынасында қолданылған. Тон – тек «қой терісінен» тігілген киімнің атауы ғана емес, «жалпы киім» атаулыны, тары – «дәнді дақылдардың бір түрін» емес, «егін, астық» атаулыны білдірген. Қол – «адамның дене мүшесі» ұғымымен бірге, тарихи «әскер, жасақ» ұғымында да қолданылған. Қарындас – көне түркі тілінде, ежелгі қазақ тілінде, қазіргі кейбір түркі тілдерінде «туысқан, бір тектен шыққан адамдар» мәнін білдірсе, қазіргі қазақ тілінде «бірге туған кіші қыздың ағасына туыстық қатынасын», болмаса, «жасы үлкен ер адамның әйел балаға айтатын қаратпа сөзін» білдіріп, мағынасы тарылған. Бірқатар сөздің қолдану өрісі, мағынасы тарылғаны соншалық олар тек бірен-саран фразеологиялық тіркестерде ғана сақталып қалған: міз бақпау, түлен тұрту, қаншырдай қату, мұрны қолақпандай т.б. [56].

I. Кеңесбаев F. Мұсабаев еңбегінде: «Қысырақ деген сөз – қазір қысыр байталдар үйірі. Бұл сөз ертеректе жалпы бие дегеннің орнына кең қолданылған. Мысалы, қыз бірла күремше, қысырақ бірла жарыспа. Қазір қысыр деген сөз барлық түркі тілдерінде кездеседі, бірақ онда тек бие деген мағынаны ғана білдірмейді қысыр сиыр, қысыр бие, қысыр інген болып қолданылады, ал қысырақ деген сөз бие мағынасында әзербайжан тілінде бір сөздіктен ғана кездесті. Ертеде жиі, әрі кең мағынада қолданылған қысырақ деген сөз бергін келе мағынасы тарайып, қолданылуы сиреп, көптеген түркі тілдері сөздігінен шығып қалған [57].

I. Кеңесбаев: «Сөз мағынасы өзгереді, дамиды: мағына аясы бірде кеңейіп, бірде тарылады; түрлі бейнелі мағыналар үстемелеп, бірде сөз қолдану тәсілі молығып, бірде соны мағына туады, заман ағымына қарай, кей реттерде, сөз де, сөз мағынасы да мүлде жаңарады; сөйтіп сөздің семантикасы үздіксіз екшеліп отырады» – дейді [58].

Сөз мағынасының тарылуы сөз мағынасының кеңеюіндей әсер етпейді. Десек те, бұл құбылыстың өзіндік ерекшеліктері мен заңдылықтары бар. Көбінесе сөз мағынасының тарылуы тілі қолданушылардың жалпылықтан жалқылыққа қарай өтуінен, заттарды тани бастауынан мағыналық тіркестердің азайып

кетуінен туады. Осыдан келіп көптеген сөздердің мағынасы тарылып, көне сөзге айналады.

Мағынаның тарылуына негіз болатын түрткіжайттар. Сөз мағыналарының тарылуына екі жағдай ықпал етеді: біріншісі – байырғы сөз мағыналарының тарылуы. Екіншісі – басқа тілден кірген сөздер мағыналарының тарылуы.

Тіліміздегі көпмағыналы сөздердің кейбір мағыналары ескіріп, мүлде қолданыстан шығып қалуы мүмкін. Осы себептермен сөз мағынасы тарылады. Кейде кейбір сөздер мағынасының тарылуы нәтижесінде толық лексикалық мағынасын жоғалтып, көмекші сөздерге айналады.

Тілші-ғалым Р. Барлыбаев сөз мағыналарының тарылу себептерін былай жіктеген: А) Сөз мағыналарының традициялық және лингвистикалық жолдармен тарылуы. Қоғам дамуымен бірге адамның да ой-өрісі, дүние таныма кеңейіп, тереңдеп отыруы заңды нәрсе. Зат-құбылыстардың танылмаған жақтары біртіндеп танылып, олардың айырмашылық ерекшеліктері де айқындала бастайды. Осының нәтижесінде адам ұғымы жалпылықтан жалқылыққа қарай тарамдалып, танылған заттарға бөлек-бөлек атаулар бере бастап, бұрынғы атаудың көрсеткіш белгілері кеміп, бірнеше ұғым білдіретін көп мағыналары тарыла бастайды. Ә) Мағынасының толық тарылуынан, я басқа сөздің мағыналық әсерінен сөздік құрамнан шығып қалған сөздер. Байырғы сөз мағыналарының біршамасы мағынасы жағынан тарылып, қазір қолданыстан шығып қалған. Мысалы, би, болыс, ауылнай, старшын, дулыға, әскербасы сияқты сөздер жаңа қоғамға байланысты мағыналарын толық тарылтудың салдарынан қолданыстан шығып қалып отыр.

Б) Сөз мағынасының тарыла келіп, көмекшіге айналуы. Тілдегі көптеген есім сөздер түрлі себептерге байланысты толық мағынасын жоғалтып, көмекші сөздерге айналған. Қазақ тілінде: алды, арты, асты, үсті, маңы сияқты көмекші есімдер бар. Мысалы: Бұлардың қасына осы кезде бір топ кісі тақап қалды. В) Сирек қолданылып мағынасы тарылып бара жатқан сөздер. Аталған сөздердің әдеби мағыналары орын алмаса да, ауызекі тілде кейбір өңірлерде ғана қолданылатын сөздер. Мысалы, аспа шам, патуаға келу деген сөздер. Қазіргі таңда бұл сөздердің орнына

электр шамы, келісімге келу деген сөздерді қолданамыз. Г) Сөз мағынасы құрылымындағы семантикалық архаизмнің пайда болуынан мағынаның тарылуы. Сөздің мағыналық құрылымында бір я бірнеше мағынаның түсіп қалуынан семантикалық архаизм пайда болады. Осыдан да сөз мағынасында тарылу процесі туады. Тіліміздегі қабак (*адамның қабағы*) деген сөздің сырық, нысана деген мағыналары болған. Бұлар қазір дербес мағынаға айналып, қабак сөзінің мағыналық құрамынан шығып кеткен. Бұл тұстан сөз мағынасының бір жағынан тарылып, екінші жағынан кеңейіп жатқандығын байқаймыз. Д) Сөз мағынасының тарыла келіп, шылауға айналуы. Е) Мағынаның толық тарылуы нәтижесінде сөздің қосымшаға айналуы [59].

Кейбір зерттеушілердің айтуынша, *жылқы – ертеректе күллі төрт түліктің, киік – күллі жабайы аңдардың* жалпы атауы болған. Келе-келе жалқыланған. Байқағанымыздай, сөздер бастапқыда кең және жалпы мағынаға ие болғанымен, уақыт өте келе олардың мағыналары тарылып, нақты бір нысанға немесе құбылысқа бағытталуы мүмкін.

Сөз мағынасының тарылуы жолдары:

1. Қолданылу аясының тарылуы. Сөздің бастапқы мағынасы сөздің сирек қолданылу салдарынан тарыла бастайды. Яғни ол сөзді білдіретін зат не құбылыс пайдаланудан, тұтынудан шығып қалса, сөзге де қолданыс сұранысы болмайды. Осындай жағдайда сол мағынасы тарылады. Мысалы, қазір *иінағашты (шелекпен су тасығанда иыққа салатын құрал)* ешкім қолданбайды, техниканың дамығанына байланысты бұл зат қолданыстан шықты, себебі мұқтаждық жоқ, оның орнына құбырмен тартылған су тетіктері келді. Су таситын иінағаш құралының бірен-саран үлгісі тек мұражайда тұр. Сондықтан оның атауы да, мағынасы да тарылды.

2. Жаңа мағынада танылуы. Сөзді білдіретін зат не құбылыс қоғамда қолданылмайтын болса, сөздің сол мағынасы жұмсалмайды, бірақ сөз басқа ақиқат дүниені танытуда жаңа мағына иеленуі мүмкін. Мысалы,

Дуңгіршек 1 – қаймақ, кілегей құюға арналып, ірі малдың тізе, тірсек (*қалың*) терісінен тігіп жасалған, сопақша пішінді ыдыс

(*бастапқы мағынасы*). Бұл зат қазір жоқ, жасалмайды, себебі сұраныс жоқ. Сондықтан көне сөз күйінде сөздік қорға енді.

Дүңгіршек 2 – газет, журнал, кітап және т.б. ұсақ сауда жүргізілетін шағын дүкен (*қазіргі мағынасы*). Киоск кірме сөзінің аудармасы ретінде халықтық қолданыста сәтті жұмсалуына орай бұрын тілімізде бар атау (*дүңгіршек*) жаңа мағына иеленді де, ескі мағынаның қызметін тарылтты.

Демек, бастапқыда дүңгіршек ертеректе ыдыс атауы болса, қазір теріден жасалған ондай ыдысты қолданбайтын болғандықтан сөздік қорда қалды, бірақ сөзді қайта тілдік қатысымға қосқан оның жаңа мағынасы киоск сөзіне қазақша балама беруде қалыптасты.

Бүлдіршін – бастапқы мағынасында тайлақтан өтіп, бураға қосылар шақтағы ұрғашы түйе. Бұл қолданыс тарыла келе, бұл атау – сәби шақтан өтіп, жасөспірім шаққа жетпеген кішкентай бала мағынасында кең қолданыла түсті. Яғни жаңа мағынаға ауысты.

3. Жалпылықтан жеке мағынаға тарылуы. Бұл құбылыс бастапқыда гиперонимдік қызметте, жалпы мәнде жұмсалған атау уақыт өте келе сол жалпылықтың ішіндегі жеке гипоним бөліктерінің бірі ретінде ғана аталуынан ауысуы. Мысалы: *көже* ұғымы алғашқыда сұйық не қоймалжың піскен тамақтардың жалпы атауы болатын. Соған орай *кеспе көже, айран көже, сүт көже, салма көже, тары көже, бидай көже, қара көже* деп бөліне беретін. Ал қазір сұйық сорпа тағамды көже деп атау үрдісі басталды. Ал бидай өнімдері қосылған қоймалжың тағамдар ботқа деп аталып жеке мағына иеленді.

Сонымен сөз мағыналарының тарылуы қазақтың сөздік қорында мағына кеңеюіне қарағанда баяу жүзеге асады және сирек кездеседі. Сөз мағыналарының тарылуы әдетте тарихи және көне сөздердің әлеуетін анықтауда едәуір маңызды ықпалын тигізеді. Себебі сөз мағынасының қолданыстан шығуы, мағынаның күңгірттенуі, белгілі бір кезеңде ғана белсенді жұмсалып сияқты үдерістер мағына тарылуы мен тарихи, көне сөздерді анықтаудың қағидалары болып танылады.

Сөз мағыналарының кеңеюі (*немесе семантикалық кеңеюі*) – тілдегі сөздердің бастапқы мағынасының кеңейіп, жаңа, туынды мағыналарды қабылдау үдерісі. Бұл үдеріс тілдің дамуымен және оның қолданылу аясының өзгеруімен байланысты. Сөздің

мағынасы кеңейіп, оған қосымша мәндер қосылуы мүмкін. Мысалы:

Орын 1 – бір нәрсені қоятын, орналастыратын немесе отыратын, тұратын жер. *Орын 2* – бір нәрсені қатары, реті. Осы тура мағыналар қатарына мынадай ауыспалы мағыналар қосылды:

Орын 3 – қызметтегі, әулеттегі абыройы, мансабы, мәртебесі (келін, орныңды біл, ғылымда ойып алар орны бар).

Орын 4 – лауазым, шен. (*Директорлық орын бос, бос орынға конкурс жарияланды, бастықтың орнына кім келді екен?*).

Қазақтың сөздік қорында мағынаның кеңеюі, мағынажасам құбылысы қарқынды дамып келеді. Бұның жақсы жағы – кірме сөздерге қазақша балама атау табылып, кірме сөзді тілдік қолданыс пен тілдік қатысымнан ығыстыруы, ал қолайсыз жағы – көпмағыналық пен омонимдер қатарын көбейтуі.

Сөз мағыналарының кеңеюі – мағынажасам үдерісін жүзеге асыратын тетік. Мағынажасам – бұл сөздердің немесе сөз тіркестерінің жаңа мағыналарын қалыптастыру үдерісі. Мағынажасам тілдік бірліктердің қалай жаңа ұғымдар мен түсініктерді білдіре алатындығын көрсетеді. Бұл үдеріс түрлі тәсілдер арқылы жүзеге асады және сол тәсілдер сөз мағыналарын кеңейту жолдарымен пара-пар.

Мағынаның кеңеюіне негіз болатын түртіжайттар:

Мағынаның кеңеюі – бұл сөздің немесе сөз тіркесінің мағынасы уақыт өте басқа мағынада жұмсалып немесе мағынаның реңкін толықтыратын құбылыс. Бұл құбылыс әртүрлі тілтанымдық, мәдени және әлеуметтік түртіжайттардың әсерінен болады. Негізгі түртіжайттар мыналар:

Мәдени және технологиялық даму. Қоғам дамыған сайын жаңа ұғымдар, техника атаулары мен құбылыстар пайда болады. Сөздік қордағы сөздер бұл өзгерістерді таныту үшін белсенді қызмет етеді, яғни сөз өзіне қосымша үстеме мағына алады. Мысалы:

Өзек 1 (бастапқы мағына) – жауын, қар суынан пайда болған кіші сай.

Өзек 2 (ауыспалы мағына) – бір нәрсенің негізі, арқауы.

Өзектің ауыспалы мағынасына ұқсату уәжімен жаңа терминдік мағына туындады:

Өзек3 (терминдік мағына) – белгілі бір дүниенің негізгі қаңқасын ұстап тұратын ұзын сырық пішінді техникалық зат (*стержень*). Байқағанымыздай, стержень аудармасына өзек сөзінің арқау деген мағынасы уәж болуына байланысты техникалық термин жасалды. Мағына жаңғыру үдерісі жүзеге асты. Сондай-ақ тұрақ сөзі де бірнеше техникалық атаужасамға негіз болды:

Тұрақ 1 (бастапқы мағына) – тұратын жай, мекен, орын. Маңдайға біткен қыраным, Көлге біткен құрағым, Қара жер болды тұрағың (*Қабан жырау, Алтын қазық*). Немесе қазақтың «сөзінде тұрақ жоқ» деген мақалынан тұрақ сөзінің белгілі бір уақытқа дейін кідірген, тоқтаған әрекетін білдіретінін аңғарамыз.

Тұрақ 2 (терминдік мағына) – көліктің белгілі бір уақытқа қойылатын қауіпсіз орны. Демек, қазақтың сөздік қорында бұрыннан бар тұрақ сөзіндегі орын, мекен және кідіру, тоқтау мағыналарының негізінде көлік қоятын орын (*стоянка*) терминдік атауы қалыптасты.

Тығын 1 (бастапқы мағына) – тесікті бітейтін зат. Жолдасының біреуі келе жатса, Тесікке қояды екен тығын тығып (*Ш. Құдайбердиев, Шығармалары*).

Тығын 2 (терминдік мағына) – техника, медицина саласында белгілі бір сұйықтық ағынын немесе тесікті бітейтін заттың жалпы атауы. Техникада – *пробка, затычка, закуронка* атауларының, ал стоматологияда *тампонның* қазақша баламасы ретінде алынған.

Ымыра 1 (бастапқы мағына) – бітім, келісім.

Ымыра 2 (терминдік мағына) – өзара жеңілдік жасауға көну жолымен қол жеткен келісімді білдіретін саяси-дипломатиялық термин. *Компромисс* терминінің қазақша баламасы ретінде қайта мағына жаңғырып тұр.

Бейнелі қолданыстың ықпалы. Мәселен, көркем шығармадағы көріктеуіш құралдардың белгілі бір атаудың баламасы немесе екінші атауы ретінде, белгілі бір сөздің жаңа мағынасы ретінде қызмет етуі басым болғанда сөздердің мағынасы кеңейе түседі. Мысалы:

Кіреберіс (бастапқы жазылымы – кіре беріс – «басталар жер, бір жерге кіретін жер» деген мағынаны білдіретін тұрақты тіркес). Аталмыш тұрақты тіркес көпқабатты үйдің

подъезді атау үшін лексикаланды. Қазір кез келген көпқабатты мекеме, ғимарат, тұрғынүйдің *подъездін* кіреберіс деп атайды. Демек сөздік қордағы тұрақты тіркестің мағынасы жаңаланып, кеңейіп, кірме атауға балама ретінде жеке сөзге айналды.

Елбасы (бастапқы жазылымы – ел басы – көпшілік сыйлайтын қадірлі кісі мағынасындағы тұрақты тіркес). Қазір тұңғыш президент ұғымының екінші атауына айналды. Тұрақты тіркестегі бейнелі мән атаулық мәнге ауысты. Елбасы кітапханасы, «Елбасы медалі» бағдарламасы сияқты қолданыстар дәлел бола алады. Демек, бейнелі қолданыстағы мағына кеңейе келе жаңа атаудың қалыптасуына негіз болды.

Тарихи оқиғалардың ықпалы. Елдің тарихи кезеңінде белсенді қолданылып, кейін тарихи, тіпті көне сөзге айналған атаулардың қайта жаңғыруының әсерінен мағынаның кеңею үрдісі. Мысалы:

Жарғы 1 (бастапқы мағына) – дәстүрлі қазақ қоғамындағы заңдар жинағының атауы. Сонау қазақ хандығы тұсында қолданылған қазақтың көне сөзі тәуелсіздік алғаннан кейін қайта жаңғырып, ресми заңнамалық құжат атауына айналды.

Жарғы 2 (жаңғырған мағына) – устав – ұйымдардың, мекемелердің міндеттері мен қызметін белгілейтін, сөзсіз орындалуды қажет ететін ережелер, қағидалар. Устав кірме сөзінің қазақша баламасы ретінде қолданыла бастады (*типовой устав – типтік жарғы*).

Кеңсе1 (бастапқы мағына) – іс басқаратын орын, мекеме үйі.

Кеңсе2 (жаңғырған мағына) – канцелярия, іс-қағаздарды тіркейтін бөлім.

Сөз мағыналарының кеңею жолдары:

1) *Жеке мағынадан жалпы мағынаға кеңею.* Бұл – бастапқыда белгілі бір заттың құрамдас бөлігін білдіретін атау уақыт өте келе сол заттың жалпы атауына айналуы арқылы қосымша жаңа мағынаға ие болуы. Мысалы:

Тетік1 (бастапқы мағына) – техникалық құралдың белгілі бір бөлігі, арнаулы бір бөлшегі.

Тетік2 (жаңғырған мағына) – белгілі бір шараны жүзеге асырудың ішкі жүйесі, ұйымдастыру көзі.

Мүлік1 (бастапқы мағына) – ірілі-уақты дүние, бұйым, жиһаз. Үй тұрмысындағы бұйым атауы болған. Мүлік десе кішігірім зат деп қабылдау қалыптасқан болатын.

Мүлік2 (жаңғырған мағына) – азаматтық құқықтардың материалдық нысаны. Жылжымайтын мүлік, жылжымалы мүлік, вакуфтік мүлік, т.б. кең ауқымдағы заттар мен меншіктегі дүниелер жиынтығы ретінде таныла бастады. Бұрын үй ішіндегі ұсақ-түйек дүниелер бүлік болып саналса, қазір үлкен ғимараттар, кәсіпорындар, жеке тұрғын үй ішіндегі дүниесімен бірге мүлік деп аталатын болды.

2) *Терминдік мағынада кеңеюі*. Тілдік қатысымда тұрмыстық немесе шаруа жағдайында ғана қолданылатын сөздердің терминдік әлеуетке көтерілуі жиі кездеседі. Бұл кірме терминдерге қазақша балама іздеу кезінде қалыптасады. Мысалы:

Мүгедек1 (бастапқы мағына) – он екі мүшесінің біреуі кем деген мүсіркеу сипатындағы сөз.

Мүгедек2 (жаңғырған термин мағына) – мүмкіндігі шектеулі әлеуметтік топ өкілі, әлеуметтік жағдайына қарай адамға берілетін мәртебе. Жалғызілікті мүгедек, 1, 2-ші топтағы мүгедек, бала кезінен мүгедек, мүгедек құқықтары сияқты терминдік атаулар туындай бастады. Әрине, мүгедек қазақ танымында адам кемістігін айқындай түсетін жағымсыз мәнде санаға сіңіп қалды. Оның термин ретінде дамып, кең қолданысқа еніп, қайта-қайта айтыла беруі жарымжан адамның жанына бататыны сөзсіз. Осыған орай қазір мүгедек термині – мүмкіндігі шектеулі деп ауыстырылуда.

Сілтеме1 (бастапқы мағына) – басқа кітаптан алынған үзінді.

Сілтеме2 (жаңғырған термин мағына) – әлеуметтік желіден, ғаламтор желісінен алынып қандай да бір объектіге жолдау үшін арналған нұсқағыш.

3) *Танымал тұлғалар мен кейіпкер тұлғалардың айқындаушы мағынада кеңеюі*. Прецентті атаулардың (*тұлғалардың*) тарихта, көркем шығармада, халық санасында қалыптасқан болмысы, мінезі, ерлігі мен тұлғалық қасиеті бар сөзді, соның ішінде айқындаушы, сындық, сипаттаушы мәндегі сөздердің мағынасын толықтыра түсуі. Мысалы:

Шық бермес Шығайбай1 (бастапқы мағына) – қазақ ертегілеріндегі сараң, қолы тар, байлығы, дәулеті бола тұрса да, өзгеге беруге қимайтын кейіпкер.

Шық бермес Шығайбай2 (кейінгі мағына) – сараң, қытымыр, пес, қолы қатты адамды айқындаушы сын мағынасындағы атау.

Р. Сыздықова: «Сөз мағынасының эволюциясы тек дамудан, яғни жақсара түсу сипатында ілгері жылжудан тұрмайды, сонымен қатар сөз мағынасының күңгірттенуі не мүлде ұмтылуы ауысуы, кеңеюі, тарылуы т.т құбылыстар да сөз табиғатының қозғалысын танытады» деп көрсетеді [60].

Қорыта келгенде сөз мағыналарының тарылуы мен кеңеюі сөздік қордағы өзгеру, жаңару, толығу, ықшамдалу үдерісінің болып жатқанын, яғни тілдің қарқынды өзгермелі қозғалысын көрсетеді. Тіл үздіксіз қозғалыста болса ғана өміршең болады.

1.6. ҚАЗАҚ ЛЕКСИКОЛОГИЯСЫНЫҢ ПАРАДИГМАЛЫҚ ЖҮЙЕСІ

Сөздер бір-бірімен мағыналық және лексикалық байланыстарда болып, бір категорияға немесе ұғымға топтасады. Мысалы, «мұғалім», «оқытушы», «педагог» сөздері бір парадигманың құрамында болуы мүмкін, себебі олар білім беру саласындағы қызметкерлерді білдіреді. Кейде тіпті белгілі бір мәтінде «үй» және «пәтер» сөздері бір-бірінің орнына қолданылуы мүмкін, себебі олар жақын мағынаны білдіреді, бірақ олардың арасында айырмашылықтар да бар. Сондықтан қазақ сөздері мағына жақындығы тұрғысынан, мағынаның қарама-қарсылығы тұрғысынан, мағына алуандығы тұрғысынан, жалпы/жалқы мағына қатынасы тұрғысынан, т.б. түрлерге ажыратылады. Сөздің бұл түрлері белгілі бір ережеге, ерекшелікке, белгілер мен қасиеттерге, ұқсастықтарға топтасқан сөздердің категориясын көрсетеді. Қазақ лексикологиясының парадигмалық жүйесінде мағыналану үрдісі бар. Мағыналану (*семантизация*) – сөздің бірнеше мағыналарға ие болуы, сол мағыналардың бірінің бастапқы, бірінің белсенді, бірінің ауыспалы, бірінің бейнелі, бірінің көне, бірінің жаңа, бірінің ескірген, бірінің ұмытылған күйде ауысуы, яғни өзгеру, толығу, жойылу, т.б. құбылыстары. Сөз мағыналау үдерісіне түскен сайын оның мағыналық қоры кеңейе түседі. Мағыналық қорына орай мағына түрлері де көбейе бастайды. Мағыналану үдерісін қалыптастыратын – тіл тұтынушы, халық. Мағыналану үдерісіне адамның ойлау, тану,

сезу, сезіну, қиялдау сияқты когнитивтік әрекеттері себеп болады. Мағыналану үдерісіне синоним, антоним, гипероним, гипоним, энантиосемия, эврисемия, полисемия жатады.

Қазақ лексикологиясында ортақ белгілеріне қарай топтасқан парадигмалық жүйені құрайтын категориялар: синонимия, омонимия, антонимия, көпмағыналық (*полисемия*), кеңмағыналық (*эврисемия*), жарыспалық (*варианттылық*).

1.6.1 СИНОНИМИЯ (МАҒЫНАЛАС СӨЗДЕР)

Синонимия – сөздің байлығын, сөздік қордың мазмұндылығын, тілдік қатысымда айтылмақ ойды түрлендіруге қажетті мағыналық қорды танытатын, дыбыстық тұрпаты бірдей емес сөздердің тең мағыналы, жуық мағыналы, ұқсас мағыналы қатарларын құрай алатын лексикологиялық категория. Синонимияның зерттеу бірлігі – синонимдер, яғни мағыналас сөздер. Синонимдер белгілі бір ұғымды әсірелеп айтудан, ішкі ойды дәл, айшықтап жеткізуден, сондай-ақ сөйленісте бір сөзді қайталамаудан туындаған. Синонимдер арқылы белгілі бір зат не құбылысты танытуға болады, себебі сөздің мағынасы көп жағдайда мағыналас сөздермен түсіндіріледі. *Мысалы, тамақтану сөзінің мағыналастары – ішіп-жеу, ауқаттану, қарын тойғызу.* Тілде синонимдік қатар артқан сайын, сөздік қор дами түседі. Синонимия адамның айнала қоршаған дүниелерін өзара ұқсату, теңестіру, сәйкестендіру сияқты ой әрекетінің, таным көрсеткішінің негізінде қалыптасты.

Синонимия – әртүрлі сөзбен берілетін ұқсас тіпті бір мағынаның семантикалық қатынасын білдіретін лексикалық құрылым. Синонимнің негізгі қызметі – мәтінде мағыналық ауысу, орын ауыстыру. Синоним жасаудың басты белгісі – мағына сәйкестігі. Яғни жазылуы да, айтылуы да бөлек, бір-бірінен бөлек таңбаланған екі сөз мәтіннің ішінде мағынасын өзгертпей бірінің орнына екіншісі жұмсалатын болса синоним деп таныла алады. *Мысалы: үлкен – орасан, әйдік, ұлы, шоң, ірі, зор, айлатпа, нән, қожбан, дыр, зораң, шой, сом, дәкей, дырау, дәй, төбедей, алты батпан.*

Синонимді тіл ғылымында мағыналық дәлдігі бар немесе жасырын (*имплицитті*) мағыналы сөздер тізбегі деп ұғын-

дырады. Мәселен, мәтіннен тыс жеке тұрғанда да негізгі мағыналары бірінің орнына бірі жұмсалатын атаулар мен сөздер теңбаламалы сөздер деп түсініледі: *морфология және сөзжасам* немесе *лингвистика мен тіл білімі*. Бұл ұғымдар бірінің орнына бірі қолданыла беретін синоним-терминдер қатарына енді. Бірақ имплицитті қолданыс «гипоним-гипероним» қатынасында синонимдік қатар құрай алмайды. Мәселен, «*Биыл астық бітік шықты*» және «*Биыл бидай бітік шықты*». «*астық-бидай*» өзара синоним бола алмайды. Бұрын мағыналас сөздер болған болар. Қазір бидай жалпыдан жекелік мағына алды. Себебі бидай – астықтың бір түрі. Астық – жалпы (*гипоним*) атау, бидай – астық тұқымдасына жататын түр атауы. Сондықтан сөйлемде «жалпылық/жекелік» қатынасты ажырататын сөздер ретінде «астық/бидай» сөздері синонимдік жұп бола алмайды. Себебі астық ұғымына бидай да, жүгері де, күріш те, қарақұмық та, тары да, т.б. астық тұқымдасты дәнді дақылдардың барлығы егіліп бітік шыққаны туралы ақпарат ретінде қабылдаушылар үшін «астық/бидай» синонимдік жұбын қалыптастыра алмағандар басқаша түсінуі мүмкін. Дегенмен, қазақтың дәстүрлі мәдениетінде астықты бидай деп қабылдайтын «астық/бидай» мағыналық жұпты қабылдаушылар да бар. Бұндай жағдайда «симметриялы гипонимия» қатынасы деп танылып, синонимдес сөздер ретінде талданып жатады. Демек, кейбір жағдайда, ұлттың немесе халықтың тану, қабылдау ерекшелігіне орай қалыптасқан мағыналас сөздердің мәтін аясында анықталғандықтан, қолданыс шегінде шектеулер болғандықтан ішінара синонимдер деп аталады.

Сонымен синонимдер функционалдық қызметіне қарай толық және ішінара синонимдер деп ажыратылады. Бұлайша ажыратылуының себебі – екі түрлі таңбаланған сөздің мағыналарында толық және ішінара мән тепе-теңдігінің болуы. Мәселен: $X=Y$ – толық синонимдер; $X \approx Y$ – ішінара синонимдер. Демек, синонимдердің құрылымында, жасалымында арнайы заңдылықтар болады. Синоним заңдылықтары парадигмалық, синтагмалық кеңістікте анықталады. Синоним болудың қағида-даттары мен ережелері де бар. Синонимдер атаудың пайда болуына немесе сөздік қордағы лексемалардың мағыналық дамуына,

кеңеюіне, тарылуына тікелей тәуелді болады. Демек, синонимдер лексика-семантикалық категорияның бір түрі деп танылады. Лексика-семантикалық категориялар қатарына көпмағыналылық та жатады. Бірақ синонимдердің көпмағыналылыққа қарағанда атаутанымдық сипаты басым болады. Нақтырақ талдау үшін синонимдердің түрлерін ажыратып алайық. Мәселен, идеографиялық синонимдер (*актер – әртіс*), стилистикалық синонимдер (*қыпша бел, бұраң бел, құмырсқа бел*), семантика-стилистикалық синонимдер (*әлсіреу- былжсырау; жылау-еңіреу; алдау – «қоянның суретін салу»*), т.б.. Әдетте синонимдердің жігін ажыратуда жиі қателесеміз. Себебі синонимдер жеке лексема түрінде де, мәтін мазмұнындағы қызметі ретінде де мағыналас сөздер жұбын құрай алады. Олай болса синонимдердің шегі болмайды және кез келген сөз синонимдік қатар құрай алады деген түйін қалыптасады. Ал шын мәнінде «тепе-тең күйінде» синонимдік қатар құрайтын *абсолютті синонимдер* саны өте аз. Демек, синонимдес сөздердің атау ретіндегі мағыналық құрылымдарын толық меңгеріп алмайынша, синоним заңдылықтарын айқындау қиын. Сондықтан синонимді – жалпы тілтанымдық категория ретінде тіл білімінің барлық аспектілерінде зерттеу аса маңызды.

Синонимдер мағыналық ұқсастық пен айырмашылықты белгілейтін тұрақты көрсеткіші ретінде мағыналық бірегейлігі бар сөздер қатарын құраудың жүйесін (*парадигмасын*) қалыптастырады. Синонимдік жүйені әзірше былай жіктеуге болады:

1. Семантикалық жүйе (*тура мағына*)
2. Стилистикалық жүйе (*маркерленбеген мағына*)
3. Синтагмалық жүйе (*балама мағына*)

Синонимдер құрылымына қарай әр тілде әртүрлі топтастырылады. Қазақ тілінде синонимдердің құрылымы жағынан түрлері аз, себебі қазақ тілінде қопармалы тілдер сияқты бейжұрнақтар мен сөзалды қосымшалар жоқ. Сондықтан қазақ тілінде синонимдер семантикалық тәсіл, аналитикалық тәсіл, синтаксистік тәсіл, фразеологиялық тәсілдер арқылы жасалады.

Семантикалық тәсіл түбірлес емес сөздердің өзара мағыналық ұқсастығының болуынан синонимдік қатар құрау мәртебесіне ие болуынан жасалады: *күйеу – зайып, жұбай; сипау – уқалау;*

Аналитикалық тәсіл сөздердің бірігуі, кірігуі, қосарлануы арқылы жасалады: *әпер – алып бер, бүгін – бұл күн; ҚазҰУ – Қазақ ұлттық университеті.*

Фразеологиялық тәсіл тұрақты сөз тіркестерінің өзара мағыналас болуынан немесе жеке лексемаға синонимдес болуынан жасалады: *лезде – көзді ашып жұмғанша, аяқ-асты, қас пен көздің арасында; қорқақ – су жүрек, момын – қой аузынан шөп алмас.*

Синтаксистік тәсілді аналитикалық тәсілдерден ажыратып көрсетуіміздің себебі аналитикалық тәсіл екі сөздің бірігіп не кірігіп бір атауға қалыптанған сөздерге қатысты болса, синтаксистік тәсіл керісінше екі сөздің тіркесуінен, яғни тіркес күйінде қалыптанған лексикалық бірлікке қатысты болады. Мысалы: *құшақтау – кеудесіне басу, құшағына алу, жүру – қадам басу, талтаю – екі бұтын ашу.*

Біздің зерттеуімізде синонимді категория ретінде қарастыруға негіз болатын синонимнің үш қызметінен туындайтын заңдылықтар бар. Олар – мағыналық қызмет, стилистикалық қызмет және гипонимия.

Синонимнің мағыналық қызметі. Әдетте идеографиялық және абсолютті синонимдер екі негізгі қызметті атқаруы тиіс: бірі – орын алмастыру (*орын басу*), екіншісі – нақтылау. Орын ауыстыру – синонимдік қызметтің негізгісі болып саналады. Себебі мағыналардың өзара орын ауыстыру мүмкіндігіне ие болуы синонимдік әрекеттің басты белгісі деп танылады. Мағыналардың орнын ауыстыру қызметі нөлдік, күмән келтірмейтін, толық сәйкестік, теңмағыналылар желісін (*дистрибуция*) құрау қабілеттерінен тарайды. Мағыналардың орын ауыстыру қызметі – теңмағыналы сөздердің пайда болуынан туындайды. Теңмағыналы сөздердің қалыптасуын «тіл мен ой» қатынасындағы, яғни тілдік санадағы мағыналар сәйкестігі үдерісі аясында анықталуы тиіс. Қарапайым мысал, тіл білімінде *орфография* деген термин бар. Орфография сөзі пайда болғанша адам танымында алғашқы ұғымдар қалыптасты, яғни *дұрыс жазу*, бұдан кейін *дұрыс жазуда қате тудырмас үшін арнайы ережеге бағыну* тетігі іске қосылды. Ережелердің жиынтығына санада толық жатталғаннан кейін, оған бір атау қажет болды.

Осылайша *емле* (*правописание*) сөзі қалыптасты. Емленің халықаралық терминдік атауы – орфография теңмағыналы, абсолютті синонимді тудырды: дұрыс жазу – емле – орфография. Себебі дұрыс жазу – жалпыадамзаттық ұғым. Сондықтан оның халықтық атауы мен халықаралық терминдік атауы мағыналардың орын ауыстыру қызметін атқаратын, синонимдік қатар құрайтын мәртебеге ие болады екен. Синонимдердің орын ауыстыру қызметі стилистикалық мұқтажықтан туындаған, себебі мәтін ішінде бір сөзді қайталай беруден гөрі орын ауыстыратын теңмағыналы (*абсолютті синоним*) сөздердің болуы сөйленіс тәжірибесінен, сөздің стилистикалық мәдениетінен туындаған. Сондықтан синонимдер атаутаным (*ономасиология*), мағынатаным (*семасиология*), сөйленіс мәдениеті (*стилистикалық*) аспектісін қамтитын әмбебап категория деп танылады. Дегенмен, тура мағынасынан ауытқымайтын теңмағыналас синонимдердің мағыналық қашықтығы нөлге тең болуы тиіс және кез келген мәнмәтінде тура мағынасынан ауытқымайтындай тіркесе білуі тиіс. Бұл жағдай термин-синонимдерден айқын көрінеді. Мәселен, жалпыхалықтық түсінікте *сөз бен тіл* – синонимдік қатар, синонимдік жұп құрай алатын атаулар: сөзге келу/тілге келу, тілі ащы/сөзі ащы; сөз мәдениеті/тіл мәдениеті. Бірақ, сөз айту деген тіркесті нөлдік қашықтықта тіл айту деп қолдана алмаймыз. Сол сияқты тіл білімі дегенді сөз білімі дей алмаймыз. Демек, *тіл мен сөз* – терминдік деңгейде теңмағыналы бола алмайды, бірақ халықтық танымда мағыналас сөздер қатарында ұғынылады. Ендеше тіл мен сөз теңмағыналы абсолютті синоним емес, оларды үнемі орын ауыстыруға келмейді. Тіл мен сөз атауларының мағыналық қашықтығы алшақ, бірақ синонимдік қатар құрау мәртебесіне ие. Нақтырақ айтқанда тіл мен сөз атаулары атаутанымдық деңгейде мағыналары бөлек болғандықтан синоним бола алмайды, мағынатанымдық деңгейде ұқсас мағыналас лексемалар болғандықтан синоним деп танылады.

Ал енді *тіл білімі мен лингвистика* ұғымдарын салыстыратын болсақ, олардың мағыналары $X=У$ формуласына тең, мағыналарында алшақтық жоқ, нөлдік қашықтықтағы атаулар. Оларды синтагмалық қатынаста тексеруге болады: қазақ тіл білімі – қазақ лингвистикасы; салыстырмалы тіл білімі –

салыстырмалы лингвистика, тіл білімін зерттеу, лингвистиканы зерттеу, т.б. Себебі терминдік атау ретінде атаутанымдық деңгейде синонимдік қатар құрай алады. Сондай-ақ мағынатанымдық деңгейде де бірінің орнын бірі алмастыра алатын теңмағыналы сөздер ретінде синоним бола алады. Демек, бұлар – абсолютті синонимдер. Теңмағыналы, мағыналық қашықтығы нөл абсолютті синонимдердің формуласы $X=U$ болғанмен, оның синтагмалық қатынаста анықтаудың формуласы $kX =kY$; $X_k =Y_k$ сәйкестігінше жүзеге асады.

Мағыналық орын ауыстыру адамтанымның күрделі әрі терең ойлау құрылымынан туындайды. Мәселен, стереотиптік таным теңбаламалы ассоциациялардан қалыптасады. Айталық, жалпыадамзаттық түсінікте Қытай – күншығыс елі, ақылдылық – Сократ маңдай, көлік – темір тұлпар, т.б. Тіпті ұлттық танымына қарай прецеденттік таптаурындар да өзгеріп отыруына орай синонимдік қатар да жаңарады. Мәселен, шартты түрде жол полиция қызметкерлерін атау былайша өзгергенін байқауға болады: – ГАИ (1980 ж.) – МАИ (1997 ж.) – погон таққандар (2000 ж.) – ала таяқ ұстағандар (2010 ж.) – планшетпен тексеретіндер (2020 ж.). Әрине бұл жерде ресми атаулар да, халық қойған атаулар да бар.

Семантикалық орын басу тетігі адамзаттың ойлауы мен танымдық өрісінен, аялық білімі мен таным деңгейіне қарай жүзеге асады. Мәселен, орыс танымында «инвалид» сөзі – нетрудоспособный, калека, хромой, слепой деп қай мүшесінде мүкісі болса соған орай стереотиптеу арқылы мағыналық орын ауыстыру әдісі бар екенін көреміз. Ал қазақ мәдениетінде «мүгедек» сөзі оның жан әлеміндегі өзгерісіне орай, эмоциялық күйіне қарай синонимделеді екен. Мысалы: қамкөңіл жан, мүмкіндігі шектеулі, жарымжан, кембағал жан, т.б.

Семантикалық орын ауыстыру тетігі метафоралық қолданыстардан айқын көрінеді. Мысалы, *Ай – Жер серігі*, *Ахмет – ұлт ұстазы* сияқты локативті қолданыстар семантикалық тепе-теңдікті тудырады. Бірақ бұлар өзара синонимиялық құбылыс бола ма жоқ па арнайы зерттеуді қажет етеді.

Демек, синоним заңына енетін семантикалық орын ауыстыру тіл әрекетіндегі үздіксіз өзгеріс. Сондықтан ол синонимия құбылысын дамытатын негізгі тетік деп танылады. Бұнымен

қоса синонимдер тек зат есімдерден ғана емес, барлық есім және етістерден жасалады. Мысалы антонимдер жасауда сын есім басымдыққа ие болса, синонимдер сөздігіне талдау жасай отырып, қазақ тілінде синонимдер қатарын жасауда етістіктердің белсенді екенін көреміз. Ал сан есімдер мағыналас сөздер жасауда тым әлсіз. Ал зат есімдер гипоним-гипероним қатынасында ғана белсенділік таныта алады. Мысалы: сақина (*гипоним*) – жүзік, құстұмсық, балдақ (*гиперонимдер*) – семантикалық тізбекті құрайды. Сол сияқты: жылау (*гипоним*) – еңіреу, боздау, аңырау, өкіру, ыңырсу, т.б (*гипернимдер*) – синонимдік қатарды құраушы семантикалық тізбек болады. Байқағанымыздай ұсынылған мысалдарда гипоним/гипероним қатынасында олар синонимдес сөздер болатыны айқын. Бірақ негізгі (*жалпы*) синонимді айқындайтын сөздер жалпы атаудың жеке түрлері ретінде таңдалса, орын алмастыру қызметін атқара алар ма екен? Сондықтан синонимдердің негізгі қызметі орын алмастыру мен нақтылаудың айырмашылықтары семантикалық қашықтықта екенін естеп шығармаған жөн. Олай болса мәнмәтіннің бойында анықталатын синонимдер осы екі қызметі аясында айқын көрініс табады. Мысалы, *Біздің ауылдың әдемі қызы. Біздің ауылды ажарлы қызы. Біздің ауылды көркем қызы. Біздің ауылдың сүйкімді қызы* деп айтқаннан сөйлемнің мағыналық құрылымында айтарлықтай өзгеріс болмағандықтан әдемі сөзіне синонимдес сөздер – ажарлы, көркем, сұлу – осы мәнмәтінде синонимдер тізбегіндегі мағыналас сөздерді орын алмастырушылар бола алды. Ал «*Әдемі ғимаратқа көз тойғанша қарады*» деген сөйлемдегі әдемі орнын ажарлы (*ажарлы ғимарат*), көркем (*көркем ғимарат*), сүйкімді (*сүйкімді ғимарат*) сөздері баса алмайды, орнын ауыстыра алмайды. Демек, бұл мәнмәтінде әдемі – ажарлы, көркем, сүйкімді сөздерімен синоним бола алмайды. Сондықтан синонимдік қатарда тіркелген мағыналас сөздер екен деп, сөздің жұмсалудағы мағынасына көз жеткізбей кез келген мәтінге орын ауыстыруда қолдануға болмайды. Ал енді мына мысалды қарайық: *Барлығы Ораздың киіміне қызықты. Барлығы Ораздың сырткиіміне қызықты. Барлығы Ораздың ішігіне қызықты. Барлығы Ораздың сеңсең ішігіне қызықты* деген сөйлемдердің әрқайсысы жалпылықтан-жекелікке, жалпылықтан-нақтылыққа қарай мағыналық өзгеріс болғанын

байқаймыз. Демек, сөйлемдердегі өзара синонимдес болатын сөздер нақтылаушы қызмет атқарғанымен гипоним/гипероним қатынасын сақтайды.

Синонимдердің нақтылау қызметі фразеологиялық синонимдердің мағынасын айқындауда маңызды рөл атқарады. Мысалы: «алыс» ұғымына синонимдес фразеологизмдер қатарындағы *ит арқасы қиянда, ат шаптырым жер, қозықөш жер*, т.б. сияқты тұрақты тіркестердің нақты өлшемі бар. Олар бір-бірімен қашықтығы жағынан сәйкес келе бермейді. Демек, бұл фразеологизмдер нақтылықтан ауытқып, жалпылыққа, соның ішінде «алыс» гипонимінің мағыналас атауына айналғандар. Сол сияқты «жақын» сөзіне синонимдес фразеологизмдер: *таяқ тастам жер, сідік шаптырым жер, қол созым жер*, т.б. тұрақты тіркестердің де өзіндік өлшемдері бір-біріне сәйкес келмейді, оларды бір мағына тоғысына біріктіріп тұрған «жақын» семасы. Осылайша синонимдік қатарлар мағыналас сөздердің бірігуінен жасалғандықтан, өз ішінде мағыналық қашықтығы тұрғысынан нөлдік қашықтық, орта қашықтық, алыс қашықтық болып іріктелетіндіктен, өз ішінде жіктелетіндіктен семантикалық категория болып табылады. Мағыналардың жақын/алыс қашықтығына қарай тізбектелуі семантикалық градация деп аталады. Бұл – ұқсастықтың белгілеріне қарай анықталады: алдымен ұқсас белгілер, одан кейін ұқсас қасиеттер, одан кейін ұқсас әрекеттер теңестіріледі. Мысалы: «үлкен» ұғымының қазақ тілінде 17 мағыналас сөзі бар. Соның ішінде нөлдік қашықтықтағы мағыналас сөздер қатарына, яғни орын алмастыру деңгейінде мына сөздер енеді:

ҮЛКЕН – *дәу, нән, ірі, орасан, әйдік*. Одан кейін орта қашықтыққа мағыналас болғанымен орын алмастыруға келмейтін сөздер қатары енеді:

ҮЛКЕН – *дырау, ұлы, шоң, шой, қожбан*. Одан кейін алыс қашықтыққа мағыналас болғанымен, тілдік қолданыста сирек кездесетін сөздер қатары енеді.

ҮЛКЕН – *ноян, зораң, дыр, дөй*.

Синонимжасам заңдылығында синонимдік қатардың тұрақтылығын анықтауда мағыналас сөздердің эквиоленттілік қабілетіне аса мән беріледі. Эквиоленттілік – мағыналас сөздердің мәнмәтін құрамында басқа ұғымдармен тіркесуінде семантикалық өзгеріс немесе ауытқудың болмауы. Мәселен,

«ДОС/ЖОЛДАС» синонимдік жұбы бірінің орнын бірі алмастыра алатын эквиполенттілігін нақтылауда олардың тіркесімділік әлеуетін тексеру міндеттеледі.

1) Алдымен контрасты теңмағылалығы тексеріледі: *жақсы дос/жақсы жолдас; жақын дос/жақын жолдас; сенімді дос/сенімді жолдас*. «Дос/жолдас» мағыналас сөздері контрасты тіркесімдерде орын алмастыра алады.

2) Функторлар тіркесімі: *досқа көмек/жолдасқа көмек; досыңмен кеңес/ жолдасыңмен кеңес; достың қолдауы/ жолдастың қолдауы*.

3) Предикаттар тіркесімде орын алмастыра алатынын тексеру: *дос табу/жолдас табу; досын жоғалту/жолдасын жоғалту, досқа сену/жолдасқа сену, досын сату/жолдасын сату*. Үш деңгейде де тіркесімділігі сәйкес болса, «дос/жолдас» мағыналас жұбы – эквиполентті синонимдер деп танылады. Синонимнің эквиполенттілік заңы не үшін керек? Синонимдік қатарда мағыналас сөздер алдымен заттың белгілеріне баса назар аударылады да экспрессивті-эмоционалды, стилистикалық мағыналарын келесі белгілері ретінде таңдалады. Мәселен, «арық» сөзінің мағыналас лексемасы ретінде жүдеу сөзі тұрады. Бұл екі сөздің ортақ заттық белгілері – адамның толық емес, ашаң жүзді, қуаңқы бетті болуы. Бірақ «арық» – тал бойындағы жұқалықты сипаттаса, «жүдеу» – аурушаң, солыққы бейнені сипаттайтын атау. Сондықтан арық – сырт келбетін мінездеуде, жүдеу – жайкүйін баяндауда айтылатын мағыналық реңкі бар қолданыстар. Осы тұрғыдан кейбір жағдаяттарда «арық» жүдеудің; «жүдеу» арықтың орнын алмастыра алмауы мүмкін. Себебі арық сымбатты, тал шыбықтай бейнесі сияқты жарқын (*позитивті*) бейнелеуге көбірек жұмсалады да, жүдеу – аурушаң, жадау күйдегі пәс (*негативті*) сипатты білдіреді. Сондықтан, «Арық келген қыпша белді қыз екен» деген сөйлемді «Жүдеу келген қыпша белді қыз екен» деп алмастыра алмаймыз. Демек, бұл жағдайда «арық/жүдеу» синонимдік жұбының эквиполенттілігі жоқ. Ал егер «Арық шал еңкіс тартыпты» деген сөйлемге «Жүдеу шал еңкіс тартыпты» деп орын алмастыра аламыз. Себебі тіркесуде функторлық сыңар мағынаға сәйкес таңдалған. Бұл жағдайда «арық/жүдеу» мағыналас жұбының эквиполенттілігі бар. Демек, синонимдік қатардың теңдігін анықтауда мағыналардың

мәнмәтіндегі жымдасуы (*интенсивтілігі*) басымдыққа ие болады екен. Байқағанымыздай синонимдік бірлік үш мағыналық үдерістің негізінде пайда болады:

1. лексикалану үдерісі
2. ассоциациялану үдерісі
3. категориялану үдерісі.

Сонымен қатар синонимдер мағыналық жақындық қасиеті тұрғысынан бірнеше тармақтарға жіктеле алады екен. Синонимдер жеке сөз ретінде де, синтагмалық қатынаста да жұп синонимдер құрай алады. Ал синонимдік қатар құруда бірнеше мағыналар мәнмәтін мазмұнына қарай қиылысады. Синонимдер жаңа мағынаның қалыптасуына негіз болады. Сондай-ақ синонимдер сөз мағынасының бастапқы, кейінгі, тура, ауыспалы мағыналарын анықтаудың басты қағидаты бола алады. Синонимдер мағынаның кеңею және тарылу өзгерісін тудырушы мағыналық құбылыс деп саналады. Синонимдер өз ішінде мынадай типтерге ажыратылады:

Абсолютті синонимдер – мағыналары бірдей және оларды кез келген мәтінде бір-бірінің орнына қолдануға болады. Мысалы, *ой мен идея*.

Реңк синонимдері – мағыналары ұқсас, бірақ кейбір мағыналық реңктері әртүрлі. Оларды мағынаның белгілі әсерін (көлеңкесін) беру үшін әртүрлі мәтіндерге қолдануға болады. Мысалы, *бірнеше және аз*.

Гипо-гиперонимдік синонимдер – жалпы ұғымды және оның ішіндегі бөлшегі бір-біріне ұқсас мағыналас болатын сөздер. Мысалы, *жануар және жыртқыш*.

Стилистикалық синонимдер – пайдалану мәтініне байланысты ұқсас мағыналастар. Мысалы, *«кесе» мен «шыныаяқ»* сусындар мәтінінде синоним бола алады, бірақ сыйымдылықты өлшеу мағынасында емес, сусын құятын ыдыс мағынасында ғана қолданылады.

Модальды синонимдер – бір ойды әртүрлі сенімділік немесе модальділікпен білдіру үшін қолданылатын сөздер. Мысалы, *мүмкін және ықтимал*.

Жасырын (*имплицитті*) синоним – бұл синонимдердің мағынасы мәнмәтінге негізделіп, тікелей айтылмаса да, астарлы

немесе жасырын түрде бір-бірімен мағыналық байланысы бар сөздер немесе тіркестер: *әйел – нәзік жандылар*.

Ашық (*эксплицитті*) синоним – бұл мағынасы толық айқын және тікелей анықталатын синонимдер: *батыр – ержүрек, мықты*.

Ең бастысы синонимия тіл бірліктерінің сана кеңістігінде қызмет етуіне және санадағы ойды жарыққа шығару тетігі ретінде түсініле бастады. Осы тұрғыдан қазақ тілінде сөзге мағына үстемелеу және әрбір сөзді синонимдендірудің белсенді үдерісі бар екенін анықтауға болады. Синонимдер сөздердің денотатты және коннотатты мағыналарының жұмсалымын ажыратуға негіз болады. Сондай-ақ синонимдер сөз мағыналарының доминантты белгілерін айқындауға ықпал етеді. Синонимдер ұқсас мағыналардың жиынтығы бола отырып, тілдік санадағы тұрақты ассоциацияларды танытуға мүмкіндік береді.

Синонимия – «ұқсас/теріс» қағидасымен мағынаның жақындығын айқындайтын, өзіндік құрылымы, сатылы даму жүйесі бар, тілдік қатынастағы қызметі мен «теңмағыналылық» заңдылығын қалыптастыратын ережелері бар мағына категориясы.

Синонимия – логикалық, философиялық, тілтанымдық аяда зерттелетін эмбебап құбылыс бола отырып, адамның ойлау, пайымдау әрекеттерінен туындайтын мағына құрылымдарында өз заңы бойынша тең қатар, балама жұп құрайтын атаутанымдық, мағынатанымдық категория.

Бүгінгі күнге дейін қазақ тіл білімінде синонимия құрылымдық лингвистика деңгейінде зерттелгенімен, антропоөрістік деңгейде, яғни ойтаным категориясы деңгейінде анықтауға талпыныстар аз болғанын байқадық. Негізінде мағына адамның ойлау өрісінен туындайтындықтан, мағынаның алыс/жақындығын, ұқсастығын салыстыратын категориялар танымдық лексикология деңгейінде де қарастырылса, жаңа заңдылықтары айқындалады. Құрылымдық лингвистика аясында синонимдер ұқсас және мағыналас сөздер тізбегі ретінде танылса, танымдық лексикологияда сөздердің «теңмағыналылық» қағидасын тудырушы, таптаурындалған, ассоциацияланған мағыналарды қалыптастырушы тетік ретінде қарастырылады. Сондай-ақ синонимдердің дітте-

німдік (*прагматикалық*) қызметтері мағынаның дистрибуция, унарлы, бинарлы, предикаторлы, функторлы қатынаста тең және эквивалентті синонимдер түрін қалыптастыруға, мағынаның баламалығын сөйленіс пен тіл жұмсалысынан ажыратуға мүмкіндік береді.

Қорыта келгенде қазақ лексикологиясында мағыналас сөздер (*синонимия*) – атаутанытушы, мағынатынушы, ойтанытушы тетік ретінде мағыналардың нөлдік қашықтық пен алыс қашықтығы сияқты жаңа заңдылықтарын анықтауға мүмкіндік тудырады.

1.6.2. АНТОНИМИЯ (ҚАРАМА-ҚАРСЫ СӨЗДЕР)

Антонимия – тілдік жүйедегі қарама-қарсы мағыналы сөздер мен оларға қатысты мәселелерді зерттейтін лексикология тармағы. Антонимия да – семантикалық құбылыс, себебі мағына қарама-қарсылығына қарай ажыратылатын сөздер қатарын құрайды. Ойлау жүйесінде қарама-қарсылық бинарлы құбылыс немесе оппозиция деп аталса, оның тілдегі құбылысы – антонимия деп аталады. Қазақ тіліндегі антоним сөздерді зерттеген ғалымдардың пікірінше:

Антоним болатын ұғымдар қарама-қарсы мағынада болуы шарт (*туу-өлу*); антонимдік жұптар бір ғана сөз табынан болуы тиіс (*өмір-өлім*) (*Ә. Болғанбаев*).

Тілдегі сөздердің барлығы бірдей қарама-қарсы мағынада антонимдес бола бермейді. Тілде, көбіне сапалық ұғымды білдіретін сөздер немесе сапалық белгісі бар сөздер өзара антонимдік құбылысқа түсіп отырады да зат пен құбылысын тікелей атауы қарама-қарсы мағынаға ие бола алмайды: адам, киім» (*Р. Сәрсенбаев*.)

Антонимдер әртүрлі түбірден де түбірлес сөзден де жасалуы мүмкін. Түбірлес сөздерден жасалған антонимдердің сөздегі мағынасы еш уақытта қарсы мағынаны аңғартпайтыны белгілі. Сондықтан түбірлес сөздердің антонимдес сөзге айналуы жұрнақтың қызметімен тікелей байланысты. Мысалы: әлді – әлсіз, көрікті – көріксіз. Ұтыс – ұтылыс, жеңіс – жеңіліс. Бірақ бұл топқа етістіктің болымды және болымсыз формаларын жатқызуға болмайды. Мысалы: келді – келмеді, барды – бармады. Сондай-

ақ емес сөзімен келген сөздер де болымды түрмен антоним бола алмайды. Мысалы. Берген– берген емес, ұзын – ұзын емес» (А. Айғабылов).

Сөздер антонимдік қатардың сыңары ретінде қолданылған кезде тура (*номинативтік*) мағынада қолданылып тұр ма деген сұрақтардың басын ашып алу керек. Сондай-ақ көп мағыналы сөздердің бір мағынасы (*барлығы емес*) басқа сөздердің мағынасымен антонимдік қатынаста болуы мүмкін. Бұны да есепке алу керек. Антоним болатын сөздердің тұлғалық құрамына да көңіл аудару қажет. Яғни туынды түбір сөздерді антонимдік қатарға жатқызу, я жатқызбау мәселесін анықтау. Бұндай анықтаудың негізі ұғым мен сөз мағынасында, қарама-қарсы қоюдың сипатында жатыр. Қарама-қарсылық категориясы өзгермелі, салыстырмалы қасиетке ие болады. Қарама-қарсылық тек ұғымда ғана болмайтын құбылыс. Ол табиғатта да, қоғамда да болатын объективті сипаты бар құбылыс. Қарама-қарсылық өсіп, сандық қарама-қарсылықтан сапалық қарама-қарсылыққа өтуі мүмкін. Тіл элементтері арасындағы қарама-қарсылық басқашалау сипатқа ие, ол ұғыммен де, ойлаумен де байланысып жатады (М. Оразов).

Антонимиялық қатынастар – тіл лексикасындағы жүйелі байланыстардың бірі. Антонимия – бір-біріне қарама-қарсы мағыналарға ие лексикалық бірлік тұлғалардың семантикалық қарым-қатынасы. Антонимия барлық тілдерге де универсалды құбылыс. Антонимдер – тілдің мағына жағынан өзара бір-біріне қарама-қарсы келетін атауыш бірлік тұлғалары. (Жұмабекова А.) [61].

2000 жылы құрастырылған А. Жұмабекованың «Қазақ тілінің антонимдер сөздігі» жарияланды [62]. Бұл тұста мағыналану қағидалары қатаң сақталуы тиіс. Себебі антонимдер лексикалық қабаттан орын алған (*жасанды (жұрнақ арқылы)* жолмен жасалмаған) градуалды қарама-қайшылықты талап етеді. Мысалы: *алыс-жақын, дос-қас, оң-теріс, ауыр-жеңіл, тар-кең, ауру-сау* т.б. бірақ тілімізде бұдан бөлек қарама-қайшы мағыналарда болады. Егер белгілі бір ұғымды терістеу сипатында қайшылық мағынасын тудыратын болсақ, -сыз, -сіз, -ма, -ме, -ба, -бе жұрнақтары арқылы туынды сөзден жасалады. Мысалы: *ақылды-ақылсыз, көр-көрме, жағымды-жағымсыз*. Бұл қатар антонимдер жұбына жата ма? Тіліміздегі антонимдерді осылайша

ажырату – мағыналану заңдылығына бағыну деп түсініліп келді. Антонимдер мен қарама-қарсы мағыналар тізбегінде айырмашылық бола ма? деген сұрақтар туындай бастады.

Тілдік жүйеде антонимдер – бір-біріне қарама-қарсы жұп сөздер. Қарама-қарсы жұп сөздер әртүрлі мағыналық деңгейде көрінеді. Мысалы:

Ауыр-жеңіл – бұл парадигмалық тізбектегі қарама-қарсы жұп, толық антоним.

Ауыр – жеңіл (*жүк*) – заттың салмағы арқылы өлшенеді;

Ауыр – жеңіл (*жұмыс*) – адамның күші арқылы өлшенеді;

Ауыр (*күрделі*) – жеңіл (*есеп*) – адамның ойлау күшіне қарай өлшенеді. Тілдегі антонимдерге сәйкеспеушілік, теңеспеушілік үдерістері жеткіліксіз, антоним болу үшін, өзара қарсылық болуы талап етіледі. Қарама-қайшы мағыналар сәйкессіздік, теңгерімсіздік мәнінен қалыптаса береді. Ал антонимдерге қарама-қарсылық тән. Себебі зат не құбылыстың сәйкес келмеуі, тең келмеуі жұптың арасында ғана емес, бірнешеуінің үйлеспеушілігінен бола береді. Ал антонимдер тек қарсы жұптарда жасалады. Мысалы: үлкен – кіші жұбы:

Үлкен – кіші ағаш (*көлем қарама-қарсылығы*);

Үлкен – кіші балалар (*жас ерекшелік қарама-қарсылығы*);

Үлкен – кішкентай мерзім (*уақыт қарама-қарсылығы*)

Үлкен – кіші ағайын (*әулеттегі мәртебесі мен жолының қарама-қарсылығы*);

Қарама-қарсы мағыналы сөздердің орынды қолданылу мен бағалауыштық мәндегі (*экспрессивті*) мүмкіндіктері алуан түрлі. Ал антонимдер көбіне салыстыру, қарама-қарсы қоюда алуан түрлі мағына-мәндердің реңктерін білдіре отырып, мәтіндерде жұппен қолданылады. Мысалы: *Әдепті бала арлы, әдепсіз бала сорлы бала.*

Осындай мақсатта қолданылатын қарама-қарсы мағыналы сөздер қазақ мақал-мәтелдерінде жиі қолданылады: *дос жылатып айтады, дұшпан күлдіріп айтады.* Көп жағдайда бұл қолданғыс көркемдеуіш тәсіл – антитеза түрінде көрінеді. Антитеза – бұл көркем мәтіндегі қарама-қарсылық. Мысалы: *Көзімнің ағы мен қарасы (ұлы мен қызы). Өмірімнің жазы да мол, қысы да мол (қуанышы мен қайғысы мол).*

Құрылымы бойынша қарама-қарсы мағыналы сөздер гетерогенді болып келеді. Олардың грамматикалық құрылымы

бір түбірлі емес әр түбірлі болып келеді: биік-аласа, сергек – шаршаңқы және тағы басқалар, мұндай сөздер лексикалық антонимдер деп аталады; басқа – бір түбірлі: дарынды – дарынсыз, тынымды – тынымсыз мұндай антонимдер грамматикалық, нақтырақ айтсақ, лексика-грамматикалық антонимдер деп аталады. Біздің ойымызша бір түбірлі антонимдер тең қарама-қарсылық жұп емес, сондықтан оларды антонимдер деп атаудан гөрі қарама-қарсы мағыналы сөздер деп қарастырған жөн. Бір түбірлі қарама-қарсы сөздердің мағыналары әртүрлі қосымшалар жалғануы арқылы ғана қарым-қатынасқа түсе алады. Сонда ақылды-ақылсыз жұбын антоним десек, оларды қарама-қарсы етіп тұрған – ды; – сыз жұрнақтары ғана. Негізінен абсолютті қарама-қарсылық лексикалық антонимдерде, сондықтан, қосымшалар арқылы емес, тұтас сөз мағынасымен қарама-қарсы танылған жұптар антоним бола алады. Ал мәтінде бір сөздің қарама-қарсы мағынада түсінілуі – энантиосемия деп аталады. Мысалы: емтихан – қарама-қарсылық тудыратын құбылыс атауы деуге болады. Мәселен:

Емтихан – емтиханнан өту бар және емтиханнан құлау бар.
Бұл екеуі бір-біріне қарама-қарсылық.

Қарыз – қарыз алу; қарыз беру.

Тіл – біртiлді; көптiлді.

Антонимдердің тілтанымдық мәнін түсіну үшін олардың мағыналық жіктелімін, яғни антонимдердің негізгі түрлерін ажыратқанда синтагмалық қатынастарын ескере отырып анықтау маңызды.

Біріншіден, антонимиялық қарама-қарсылықтар олардың бір затқа (*бір денотат деп аталатын*) немесе әртүрлі заттарға сәйкес келуі. Мысалы, сөйлемдердегі сату және сатып алу қарама-қарсылығы. *Асқар Абайға үй сатты – Абай Асқардың үйін сатып алды* – екеуі де бір затқа (*үйге*) сәйкес келеді. Бұл тіркес құрылымында энантиосемия да конверсия да бар. Әрине бұл тек контекстік қолданыста ғана қарама-қарсылық тудыра алады.

Екіншіден, лексикалық антонимдердің тұрақты жұбы. Бұндай жағдайда қарама-қарсы оппозиция іздеу, оған мәтін ішінде қарсы мағына тудыру әрекеттері болмайды, адам санасында қатталған және жатталған абсолютті антонимдер тізбегінен құралады.

Бұл антонимдер екі қарама-қарсылықтың шеткі нүктелеріндегі мағыналары. Мысалы: *оң – сол*; Бұл – екі қарама-қарсы бағыттың шеткі нүктелері. (*аралығы, ортасы деген болмайды*); *іші- сырты (маңы, жаны деген болмайды)*.

Үшіншіден, қарама-қарсылық мағына адам танымында шартты түрде өзгертін антонимдер. Мысалы: *таң – түн* бе? Әлде *таң – кеш* пе? *Жұмысқа таң ата кетіп, түнде келеді. Таңнан кешке дейін жұмыс істейді. Сол сияқты қымбат – арзан* ба? әлде *қымбат – тегін* бе? Бұл қолданыстарда қарама-қарсылық бар, бірақ халықтың қолданысына қарай шартты түрде қарсылықтың екі шеткі нүктелерін тануда өзгеріп отырады.

Төртіншіден, қарама-қарсылық мағынасы нақты өлшеммен емес шартты түрде сипатталатын антонимдер. Мысалы: *бозбала (жас) – ел ағасы (егде жас)*. *Ши борбай (арық) – мес қарын (толық)*.

Бесіншіден, градуалды белгілерімен шартты түрде антоним кұрайтын жұптар: *әке – ана; оқушы – ұстаз, әйел – еркек*.

Антонимияның негізі – қарама-қарсылықты білдіретін лексикалық қатынас, яғни бір сөздің мағынасы басқа бір сөздің мағынасына қарама-қайшы келуі.

Антонимияның түрлері:

1. Сөздердің қарама-қарсылығы. Лексикалық антонимия (немесе нақты антонимия). Бұл түрдегі антонимдер сөздің мағынасы бойынша бір-біріне қарама-қарсы келеді. Олар көбінесе қарапайым және жиі қолданылатын сөздерден тұрады. Мысалы: *Ұзын – қысқа; Жақсы – жаман, Қараңғы – жарық*.

2. Қосымшалардың қарама-қарсылығы. Грамматикалық антонимия. Бұл жағдайда қарама-қарсылық грамматикалық жолмен, яғни қосымшалар немесе сөздің түрленуі арқылы пайда болады. Мұндай антонимдер көбінесе етістіктер мен сын есімдерден тұрады. Мысалы: *Бар – жоқ; Келді – кетті; Білді – білмеді*.

3. Мағыналардың қарама-қарсылығы. Семантикалық антонимия. Бұл түрінде бір сөздің мағынасының қарама-қарсы жақтары көрсетіледі. Әдетте, семантикалық антонимдер белгілі бір жағдайға немесе контекске байланысты анықталады. Мысалы: *Бас – аяқ (тек дене мүшелері ретінде), ақ – қара (тек заттанған атау ретінде)*.

Антонимия – тілдің мағыналық құрылымының маңызды бөлігі болып табылады, өйткені ол сөздердің қарама-қарсы мағыналарын ашады, сөйлеуді түсінікті әрі айқын етеді. Антонимдер тілдің мағыналық байлығын арттырады және тілдің дамуындағы табиғи өзгерістерге тығыз байланысты болады. Қорыта келгенде қарама-қарсы мағыналардың құрылымдық жүйесі тек антонимдермен шектелмейді. Қарама-қарсы мағыналы сөздерді синтагмалық, парадигмалық қатынаста, мәнмәтіндік деңгейде қарастыру арқылы қарама-қарсы ұғымдар, қарама-қарсы концептілер, қарама-қарсы логика, қарама-қарсы сөздер, қарама-қарсы грамматикалық бірліктер, қарама-қарсы тіркестер, қарама-қарсы фразеологизмдер, т.б. түрлері тілдік жүйеде оппозициялық немесе бинарлық немесе антонимдік қызметте бола береді. Бұл арнайы зерттеуді талап етеді.

1.6.3 ОМОНИМИЯ (ТҰРПАТТАС СӨЗДЕР)

Омонимия семантикалық, морфологиялық, фонетикалық, орфографиялық, тіпті тілді автоматты тану, яғни компьютерлік лингвистика саласының зерттеу нысанына айналып отыр. Фонетикалық, графикалық тұрпаты бірдей болғанмен мағыналары әртүрлі сөздерді зерттейтін тіл саласы. Бір ғана сөздің әртүрлі мағынада қызмет етуі тілдің мағыналық құбылысы. Осы құбылыс, яғни тұрпаты бір атаудың бірнеше ойды, затты, деректі, сипатты білдіруі барлық тілде бар. Мысалы:

АС1 – тамақ (*ас ішу*);

АС2 – ұлттық құндылық (*ас беру*);

АС3 – озу (*отыздан асу*);

АС4 – ілу (*мойынға ас*),

АС5 – пісіру (*ет ас*). Осылайша бір-біріне мағынасы жуықтамайтын мүлде бөлек сөздердің бір тұрпатта қолданылуы тілдік табиғи құбылыс. Бірақ омонимдік қатардың көбеюі жақсы ма? Меніңше жақсы емес, себебі тіл үйренушілерді шағастыратын ең қиын тіл үлгісі. Сапалы тілде әрбір зат пен құбылыстың өз дара атауы болғаны жақсы. Өкінішке орай, бір затқа бір мағына немесе әрбір мағынаға жеке сөз таңылуы мүмкін емес, себебі тілде мағыналық даму қарқынды жүреді. Сондықтан омонимия –

мағынажасам, атаужасам тәсілдерінің бірі, себебі бір сөздің екі түрлі зат не құбылыстың атауы болуы мағынаның кеңдігін көрсеткенмен, сөз санының аздығын көрсетеді. Демек, омонимия сөз санын емес, мағына санын арттырады. Омоним мәтін ішінде анықталады, себебі мәнмәтін мазмұнына қарай омоним сөздің мағыналары анықталады. Мысалы: *кір*. Қалтасынан *кір* орамалын алды. Артқы есіктен *кір*.

Кір1 – таза емес, былғаныш, лас;

Кір2 – ену, келу.

Омонимдер тілде екі немесе одан да көп мағынада қолданылып, мәтінге байланысты әртүрлі мағыналарда түсініледі. Омонимнің түрлері:

1. Лексикалық омонимдер – жазылуы мен айтылуы бірдей, бірақ әртүрлі мағыналарды білдіретін сөздер. Мысалы:

Ат1 (*жылқы*)

Ат2 (*есім*) немесе

Бар1 (*ішімдік, сусын ішетін кафе*)

Бар2 (*кел етістігінің қарама-қарсы мәні*)

Бар3 (*модаль сөз, бізде кітап бар*).

2. Грамматикалық омонимдер – бір сөздің грамматикалық формада айырмашылықтары бар, бірақ әртүрлі мағынада қолданылуы. Мысалы: Табыс1 (*ақы, кіріс, пайда – зат есім*)

Табыс2 (*жүздесу, көрісу- етістік*).

Алма1 (*жеміс -зат есім, түбір*)

Алма2 (*болымсыз етістік (ал+ма)*).

Омонимдер тілдің даму барысында қалыптасады, және олар тілдің икемділігін көрсетеді. Олардың пайда болуының бірнеше себептері бар:

1. Тілдің қысқартылуы, кейбір сөздер қысқарып немесе өзгертіліп, бірнеше мағынада қолданылуы мүмкін.

2. Мағыналық кеңею, бір сөздің мағынасы кеңейіп, жаңа мағына қосылады. Мағыналық өзгерістер, уақыт өте келе бір сөздің мағынасы өзгеріп, жаңа мағынада жаңа мәтінде қолданылуы мүмкін.

Омонимдер лексикологияның маңызды зерттеу нысаны және ол тілдің мағыналық және құрылымдық жағынан күрделі элементтерін көрсетеді. Омонимдерді зерттеу бірнеше негізгі

бағытты қамтиды. Омонимдер түрлі мағыналарды білдіретін сөздер ретінде әрбір мағынасының қалыптасу тарихын және себептерін түсінуге мүмкіндік береді. Бұл зерттеулер семантикалық өзгерістердің қалай болғанын анықтау үшін маңызды. Омонимдер бір сөздің түрлі грамматикалық формаларының бірдей болуынан қолданылуы мүмкін, сондықтан олардың тілдегі құрылымдық айырмашылықтары зерттелуі тиіс. Бұл грамматикалық омонимдер мен формалық өзгерістердің қалай пайда болғанын түсінуге көмектеседі. Омонимдер мәтінде әртүрлі мағынада қолданылатындықтан, омонимдердің қалай ажыратылатынын және тілде оларды дұрыс қолданудың маңыздылығын ескерген жөн. Мәселен, *жақсы көру (көздің дұрыс көруі)* мен *жақсы көру* фразеологизмі (*ұнату*) гугл аудармада дұрыс емес. Ұнату мәніндегі фразеологизм *жақсы көру* «хорошо видеть» деп бірінші тіркестің баламасымен берілген. Демек, аударма кодында осы тіркесті омонимнің бір ғана аудармасы бағдарланған. Ал тұрақты тіркестің аудармасы берілмеген.

Омонимдердің көбеюі тілдің құрылымында бірқатар қиындықтар мен қауіптер туындатуы мүмкін. Омонимдер – дыбысталуы немесе жазылуы бірдей, бірақ мағынасы әртүрлі сөздер болғандықтан, олардың көбеюі тілдің түсінікті болуына, коммуникацияның айқын болуына кедергі келтіруі мүмкін. Атап айтатын болсақ:

1. Мәтінге тәуелділік артуы. Омонимдер көбейген сайын, сөздің нақты мағынасын түсіну үшін мәтінге көбірек тәуелді болу қажет. Бұл әсіресе ауызекі сөйлеуде немесе жазбаша мәтіндерде түсініспеушілік тудыруы мүмкін. Егер бір сөз көп мағынада қолданылатын болса, мәтін дұрыс түсінілмеген жағдайда, адамның түсінуі қиындайды. Мысалы: «Көз» сөзі тек көз органын ғана емес, сондай-ақ адам немесе бұлақ мағынасында да қолданылуы мүмкін. *Арамызда сол әулеттің көзі отыр. Көзімді ашқан апайым.* Мәтінге қарай бұл сөздің мағынасы қалай түсінілетініне байланысты бірнеше мағынасының бар екенін ұғынамыз.

2. Сөйлеу және жазу кезіндегі түсініспеушілік. Омонимдер жиі қолданылатын тілде әсіресе жазба мәтіндерде, дауыс немесе интонацияның көмегімен бөлінбейтін омонимдер дұрыс

анықталмаса, адамның айтпақ ойы дұрыс жеткізілмеуіне себеп болуы мүмкін. Мысалы: *Құс* сөзі «ұшатын жануар» дегенде кез келген құс туралы әрбір адамның аялық біліміндегі барлық құс атаулылар санаға сигнал беріп елестетеді. Ал «*құс еті*» деген тіркестегі құс – тауық не қаз не үйрек, яғни үй құстары санада елестейді. Себебі «*құс еті*» тіркесі күнделікті тамақтану дискурсындағы естіліп, айтылып осылайша стереотиптенген. *Жаңа туған нәрестенің денесі – құс еті, суықты тез сезеді, жылы киіндіріп қой* сөйлеміндегі құс – басқа мағынада. Сондықтан мәтіннің мазмұнына омоним тәуелді.

3. Тілдің айқындық және дәлдік сапасының төмендеуі. Омонимдердің көбеюі тілдің айқындық және дәлдік қасиеттеріне әсер етуі мүмкін. Егер омонимдер көбейсе, онда нақты бір мағынада қолдану қиынға соғуы мүмкін. Бұл әсіресе ғылыми, техникалық немесе заң мәтіндерінде бір сөздің әртүрлі мағынада қолданылатын омонимдес бірлігі кездесуі мүмкін. Мысалы:

Білік1 – құрал (*техника саласында*);

Білік2 – тәжірибе (*педагогика саласында*),

Білік3 – имек, рычаг (*машинажасау саласында*).

4. Жаңа сөздер мен терминдердің қалыптасуына кедергі болды. Омонимдердің көптігі кейде жаңа сөздер мен терминдердің қалыптасуын тежейді. Жаңа заттың атауына тілдегі бар сөзді телу омонимді қалыптастырады. Мысалы: тұсаукесер (*салт-дәстүр*); тұсаукесер (*презентация*). Бұлайша көне сөздің мағынасын қайта жаңғыртып, жаңалау сөздік қордағы ескіліктердің бастапқы мағынасын еске алумен жақсы болар. Бірақ жаңа ұғыммен жаңа атау қалыптасуына кедергі болады.

Омонимдер сөздігі – бірдей дыбысталатын немесе жазылатын, бірақ әртүрлі мағыналары бар сөздер мен олардың мағыналарын көрсететін сөздік. Бұл сөздіктер тілдің лексикалық байлығын зерттеуде маңызды құрал болып табылады, себебі олар омонимдердің мағыналық алуан түрлілігін, қолданылу контекстін түсінуге мүмкіндік береді. Омонимдер сөздігі тілдің семантикалық құрылымын айқындауға және омонимдерді дұрыс қолдануға көмектеседі.

Омонимдер сөздігінің мақсаты мен маңызы:

1. Мағыналық көпмәнділікті көрсету. Омонимдер сөздіктері бір сөздің бірнеше мағынада қолданылуын және әр мағынаның

нақты түсіндірмесін береді. Бұл сөздіктер сөздердің көпмәнділігін түсінуге және оларды дұрыс пайдалануға көмектеседі. 2. Сөздің контекстуалды қолданылуын анықтау. Омонимдер сөздігі белгілі бір сөздің контексте қандай мағынада қолданылатынын көрсетеді. Осылайша, әртүрлі мағыналарды ажыратуға мүмкіндік береді. 3. Тілдің семантикалық байлығын зерттеу. Омонимдер сөздігі тілдің дамуындағы маңызды аспектілерді, яғни сөздердің мағыналық өзгеруін және кеңеюін зерттеуге мүмкіндік береді.

Сонымен, омонимдер көбіне семантикалық ығысу, дыбыстық өзгеріс, сөзжасамдық үдеріс, кірме сөздердің қабылдануы арқылы пайда болады

Омонимдердің негізгі ерекшеліктері: дыбыстық жағынан ұқсас (*бірдей дыбысталады*); мағыналық жағынан байланыссыз; түбір деңгейінде немесе туынды сөздер түрінде кездеседі.

Омонимдердің түрлері (*жіктелімі*):

Толық омонимдер – мағыналары ешбір жуыспайтын, әртүрлі ұғым атауы (*қала1 – қоныс; қала2 – тұрғызу, жасау*).

Жартылай омонимдер – грамматикалық кейбір тұрпатымен ғана сәйкес келеді (*тарау1 – жазба жұмыстың бөлігі (глава); тарау2 – тарақпен жазу*). Бұнда тарау – туынды сөз, қимыл атауы бола тұрса да омонимдік қатар құраған.

Лексика-грамматикалық омонимдер – әртүрлі сөз таптарына жататын сөздер (*мыс: бас – зат есім, бас – етістік*).

Грамматикалық омонимдер – грамматикалық форма бірдей, бірақ мағынасы әртүрлі (*мыс: жақсы көру – көздің дұрыс көруі, жақсы көру – ұнату*).

Омонимия мен көпмағыналықтың айырмашылығы. Омонимдер – дыбысталуы бірдей, бірақ мағыналары өзара байланыссыз сөздер. Ал көпмағыналы сөздер – бір сөздің бірнеше байланысты мағынаға ие болуы (*мыс: бас – адам басы, таудың басы, бастық*). Яғни көпмағыналы сөздер бір мағынаның аясынан шыға алмайды. Омонимия мағынааралық жікті ажыратуға, лексикалық жүйенің дамуын бақылауға, сөздік құрастыру ісін ғылыми негізде жүргізуге мүмкіндік тудырады.

Омонимдер сөздігі әдетте мынадай құрылымға ие болады:

1. Сөздің негізгі формасы (*айтылуы мен жазылуы бірдей сөз*).
2. Әрбір омоним мағынасы. Әрбір омонимнің анықтамасы, оның нақты мәтіндегі қолданылу аясы.

3. Мысалдары, әрбір мағынаның нақты сөйлемдермен немесе мысалдармен көрсетілуі. Себебі омонимдер мәтінде ғана ажыратылады.

4. Грамматикалық сипаттамасы. Кейде омонимдер сөздігінде сөздің грамматикалық категориясы (*есім, етістік, сын есім және т.б.*) және оның түрлену формалары көрсетіледі.

Ғ. Мұсабаевтың зерттеуінде: «Омонимдер біркелкі дыбысталып айтылатын, бірақ ұғымы басқа-басқа сөздер табын білдіреді. Бұлардың білдіретін ұғымы бір сөз табынан да, әр сөз табынан да дара-дара болып бөлініп-жарылып тұра береді. Мағына жағынан әр ұғымның өзара жақындығы, ұқсастығы мүлдем сезілмейді. Қайта бір-біріне соншалықты алшақ, кереғар екендігі аңғарылады».

М. Белбаеваның зерттеуінде: «Полисемия мен омонимдерді бір-бірінен ажыратуда мағыналардың арасында семантикалық байланыстың жойылуы немесе жоқтығы кейде негізгі критерий бола алмай қалуы мүмкін. Мысалы, түркі тілдерінде 1-той (*зат есім*), 2-той (*етістік*); 1-көш (*зат есім*), 2-көш (*етістік*) осылар тәріздес омонимдер бар. Бұл омонимдер әрқайсысының құрамындағы есім сыңар мен етістік сыңар лексикалық мағыналары жағынан бір-бірінен алшақтап кетпейді, бұларда семантикалық бір тектестілік, бірлік бар. Бұларды омонимдер деп есептеуде негізгі таяныш омонимдік қатарға енетін сөздердің әр басқа сөз табына қатысты болуы, сөз өзінің нақты лексикалық мағынасынан басқа, белгілі бір сөз табының мағынасы категориалды мағынаға ие болады, өзі қатысты сөз табына тән формалармен түрленеді».

Омонимдердің қатары кемінде екеу болады. Мысалы:

Аз1. *сын есім*. көлемі кіші.

Аз2. *етістік*. Арықта.

Бірақ бес қатарлы омонимдер де кездеседі. Мысалы:

Бар 1. *есімдік*. Барлық, бүкіл, барша.

Бар 2. *етістік*. Кету, белгілі бір жерге жету.

Бар 3. *кірме сөз*. Ішімдік ішетін шағын мейрамхана.

Бар 4. *термин*. Физикалық өлшембірлік.

Бар 5. *модаль сөз*. Жоқ еместігі, бар болушылық.

Омонимдердің пайда болуының себептері мыналар:

1) Тіл эволюциясы, уақыт өте келе сөз мағыналарының өзгеруі, мағыналастықтан ажырауы. Мысалы:

Шеру1 *зат, көне*. Қарулы әскер, қалың қол.

Шеру2. Демонстрация.

Шеру3. Ұзын-ырғақ әңгіме желісі. Бастапқы көне мағынасы бір топ әскери адамдардың шоғыры болса, екінші мағынасы да бір топ адамдардың алаңға шығуы. Бірақ айырмашылықтары – қалың қол мағынасындағы шеру қазір қолданылмайды және сөз қолданыстан шыққан жоқ, демонстрация ұғымының баламасы болды.

2) Көпмағыналы сөздердің есебінен омонимдің пайда болуы. Мағынаның қолданымдық қызметі кеңейген сайын, яғни мағыналық өрісі үлкейген сайын, бастапқы мағына мен одан тараған өріс мағыналар арасында алшақтық пайда болады. Алғашқы мағына мен соңғы мағынаның өзара мағыналастығы күңгірттейді. Мысалы:

Жүз 1 – бет-әлпет (*зат есім*). *Жүзі жылы екен.*

Жүз 2 – кесу не шабу құралдарының өткір жағы (*зат есім*).
Пышақтың жүзі.

Жүз 3 – 99-дан кейінгі есептік сан (*сан есім*). *100 жаңа кітап.*

Жүз 4 – қазақ халқының ру болып бөлінетін тарихи бірлестігі (*зат е.*) *Үш жүз.*

Жүз 5 – қайтыс болған кісінің жүз күндік асы (*зат есім*).
Әкемнің жүзі.

Жүз 6 – суда қалқып батпай қозғалу (*етістік*). *Суда жүзу.*

Осындағы жүз1 мен жүз2 бұрын көпмағыналы сөздер деп танылатын. Келе келе, омонимдер қатарына өтті. Себебі жүз2 тірі жанның немесе заттың беті емес, өткір бұйымның қыры, үшкірі деген ұғымға атау болып кетті.

1) Туынды сөздер арқылы омоним жасалады. Мысалы: жайма1 (*еттамақ қамыры*); жайма 2 (*болымсыз етістік*). Туынды сөзбен жасалған омонимдердің сыңарларында әралуандылық болады. Біріншіден, түбір сөз бен туынды сөздің омонимдесуі: алма (*жеміс*) – алма (*болымсыз етістік*). Екіншіден, сыңарлары туынды сөзбен омонимдесуі: баспа (*типография*) – баспа (*болымсыз етістік*); Үшіншіден, екі-үш грамматикалық формамен жасалған омонимдер: сабақтас (1) – сабақ+тас – парталас, сыныптас, саюақта бірге оқыған қатарласы (адам туралы). Сабақтас (2) – сабақ + та + с – тығыз байланысты, өзара түйіскен, бір-бірімен тоғысқан (құбылыс не әрекет туралы).

2) Сөздік қордағы тіл тұтынушының төл тілі мен кірме сөздің омонимдесуі.

Мысалы: *Ар1.* – ұят, адамгершілік. *Ар 2.* – [латын. *area*], аудан өлшем бірлігі.

Тілтанымдық лексикологияда омонимдер халықтың не адамның ақиқат дүниені тануы мен атау арасындағы байланысты зерттеу арқылы омонимдердің тілде көп болу себептерін зерттейді. Омонимдердің көптігі тіл тұтынушыға танымдық салмақ (*жүктеме*) жасайтынын көрсетеді. Себебі омоним мен көпмағыналық шегі шартты ғана. Сондықтан адам омонимдерді қолданғанда оның ойтанымдық репрезентациясы мен ассоциациялық өрісін ескеруі тиіс.

1.6.4 КӨПМАҒЫНАЛЫҚ

Сөздің көпмағыналы болуы кез келген тілге тән әмбебап қасиеттердің бірі. Сөздің көпмағыналығы тілдің үздіксіз даму үдерісінде екенін көрсетеді. С. О. Карцевский зерттеуі бойынша тілдік таңбаның ассиметриялық заңы болады. Ол – таңбалаушыға (*дыбыстық құрылымына*) тиісілі таңбаланушының (*қызметінің*) ауытқуын айқындайтын заң. Яғни сөз ретінде таңбаланған тұрпат пен мазмұн үнемі тұрақты бола бермейді. Тұрпаты өзгермесе де, мазмұнның ауысуы тілдегі ассиметриялық құбылыс, яғни тілдік заңдылық. Көздің көпмағыналығы тілдік қатысымдағы сөздің жұмсалымдық белсендігіне тікелей тәуелді. Көпмағыналық адамның күрделі ойлау әрекетінен туындайды. Мысалы:

Шеңбер 1 – дөңгелек, геометриялық сызық, дөңгелек ұғымынан тарайтын екінші мағыналар:

Шеңбер 2 – дөңгелек, темір құрсау (*арба дөңгелегінің темір шеңбері, ошақ аузының шойын шеңбері*).

Шеңбер 3 – дөңгелек, қоршау (*қол ұстасып, шеңбер боп тұра қалыңдар, шеңбердің ішінде қалып қойдық*).

Шеңбер 4 – дөңгелек, ая, аумақ. (*ескі саясаттың шеңберінен шыға алмай жүр*). Осының қайсысы омоним, қайсысы көпмағыналы? Барлығында ортақ мән – «дөңгелек» түсінігі арқылы қабылданған. Меніңше, шеңбер1 (*геометриялық сызық*) мен шеңбер3 (*қол ұстасып шеңбер құру*) – көпмағыналы сөздер. Шеңбер1, шеңбер2, шеңбер4 – омонимдер.

Есеп 1 – математикалық амал ұғымынан тарайтын екінші мағыналары:

Есеп 2 – пән атауы (*есеп сабағы, есептен беретін азай*),

Есеп 3 – ұпай (*есеп 3 те 1*);

Есеп 4 – нәтиже, мәлімет (*ғалымдардың берген есебі бойынша... директорлар есебі тыңдалды*);

Есеп 5 – айла (*есеппен жүретін адам, Жаман жігіт есебінен белгілі*).

Есеп сөзінің осы қатардағы омонимдері және көпмағыналас сөздерін анықтауда да қиындықтар бар. Есеп1, есеп3, есеп4, есеп5 – омонимдер. Есеп1, есеп2 – көпмағыналы сөздер.

Қазақ тілінде көпмағыналық, мағынажасамдық үдеріс әрқашан қарқынды дамыған. Соған орай көпмағыналықты зерттеуге де баса назар аударылған.

Ғ. Мұсабаев: «Сөздің көпмағыналығы тілдің тарихи даму процесінде пайда болған құбылыс. Сөз семантикалық алмасулар негізінде бір затты немесе объективті құбылысты атаумен бірге, басқа да қасиеттері мен белгілерінде ұқсастығы бар заттарды да атау үшін қолданылады. Бұл үрдіс бір мезетте жүзеге аса алмасы белгілі. Сондықтан уақытты талап етеді»[63].

А. Айғабылов: «Көпмағыналылық ұзақ уақыт қолданылып, сол тілде сөйлеуші халықтың санасында қалыптасуы арқылы пайда болады. Сондықтан да басқа тілден жаңадан енген сөздерде, неологизмдерде көпмағыналық болмайды. Көпмағыналы сөздерді омонимдерден ажырата білу керек. Көпмағыналы сөздердің өзара ішкі байланысы (*метафора, метонимия, синекдоха, қызмет ұқсастығы*) анық байқалып тұрады, сондықтан олар қолданылуда тура мағынадан алшақ кете алмайды» [64].

І. Кеңесбаев: «Көпмағыналылық пен омонимия құбылыстары әдетте жеке сөздердің төңірегінде көзге айқын байқалады. Ал фразеологизмдерге келгенде бұл құбылыстар өзгеше реңкке түседі. Белгілі бір фразға тән көпмағыналылық екі түрлі жолмен жасалатын сияқты. Оның бірі – жалғаса туатын мағына да, екіншісі – жарыса туатын мағына. Сонымен бірге кейбір жағдайларда жалғаспалы мағына мен жарыспалы мағына белгілі бір сәттерде тоғысып, одан тағы да бір мағына пайда болуы мүмкін».

А. Османова: «Көпмағыналылықтың кепілі – сөздің ауыс мағынада қолданылуы болса керек. Ал көпмағыналылық сөз мағынасының баюының негізгі ұйытқысы. Ол – сөздің негізгі мағынасынан тармақталып, өрбіп отыруынан пайда болатын құбылыс. Мұндағы мағыналар өзара белгілі бір дәрежеде бөлініп, әрқайсысы өзінше тиянақталып тұрғанымен, олар сөздің негізгі мағынасымен өзектес болып, бір-бірінен алыстамай белгілі бір семантикалық топқа бірігіп тұрады» [65].

Г. Смағұлова: «Фразеологизмдерде көпмағыналылық жиі кездесе бермейді. Көпмағыналылық пайда болуына қатысты өзіндік ерекшеліктерінен туатын басқа да өзгешеліктер бар. Фразеологизмдердің әртүрлі мағынасы көпмағыналы сөздерде байқалатындай, тура және ауыспалы мағынаның арасындағы байланыс екі жақты болып келеді. Себебі фразеологизмдердің өзі көбіне метафоралық қолданыста жасалатын тілдік тұлға. Фразеологизмнің көпмағыналылығы тек мысал сөйлемдер арқылы ғана мәтін ішінде жақсы танылады» [66].

Көпмағыналық (*полисемия*) – тілдегі бір сөздің бірнеше мағынада қолданылуы. Бұл қазақ тілінің лексикалық жүйесінде маңызды орын алады және тілдің икемділігі мен байлығын көрсетеді. Қазақ тіліндегі сөздердің көпмағыналылығы тарихи даму барысында қалыптасып, семантикалық өзгерістер арқылы күрделенген. Көпмағыналық бірнеше деңгейде қарастырылады:

Тура және ауыспалы мағына. Мысалы, *бас* сөзі адамның дене мүшесі ретінде тура мағынада қолданылса, «мемлекеттің басшысы» тіркесінде ауыспалы мағынада қолданылады.

Метафоралық мағына. Бір заттың қасиеттері басқа ұғымдарға ауысқан кезде пайда болады. Мысалы, *алтын* сөзі тікелей металл мағынасында қолданылса, «алтын жүрек» тіркесінде адам бойындағы жақсы қасиеттерді сипаттайды.

Метонимиялық мағына. Бір ұғым екінші бір байланысты ұғымды білдіреді. Мысалы, *ет* сөзі тірі жан ағзасының бөлшегі ғана (қой еті), *ет* – қазақтың ұлттық тағамының атауы (ет тамақ).

Синекдохалық мағына. Бір бүтіннің бөлшегі немесе керісінше, бөлшегі арқылы бүтін аталады. Мысалы, *бұрым*, *борбай*, *қара көз* сөздері адамның дене мүшелері болса, *бұрымдылар*, *қара қорбай*, *қара көздер* қазақтың ұл-қыздары деген ұғымның орнына қолданылады.

Сөздің көпмағыналығын арнайы зерттеген еңбектер қатарында Ш. Жалмахановтың «Қазіргі қазақ тіліндегі көп мағыналы зат есімдердің мағыналық құрамы» еңбегін [67], Ә. Әлметованың «Көп мағыналы сөздер мен омонимдерді оқыту» оқулығын [68], Д. Пашанның «Бір буынды көпмағыналы сөздер» еңбегін атауға болады [69].

Сонымен көпмағыналылық – бұл бір сөздің немесе сөз тіркесінің бірнеше мағынаға ие болуын сипаттайтын тілдік құбылыс. Көпмағыналы сөздер әртүрлі мәтінде түрлі мағыналарда қолданыла алады. Мысалы, қазақ тілінде «қол» сөзі мынадай мағыналарды білдіруі мүмкін:

1. Анатомиялық мағына – дене мүшесі (*мысалы, «қолыңды жуған жөн»*).

2. Метафоралық мағына – көмек, қолдау (*мысалы, «қол ұшын беру»*).

3. Техникада қолданылатын мағына – құрал, құрылғы (*мысалы, «қол ара»*).

4. Уақыт немесе кеңістік мағынасы – *«қол жетімділік»* сияқты фразаларда қолданылуы мүмкін.

Бұл құбылыс тілдің икемділігі мен байлығын көрсетеді, бірақ кейде түсінікті қиындатуы мүмкін. Сондықтан сөздің нақты мағынасы оның қолданылған мәтініне байланысты анықталады. Лексика-семантикалық категориялар қатарына көпмағыналылық та жатады. Бірақ синонимдердің көпмағыналылыққа қарағанда ономасиологиялық сипаты басым болады. Белгілі ғалым В. Г. Гак көпмағыналылықты семантикалық конверсия ретінде қарастырса, қазақ ғалымы Ә. Болғанбаев сөздің сапа жағынан дамығандығын көрсететін бірден-бір белгі ретінде пайымдау жасайды.

Тілдің байлығы мен даму дәрежесі сөздік құрамдағы сөздердің саны көп болумен ғана мөлшерленіп қоймайды, сонымен бірге ондағы сөздердің семантикалық байлығымен де белгіленіп отырады. Дәлірек айтқанда тілдің өсу жағы сөздік құрамдағы сөздердің санымен де сапасымен де көпмағыналылығымен өлшенеді. Сөздің сапа жағынан дамығандығын көрсететін бірден бір белгі – сөздің көпмағыналығы, сөздің екі я одан да көп мағынаға ие болуын көрсететін мағына үдерісі. Көпмағыналық

негізінде сөздік қордағы сөздерге тән қасиет. Неге десеңіз бұлар ұзақ жылдар бойы өмір сүріп, тілде жаңа сөз, тың мағына жасауға ұйытқы болып келе жатқан байырғы төл сөздер. Соның нәтижесінде сөздік қордағы сөздер сан жағынан да, сапа жағынан да қарыштап дамыған, тұрақтанып әбден қалыптасқан. Сондықтан бұлар көпмағыналы болады. Сөздік қордағы сөздер де ең алғашқы пайда болған кезде аз мағыналы болғандығы байқалады. Кейін қоғам дамыған өткен сайын, бұлар бұрынғы меншікті бір мағынасының үстіне жаңадан бір немесе бірнеше қосымша туынды мағыналар қосақтаған. Мәселен, *қанат* деп ең алғашқы құстар мен шыбын-шіркейлердің ұшып қонатын дене мүшесін айтқан. Одан кейін адамның қолының кең жазылғанын, құшағын өлшейтін құлашын қанат деп атайтын болдық (*үстелге қанатыңды жаймай отыр*). Содан кейін киіз үйдің керегелерінің санын білдірген *алты қанат ақ орда* мағынасына негіз болды. Соңынан арба-шананың үстін кеңейту үшін салынған қаңқа ағашты да білдірген. *Қанаты жоқ шанаға шөп аз сияды*. Кеңес тұсында *қанат* сөзіне жаңа екі мағына *ұшақтың қанаты* мен *жаудың оң, сол жақ қанаты* келіп қосылады. Қазір *қанатқақты жоба, қанатқақты режим* «пилотный» сөзінің аудармасы ретінде қолданысқа еніп, жаңа мағына үстемеледі.

Сөзге қосылған жаңа мағына басқа жақтан келіп, өз-өзінен жамала қалмайды. Әрбір жаңа мағынаға әр сөздің білдіретін мағынасының айрықша қасиетіне түрліше сыр сипатынан келіп шығады. Сөз өзінің білдіретін затын, құбылысын, барлық қасиетімен толыққанды суреттеп бере алмайды. Егер сөз өзінің білдіретін ұғымын оның барлық ерекшеліктерімен түгел жинақтап көрсеткен болса, онда ауыспалы мағынада айтылмаған болар еді. Ал сөз ауыспалы мағынада жұмсалмаған болса, тілде көпмағыналы сөздердің кездеспеуі де мүмкін. Адам өмір шындығын бірден түгел білмей уақыт созған сайын біртіндеп таниды. Заттың бойындағы барлық ерекше белгілерді білім болғаннан кейін барып ұғыммен дерексіздендіреді. Оларды бірдей меңгермей тұрып, ауыспалы мағынада қолданылмайды. Адам затты алғаш көргенде оның сыртқы қасиеттерімен танысады. Сол қасиеттер адамның сезім мүшелеріне аз болса да әсер етіп, әйтеуір бір із қалдырады.

Мысалы *түп* сөзінің қазіргі қазақ тілінде мынадай мағыналары бар:

1. Заттың бетіне қарсы тұрған жағы, табаны (*ыдыстың түбі*);
2. Өсімдіктің жерге кіріп тұрған бөлігі (*ағаштың түбін қопару*);
3. Орнатылған немесе қазып алынған ағаш (*бес түп ағаш*);
4. Адамның шыққан тегі арғы заты (*мен сол керей ішіне сіңген баламын түбім – қызай*);
5. Бір нәрсенің жаны, қасы (*Мәскеу түбіндегі шайқас*).

Сөздің негізгі мағынасы белгілі бір шындыққа байланысты жалпы тарихи тәжірибенің негізінде жасалады. Сөздің туынды, қосымша мағыналары тілдік деректердің негізінде ойлау қабілетіне сүйеніп, қолданудан кейін шығады.

Көпмағыналық пен омонимияны бір-бірінен ажырата білу керек. Бұларды бір-бірінен ажырату мәселесі тіл біліміндегі өте күрделі мәселе болып саналады. Сөздіктерді жасауда бірде-бір лексикограф (*сөздік жасаудың маманы*) көпмағыналық пен омонимияны бір-бірінен ажырату мәселесінен аттап өтпейді. Мысалы, «ауаны ішке тартып, сыртқа шығаратын дене мүшесі» деген мағынадағы *өкпе1* сөзі мен «наз, реніш» деген мағынадағы *өкпе2* сөзінің омонимдес екендігі ешбір күмән туғызбайды. Басы ашық омонимдес сөздер болғандықтан, бұлар көпмағыналы сөзден оңай ажыратылады. Көпмағыналық мен омонимияны ажырату мәселесінің қиындығы полисемантизмдер жапсарласып жатқан омонимдерге қатысты туындайды. Алдағы уақытта олардың аражігін ажырататын тіл заңдылықтары керек.

1.6.5 КЕҢМАҒЫНАЛЫҚ (ЭВРИСЕМИЯ) ЖӘНЕ ЖАЛПЫЛЫҚ ПЕН ЖАЛҚЫЛЫҚ (ГИПОНИМ-ГИПЕРОНИМДЕР)

Кеңмағыналылық (*эврисемия*) – бұл кейін қалыптасқан лексикология термині, белгілі бір сөздің мағынасының кеңеюін немесе жалпы сипат алуын білдіреді. Басқаша айтқанда, *эврисемия* – бұл сөздің бастапқы, нақты немесе тар мағынасы жалпылама қолданысқа ауысуы. Мысалы: Қазақ тіліндегі «*бала*» сөзі алғашында тек ер баланы білдірсе, қазіргі кезде жалпы «*жас ұрпақ*» немесе «*бүлдіршіндер (ұл-қыз)*» деген жалпылама мағынаға ие болды. «*Қалам*» сөзі алғашында тек жазу құралы

ретінде қолданылған, ал қазір кейде жалпы «жазу» (*қалам тартты*) мағынасында немесе жазушылық қызметті (*қалам ұстаған*) сипаттау үшін қолданылады.

Эврисемия – тілдің даму үдерісінде сөздердің мағыналық өзгерістерінен туындайтын табиғи тілдік құбылыс.

Эврисемия сөз мағынасының кеңею үдерісін танытады, мысалы, «іс» – игі іс (жақсылық көрсету) – мемлекеттік іс (қызмет) – сот ісі (кәсіби қызмет) – тігін ісі (шебер жұмысы) – ішкі істер – сыртқы істер (мемлекетшілік және халықаралық қатынастарды білдіретін тұрақты терминдер), т.б. Бұл мағына кеңею құбылысы тілдің қарқынды өзгерісін айқындайды. Тіл үнемі дамып отырады, және осы дамудың ерекше көрінісі – сөз мағыналарының кеңеюі. Эврисемия – сөздің жаңа мағыналық реңк айырымдарымен байытылуын қамтамасыз ететін тетіктердің бірі. «Эврисемия» термині грек түбірлерінен алынған: мұнда «эври-» кең дегенді, ал «семия» – белгі немесе мағына дегенді білдіреді. Осылайша, эврисемия сөз немесе тіркестің семантикалық өрісін кеңейту құбылысын, яғни сөздің көпқырлы мағыналық ая қалыптастыра алатын қасиетін сипаттайды.

Бұл құбылыс көпмағыналықпен тығыз байланысты. Бір сөздің бірнеше мағынасы бола тұра, эврисемия мағыналардың жекеден жалпыға, оңайдан күрделіге кеңею үдерісін көрсетеді. Яғни көпмағыналық сөздің неше мағынаға дейін түрлене алатынын көрсетсе, одан туындайтын реңк мағыналардың болатынын және омонимдес сөздердің қайсысынан мағына көп тарайтынын анықтаса, кеңмағыналық сөздің мағынажасамдық иерархиясын, хронологиясын анықтайды, бір сөзден тараған мағыналардың қайсысы бірінші, қайсысы екінші, қайсысы үшінші тұратынын және олардан тараған мағыналардың тармақтарын айқындайды. Яғни кеңмағыналық көпмағыналықтан тараған ұсақ мағыналардың өзгерісін, олардың жалпылану, жекелену, даралану, терминдену немесе одан әрі мағыналық тармақталу әрекеттерін қарастырады.

Кеңмағыналықтың жасалу тетіктері. Мағынаның кеңеюі әртүрлі тілдік құбылыстардың ықпалында жүзеге асуы мүмкін:

Метонимия. Бір ұғымның жанама (*ауыспалы*) мағынасының немесе ассоциация негізінде екінші ұғымға ауыстыру. Мысалы,

«ақ жсаулық» сөзі бастапқыда әйелдің жеке мүлкі ретінде қабылдана келіп, қазір әжелер ансамблін таныстыруда (*ақ жсаулықты аналар*), медбикелер мен әйел дәрігерлерін танытуда (*ақ жсаулықты абзал жандар*), әйел шеф-аспазды танытуда (*ақ жсаулықтылар*) дейді. Бұнда эврисемиялық тетік – ақ кимешек, ақ орамал, ақ медициналық қалпақ, ақ аспаз қалпағы.

Метафора. Бір заттың немесе құбылыстың мағынасын ұқсастық негізінде басқа затқа немесе құбылысқа ауыстыру. Мысалы, «қанбазар» сөзі бастапқыда жексенбі күнгі базарды білдіретін, қазір ығы-жығы көше, адам көп жиналған орталық, сауда саттық орнын да солай сипаттау кеңге жайылды.

Әлеуметтік-мәдени ықпал. Қоғам мен мәдениеттегі өзгерістер жаңа ассоциациялардың пайда болуына ықпал етіп, семантикалық өрістің кеңеюіне себеп болады. *Қара сүлік* – сүліктің бір түрі (*тура мағына*); *қара сүлік* – жылқының жылтыр қара түстісі (*ауыспалы мағынасы*); *қара сүлік* – мәшиненің қара жылтыр түсі (*черный металл*) – ауыспалы мағынаның кеңейген түрі. Мағына кеңеюіне уәж болып тұрған белгілер – сүліктің жылтыр болуы, жарыққа күнге шағылысып жарқырауы, қолмен ұстаса тайғақ, теп-тегіс болуы.

Сондай-ақ *жұлдыз* – аспандағы дене. Оның жарқырап ерекшеленіп тұруы айрықша адамдарды танытуға уәж болды. Шоқан Уәлиханов – *аққан жұлдыз*, *жарқ етіп сөнген жұлдыз*. Абай – *шоқтығы биік жұлдыз*. Димаш Құдайберген – *қазақ өнерінің жұлдызы*. Бұл қолданыстағы жұлдыз мағынасы – ерекше, дарынды, өнерлі тұлға ұғымын білдіреді. Ал қазір «*жұлдыз ауруы*» деген қолданыста керісінше, өркөкіректеніп, марапатқа паңсынып, атаққа малданып, алған атағына арқасүйеу, көкірегіне нан пісіп, өзгені елемей, менсінбеу мінездерінің пайда болуын білдіретін психологиялық күй. Демек, жағымды мәндегі жұлдыз сөзі – жағымсыз мағынаға өзгеруі, оның кеңмағыналы болғанын байқатады.

Байқағанымыздай, көпмағыналық біріншіден, мағынаның көбеюін және сол мағыналардың бастапқы мәнінен аса алшақтамайтын реңктен таралуын жүзеге асырады. Мысалы: *қара* ұғымының түс мәнінен тарайтын мағыналары: алыстан

қара көрінді (көлеңке); қара қазан (күйе болған, көп жыл қызмет еткен), қара нәсіл (африкалықтар), қара түн (айсыз, қап-қараңғылық), қара жұмыс (адамның физикалық күш салатын жұмысынан алынған сипаттама. Қара жұмыс жасаған адамның денесі терлейді, кірлейді, киімі лас болады). Ал кеңмағыналық болса семантикалық өрісте бастапқы мәнінен ауытқуға мүмкіндік алады. Мысалы: *қара дау*. Ешбір қара түстің қатысы жоқ, бірақ қара түстің жағымсыз сипатынан алынған ассоциация – ұрыс-керіс, жанжал мағынасы үстемеленіп тұр. *Қара нан* – екінші сұрыпты бидай ұнынан жасалған нан өнімі. *Қара қағаз* – соғыстан қайтыс болды деген хабарлама хат. Демек, сөздің омонимдену үдерісінде алдымен көпмағыналық әрекеті, одан кейін кеңмағыналық үрдісі жүзеге асқаннан кейін барып омонимдік құбылыстар пайда болады.

Кеңмағыналылық гипероним-гипоним қатынасын құрайды. Гипоним және гипероним – сөздердің арасындағы иерархиялық байланыстарды сипаттайды. Гипероним – мағынасы кең, жалпы ұғымды білдіретін сөз. Гипероним белгілі бір категорияның атауы болып табылады. Мысалы: «Көлік» – гипероним, өйткені оған «автомобиль», «пойыз», «ұшақ» сияқты гипонимдер кіреді. «Жеміс» – гипероним, оған «алма», «алмұрт», «өрік» жатады. Гипоним – гиперонимге қарағанда мағынасы тар, нақты бір нысанды немесе ұғымды білдіретін сөз. «Құс» – гипероним, ал «бүркіт», «қарға», «кептер» – гипонимдер. Гипонимдер гиперонимнің мағыналық тізбегін құрайды. Егер «гүл» гипероним болса, онда «раушан», «қызғалдақ», «түймедақ» – гипонимдер. Гипоним-гипероним қатынастарын зерттеу тілтаным мен таңба салаларының тоғысында қарастырылады. Бұл зерттеулердің негізгі мақсаты – тілдік бірліктердің мағыналық иерархиясын, яғни жалпылама ұғымдар (*гиперонимдер*) мен нақты ұғымдар (*гипонимдер*) арасындағы қатынасты анықтау және жүйелеу. Гипоним-гипероним қатынасы – сөздердің мағыналық даму сатысындағы байланысты білдіреді. Бұл қатынаста гипероним – жалпылама ұғымды, кең мағыналы сөзді білдіреді, гипоним – гиперонимнің нақты бір түрін немесе бөлігін көрсететін сөз.

Қазір тіл жүйесінде атаудың жалпылану (*гиперонимизация*) үдерісі болып жатыр. Мәселен, дүкенге «кроссовка» алуға келдім деп айтпайды. Себебі кроссовкидің өзі көше және спорттық деп бөлінеді. Спорттық кроссовка – *бутсы*. Көше кроссовкасы – *джордан*, *сникерс* деген атаулармен гипонимделіп бара жатыр. Сондықтан «джордан 37 өлшем бар ма?» деп сұрайды. Бұндағы айтпағым аяқкіімнің гиперонимдік орнын кроссовка басты, гипероним болған кроссовка орнын джордан басты.

Сонымен, аяқкіімнің гипероним-гипонимдік қатынасынан туындаған атаулану үдерісі мынадай:

гипероним	Гипоним1	Гипоним2	Гипоним3	Гипоним 4
киім	аяқкіім	кроссовка	спорттық	бутсы
			көше	jordan
		Туфли	классика-лық	оксфорд
			баусыз	лофер
			жаздық	мокасины

Бұл мысал үшін берілген кесте. Бұл кестені толықтырып, жалғастыра беруге болады.

Демек, тілімізде нақтылану үрдісі қалыптасқанын байқаймыз. Тектік белгілерді түр белгілеріне біріктіру ойлау қабілетінің көрсеткіші деп танылады. Гиперонимдерді құру үдерісінде атаулардың мағынасына қарай затты затқа, тағамды калорияға, ал серуендеуді қозғалыс өрісіне ажыратады. Сөздер арасындағы тектік-түрлік қатынастарды білу дұрыс сөйлем құру, дәл сөйлеу дағдысын қалыптастырады.

Жалпыландыру (*гиперонимизация*) құбылысының кері әсері де бар. Мысалы, «*бөлмедегі жиһаз, орындық, үстел, сандық, кереует бәрін сыртқа шығарайық*» деген сөйлемде қате бар. Гипероним мен оның гипонимдері қатар қолданылмайды. «Бөлмедегі жиһазды сыртқа шығарайық» немесе «*бөлмедегі орындық, үстел, сандық, кереует бәрін сыртқа шығарайық*» делінген дұрыс.

«*Сарымай*» гиперонимінің орнына «*жайлау*», «*өсімдік майы*» гиперонимінің орнына «*шедевр*» қолданысы арта түсті, «*тіс пастасының*» орнына «*колгейт*», «*блендомед*» деп қолдану басым түсті.

«Молда» атауы – *имам* – *наиб* *имам* деп гипонимделе бастады. Соның ықпалынан «молда» сөзінің қолданысы азайды. Сондай-ақ жәндіктердің барлығына қатысты «жәндік шақты» деп айтамыз. Бірақ жәндіктердің ішінде жағатыны да, тістейтіндері де, жалайтындары да болады. Ал гипонимдік қатынаста шаққыш, сорғыш, жалағыш жәндіктердің әрекетін ескере отырып сөйлеу маңызды. Мысалы бұзаубас жалаған (*бұзаубас шаққан емес*). Сол сияқты дәуіт шақты болмайды, себебі ол жыртқыш жәндік. Сондықтан «дәуіт айбат шекті» деп қолданылады.

Жәндік атауының «гипероним-гипоним» жүйесі

жәндік	қосқанат-тылар	ұзынмұрт-тылар	жалағыш-тар	шыбын	Көк шыбын
					Үй шыбыны
					Қара шыбын
					Қара сарбаз
					Ызылдақ шыбын
					Күйдіргі шыбын
					Өлексе шыбын
					Астық шыбыны
					Бәкене шыбын
					Жеміс шыбыны
					Гүл шыбыны
					Ала шыбын
Кірпішыбын					

Жалпы тіл білімінде ортақ семантикалық белгілері арқылы жүйе құрауға қабілетті тілдік құбылыстар мағыналық категория бола алады. Тілдік категориялар ең біріншіден, мағыналық (*денотативті, семантика-синтаксистік*) сипаты бойынша, екіншіден, тілдегі құрылымдық тұрпаты (*грамматикалық, грамматикалық емес*) бойынша, берілу тәсілі (*морфологиялық, лексикалық, синтаксистік*) бойынша ажыратылады. Категория болу үшін барлық тілдерге ортақ тілтанымдық ұғым болуы аса маңызды. Біз талдаған құбылыстардың барлығы мағыналық категориялар. Мағыналық категория – бұл мағына жасаушы,

мағына түрлендіруші, мағына толықтырушы, мағына өрісін кеңейтуші тіл тетіктерін құрайтын үдерістердің жиынтығы. Сондықтан әрбір мағына белгілі бір реттілікпен категорияларда жүйеленуі тиіс. К. Айдукевич мағыналық категориялардың иерархиясы шексіз деп бағалаған болатын. Оның пайымдауынша мағыналық категориялар сөздің функторлық қолданысына қарай жіктелуі негізінде анықталуы тиіс. Ғалымның зерттеуінде мағыналық категориялардың 4 түрі ажыратылған [70]:

1. Унарлы логикалық байланыс (*мысалы: жапырақ – ағаштың бөлшегі*).

2. Бинарлы логикалық байланыс (*мысалы: әке, шеше – ата-ана*).

3. бір предикатормен байланыс (*мысалы: ОҚУ – сабақ оқу, құран оқу, ем оқу, шетелде оқу, мәнерлеп оқу, т.б.*).

4. Бір функтормен байланыс (*мысалы: АЛМАТЫ – ескі астана, білім ордасы, әсем қала, Көктөбе, Медеу, т.б.*)

К. Айдукевичтің айтуынша мағыналық категориялар сөздердің осындай мағынааралық байланыс түрлерінің жиынтығынан қалыптасады. Ал тіл дамыған сайын мағыналық байланыс түрлері де күрделене түседі.

1.6.6 СӨЗ ЖАРЫСПАЛЫҒЫ

Әдеби тілдің өміршендігін сақтау үшін сөздік құрамға енген әрбір сөзіміздің мән-мағынасын танытудан аянбауымыз керек. Соған орай қазіргі қазақ тіліндегі жарыспалы сөздерге да жіті талдау қажет. Сөздің жарыспа тұлғалары қазақ тіліндегі лексика-семантикалық сөздер тобының айрықша түрін құрайды. Мұндай вариант пен дублет сөздер – халық тілінің сөздік қорын байытып келген, оның дыбыстық жүйесі мен грамматикалық құрылымының даму барысында ұдайы өзгеріске түсіп отыратын лексика-семантикалық сөздердің айрықша тобы.

Бір сөздің жарыспа тұлғалары дегеніміз – мағыналық жағынан абсолют теңдікте тұрған, сөйлемде ешбір реңктік, стильдік бояуымен ерекшеленбейтін, әр алуан себептерден дыбыстық немесе тұлғалық ауытқуға ұшырап, әрқалай жазылып, әрқалай айтылып жүрген дыбысталуы бөлек, бірақ қолдануында мағыналық дербестігі жоқ бірнеше нұсқада айтылатын сөздер [71]. *Жарыспа* сөздер барлық дерлік сөз табынан ұшыраса береді.

Зат есім: *пәтер/бәтер, былғары/бұлғары, апыын/әпиін, аужай/әужай, дуадақ/дуалақ, екпет/етпет, өткеншек/әлпеншек.* Сын есім: *зеңгір/зеңгер/ заңғар, түзу/дүзу, алал/адал.* Етістік: *аңду/аңлу, бүкшеңде/бүкшіңде, жұбату/жуату, ұқсау/ұсау.* Есімдіктер: *ол/о, ана/әне/әні, қане/кәне, әгәр/егер.* Шылаулар: *да/де/та/те, мен/бен/пен, қой/гой, көрі/гөрі, қана/ғана, құрлы/ғұрлы, шейін/дейін.* Үстеулер: *бұнша/мұнша, біржолата/біротала.* Одағай түрлері: *айхай/айқай/айһай/ойхой.* Еліктеуіш сөздер: *пыр-пыр/быр-быр, ныс-ныс/быс-быс.* Сан есім: *жүз/дүз, жиырмамыңшы / жиырманшы.*

Дегенмен, тілдегі жарыспалық «сөздің қай нұсқасын қолданған дұрыс?» деген сұрақ тудыраы сөзсіз. Сондықтан мүмкіндігінше сөз жарыспалығын біріздендіретін тәсілдер қажет. Мәселен, жарыспа сөздердің мағыналық айырмашылықтарымен мағыналық реңктерін барынша ажырату қажет.

Садақа мен садаға сөздері араб тілінен ақшалай не заттай қайыр беру мағынасында енгенімен, екеуі екі түрлі семантикалық сипат алған жеке-жеке лексемалар. Яғни олар бірінің орнына бірі синоним ретінде қолданылмайды және жарыспалы сөздер деп танылмайды. **Садаға** – бір нәрсенің жолындағы құрбандық, құрбандыққа беру. Оған «садағаң болайын», «бастан құлақ садаға», «баладан садаға болды», «садаға кеткір» (*қарғыс*), «малым – жанымның садағасы, жаным – арымның садағасы» «жаудан аман жан қалса, қара орман – малым садаға» деген қолданыстар дәлел бола алады. **Садақа** – ислам діні бойынша қайырымдылық мақсатында мұқтаж адамдарға берілетін ақшалай немесе заттай көмек, қайыр, құдайы. Соған орай «садақа беру», «садақаны сауыңда бер», «пітір-садақа» (*Ораза айында жан амандығына шүкірлік ретінде берілетін садақа*), «желінсадақа» (*мал төлдеп жатқан кезде малдың аман болуын ырымдап, тарататын ғұрыптық ас*) сияқты қолданыстардан садақаның құрбандық емес, шамаға қарай материалдық көмек беру екенін ұғынамыз.

Сәресі. Сақар. Таңсәрі. Сәрі – арабтың «сахар» сөзінен қалыптасқан, яғни таң бозарып келе жатқан алагеуім кезді білдіретін атау. Сәрі сөзінен таралып, түрлене қолданылған сәресі, сахар, таңсәрі сөздерінің барлығы таңғы табиғи мезгілді /таңның атуын/ сипаттаған. Көркем шығармаларда «сәресіде ұйқыдан тұрдым», «сәресіне дейін көз ілмедім» деп таң қараңғысының

ыдырай бастағанын айтқан. Ал қазір сәресі – ораза кезінде аузы берік адамның таң алдында ішіп-жейтін асы ретінде белсенді сипат алды. Сәресін ішу қолданысының жиілігі артты. Ертеректе сәресін ішу дегеннің орнына сақарын ішу деп те айтылған. Оған қазақтың көркем шығармалары дәлел бола алады. Дегенмен, сақардан гөрі сәресі сөзінің кеңінен танылуы басымдыққа ие болды. Сонымен, сәресі мен таңсәрі бір-біріне синоним бола алмайды. Себебі сәресі (таңғы ас) / таңсәрі (*мезгіл*) мағынасынан ажырап, санада таңғы ас мәнінде терең сақталып келеді. Ал сәресі мен сақар атаулары бір-біріне жарыспалы сөз бола алмайды. Себебі сақар көнеленіп, қолданыстан шығып барады.

Шәрбат пен шербет. Дәмі тіл үйретін осынау екі тағам атауларын ажырата аламыз ба? Парсы тілінен енген шәрбат сөзі – тәтті шырынды сусын (*жүзім шырыны*) мағынасын білдіреді. Қазақтың халық ауыз әдебиетінде де шәрбат су, шәрбат сусын деп жемістің шырыны айтылады. Ал парсыдан орыс тіліне енгенде шербет болып икемделген сөз – шығыс тәттілері мағынасында кең қолданысқа ие болды. Сонымен шәрбат – шырынды сусын болса, шербет – жаңғақ пен қант қосылған, шоколад пен жемістен дайындалатын, шай ішуге арналған тәтті тағам. Демек бір атаудан тараған екі түрлі жарыспалы қолданыстың негізінде шығыс тәттілерінің атауы берілді. Бұл жарыспалы сөздердің жаңа сөз жасаудағы, яғни сөздік қорды байытудағы ықпалын көрсетеді.

Уақиға мен оқиға. Жарыспалы сөздер қатарында жүрген бұл екі сөздің мағыналарын да семантикалық реңкіне қарай ажыратып, бірінің орнына бірін қолдануды тоқтатқанымыз дұрыс сияқты. Уақиға деп ұзақ жылдар бұрын өткен жеке адамның өміріндегі немесе қоғамдағы елеулі бір құбылысты атауға болады. Мысалы, «мына суретке қарап басымнан өткен бір уақиғаны айтып берейін» деген сөйлемде уақиға сөзі қолданылғаны жарасымды. Себебі уақиға – болып өткен әрі ерекше есте қалған хикаялы естелікке жақын. Ал оқиға – болып жатқан іс, әне-міне болған маңызды жағдай, елеулі әрекет. «Жайсыз оқиға», «жол-көлік оқиғасы», «оқыс оқиға», «кездейсоқ оқиға», «төтенше оқиға» қолданыстары кенеттен болатын қалыпты өмір ағымындағы өзгерістердің дәйекті көрінісін сипаттайды. Сонымен уақиға жеке адам өмірінде айрықша есте қалған сәттерінің маңыздылығымен, естелік болып сақталуымен және ұзақ жылдар өткеннен кейін

еске түсетін сағым оқиға болуымен ерекшеленсе, оқиға – қоғамда кенеттен болған күрделі жағдайлардың хронологиялық тізбеленуімен ерекшеленеді.

Жарыспалы қолданыстар сөздің дұрыс жазылуын нормалауда айтарлықтай кері әсерін тигізетіні де байқалады. Сондықтан алдағы уақытта мына сөздердің дұрыс жазылуын есімізде сақтап алайық: түкпір (*түпкір емес*), шарифат (*шарият емес*), шейіт (*шәһид емес*), ілтипат (*ілтифат емес*), мінажат (*мұнажат емес*).

Тіл – ұлттың жаны дейтін болсақ, қолданысқа түскен, яғни сөздік құрамға енген әрбір сөзіміздің, әсіресе жарыспа сөздердің мән-мағынасын, тіпті мағыналық ренкін ажыратудан аянбауымыз керек.

Күмән мен күдік сөздері бір-біріне синоним ретінде сілтене жұмсалатыны байқалады. Бірақ олар бір-біріне мағыналас сөздер бола алмайды. Себебі, күмән белгілі бір зат не құбылыстың дұрыс әлде бұрыстығына шүбәлі болған сенімсіз ой. Күмәннің мағыналас сөздері – шүбә, дүдәмал, екіұштылық, екіойлылық. Мысалы, «Баламның байқаудан өтетініне күмәнім бар (*күдігім бар емес*), себебі дайындығы аздау болып еді». Ал күдік – қасақана немесе абайсызда болған жағдайдың себебі мен иесіне секем алу, қауіптенуден туындаған сезікті ой. Күдіктің мағыналас сөздері – қауіптену, секем алу, сезіктену. Менің ойымша, күмәндануда адам жақсылыққа мүдделенеді, ал күдіктенуде ащы шындық болса да нақты ақиқатқа көз жеткізгісі келеді. Байқағанымыздай, күмән мен күдік бірінің орнына бірі жұмсалмайтын, синоним бола алмайтын, мағыналары айқын ажыраған ұғымдар.

Көшпелі мен көшпенді. Тіпті жарыспалы қолданыстардың семантикалық ренктерін ажырату сөздің дұрыстығына негіз болып отыр. Мысалы, «көшпелі ел», «көшпенді ел» жарыспалы қолданыстарының сөйлеу нұсқасындағы «көшпенді ел» тіркесі дұрыс деп саналды. Грамматикалық межесі бойынша «көшпе+лі» болғанымен, көшпелі үй /передвижной дом/, көшпелі бұлт /переменная облачность/ тіркестері анықтауыштық қатынаста болса, көшпенді ел, көшпенді халық /кочевой народ/ атаулық тіркес ретінде тұтас ұғымды білдіруімен ерекшеленеді. Сондықтан мұндағы қолданыстардың семантикалық мәні айқындалып, жарыспалылықтан ажырады.

Бәтуа мен пәтуа. Тіліміздегі бәтуа мен пәтуа вариант сөздер болғандықтан дұрыс жазылу нормасы ретінде пәтуа нұсқасы

тандалды. Дегенмен, бұл екі сөзді қолданыстағы мағынасына қарай ажыратып, екеуін де жеке, дара сөз ретінде танытуға болады деп ойлаймын. Мысалы, бәтуа – бітім, келісім, нәтижелі шешім деген мағынаны білдіретін дара сөз болса, пәтуа – береке, тиянақ мағынасын білдіретін дара сөз болғаны дұрыс. Себебі, бәтуаласты, бәтуаға келу, бәтуаға келісті / дипломатиялық келісім мағынасындағы/ қолданыстардың «б» вариантымен жазылу жиілігі жоғары екен де, сөзінің пәтуасы жоқ, пәтуасы бар, ісінің пәтуасы кетті мағынасындағы қолданыстардың «п» вариантымен жазылу жиілігі көп екен. Осыған орай бәтуа/пәтуа сөздерін сөздік қорда жеке-жеке лексема ретінде танытып, жарыспалылық қызметін жоюға тырысу керек деп ойлаймын.

Қолбасы мен қолбасшы. Мағыналас екі сөздің реңктері бірінің тарихи сөз, бірінің термин сөз болуына қарай ажыратылады. Қолбасы – қол бастаған батыр, әскербасы болса, қолбасшы – мемлекеттің қарулы күштерін, ірі әскери құрылымдарды басқаратын әскери басшы, лауазым иесі. Түп мәніне келгенде екі сөздің қызметтік, лауазымдық деңгейі бірдей. Ендеше «қолбасы» көне сөзінің қолбасшы /полководец/ термині ретінде грамматикалық өзгеріспен қайта жаңғырып келуіне басты себеп тілдік заңдылықтар болса керек. Қолбасы – көне, тарихи сөз, қолбасшы – әскери термин сөз.

Әдеби тілдің өміршеңдігін сақтау үшін сөздік құрамға енген әрбір сөздің мән-мағынасын танытудан аянбауымыз керек. Соған орай қазіргі қазақ тіліндегі жарыспалы сөздерге сөздігінің түзілуі аса қажет.

Қорытындылай келгенде, жарыспа сөздердің мағынасын ажыратып, жарыспалық қатарын жою арқылы әдеби тілдің тазалығын сақтауға мүмкіндік туады. Сөз қолданыс жүйесі дұрыс қалыптанады, сөздік қор қатары кеңейеді, кірме сөздерге қазақтың төл сөзінен лайықты балама табуға мүмкіндік болады.

1.7 СӨЗДІҢ ТИПТЕРІ МЕН ТҮРЛЕРІ

1.7.1 КӨНЕ СӨЗДЕР МЕН ТАРИХИ СӨЗДЕР

Көне сөздер – бұл қазіргі тілде сирек қолданылатын немесе мүлдем қолданыстан шыққан, бірақ сөздік қордан орын алған тарихи және мәдени мұраның бір бөлігі ретіндегі маңызды әрі

күндылығы жоғары сөздер. Көне сөздер арқылы халқымыздың тұрмыс-тіршілігін, дүниетанымын, тарихын және мәдениетін түсінуге болады.

А. Тымболова: «Көнерген сөздер – көне түркі әдеби тілінде қалыптасқан норма болғандықтан ешуақытта құрып кетпейді, тарихи немесе этимологиялық сөздіктерде өмір сүреді. Көнерген сөздерді зерттеудің негізгі объектісі – халықтың көркем әдебиеті мен тарихы. Яғни олар әдебиеттің тарихи дәуірге арналған көркем проза, поэзия, драматургия сияқты салаларында жиі кездеседі» – дейді [72].

А. Махмұтов: «Көнерген сөздердің басқа лексикалық топтардан негізгі айырмашылығы олардың ертеде сөздік қордан тұрақты орын теуіп, халықтың күнделікті тіршілік өмірінен елеулі маңыз алған жалпыға ортақ, кең көлемді қамтыған қатынас құралы» – деп таниды [45].

Р. Сыздықова: «Көнерген сөздер туралы: «Лексикалық норманы сөз етуде көркем тексттегі көне сөздер мен сирек қолданылатын сөздердің көрінісі үлкен орын алады, өйткені бұлар көпшілік оқырманға түсініктілігі жағынан күмән туғызатын элементтер. Заман шындығын танытатын көне элементтер дегеніміз – жеке атаулар, сөз жұмсау модельдері, сөз құрастыру үлгілері, көне жалғау-ұрнақтар мен ескіше сөз қосарлар, т.б. Олар көркем әдеби тіл нормасына сай түсетін, уәжді, орынды қолданыстар болып саналады» – деп пайымдайды [73].

Көне сөздер тілдің тарихи дамуын түсінуге мүмкіндік береді. Ұлттық мәдениеттің ерекшеліктерін айқындайды. Әдеби шығармалар мен фольклорды дұрыс түсінуге көмектеседі. Көне сөздерді жинақтау мен зерттеу қазіргі тілдік қорды байытып, тілдің үздіксіздігін сақтауға ықпал етеді. Мысалы: *абыз* – ежелгі дәстүрлі қоғамда діни немесе рухани басшы, ақылшы, *шоң* – атақты, беделді, бай адам, *сойыл* – соғыс құралы ретінде пайдаланылған ұзын ағаш немесе қару, *көзе* – қыштан жасалған ыдыс.

Көне сөздер – бұл қазіргі заманда сирек қолданылатын немесе мағынасы өзгерген, кейде мүлдем қолданыстан шығып қалған сөздер. Олар қазақ тілінің тарихи қабаттарын зерттеуде, мәдениет пен дәстүрді тануда маңызды рөл атқарады. Көне қазақ сөздерінің бірнеше түрін қарастыруға болады:

1. *Тарихи сөздер.* Тарихи оқиғалар мен әлеуметтік өмірге байланысты сөздер: *хан, би, сұлтан, жуз* – қазақ хандығы кезеңіне тән атаулар. *Нөкер* – күзетші, жауынгер.

2. *Көнерген күнделікті сөздер.* Өмір салтының өзгеруіне байланысты қолданыста сирек кездесетін немесе қолданыстан шығып қалған сөздер: *Кебеже* – азық сақтауға арналған ағаш сандық, арагідік қолданылады, сондықтан қолданыста бар. *Сәкі* – үйдің ішінде отыратын немесе жататын ағаш төсек. Қазір тапшан орнына кейбір өңірлерде сәкі деп қолданады. Әлі де қолданыста бар. *Шидем* – қой жүнінен тоқылған қалың шекпен, қолданыстан шығып қалды. *Тұлпар* – бәйгеге шабатын жүйрік ат. Қазіргі тілде жалпы атауға ие болды, қайта жаңғырды.

3. *Мифтік сөздер.* Халықтың дүниетанымына және салт-дәстүріне қатысты: сөздер *аруақ* – ата-бабаның рухы. *Самұрық* – мифологиялық алып құс. *Тәңір* – көне түркі халықтарының Жаратушыға берген атауы.

4. *Көне сөздерден жаңғырған қазіргі сөздер.* Кейбір көне сөздер өзгеріске ұшырап, жаңа мағына иеленеді: *Барыс* – ежелде «жолбарыс» дегенді білдірген, қазір тауда мекендейтін жыртқыш аң атауы, спорттық топ атауы немесе метафоралық мәнде «Қазақстан барысы» атағы ретінде қолданылады. *Аймақ* – бұрын белгілі бір елді мекенді немесе хандыққа тиесілі жерді білдірген, қазір «территория» аудармасы.

Көне сөздер мен тарихи сөздердің айырмашылығы олардың қолданылу аясы мен тілдегі рөліне байланысты. Көне сөздер – қазіргі тілде сирек қолданылатын немесе мағынасы уақыт өте өзгерген, бірақ тірі тілдік қорда кездесетін сөздер. Олар әлі де қолданылуы мүмкін, бірақ тарихи немесе әдеби мәтінде жиі кездеседі. Көне сөздің ерекшелігі – уақыт өте келе мағынасы өзгерген, бірақ қолданудан толық шықпағандығында. Фольклорда, көркем әдебиетте немесе дәстүрлі сөзқолданыста, тіркестерде жиі қолданылады. Мысалы: *абажә, абырна, айбалта*. Бұл заттар қазір пайдаланылмайды, бірақ бұл сөздер фразеологиялық тіркес арқылы қолданысқа еніп отыр. Мысалы: «*Орыспен көрші болсаң, айбалтаң жаныңда болсын*»; «*абажәдай болған түрін-ай*»; «*адырнасын ала өгіздей еңіреткен*» (*Махамбет*).

Тарихи сөздер – белгілі бір тарихи кезеңге тән болған, бірақ қазір қолданыстан толық шығып қалған сөздер. Олар тек тарихты, ескі өмірді сипаттау үшін қолданылады. Тарихи сөздердің ерекшелігі – қазіргі сөзқолданыста, яғни тілде қолданылмайды, себебі олармен байланысты ұғымдар немесе заттар заман талабына сай жойылған. Бірақ тарихи зерттеулерде, құжаттарда, көне әдебиетте кездеседі: *шора (қызметкер), тархан (әскери шен), сойыл (қару)*.

Көне сөз. *Мұрақ* – хан лауазымын білдіретін, яғни хан киетін баскиім. Қара киер құрақты, хан киер мұрақты мақалында сақталған.

Тарихи сөз. *Парторг* – партия ісін ұйымдастыратын лауазымды қызметкер. 1970-80 жылдардың белсенді сөзі, қазір қолданыстан шығып қалды.

Көне сөздер – тілдік мәдениетіміздің бір бөлігі ретінде қазіргі өмірде кейде қолданылады, ал тарихи сөздер – өткен дәуірлердің тілдік айнасы болып сөздік қордан орын алады. Тарихи сөздер өткен қоғамның саяси, әлеуметтік құрылымын және тұрмыс-тіршілігін сипаттайды. Олар белгілі бір дәуірге тән болғандықтан, қазіргі тілдік қорда нақты эквиваленттері болмайды.

Көне сөздерді сақтау жолдары:

1. Жазба мұраларды зерттеу. Тарихи әдебиеттерді, шежірелерді, көне жырларды қайта зерделеу арқылы көне сөздерді жаңғырту.

2. Ауыз әдебиетін насихаттау. Эпос жырларын, аңыз-әңгімелерді, мақал-мәтелдерді кеңінен тарату.

3. Білім беру жүйесіне енгізу. Мектеп бағдарламасына көне сөздердің мағынасын түсіндіру, олардың қолдану тарихын оқыту.

4. Қазақ тілін цифрландыру. Көне сөздерді сандық деректер базасына енгізу арқылы олардың болашақ ұрпаққа жетуін қамтамасыз ету.

5. Көркем әдебиетте қолдану. Жазушылар мен ақындардың шығармаларында көне сөздерді бейнелі түрде пайдалану.

Көне сөздер халықтың тарихи жадын сақтап, мәдени мұраны келер ұрпаққа жеткізуде маңызды рөл атқарады. Тілдің байлығы мен ерекшелігін сақтау үшін көне сөздерге құрметпен қарап, оларды қайтадан қолдану жолдарын қарастыру қажет.

1.7.2. КӘСІБИ СӨЗДЕР МЕН АЙМАҚТЫҚ СӨЗДЕР

Кәсіби сөздер – белгілі бір шаруашылыққа, кәсіпке байланысты қолданылатын, жалпы халыққа бірдей түсінікті бола бермейтін, қолданылу өрісі шектеулі сөздер. Қазақ тілі кәсіби сөздерге бай. Кәсіби сөздер таралу шегіне қарай ірі кәсіпке байланысты сөздер және шағын кәсіпке байланысты сөздер деп екі салаға бөлінеді.

1. Ірі кәсіпке байланысты кәсіби сөздер:

Мал шаруашылығы (*түйе атаулары: жампоз, кезөркеш, кердері, күрт, қаратұяқ, аңырайма, жүген, құрық, шылбыр, тізгін, қамшы, бишік, ер-тұрман, терлік, тоқым, доға, қамыт, т.б.*);

Астық шаруашылығы (*сүт бидай, бал бидай, қодыран, жауша, бақал; тары атаулары: байдербіс, алағарын, шая, шаршау тары*);

Балық шаруашылығы (*балық атаулары ақауыз, таутан, табан, бекіре; ау аттары: морда, тоспай, итерқұл, аламан ау*);

Бау-бақша (*қауыншек, оман арық, желке суы, пісте*); мақта шаруашылығы (*қоза, көсек, құлақ, шит*), тағы басқа салаларға қатысты болады.

2. Шағын кәсіпшілікке байланысты кәсіби сөздер:

Ұсталық (*тарақ балта – жүзі кедір-бұдыр балта, керме ара – жүзінің ортасында тірегіші бар ара, шербек – үлкен ара, аталғы – ойық жүзді шот, тышуыр – бұрап тесетін құрал, нәрбі – шойын тескіш, аттіс – темір қысатын құрал, ыңғуыр – ағаш оятын құрал*);

Етікшілік (*созан – ине сияқты құрал, ұштық – созанға өткізілген қысқа жіп, пардоз келтек – етіктің тігісін жатқызатын таяқша*); балташылық, өрімшілік, тоқымашылық, зергерлік, тағы басқа кәсіп түрлеріне байланысты болады. Кәсіби сөздердің жергілікті тіл ерекшелігінен басты айырмашылығы – оның әдеби тілде баламасы болмайды. Сондықтан да кейбір кәсіби сөздер әдеби тілімізді байытып, жалпы халықтық қолданысқа еніп кетеді.

3. Қолөнершілікке байланысты кәсіби сөздер: *пышқы – араның түрі, шербек – үлкен ара, ыңғыру – ағаш оятын құрал, тышуыр – бұрап тесетін құрал, нәрбі – шойын тескіш, атауыз –*

шеге суырғыш, *біз* – аяқкіім тігетін құрал, *тарамыс* – аяқкіім тігетін жіп, *ұршық* – малдың жүнінен жіп иіретін құрал, көрік, төс, *қысқаиш* – ұста құралдары, т.б.

4. Ауыл шаруашылығына байланысты кәсіби сөздер:

Мақта шаруашылығында қолданылатын сөздер: *пая* – мақтаның сабағы, *шиит* – мақтаның тұқымы, *терімші* – мақта теруші;

Жүгері шаруашылығында қолданылатын сөздер: дүмбі, пәшік, сота; т.б. Бау-бақша шаруашылығында қолданылатын сөздер: әңгелек, жәмше, торлама;

Қызылша шаруашылығында қолданылатын сөздер: қылша, өркен, түбіртек, жом;

5) Мал шаруашылығында қолданылатын сөздер:

5. Етікшілік кәсібіне қатысты лексика. Етік тігуде қолданылатын материалдар: *Тері* – аяқкіімге арналған табиғи материал. *Қалың былғары* – етіктің сыртқы бөлігіне пайдаланатын қалың тері. *Жұмсақ былғары* – аяқкіімнің ішкі бөліктеріне арналған. *Табан* – етіктің астындағы қатты бөлік. *Қайыс* – теріден жасалатын белдік немесе әшекей. *Жіп* – тігін үшін қолданылатын мықты материал. *Шеге* – табанды бекітуге арналған. *Қайрақ* – теріні немесе табанды тегістеуге арналған құрал. *Балтаміс* – былғарыны тесетін құрал. *Балға* – шегелерді қағуға арналған құрал. *Бүккіш* – теріні илеу немесе бұғу құралы. *Қалып* – етіктің формасын жасауға арналған ағаш немесе металл қалып. *Өлшеуіш таспа* – аяқ өлшемін анықтауға арналған құрал. Етік түрлері: *Сантама етік* – қыста киетін қалың етік. *Қонышты етік* – ұзын қонышты аяқ киім. *Кебіс* – жеңіл аяқ киім түрі. *Көксауыр етік* – былғарыдан жасалған сәнді аяқ киім. Тігу бойынша: *Үлгі жасау* – етіктің бөлшектерін қағаз немесе теріден дайындау. *Желімдеу* – етіктің бөліктерін жапсыру. *Жөндеу* – тозған аяқ киімді қайта қалпына келтіру. *Табан қағы* – табан бекіту әрекеті. *Аяқ киім бояуы* – етікті әрлеуге арналған бояу.

Аймақтық сөздер. Аймақтық сөздерді зерттейтін лексикологияның арнайы саласы – диалектология. Диалектология – белгілі бір тілдің аймақтық (*жергілікті*) ерекшеліктерін, яғни диалектілерді, говорларды және олардың жергілікі тілдегі ерекшеліктерін зерттейді. Диалектология халық тілінің аймақтық түрлерін зерттеу арқылы сол тілдің тарихын, құрылымын және дамуын түсінуге көмектеседі. Диалектологияның зерттеу нысандары:

Диалект – белгілі бір географиялық аумақта қолданылатын, әдеби тілден ерекшеленетін тілдік жүйе. Мысалы: Қазақстанның оңтүстік өңірінде кездесетін «ч» дыбысының қолданылуы: *чәй (шәй), чапан (шапан)*.

Говор – бір диалектінің ішіндегі шағын тілдік ерекшеліктер. Ол тек кішігірім аймаққа тән. Олардың лексикалық ерекшелігі – белгілі бір аймақта қолданылатын сөздердің әдеби тілден өзгеше болуы. Мысал: *табақ (батыста – үлкен ыдыс, оңтүстікте – дәм тарту рәсімі)*. Қазақстанда диалектілік аймақтар былайша бөлінеді: Оңтүстіктегі жергілікті тіл ерекшеліктері (*аймақтық сөздер*) Түркістан, Жамбыл, Қызылорда, Шымкент өңірлеріне тән. Бұл аймақ араб және парсы тілдерінен енген сөздерімен ерекшеленеді. Мысал: *пейіл (ниет), әпше (ана), ақұдай (айналайын)*. Батыстың жергілікті тіл ерекшелігі Маңғыстау, Атырау, Ақтөбе, Батыс Қазақстан өңірлерінде тараған. Ноғай және татар тілдерінің ықпалы байқалады. Мысал: *атала (ботқа), әлік (ешкі)*. Солтүстік-шығыс диалектісі Қостанай, Павлодар, Семей, Ақмола, Көкшетау аймақтарына тән. Ол аймақта орыс тілінің әсері байқалады. Мысал: *сапқал (сапқа тұр), тумба (тумбочка)*. Аймақтық сөздердің төл тілге ықпалы сөздік қорды толықтыруында, лексикалық жарыспалықты арттыруында және екінші атау, яғни әдеби тілдегі ұғымға тең балама атау болуында.

Аймақтық лексика – белгілі бір географиялық аумақта, өңірде немесе диалектілік ортада қолданылатын, бірақ әдеби тілде кеңінен қолданылмайтын сөздер мен сөз тіркестері болғандықтан жалпыхалықтық сипат алмаған. Яғни көпшілікке таныс емес. Бұл сөздер жергілікті тұрғындардың сөйлеу ерекшелігін көрсетеді және сол аймақтың мәдениеті, тұрмысы мен табиғи ортасына байланысты қалыптасады.

Аймақтық лексиканың ерекшеліктері:

1. Географиялық шектеулігі. Аймақтық лексика тек белгілі бір өңірде қолданылады және басқа аймақ тұрғындарына түсініксіз болуы мүмкін. Мысалы: Маңғыстау өңіріндегі *шеген (құдық)* сөзі.

2. Мәдени және тұрмыстық ерекшеліктерге байланысты болуы. Бұл сөздер сол өңірдегі табиғи жағдайға, шаруашылыққа немесе салт-дәстүрге негізделеді. Мысалы: Оңтүстік өңірдегі *кебеже (азық-түлік сақтайтын жәшік)*.

3. Әдеби тілде баламасының болуы. Аймақтық сөздер көбінесе әдеби тілдегі баламасымен алмастырылуы мүмкін. Мысалы: *қаптал* – жамбылдық аймақта – *бүйір*.

4. Тілдің дамуы мен диалектілердің ықпалы. Аймақтық лексика тілдің тарихи дамуынан хабар береді. Бұл сөздер ескі түркі тілдерінен немесе көршілес халықтардың тілдерінен келген болуы мүмкін. Мысалы: Батыс Қазақстандағы *гәйлә (отбасы)* татар тілінен енген.

Аймақтық лексиканың түрлері:

1. Тұрмыстық сөздер. Белгілі бір аймақтың тұрмыс-тіршілігіне байланысты сөздер. Мысалы: *Жайдақ (Шығыс Қазақстан – көліксіз, жаяу жүру)*. *Жайдақ (Батыс өңірі – шөп түрі – жантақ)*.

2. Табиғатқа қатысты сөздер. Өңірдің табиғи жағдайына, географиялық ерекшеліктеріне негізделген. Мысалы *Аңзар (Солтүстік – өзеннің терең сайы)*. *Теңізше (Батыс – үлкен көл)*.

3. Мәдениет пен дәстүрге байланысты сөздер. Белгілі бір өңірдің салт-дәстүрлері мен мәдениетіне негізделген сөздер. Мысалы, *Шөген (Маңғыстау – арнайы ағаш құрал)*. *Тайқазан (Оңтүстік – үлкен қазан)*.

Қазақстанның төрт тарапындағы аймақтық сөз ерекшеліктерін кестемен былайша көрсетуге болады:

Аймақ	Аймақтық сөздер	Әдеби тілдегі баламасы
Оңтүстік	бәтес (<i>матаның түрі</i>)	мата
Батыс	кежек (<i>қыдырып келу</i>)	бару
Солтүстік	жарбағай (<i>талдың бұтағы</i>)	бұтақ
Шығыс	жайдақ (<i>көліксіз жүру</i>)	жаяу

Аймақтық лексика тілдің байлығын дамытады, сөздік қорды арттырады, қазақ тілінің сөздік қорының кеңдігі мен әртүрлілігін айқындайды. Аймақтық сөздер арқылы өңірдің тарихы, тұрмысы

мен мәдени ерекшеліктері туралы мәлімет алуға болады. Ол әдеби тілдің негізін байыта отырып, сол аймақтың табиғи, мәдени, тұрмыстық ерекшеліктерін бейнелейді. Аймақтық сөздерді зерттеу арқылы ұлттық мәдениет пен тілдік мұраны сақтауға ықпал етуге болады.

1. 7. 3 КІРМЕ СӨЗДЕР МЕН ШЕТТІЛДІК СӨЗДЕР

Кірме сөздер – қазақ тіліне өзге тілдерден енген, уақыт өте бейімделіп, тіліміздің бір бөлігіне айналған сөздер. Олар негізінен араб, парсы, орыс, моңғол және еуропа тілдерінен кірген.

Академик Р. Сыздықова 1968 жылы шыққан «Абай шығармаларының тілі» атты зерттеу еңбегінде кірме сөздерге байланысты мынадай ой-тұжырымдарын келтіреді: «а) қазақ тілінің жұрнақтары арқылы жаңа сөздер жасайды; ә) кірме сөздерден грамматикалық және тұрақты тіркестер жасалады; олар, мысалы, қызмет сөзінің істеу деген сөздің түрлі ситуацияларға байланысты қолданылатын әртүрлі синонимдерімен тіркесіп көпмағыналылық сипатқа ие бола алады» [73].

Академик Ө. Айтбайұлы кірме сөздерді араб-парсыдан енген терминдік атаулар, моңғол тілімен ортақ атау сөздер, орыс және орыс тілі арқылы енген интернационалдық терминдер деп қарастырып, олардың басым көпшілігі діни, ғылыми, қоғамдық-саяси, түрлі шаруашылыққа, ұсақ өндіріске, қол өнеріне, үй іші жабдықтарына, құрал-саймандарына, әскери-әкімшілікке байланысты термин сөздер болып келетінін атап көрсетеді [74].

Кірме сөздердің сөздік қорға енуі туралы ғалым К. Аханов зерттей келе, кірмелену үдерісін екіге бөледі: біріншісі – тікелей ауысу; екіншісі – жанама ауысу [75], І. Кеңесбаев пен Ғ. Мұсабаев араб және иран тілінен енген кірме сөздерді атқаратын қызметіне қарай үш топқа бөледі: шаруашылыққа қатысты кірме сөздер, үй тұрмысына қатысты кірме сөздер және діни кірме сөздер деп бөліп қарастырған [76]. Ө. Болғанбайұлы және Ғ. Қалиұлы кірме сөздерді төрт топқа бөледі: 1) тілге әбден сіңісіп, қазақтың байырғы төл сөзіндей болып кеткен актив сөздер; 2) терминдік сипаты бар арнаулы сөздер; 3) экспрессивті-эмоциялық мәні бар сөздер; 4) әдеби тілдің шеңберінен біржола ығысқан немесе

ығысуға жақын жүрген сөздер [77]. Бұдан бөлек Академик Р. Сыздық кірме сөздің ену дәрежесін былайша көрсетеді: «Шеттілдік сөздің семантикалық жағынан сіңісуі, олардың тілдегі бұрынғы бар сөздерден мағына жағынан дифференциялануы, стильдік сфераға жатпайтын болса, оның әдеби тілің әр алуан жанрында қолданыла беру қабілеттілігі» [78].

Қазақ тіліне енген кірме сөздерге былайша талдау жасалады:

Араб және парсы тілдерінен енген сөздер: Мектеп (*араб: мақатаб*). Ғылым- білім (*араб: ұлм*). Дүние – әлем, жер (*араб: дунья*). Кітап – жазба, кітап (*араб: китаб*). Әлем – дүние (*араб: алам*). Сағат – уақыт өлшемі (*араб: саат*). Хат – жазба хабарлама (*араб: хитаб*). Мәдениет – өркениет (*араб: маданият*).

Моңғол тілінен енген сөздер: *Нөкер* – қорғаушы, серік. *Тұзақ* – аң аулауға арналған құрал. *Жасақ* – әскер. *Қос* – уақытша тұрғын үй. *Шара* – іс-шара, әдіс.

Орыс тілінен енген сөздер: Пойыз – теміржол көлігі (*поезд*). Трамвай – көлік түрі (*трамвай*). Самауыр – ыдыс, шай қайнатқыш (*самовар*).

Еуропа тілдерінен енген сөздер (*көбіне орыс тілі арқылы*): Телефон – байланыс құралы (*грек: теле – алыс, phone – дыбыс*). Радио – байланыс жүйесі (*латын: radius – сәуле*). Компьютер – есептеу құрылғысы (*ағылшын: computer*). Интернет – желі (*ағылшын: internet*). Банк – қаржы мекемесі (*итальян: banco – орындық*).

Түркі тілдерінен енген сөздер (*ежелгі байланыс арқылы*): Қоржын – жүк салатын зат. Шелек – су тасуға арналған ыдыс. Жейде – киім түрі. Күрек – топырақ қазатын құрал.

Қазақ тіліне енген кірме сөздер фонетикалық, морфологиялық тұрғыдан бейімделіп, қазақтың үндестік заңына сәйкес өзгереді. Мысалы, *поезд* – *пойыз*, *майка* – *мәйкі*, *шофер* – *шопыр*. ХХ ғасырда қазақ тіліндегі кірмелену үдерісі түпнұсқасын танымастай икемделуімен ерекшеленді: *адвокат* – *атбекет*, *волость* – *болыс*, *восьмушка* – *әшмүшке* (25г шай), *кровать* – *кереует*, *ботинка* – *бәтеңке*, *самовар* – *самаурын*, *күршек* (*кручок*), *күмәшник* (*бумажник*).

Кірме сөздер мен шеттілдік сөздердің айырмашылығы олардың тілімізде қолданылу деңгейі мен бейімделу ерекшеліктеріне

байланысты. Кірме сөздер – тілге еніп, толық сіңісіп кеткен сөздер. Тіпті қазақтың төл дыбыстарымен икемделіп, жазылуы да айтылуы да түпнұсқадан алшақтаған кірме сөздердің ауыспалы мағынадағы атаулары төл сөз болып есептелуі тиіс. Мысалы, *бәтеңкебау (шнур)*, *болыскей (польский)* – никелированный сөзінің аудармасы ретінде қазақтың төл сөзі болуы тиіс. Олардың шығу тегі басқа тіл болғанымен, уақыт өте қазақ тілінің заңдылықтарына бейімделіп, қазақтың төл сөздеріне ұқсап кеткен.

Діни сөздер – бұл діни сенімдер мен ілімдерді жеткізуге, ғибадат рәсімдерін сипаттауға және рухани ұғымдарды түсіндіруге арналған сөздер мен тіркестер. Олар белгілі бір діннің ерекшеліктерін бейнелейді және сол дінді ұстанушы халықтың сөзқолданысында маңызды орын алады. Қазақ халқының діни сөздері көбінесе ислам дінімен байланысты, бірақ оның алдында да тәңірлік сенімдер мен шамандық ұғымдарға қатысты сөздер болған.

Діни сөздердің түрлері:

1. Ислам дініне қатысты сөздер. Ислам қазақ халқының дүниетанымы мен мәдениетіне терең ықпал етті, көптеген діни терминдердің тілге енуіне себеп болды. Араб-парсы тілінен енген діни сөздер: *Алла* – Жаратушының аты. *Құран* – Исламның қасиетті кітабы. *Намаз* – ғибадаттың түрі. *Рамазан* – ораза айындағы ұсталатын парыз. *Дұға* – Аллаға жалбарыну, *Пайғамбар* – Алланың елшісі, *Шаригат* – исламның құқықтық және этикалық нормалары. *Ғибадат* – Аллаға құлшылық ету. *Зекет* – мұқтаждарға берілетін садақа.

2. Тәңірлік және шамандық сенімдерге қатысты сөздер. Исламға дейінгі қазақ даласындағы діни ұғымдар табиғатпен үйлесімге негізделген: *Тәңір* – Жаратушы және аспан құдайы. *Ұмай ана* – Отбасы мен бала-шағаның қамқоршысы. *Бақсы* – Жындармен байланысқа түсіп, ем-дом жасайтын адам. *Құт* – Рухани немесе материалдық байлықтың символы. *Жан* – Адамның рухы, мәңгілік өмірдің мәні.

3. Этикалық және рухани ұғымдарға байланысты сөздер. Діни сенімдер адамгершілік қасиеттерді сипаттайтын ұғымдарды қалыптастырды: *Арам* – тыйым салынған нәрсе. *Халал* – шарифатқа сай нәрсе. *Сабыр* – төзімділік, шыдамдылық. *Адал* – таза, шарифатқа сай іс. *Иман* – Аллаға және пайғамбарларға сену. *Қайырымдылық* – мұқтаждарға көмектесу.

4. Ғибадатқа қатысты сөздер. *Мешит* – намаз оқитын қасиетті орын.

Михраб – мешіттегі имам намаз оқитын орын. *Азан* – намазға шақыру үшін оқылатын үндеу. *Құрбан* – Аллаға арнап шалынатын мал.

5. Діни рәсімдер мен мейрамдар. *Рамазан* – ораза айы. *Құрбан айт* – құрбандық шалатын мейрам. *Мәуліт* – Мұхаммед пайғамбардың туған күні. *Тарауих* – рамазан айында оқылатын қосымша намаз.

Қазақ тіліндегі діни сөздердің басым бөлігі араб және парсы тілдерінен енген. Олар көбінесе ислам дінінің таралуымен бірге келген. Бірқатар діни сөздер қазақ тіліне бейімделіп, күнделікті тұрмыста қолданысқа енді. Мысалы, *Құдай* сөзі қазақ халқының дәстүрлі сенімдерінде «Тәңір» ұғымымен үйлесім тапқан. Діни сөздер қазақтың ауыз әдебиетінде, әсіресе қисса-дастандар мен діни өлеңдерде жиі кездеседі (*Бисмиллә деп сөз бастаймын. . .*).

Діни сөздер – қазақ тілінің рухани және мәдени қазынасының ажырамас бөлігі. Олар халықтың сенімін, дүниетанымын, этикалық және моральдық құндылықтарын бейнелейді. Діни сөздерді зерттеу мен қолдану ұлттық мәдениеттің байлығын сақтауға және оны дамытуға ықпал етеді.

Шеттілдік сөздер – сөздік құрамға жақында енген, тілімізге әлі толық бейімделмеген сөздер. Олар көбінесе өзге тілдегі нұсқасында немесе аздаған өзгеріспен қолданылады. Мысалы: *компьютер, бизнес, интернет, маркетинг*. Шеттілдік сөздер уақыт өте келе қазақ тіліне сіңіссе, кірме сөздер қатарына қосылады. Шеттілдік сөздердің белгілері олардың тілімізге ену ерекшеліктеріне, қолданылу сипатына және бейімделу деңгейіне байланысты анықталады.

1. Шеттілдік сөздер көбінесе қазақ тілінің орфографиясы мен фонетикалық заңдылықтарына бейімделмей, түпнұсқаға жақын қолданылады. Мысалы: *маркетинг, дизайн, стартап, онлайн*.

2. Шеттілдік сөздер ғылым, технология, бизнес, мәдениет, саясат сияқты салалардан келген жаңа ұғымдарды білдіреді. Мысал: *инновация, робототехника, менеджмент, лайк*.

3. Шеттілдік сөздер көп жағдайда қазақ тіліндегі баламасы жоқ болғандықтан түпнұсқа күйінде қабылданып, қоғам

сұранысындағы сөз болғандықтан кең қолданыспен таралады. Мысал: *вебсайт (интернет-сайт), блог, чат*.

4. Шеттілдік сөздер қосымшалар арқылы түрленгенде, синтагмалық қатынасқа түскенде қазақ тілінің заңдылықтарына сәйкес еместігі көрінеді. Соған орай қазақ тілінде шеттілдік сөздерге жалғау немесе қосымша жалғанудың ережелері үздіксіз жаңарып отыруы тиіс. Мысал: ноутбук-қа (*немесе ноутбукке*), файл-ді (*немесе файлды*).

5. Шеттілдік сөздер белгілі бір кәсіптік немесе ғылыми салада қолданылуы арқылы танылады. Қазіргі заманда ІТ саласы, инженерлік технология, электронды БАҚ, жасанды интеллект ғылымы аясында енген шеттілдік сөздер қазақ тілінің сөзді құрамына «неологиялық жарылыс» жасады. Тіл тарихында ең қарқынды ағынмен енген шеттілдік сөздер дәуірі осы кез ХХІ ғасырдың 20 жылдары болды.

6. Шеттілдік сөздердің ешбір кедергісіз (*аударылмастан*), тоқтаусыз (*қолданыста белсенді болуы*) енуінен кейде кейбір сөздерінің көпшілікке түсініксіз болуы мүмкін, себебі олар кең таралмаған немесе тілдік ортада жаңалық ретінде танып үлгермеген болуы мүмкін. Мысал: *контент, таргетинг, копирайтинг*.

Шеттілдік сөздер уақыт өте қазақ тіліне бейімделіп, орфографиялық және фонетикалық өзгерістерге ұшыраса, кірме сөздерге айналады. Бірақ дәл осы кезеңде шеттілдік сөздердің икемделу үдерісі байқалмайды. Сондай-ақ ағылшын, қытай, жапон, француз тілдерінен енген шеттілдік сөздер орыс тіліне икемделген нұсқасында келіп жатыр. Егер тікелей түпнұсқа тілінен икемдеп қабылдайтын болсақ, рерайтиң (*рерайтинг емес*), жөкер (*джокер емес*) болуы керек еді. .

Шеттілдік лексиканың артықшылықтары – жаңа ұғымдар тілге тез енеді, сол арқылы тілдің қоғамға ілесе дамуын көрсетеді. Ғылыми-техникалық терминологияны халықаралық стандарттарға жақындатады.

Шеттілдік лексиканың кері әсері – тілдің табиғи дамуына теріс әсер етуі мүмкін. Тілдің ұлттық ерекшелігін азайтады, төл сөздерді ығыстырады. Мысалы, қазақ тілінде төл балама атауы болса да шеттілдік сөз белсенді қолданылады. *Обыр емес рак (ауру атауы)* сөзі жұмсалады. *Жолдорба емес рюкзак бел-*

сенді қолданысқа түседі. Сондай-ақ шеттілдік сөздерді сөйлемде тіркестіруде түсінбеушілік немесе қолдану қиындықтарын тудырады.

1. 7. 4. ЖАҢА СӨЗДЕР

Академик Р. Сыздықтың айтуынша, «жаңа сөз» деп жүргеніміздің бір алуаны – жаңа мағына үстеп, «тонын айналдырып киген» байырғы сөздер. Демек, жаңа дегеніміздің өзі – бұрынғы барлардың не тұлғасы, не мағынасы құбылған «жаңғырықтары. *«Жаңа сөздер» деген категорияға жататын тілдік құбылыстың қазақ тіліне қауырт және көптеп пайда болған тұсы ХХ ғасырдың алғашқы екі онжылдығы деп батыл айтуға болады», – дейді [79].*

Қоғам өмірінде пайда болған жаңа ұғымдар, жаңа технологиялар мен әлеуметтік құбылыстар тілде міндетті түрде өз көрінісін табады. Осындай өзгерістердің нәтижесінде тіл қорына жаңа сөздер енеді. Бұл сөздер неологизмдер деп аталады. Қазақ тіліндегі неологизмдер – тіл дамуының, ұлттық сананың және заман талабына бейімделудің айқын көрсеткіші. Неологизм – тілде жаңадан пайда болған, бұрын болмаған немесе жаңа мағынада қолданылып жүрген сөздер мен сөз тіркестері. Олар белгілі бір уақыт өткен соң тілдік нормаға айналып, күнделікті қолданысқа енуі мүмкін. Кейбір неологизмдер уақытша сипатта болса, енді біреулері тілде тұрақты қалыптасады. Дегенмен тілде жаңадан пайда болған әрбір сөзді бірден неологизм деп атау дұрыс емес. Неологизм ретінде танылу үшін сөз жалпы тілдік қолданыста орнығып, әдеби тіл нормаларына сәйкес қолданылуы қажет. Кейбір жаңа атаулар белгілі бір кезеңде ғана белсенді қолданылып, уақыт өте келе қолданыстан шығып қалуы мүмкін. Қазіргі заманда *онлайн, аккаунт, стрим, подкаст* сияқты сөздер күнделікті тілдік қолданысқа белсенді түрде еніп келеді. Себебі қазіргі қоғам өмірі цифрлық технологиялармен және интернет кеңістігімен тығыз байланысты. Көптеген адамдардың қарым-қатынасы, ақпарат алмасуы осы ортада жүзеге асады. Демек, жаңа сөз халық тұтынуына аса мұқтаж, яғни сұраныстағы заттар мен құбылыстардың белсенділігі жоғары болғанда, сол сөздің қолданысы да

артады. Халықтың жаңа тауарлар мен жаңа құбылыстарды белсенді тұтынуы әлемдік даму ағынында келе жатқанын көрсетеді. Мәселен, *стрим* сөзі ағылшын тіліндегі *stream* ұғымынан шыққан және интернет арқылы тікелей эфир жүргізу мағынасында қолданылады. Бұл сөз әсіресе ойын, білім беру және медиа салаларында кең таралған. Ал *подкаст* атауы дыбыстық форматтағы бағдарламаларды білдіреді және соңғы жылдары ақпарат таратудың жаңа түрі ретінде танылып отыр.

Қазақ тіл білімінде неологизмдер бірнеше түрге бөлінеді. Оларды жасалу жолына, мағынасына және қолданылу аясына қарай былай топтастырылады:

1. Лексикалық жаңа сөздер. Лексикалық неологизмдер – тілде мүлде болмаған жаңа сөздер. Олар көбінесе жаңа заттар мен құбылыстардың атауы ретінде пайда болады. ана тілінің төл сөзінен де шеттілдік кірме сөздерден де жасалады. Мысалы: *айқарабет, айдарбелгі, қалтафон, смартфон, дрон, стартап, цифрландыру, блогер*. Бұл сөздер қазіргі қоғамдағы ғылыми-техникалық және әлеуметтік өзгерістерге байланысты қалыптасқан.

2. Мағыналанған жаңа сөздер. Семантикалық неологизмдер – бұрыннан бар сөздің жаңа мағынада қолданылуы арқылы жасалады. Мұнда сөздің сыртқы тұлғасы өзгермейді, бірақ мағынасы кеңейеді немесе жаңарады.

Желі (бұрын – ау, тор; қазір – интернет жүйесі),

Шегендеу (бұрын – құдық ішін құрсаулау; қазір – демаркация аудармасы) Түбіртек (бұрын – кесілген ағаш түбірі; қазір – кви-тация аудармасы),

Тосап (бұрын – су түбіндегі шөгінді, қазір – варенье аудармасы),

Тағылық (бұрын – жабайылық, қазір – вандализм аудармасы),

Себет (бұрын – тор қалта, қазір – информатикада жойылатын файлды сақтайтын құрылғы).

3. Сөзжасамдық жаңа сөздер. Сөзжасамдық неологизмдер тілдің ішкі сөзжасам тәсілдері арқылы жасалады. Қазақ тілінің қосымша әсіресе жұрнақ арқылы жаңа сөздер қалыптасуы. Қазіргі таңда белсенді жаңа атау жасаушы жұрнақтар мыналар:

- ман, -мен: *жазарман, ақылман, оралман, тыңдарман, білермен*

- ым, – ім: қаралым, айналым, айтылым, жазылым, аңғарым, аталым, ауысым, ауқым, елтаным, жабдықталым, сатылым, ұстаным, қоршалым, көрсетілім, түсірілім, белгіленім, өтінім, белсенім, сөйлесім, теңгерім, түзілім, тілдесім

-ар, -ер, -ір, – р: белжазар, газқағар, дәмқосар, желбағар, күнқағар, қарар, меңзер, мінбер, оқжатар, оқшаиар, суағар, тінтуір

-қар, -кер, -ғар, -гер: борышкер, бітімгер, дәмгер, дәріскер, емдәмгер, жалгер, зияткер, кәсіпкер, киногер, қаржыгер, қарызгер, қаскер, мердігер, несиегер, сазгер, тәлімгер, үлескер

- ма, – ме, па, пе: балама, батырма, белтартпа, бұрыштама, бұркеме, жапсырма, желкерме, жүктеме, жіктеме, көшірме, нұсқама, сынама, сырқатнама, сілтеме, теңгерме, ұңғыма

-ат, – ет: баянат, қағидат

-шы, -ші: безенші, әкімші, бетбояушы, демеуші, оташы

-нама: ғұмырнама, дерекнама, жаднама, заңнама, өмірнама, рұқсатнама, сұраунама

-ыс, -іс: дағдарыс, кептеліс, тапсырыс

Мұндай неологизмдер ұлттық тілдің ішкі әлеуетін көрсетеді.

4. Кірге жаңа сөздер. Кірге неологизмдер – басқа тілдерден енген жаңа атаулар. Олар кейде сол қалпында, кейде қазақ тілінің заңдылықтарына бейімделіп қолданылады. Әр дәуірдің өзіне тән жаңа сөздері болады. 2020–2024 жылдардың неологизмдері – жаһандық пандемия, технологиялық серпіліс, әлеуметтік қозғалыстар мен цифрлық мәдениеттің қарқынды дамуы кезеңі. Осы түрткіжайттар тілге жаңа сөздер мен тіркестердің белсенді енуіне ықпал етті. Бұл кезеңдегі неологизмдер қоғамның сол кездегі ой-пікірін, қажеттілігін және өмір салтын бейнелейді. Осы кезеңнің неологизмдерін мынадай тақырыптық топқа ажыраттық:

1. Денсаулық пен пандемия. 2020 жылы COVID19 пандемиясы бүкіл әлемді дүр сілкіндірді. Бұл салада жаңа сөздер мен терминдер пайда болды:

Ковид – COVID19 вирусының таратуынан пайда болған ауру атауы.

Пандемология – пандемияны зерттеу ғылымы.

Зум – қашықтағы жұмысшылар мен білім беру кездесулері үшін танымал бейне конференция платформасы.

Коронавирусология – коронавирустар мен олардың қасиеттерін зерттейтін ғылым.

Антиваксер – халықты коронавирустық инфекцияға қарсы міндетті вакцинациялаудың қарсыласы.

Барановирус – ковид-диссиденттердің сөйлеуінде қолданылған коронавирустық инфекция тек виртуалды немесе бұқаралық ақпарат құралдарында болатын және әлемдік бизнес-элиталарға пайдалы ойдан шығарылған құбылыс.

Вакцинофилия – коронавирустық инфекцияға қарсы вакцинациялау қажеттілігі туралы идеяны ұстану.

Вакцинофобия – коронавирустық инфекцияға қарсы вакцинациядан қорқу немесе оның ықтимал салдары.

Зомбовирус – ковид-диссиденттердің сөйлеуіндегі қолданыс. Саясаткерлер мен ірі кәсіпкерлердің пайдадасы үшін ойдан шығарылған коронавирустық инфекция құбылысы.

Зумбинг – хакерлік бұзақылық Zoom конференциясына араласу (*кез келген онлайн іс-шараларға кеңірек*), оларды бұзу немесе ұйымдастырушылар мен қатысушыларды дүр сілкіндіру мақсатында, әдетте әдепсіз сипаттағы материалдарды көрсету түрінде жүзеге асырылады.

Зум-конференция – онлайн режимінде, оның ішінде Zoom сервисі арқылы өтетін конференция.

Иммунопаспорт – адамның коронавирустық инфекцияға қарсы антиденелерінің бар екендігін көрсететін құжат.

Инфейкция – коронавирустық инфекция туралы жалған ақпарат туралы ақпарат.

Инфодемия – коронавирустық инфекция туралы тексерілмеген, дұрыс емес ақпараттың белсенді таралуы.

Шеттілдік жаңа сөздердің енуі қазақ тілінің табиғи даму барысына тигізетін әсері екі түрлі болмақ: бірі – жаһандану үдерісінің өзі сияқты тіліміздің өзіндік бет-бейнесін біртіндеп жоғалтып, тегі де, жүйесі де бөлек өзге тілдермен бірдейленіп кетуіне әкеліп соғуы мүмкін. Ал екіншісі, сан түрлі арналармен ағылып келіп жатқан жаңа атаулар жалпыхалықтық сөздік құрамды байыта түсуге өзіндік үлесін қосады.

2. Технология мен цифрлық орта. Бұл үдеріс жаңа сөздерді орыс тілінің икемделген нұсқасында қабылдады. Әсіресе

цифрлық қызметтер мен жасанды интеллектке байланысты жаңа атаулар белсендігі жоғары болды:

Чатбот – генеративті тілдік үлгілер

Стриминг – тікелей байланыс

Хайп – қызығушылық

Тренд – жаңалық

Хэштег – тақырыптық белгі

Инфлюенсер – әлеуметтік желіде көпшілікке ықпал ететін тұлға

Лайк – қолдау

Әлеуметтік желідегі шеттілдік жаңа сөздер – жастар мәдениеті мен күнделікті қарым-қатынасқа тән. Олар негізінен ағылшын тілінен бейімделген сөздер болды және эмоционалды мәнге ие. Жасанды интеллект неологизмдері – кәсіби, ғылыми салаға қатысты болды. Негізінен техникалық ағылшын сөздерінен алынған, ресми немесе жарнамалық мәтіндерде кеңінен қолданылды. Бұл тақырыптағы неологизмдер жылдам қолданысқа еніп, қысқа уақыт ішінде танымал бола алады, бірақ IT саласындағы сөздер көбіне ұзақ мерзімге тұрақты, ал әлеуметтік желідегі сөздер жастар сленгі ретінде уақытша қолданысқа ие болады Себебі оның орнын басатын жаңа ұғымдар үздіксіз пайда бола береді.

Неологизмдер – тілдің жаңару үдерісінің нәтижесі. Олардың әр түрі тілдің белгілі бір қажеттілігін өтейді. Неологизмдерді дұрыс қолдану, жүйелеу және ғылыми тұрғыда зерттеу – тіл білімінің маңызды міндеттерінің бірі. Бұл үдеріс қазақ тілінің болашақтағы дамуына берік негіз қалайды.

Қазақ тіл білімінде де неологизмдерді реттеу, жүйелеу және аудару – өзекті мәселелердің бірі. Шексіз еніп жатқан жаңа шеттілдік сөздерді шектеу қажет пе? Неологизмдерді шектеу дегеніміз – тілге енген жаңа сөздердің барлығын бірдей қабылдай бермей, олардың қажеттілігі мен қолданыс аясын саралау. Әрбір жаңа сөз тілдің ішкі заңдылықтарына, ұлттық болмысына және әдеби тіл нормаларына сай келуі тиіс. Қажетсіз, баламасы бар немесе тек белгілі бір тар ортада қолданылатын сөздерді шектеу тіл тазалығын сақтауға мүмкіндік береді. Неологизмдерді шектеудің негізгі себеп-

тері – шеттілдік элементтердің шамадан тыс көбеюі, қазақша баламалардың ескерілмеуі, тілдік норманың бұзылуы.

Неологизмдерді аудару – күрделі әрі көпқырлы құбылыс. Бұл үдерісте жаңа ұғымның мағынасы дәл сақталуы, сонымен қатар қазақ тілінің табиғатына сай берілуі маңызды. Аудару барысында бірнеше тәсіл қолданылады.

1. Тікелей аудару. Бұл тәсілде сөздің мағынасы толық қазақша баламамен беріледі. Мысалы: cloud computing – бұлтты есептеу, artificial intelligence – жасанды интеллект.

2. Мағыналық аудару. Жаңа сөздің негізгі мағынасы сақталып, қазақша ұғымға жақын атау беріледі. Мысалы: deadline – соңғы мерзім, feedback – кері байланыс.

3. Транскрипция және транслитерация. Сөздің дыбыстық немесе графикалық тұлғасы сақталып, қазақ тілінің заңдылығына бейімделеді. Мысалы: жемени (gemini), чат жипити (chatGPT).

4. Аралас тәсіл. Бұл тәсілде сөздің бір бөлігі аударылып, екінші бөлігі түпнұсқа күйінде қалады. Мысалы: онлайн оқу, цифрлық платформа.

Неологизмдерді аудару кезінде бірқатар қиындықтар туындайды. Олар – жаңа ұғымның дәл баламасының болмауы, бір ұғымға бірнеше баламаның ұсынылуы, халық арасында бірізді қолданыстың қалыптаспауы, аударылған сөздің қолайсыз немесе түсініксіз болуы. Сондықтан неологизмдерді орынды шектеу және сапалы аудару қазақ тілінің дамуына оң әсер етеді. Бұл тіл тазалығын сақтауға, ұлттық тілдің беделін арттыруға, жаңа ұғымдарды ана тілінде түсінікті жеткізуге, терминологиялық жүйені біріздендіруге мүмкіндік береді. Жаңа сөздерді ойланбай қабылдай беру де, оларды толықтай шектеу де дұрыс емес. Ең бастысы – тілдік тепе-теңдікті сақтау, яғни қажетті неологизмдерді қазақ тілінің заңдылықтарына сай аударып, ал орынсыздарын шектеу. Бұл үдеріс қазақ тілінің болашақта да толыққанды әрі өміршең тіл ретінде дамуына негіз болады.

Қазақ тіліне енген қазіргі неологизмдер алдымен лексикалық деңгейде өзгеріске түседі. Яғни сөздің мағынасы кеңейіп, жаңа қолданысқа ие болады. Мысалы, *фактор* – *түрткіжайт*, *резюме* – *түйіндеме*, *сюрприз* – *тосынсый*, *сувенир* – *кәдесый*,

баланс – теңгерім, ягуар – теңбілтер, дендропарк – тәлімбақ, заказ – тапсырыс, меню – мәзір, проба – сынама, диагноз – сырқатнама, т.б. болып сәтті аударылды, қолданысқа сәтті енді. Осылайша аудармада мазмұнға дәл келетін балама ойлап табу – тілтанымдық аса қажет іс болғалы тұр.

Фонетикалық тұрғыдан алғанда, қазіргі неологизмдер қазақ тілінің дыбыстық заңдылықтарына ішінара бейімделеді. Мысалы, подкаст, стриминг, маркетплейс сияқты сөздер қазақ тілінде үндестікке толық бағынбаса да, айтылымда жеңілдетіліп қолданылады. Кейбір сөздер ауызекі тілде қысқартылып айтылады: маркетплейс → маркет, стриминг → стрим, подкаст → подкас. Бұл – фонетикалық икемделудің алғашқы белгілері. Қазақ тіліне соңғы жылдары енген неологизмдер лексикалық жағынан да, фонетикалық тұрғыдан да белгілі бір өзгеріске ұшырайды. Бұл – тілдің өзге тілдік элементтерді қабылдап, оларды өз жүйесіне бейімдеу қабілетінің айғағы. Алайда қазақ тілінің болашағы үшін жаңа сөздерді ұлттық тілдік нормаларға сай бейімдеу және қазақша баламаларды орнықтыру маңызды болып қала береді.

2 ТАРАУ. ТАНЫМДЫҚ ЛЕКСИКОЛОГИЯ

Танымдық (*когнитивтік*) лексикология – бұл сөздік қордағы ұғымды таңбалайтын лексикалық бірліктердің мағына білдіруші ғана емес, білімді түсіндіруші код ретінде қызмет етуін зерттейтін тіл саласы. Сондықтан танымдық лексикологияның зерттеу нысаны – мағыналы сөздер ғана емес, білім ақпаратымен толысқан ұғым бірліктері мен концептілер, олардың өрісі. Нақтырақ айтқанда танымдық лексикология лексикалық бірліктің адамның танымдық өрісіндегі ой бірлігі ретінде, бірнеше ақпараттардың жиынтық бірлігі ретінде қалыптасатынын зерттейді. Демек, танымдық лексикология қазақ сөзінің кең ауқымды немесе тар ауқымды деңгейін, яғни ұғым боларлық мүмкіндігін зерттейтін ғылым саласы. Мәселен, кез келген қазақ сөзін алайық, ол сөз күнделікті тұрмыстық қолданыста бар *кел*, *жүр*, *тұр* деген сөздер болса, олардың ұғым боларлық мүмкіндіктері бар ма? Ал сирек қолданылатын сөздерді алайық, мәселен, *ұябасар* (*ұрғашы қыран құс*) немесе *қандыауыз* (*мылтық атауы*). Бұл атаулардың концептілік мәні бар ма? Бұл сөздердің астарында қандай білім бар? Ал «*Өмір*», «*Өлім*», «*Тағдыр*» атаулары туралы қазақ халқының танымында қандай ақпараттар бар, олар концептілік өріс құрай ала ма? Сонда қай қатардағы сөздің салмағы, сөз бойындағы білім басым, неге олай? деген мәселелердің тетігін анықтау адамның қабылдауы мен тану қабілетінің арқасында, жадыда терең сақтау және өнімді қолдану тәжірибесінің арқасында қалыптасқанына көз жеткізілген. Соның негізінде тілді антропоэлекті бағытта зерттеу науқаны қалыптасты. Осы бағыттың аясында танымдық лексикология пайда болды. Осылайша, тілдік құрылымның лексикалық деңгейінің бірлігі бола отырып, танымдық лексикологияда сөз адам психикасының тылсым әлемін, ақиқат дүниенің бейнесін, жалпы дүниетанымдық бейнесін ашатын негізгі кілт қызметін атқара бастады. Танымдық лексикологияда сөз ойбейне, бейнелі атау, концепт, стереотип, ассоциация, гештальт, т.б. логика, когнитология, психология нысандарының қызметін атқаруы мүмкін. Себебі олар жай лексикалық бірлік

қызметінде ғана емес, ойтанымдық лексикон ретінде зерттеледі. Тілдің сөздік құрамына жүргізілетін талдау адамның менталдық лексиконын ұйымдастыру қағидаларын анықтауға мүмкіндік береді. Мұнда менталдық (ойтанымдық) лексикон деп адамның сөйлеу тәжірибесін қайта өңдеу нәтижесінде қалыптасатын және оның сөйлеу-ойлау әрекетінде тиімді пайдалануға арналған лексикалық компоненті түсініледі. Танымдық лексикология не үшін маңызды, несімен пайдалы? Танымдық лексикология қазақ сөзінің қолданбалы-жұмсалымдық қызметіндегі ұғымжасамдық, мағынажасамдық үдерістерін тіркеп, сөздің семантикалық әрі концептілік өрісін танытып, таратып, түсіндіру үшін маңызды. Мәселен, *Суалған сиырдың желініндей әжім-әжім бет-аузында бір қылтанақ жоқ (М. Мағауин. Аласапыран)* деген сөйлемдегі «қылтанақ» – жазушының белгілі бір ойтаныммен немесе прагматикалық мақсатта қолданған бейнелі мағынадағы сөзі. Мәнмәтіннің мазмұнына қарай *қылтанақ – сақал-мұрт* мағынасында да жұмсалатыны біреулер үшін оңтайлы, біреулер үшін түсініксіз болуы әбден мүмкін. Себебі әрбір адамның аялық білімі мен танымдық көкжиегінің қабылдауына қарай әртүрлі. Дегенмен, қазақ әдебиетінде осылай тіркелгендіктен, қазақ тілінің сөздік қорына да аталмыш мағынамен енеді және «қылтанақ» сөзіндегі бейнелі өріс жаңа мағынамен толыққанын көрсетеді. Танымдық лексикология осылайша қазақ сөзінің қолданысындағы әрбір жаңалықтары мен мүмкіндіктерін, адамның ойтанымдық, сезімтанымдық өрісінде ақиқат дүние ретінде қабылданған мүмкіндігі деңгейінде қызмет етуін зерттейді.

2. 1. ҰҒЫМ ЖӘНЕ КОНЦЕПТ

Сонымен, танымдық лексикология лексикалық бірліктердің мағынасын тек тілдік жүйе аясында ғана емес, адам санасындағы концептілік құрылымдармен, білім қорымен, тәжірибемен байланыста қарастырады. Бұл бағыт қазақ тіл білімінде де өзекті мәселелердің біріне айналып отыр. Танымдық (*когнитивтік*) лексикологияда сөз мағынасы дайын, тұрақты құрылым ретінде емес, өзгермелі әрі мәтінге тәуелді құбылыс ретінде танылады.

Дәстүрлі лексикологияда сөз мағынасы мағыналар жиынтығы ретінде түсіндірілсе, танымдық лексикологияда мағына – адам санасында қалыптасқан білімнің жиынтығы ретінде қарастырылады. Сонымен танымдық лексикологияның негізгі бірлігі – энциклопедиялық сипатқа ие, адамның тәжірибесіне негізделген, концептілік жүйеде өрісін құрған ұғым не концепт. Ал концепт пен ұғымның мағыналық өрісін жинайтын әрі біріктіретін тетік – категориялау. Бұл тетіксіз концепті де ұғым да қалыптаспайды. Категориялау әрекетіндегі өріс құрайтын басты ұстаным – прототип. Байқағаныңыздай, лексикалық бірліктің (*сөздің*) мағыналық өрісін құрайтын тетіктер бөлек те, ұғым мен концепт өрісін құрайтын тетіктер басқаша. Себебі ұғым мен концепт – ойлау қызметінде жүзеге асатын бірліктер, сондықтан екеуінің атқаратын қызметі де бір. Біздіңше ұғым – философия бірлігі де, концепт – танымдық лингвистика бірлігі.

Сонымен ұғым – логика мен философияда қалыптасқан категория. Ол адамның ойлау қызметінің нәтижесі ретінде дүниедегі заттар мен құбылыстардың мәнді, жалпылама белгілерін дерексіздендіру арқылы қалыптасады. Ұғым нақты ғылыми танымға тән, ол ақиқат дүниені шынайы қалпында бейнелеуге ұмтылады. Ұғымның негізгі сипаттары – дерексіздігі, жалпылық, логикалық дәлдігі, эмоциялық және бағалауыштық бейтараптығы, яғни ұғымда эмоциялық, бағалауыштық мән болмайды. Мысалы, *ағаш – діңі қатты жуан өсімдік (лексикалық мағына)*. *Ағаш – жапырақты, бұтақты, діңді көпжылдық өсімдіктердің жалпы атауы немесе ағаш – табиғи ортада орман алқабын құрайтын, тірі ағзалардың жиынтық атауы (ұғымдық анықтама)*. Ал енді *орындық* деген сөзге лексикалық мағына мен ұғымдық анықтама беріп көріңіз. Меніңше, орындық сөзі ұғымдық анықтама иеленетіндей жалпылық, логикалық дәлдік деңгейіне дейін халықтық түсінік қалыптастыра қойған жоқ. Мысалы, шаңырақ заттық бұйым бола тұрса да ұғымдық мәнге ие болды. *Шаңырақ – киіз үйдің маңызды бөлігі (лексикалық мағына)*. *Шаңырақ – қазақ халқында отбасы мәнінде жұмсалатын дәстүрлі ұлттық танымдық құндылық (ұғымдық анықтама)*.

Концепт – танымдық лексикологияның негізгі бірлігі. Концепт – адамның дүниені тану тәжірибесінің, мәдениеті мен

ұлттық санасының нәтижесінде қалыптасқан көпқабатты менталдық құрылым. Концептінің ерекшеліктері – көпқұрамдығы (*бейнелік, ұғымдық, бағалаушытық белгілері болады*), жалпыадамзаттық немесе авторлық түсініктердің жиынтығы, ұлттық-мәдени шарттылығы, тіл арқылы көрінуі. Концепт тек логикалық немесе энциклопедиялық білімді ғана емес, сонымен бірге адамның эмоциясын, бағасын, ассоциациясын, тіпті адамның бес сезім мүшесі арқылы қабылданған әсерін де қамтиды. Мәселен, А. Байтұрсынұлы танымында «Маса» – жай жәндік емес, оятқыш, серпілткіш, білім алуға, сауат ашуға ықпал ететін дәнекер немесе халықты ағартушылыққа үндейтін жасырын код. Сонда автордың (*А. Байтұрсынұлының*) ақиқат дүниені тану әлемінде масаның ызындап ұйқы бермейтін (*есту сезімі*), қан сорып, шағып, маза бермейтін (*жанасу (тактильді сезімі)*) қасиеттері «жалқауланба», «әрекеттен», «қозғал» сияқты кодтарды түсіндіруге негіз болып тұр. А. Байтұрсынұлының авторлық танымынан кейін *маса* қазақ тілінде код деңгейіне көтерілді, бәлкім концепт деңгейіне де көтерілетін болар.

Ұғым мен концептінің айырмашылықтарын былайша түсіндіруге болады:

1. Ұғым – философия мен логика ғылымының бірлігі болса, концепт – когнитивтік ғылымның бірлігі.

2. Ұғымның анықтамасы талап етілсе, концептіге анықтама беру міндеттелмейді.

3. Ұғымда бейнелілік, эмоциялық реңк, бағалаушытық мән болмайды, ал концептіде керісінше осы белгілер қатысады.

4. Ұғымда категориялану өлшемшарттары қатаң сақталса, концептіде сақтала бермейді.

5. Ұғымға жалпыадамзаттық тән болса, концептіге жалпыадамзаттық, ұлттық, авторлық-тұлғалық (*индивидуалды*) түсініктер де тән бола береді.

6. Ұғымның анықтамасы рационалды, дәлелденген, дәйектелген білімдердің жиынтығынан құралса, концепт мазмұны иррационалды, бейнелі, мифтік, ассоциациялық, халықтық стереотиптік, т.б. түсініктердің жиынтығынан құрастырыла береді.

7. Ұғым зат не құбылысты ғылыми тұрғыдан анықтайды, концепт адамзаттың танымы арқылы (*адам қалай қабылдайтыны тұрғысынан*) анықтайды.

8. Ұғым – жалпыадамзаттық ойлаудың логикалық көрінісі болса, концепт – халықтық санадағы, тұлғалық санадағы, мәдени санадағы, ұжымдық санадағы, ұлттық санадағы түсініктің көрінісі болады.

9. Ұғым – логикалық құрылым, концепт – менталды құрылым.

10. Ұғым – концепт өзегі (*ядросы*) бола алады, бірақ барлық концепт ұғымдық деңгейге жете бермеуі мүмкін. Концепт ұғымдық мәртебеге ұмтылады. Концептілік өріс кеңейген сайын, алыс, жақын мағыналардың перифериясы артқан сайын, концептінің мәні жалпыадамзаттық деңгейде қолданылған сайын ұғымдану үдерісі қалыптасады.

Тілдік жүйеде лексикалық мағына жалпыадамзаттық концептілік және ұғымдық мәнге ұласқан сайын сол тілдің сөздік қоры таныла түседі, сол тілдің әрбір сөзі халықаралық сөзқолданысқа түседі. Яғни сөздің халықаралық деңгейдегі жиілігі артады, сол арқылы тілге сұраныс ұлғаяды. Мәселен, «*қымыз – жылқы сүтінен ашытылып жасалған сусын*» деген лексикалық мағынаның ауқымы кеңейді, «*қымыз – қазақтың ұлттық бренді*», «*қымыз – құртаурудың емі*», «*қымыз – детокс*», «*қымыз – бой сергіту сусыны*», «*қымызды кім ішпейді, қызға кім сөз айтпайды*», т.б. сияқты концептілік түсініктер таралған сайын *қымызтерапия*, *қымызхана* кәсіптік орындар, шипажайлар көбейе бастады. Нәтижесінде қымызды ұнтақтап дәрумен ретінде дайындайтын кәсіпорындар ашылды. Шетелге қымыз бен *қымызұнтақ* тасымалданатын болды. Осылайша «қымыз» ұлттық сусын ғана емес, емдік дәрімен не дәрі атауы ретінде жалпыадамзаттық стереотиптік танымға айналды. Әзірше қымыз концептілік бірлік (*сусын, ем, бойсергіткіш (шарап)*), ағза тазартқыш, ұлттық құндылық) деңгейде халықаралық ауқымда танылып келеді.

Сонымен ұғым мен концепт бір-бірінен толық ажырап кетпейді, олар өзара тығыз байланыста болады. Олардың тоғысатын тұстары – екеуі де адам санасында қалыптасады, екеуі де дүниені танудың нәтижесі, екеуі де тіл арқылы көрініс табады, концептінің өрісін толықтыратын ақпараттар жалпыланған сайын ұғым құрайтын болады.

Концепт ұғымы қазіргі тіл білімінде ХХ ғасырдан бастап белсенді қызмет атқара бастады. Алғашқыда концепт тілді

логикалық талдау тұрғысынан тану бірлігі ретінде анықталып, ұжымның, тұлғаның мәдени, рухани ой-санасын, менталитетін тануда қарқынды қызмет атқарады. Сөйтіп, рухани мәдениетті танытатын тірек сөздерді (*тірек – ұғым*) концепт деп атау қарастырылды. (Н. Д. Арутюнова, А. Н. Мороховский, Д. С. Лихачев, В. В. Колесов т.б.). А. Вежицкая: «Концепт идеалды дүниенің өзегі ретінде танылып, адамның дүние туралы түсінігінде қалыптасады», – деген тұжырым жасайды [80]. С. А. Аскольдов-Алексеев: «Концепт санадағы актілердің мазмұны» деген ой айтады [81]. Концепт тілге дейінгі санадағы ой әрекеті арқылы пайда болып, ондағы мазмұнды танытатын бірлік, сондықтан концепт – ментальді түсінік (В. В. Колесов, Д. С. Лихачев, Е. С. Кубрякова, Р. И. Павленис т.б.) деген тұжырым да қалыптасты. Д. С. Лихачев зерттеуінде концепт тұлғалық санада шоғырланып, концептілік отау (*орта*) құрайды деп көрсетеді де, сол отауды «концептосфера» деп атайды [82].

Сонымен концепт – тілтанымдық категория екені мойындалды. Бірақ басқа терминдік атаулармен балама қолдануға болмайды. Концепт танымдық лексикология саласының басты термині ретінде зерттеле бастағаннан-ақ мағына мен ұғымның орнын ауыстыра қолдану жағдайы кездесе бастады. Сондықтан зерттеушілер ең алдымен осы терминдердің ара жігін ажыратып көрсеткенді жөн көрді. Ю. Степанов: «Мағына – тек тіл жүйесінде ғана анықталатын тіл термині, ал ұғым – тіл мен логика саласындағы логикалық қатынастар жүйесінде анықталатын, тілтаным әрі логика саласына ортақ термин», – деп көрсетеді [83]. С. Аскольдов-Алексеев: «Концепт лексикалық мағынаға қарағанда ауқымы кең дүние», – деп таниды. «Концепт» пен «ұғым» терминдері ішкі формасына қарай бірдей: концепт латынның «*conceptus – ұғым*» сөзінің калькалық аудармасы. Бірақ қазіргі таңда екі ұғымның да өзіндік ерекшелігі байқалуда. Егер ұғым танылатын нысанның мәнді, мазмұнды қасиеттерінің жиынтығы болса, ал концепт – ұлттық болмысқа негізделген немесе жеке тұлғаның өмір тәжірибесі арқылы жинақтаған ментальді білім жиынтығы. Оның мазмұн межесі – нысан туралы ұжымдық, тұлғалық санадағы барлық біліми ақпараттар шоғыры болса, тұрпат межесі – тіл бірліктерінің жүйеленген көрінісі (*лексикалық, фразеологиялық, паремиологиялық т.б. бірліктер*).

Концептіні белгілі бір мағына бере алатын, әлемді танытатын таңба ретінде қарастыруға болады. Концепт пен ұғымның басқа да өзгешеліктері бар: ұғым өз бойына мәнді, маңызды белгілерді жинайды, ал концепт бұнымен қоса, мәнді емес қасиеттерін де қамтиды. Ұғым құрылымына қарағанда концепт құрылымының шеңбері едәуір кең. Концепт пен ұғымды оның құрылымдары арқылы ажыратуға болады. Ұғым құрылымында тек мазмұндық, анықтамалық белгілер болады, оған концептілік құрылымдағы барлық элементтер ене бермейді. В. Маслованың пайымдауынша: «Концептінің мағыналық, сипаттамалық қырынан басқа да әрқашан эмоционалды, экспрессивті, бағалауыш сәулелері көрінеді» [84]. Яғни концепт бойынан адамның зат не құбылыс (*дүние*) туралы жағымды, жағымсыз бағасы, әсері, эмоциясы, ойы, танымы көрінеді.

А. П. Бабушкин концепт пен ұғым терминдерін ұқсас деп танып, ғылыми саладан оның бірін, яғни «ұғымды» ығыстырып шығаруды ұсынады. «Қазіргі таңда тілші ғалымдар «ұғым» терминін классикалық мәнінде қолдана бермейді, оның орнына концепт деп аталатын ойлау құрылымын қолданғанды жөн көреді» [85;146]. Н. Н. Болдырев, керісінше, екі терминнің де қолданылу аясы бар деп есептеп, оларды былай ажыратады: «Егер ғылыми танымда ұғымның көлемі (*берілген дүниені толықтыратын белгілер мен қасиеттерінің жиынтығы*) және мазмұны (*ондағы бір немесе бірнеше нысан белгілерінің біріккен жиынтығы*) болса, ал концептіде ұғымның мазмұндық бөлігі ғана көрінеді [86]. Концепт зат не құбылыстың мағынасы арқылы да танылады. Бірақ ол мазмұн – жадыда саналы түрде автоматты сақталған форма. Концептіні барлық жағдайда бейне деп тани алмаймыз, себебі, ол бірде бейне ретінде, бірде жалпы идея ретінде танылады. Сөздің мағынасы концепт қалыптастырушы материал ретінде қызмет атқарады. В. Виноградов сөз мағынасымен, ұғыммен салыстыра келе концептіні «ақиқаттың үзiгi» деп таныған [87, 166]. Б. А. Серебренниковтің зерттеуінде концепт – санадағы мазмұн [88, 1936]. Сөз мағынасындағы денотат концепт бойындағы «ақиқат дүниенің бейнесімен» тең. М. Никитиннің зерттеуінде: «Сөз денотат, коннотат, сигнификат таңбалары арқылы рәсімделсе, концепт – интенционал, импликационал, бейне, символ, стереотип, прототип, эмотив сияқты бейнелі

модустар таңбасымен рәсімделеді» делінеді [89]. Концепт туралы тұжырымдар мен зерттеулерді сараптау нәтижесінде мынадай қағидаларын анықтауға мүмкіндік берді:

1. Концепт – санада қалыптасатын логикалық болмыс. (С. А. Аскольдов-Алексеев; Чесноков; Е. С. Кубрякова). Концепт – бұл сөзбен оның ұғымы арасындағы делдал. Ішкі сөйлеу барысында санада қалыптасқан ұғым бірден сөзбен таңбалана алмайды. Сондықтан оның орнына мағына элементі ретінде ойдағы алғашқы түсінік – менталды таңбалар көмекке келеді. Бұл концепт болып саналады [90,286]. Концепт – ұғым не атау жайындағы ақиқат болмыс ретінде жиналған ақпараттардың санада өзара бірігу, топтасу, категориялану үдерісінде қалыптасатын ой репрезентациясы [91]. Концепт – бұл бүтін мазмұнды құрайтын ұсақ ойлардың бірлігі, үстірт қарапайым көріністер жиынтығы [92].

2. Концепт – адамның өмірлік тәжірибесі мен ұлттық тәжірибедегі бейнелер (*таңбалар*) жиынтығы. (*Чубарян, Р. И. Павиленис, А. П. Бабушкин*) Концепт – ұқсас заттар мен құбылыстардың ұқсастық дәрежесі. Олардың бойындағы белгілері мен қасиетіне байланысты екі нысанның да ортақ белгісі концепт қалыптастыруға негіз болды. Концепт – белгілеуге болатын таңбасы бар ұжымдық сананың дискреттік бірлігі. Концепт – бұл белгілі бір сөзді айқындайтын түсінік, білім, ассоциация шоғыры.

3. Концепт – ақиқат дүниенің мәдени бейнесі. Демек белгілі бір ұлттың не адамның мәдени танымы сол дәуірдің болмысын анықтайды [93]. А. Н. Арутюнова, М. М. Копыленко, А. Н. Мороховский пікірінше, мағыналық аясы кең ұғым концепт бола алады. С. Лихачев концептосфера ұғымын концепт-1, концепт-2 топтарына сүйену арқылы айқындайды. Концепт-1 – алғашқы ментальді түсінік; концепт-2 – рухани мәдениетті танытатын тірек сөздер.

Бұл зерттеулерден шығатын нақты тұжырым: концепт – бұл ақиқат дүние туралы санада жинақталған жан-жақты білім. Ол ғылыми, мәдени, рухани, көркемдік танымда берілуі мүмкін немесе олардың қосылып (*энциклопедиялық*), ықшамдалған түрінде көрінуі мүмкін. Әрине бұл адамның жеке танымы мен түсінігін жүйелеу қабілетіне байланысты.

2. 2 КОНЦЕПТІЛІК ҚҰРЫЛЫМДАР

Концептілік құрылымдар – адамның санасында дүниені тану, түсіну және жүйелеу үшін қалыптасқан мағыналық-танымдық үлгілер. Концептілік құрылым алдымен танымдық жүйе құрайды. Олар концептілердің қалай ұйымдасатынын, қалай байланысатынын көрсетеді. Концепт – адам санасында ақиқат және бейақиқат дүниені тануға қызмет ететін күрделі когнитивтік құрылым. Оның құрамына мәдени, тарихи, ассоциативтік, бағалаушы және тілдік белгілер енеді. Концептіні көпқабатты жүйе ретінде қарастырудың тетігі, ол – сезімдік тәжірибе, өмірлік әрекет, бұрынғы білім, тілдік, әлеуметтік, ұлттық стереотиптер және саналы таным негізінде қалыптасады. Концептілік жүйе – адам санасындағы білім мен түсініктердің өзара байланысқан, үздіксіз жұмыс істейтін құрылымы. Бұл жүйеде ақпарат қабылданып, өңделіп, топтастырылып, басқа көзқарастармен салыстырылып, тілдік код арқылы көрініс табады. Тіл концептілік мазмұнды толық қайталамайды, тек оны таңбалық түрде түсіндіреді (*репрезентациялайды*), өйткені концептілік жүйе – түрленімді (*континуалды*), ал тіл – құрылымды (*дискретті*). Концептілік жүйеде ортақ (*интерсубъективті*) және жеке (*субъективті*) білім қатар өмір сүреді. Жеке танымдық білімдер көбіне метафора, ассоциация, бейнелі үлгілер (*модельдер*) арқылы көрінеді. Сондықтан тілдік бірліктердің мағынасы әрдайым концепт мазмұнымен толық сәйкес келе бермейді. Демек, дүниенің концептілік бейнесін айқындайтын негізгі тірек – концептілік жүйенің өзі. Концептілік жүйенің жалпы көрінісі:

1. Концепт құрылымының қабаттары:

Концепт

- өзек (*ядро – негізгі белгісі*)
- жақын периферия (*қосымша / тарихи белгі*)
- алыс периферия (*ішкі, жасырын белгісі*)

2. Концептінің қалыптасу көздері (Попов – Стернин бойынша [94]):

Сезімдік тәжірибе



Өмірлік әрекет, қызмет



Бұрынғы концептілермен сәйкестендіру



Тілдік стереотиптер



Саналы таным, тұжырым

3. Концептілік жүйенің жұмыс істеу үдерісі
(Р. И. Павленис[95]):

Ақпарат қабылдау



Санада талдау



Ұғымға қатысты элементтерді топтастыру



Басқа көзқарастармен салыстыру



Жүйелеу, реттеу



Тілдік код арқылы репрезентация

4. Концептінің ұйымдасу қатынасы:

Ақиқат дүние



Сана (концептілік жүйе)



Тіл (таңбалық көрініс)

5. Концептілік жүйенің базалық құрылымы

Концептілік жүйе



Концептілік құрылым арнайы ойтаным үлгісімен тілде кодталады. Ол тілдік мазмұн арқылы санадағы білімнің ұйымдасу жолдарын көрсетеді. Г. Гиздатов ойтаным үлгіні (*когнитивтік модельді*) прототип пен бейнелі түсініктің бірлігінен туындайтын концептіні құраушы құрылым деп сипаттайды [96]. Оның пікірінше, бұл модель сөздің лексикалық мағынасында бейнеленген ақпаратты айқындауға мүмкіндік береді. Е. Беляевская когнитивтік модельді лексикалық мағынаның қалыптасу деңгейін көрсететін дерексіз құрылым ретінде таниды. Ғалым когнитивтік модельдің ішкі құрылымы концепт құрылымымен сәйкес келетінін атап көрсетеді [97]. Осы көзқарастарды жинақтай келе, ойтаным үлгісін санадағы білімді сақтау әрі оны тілдік мазмұн арқылы түсіндіру (*репрезентациялау*) қызметін атқаратын танымдық құрал деп тұжырымдауға болады. Оның құрамында білімнің құрылымдық белгілері мен когнициялық әрекеттер жүйесі сақталады және ол

- ассоциаттық,
- символдық,
- бейнелі,
- стереотиптік үлгілер арқылы көрініс табады.

Ассоциация – адам санасындағы ең алғашқы білімдер. Қарабайыр білімді айқындайды және тілдік құрылымда әртүрлі қырынан түсіндіріледі (*интерпретацияланады*). Ассоциаттық таным нәтижесінде санада «стимул – реакция» үлгісіндегі тұрақты байланыстар қалыптасады. Мәселен ассоциаттық байланыс үлгісін ұсынып көрейік:

Ассоциация түрі	Тілде ұйымдасуы	мысалы
Ақиқат білімнің түрленуі (<i>парадигмалық түрі</i>)	Мағыналас сөздер, қарама-қарсы ұғымдар, гипогиперонимдер	Өмір – өлім, туылуы, жарқырау, күн сәулесі Өлім – өшу, жер асты, табыт, арғы дүниедегі өмір
Ақиқат білімнің тізбектелуі (<i>синтагмалық түрі</i>)	Іргелес белгілер	Өмір – өмір сүру, өмір кешу, қиын өмір
Фонетикалық түрі	Дыбыстық белгілер	Өмір – өс, өн, өркенде Өлім – өш, өкір, өл
Тақырыптық түрі	Ұғымдық-жағдаяттық байланыс	Өмір мектебі, өмір баспалдағы, өмірдің балы мен шекері, өмірдің ағы мен қарасы
Күрделі түрі	Ойбейнелі құрылым	Өлім – үзілген жүзім Өлім – қиылған бөрене Өлім – қайтпас кеме

Бұл ассоциациялардың барлығы ойтанымдық үлгі қалыптастыруда кешенді қызмет атқарады. Н. И. Береснева ассоциаттық байланысты сөздің эмоционалды және коннотаттық мағыналарына негіздей отырып, олардың концепт мазмұнын ашудағы қызметін айқындайды [98]. Бұл үрдіс, әсіресе, М. Мақатаев поэзиясында айқын байқалады. Ақынның «күн» концептісіне қатысты ассоциациясын талдап көрелік:

Ассоциаттық үлгі	Ассоциаттық белгі	Таным нәтижесі
Сезімдік	Жылу, жарық, күлімдеу	<i>Күн күлді ай ұялып бетін басты</i>
Табиғи құбылыс	Қызару, бату, шығу, көтерілу	<i>Қызарып соңғы сәуле шашырады</i>
Бейнелі	Адам кейпінде, жанды дүние	<i>Күн түйе алмай барады шашын әлі</i>
Күрделі эмоциялық бейне	Жағымды не жағымсыз кейіпкер кейпінде	<i>Қызыл-жасыл қырғауыл күн көтерілген қанатын қанға малып</i>
Мәдени таным	Ұлттық түсінік	<i>Күміс жалды күн дейтін көлікпенен көріп келем өмірді, көріп келем</i>

Ассоциацияның сезімдік түрі – ұғымға қатысты санада бұрын қалыптасқан әсерден (*реакциядан*) туындауы. Күрделенген түрлері тұлғалық таныммен, эмоционалды-бағалаушы, бейнелі көзқарастармен толығады. Ассоциация арқылы тану бұрынғы тәжірибе мен жаңа қабылданған ақпараттың өзара байланысына негізделеді.

М. Мақатаевтың махаббат туралы ассоциациялық түсінігін талдап көрелік:

1. **Қарабайыр түсініктер.** (*ассоциат – синонимдер*): сүйіспеншілік, ғашық болу, құмарлық, сұлулық, сезім т.б. Көркем мәтіндегі базалық ұғым авторлық танымына негізделеді. Мысалы: *Махаббат бақыт емес қонатұғын. Түлкі емес ойдан қырдан шолатұғын. Махаббат кездеспейтін керемет бір. Өмірде бір-ақ рет болатұғын.*

2. **Сезімдік түсініктер:** қызғану, сағыныш, құмарту, таңдану, ынтығу. Мысалы: *Естідің бе аспанның күрсінгенін, Сол менің саған деген тылсым демім. Ұйықтап жатса оянсын, ояу болса, Күңіренген жанымды білсін дедім. Немесе, Сағынарсың сәулем деп, жүрегім деп, Зарығарсың махаббат уытын жеп.*

3. **Әдеп және эстетика түсініктері:** сыйлау, құрметтеу, түсінісу, сұлулық, әдемілік. Мысалы: *Аймалап адал жүрек төнген саған, Төрт бұрышын төңіректің шарласамда, Сендей жар жанға жайлы қайдан табам.*

4. **Денемен сезіну түсініктері:** құшақтау, аймаласу, ернінен бал тату, көзінен сүю, мандайынан иіскеу. Мысалы: *Жай ғана көңілде жоқ қалағаным, Кешкілік бақты ұзақ араладым. Өбісіп те өлісіп екеу отыр, Өтіп кеттім бұрылып қарамадым.* Немесе *Тұрғам жоқ сауға сұрап қылығынан, Жан едім махаббаттың құрығы ұрған. Иіскейін жұртымның топырағынан, Иіскет, қарағым, маған бұрымыңнан.* Немесе *Бір бел мен бір бел қосыла алмай қос ғашық. Гүлдерін ұстап, қолдарын бұлғап қоштасып.*

5. **Жағымсыз түсініктер:** алдану, сатқындық, өкіну, күйіну. Мысалы: *Түсте көріп жалт еткізер, Махаббат дертіне болармын жем.* Немесе *Қапелімде алды өкініш, арты мұң, Қаламаймын махаббаттың қалдығын.*

6. **Уақыт кеңістігіндегі түсінігі:** мәңгілік махаббат, уақытша махаббат, көрсе қызығу, кездейсоқ махаббат. Мысалы: *Солай-ақ болсын! Сүйем сені жаныммен, Мен сендікпін арымменен, барымменен.* Немесе, *Мүмкін сүйіп жүрегің басқа бір жан Маған деген жүректі суытарсың.*

Ассоциация арқылы тану – бұрынғы тәжірибелер мен жаңадан қабылданған түсініктер арасындағы байланыс. Концепт құрылымында ойтанымдық үлгі қалыптастыратын ассоциациялық түсініктер кең болған сайын адамның аялық білімінің жоғары екенін байқауға болады.

Таптаурын (стереотип) – белгілі бір ұғым, зат немесе құбылыс туралы қоғамда орныққан әлеуметтік стандартты түсінік. Ол ақиқат дүниенің өзіне тән, жиі қайталанатын белгілері мен қасиеттері негізінде қалыптасып, ұжымдық немесе жеке сананың терең қабатында тұрақталады. Стереотип санада сол дүние туралы алғашқы ақпараттық белгі, яғни бастапқы таным үлгісі ретінде сақталады. Мысалы, *әйел – нәзік, эмоционалды, ер адам – мықты, салмақты* деген түсініктер әлеуметтік стереотиптердің типтік үлгісі болып табылады. Таптаурын тек қана қасаң пікір емес, ол – білім алудың, дүниені танудың когнитивтік көзі, сондай-ақ танымдық үлгі қалыптастыруға қатысатын ой әрекеті. Стереотиптің жалпы сипаттамаларын төмендегідей жүйелеуге болады:

- дүниенің ортақ, баршаға таныс белгілері, жағдаяттары мен атрибуттары арқылы танылады;

- оның әлеуметтегі көрінісі мен әлеуметтік тәжірибедегі орны айрықша маңызға ие;

- көпшілікке түсінікті, автоматтанған мағыналық тұтастыққа негізделеді.

«Таптаурын» терминін ғылымға алғаш енгізген У. Липпман (1922), оны күрделі дүниені қабылдауды жеңілдететін, санада алдын ала дайын тұрған, мәдени мазмұнмен көмкерілген схемалық құрылым ретінде сипаттайды [99]. Оның пікірінше, стереотип шынайы болмысты түгел қамтымайды, бірақ оны түсінуді жеңілдететін танымдық сүзгі қызметін атқарады.

В. В. Красных стереотипті белгілі бір феноменге қатысты концептіні түсіндіруде оның ішкі байланыстарын ұйымдастыратын тіл мен ой құрылымы деп қарастырады [100]. Осы тұрғыдан алғанда, стереотип – адам санасында қалыптасқан дүние бейнесінің бір үзгіі. Демек, тілдегі әрбір бірлік белгілі бір деңгейде стереотиптік мәнге ие болуы мүмкін.

Ю. Сорокин стереотиптерді белгілі бір таңбалық үлгіге сай әрекеттер, құлықтар мен қылықтар қатынасынан туындайтын жағдаяттар жүйесі ретінде таниды [101]. Ал В. А. Рыжкова стереотипті этностың коммуникативтік бірлігі деп бағалап, оны тұлға санасында әлеуметтік маңызы бар, типтік әсерлерге негізделіп қалыптасатын құрылым ретінде түсіндіреді [102].

Аталған көзқарастарды жинақтай отырып, мынадай тұжырым жасауға болады: стереотип – ақиқат дүние туралы күнделікті қолданыста кең таралған, белгілі бір затты, құбылысты, жағдаятты немесе әлеуметтік топты танудың санадағы оқиғалы бейнесі әрі тұрақты бейнесі. Ол дүниені қабылдаудың ең ықшам, үнемді жолы ретінде қызмет етеді. В. В. Красных ұсынған жіктелімге сәйкес, санадағы стереотиптер құлық стереотиптері және түсінік стереотиптері түрінде көрініс табады. Түсінік стереотиптері бейне-стереотип және стереотип-жағдаяттар деңгейінде өз ерекшеліктерімен таңбаланады. Осыған байланысты, дүниеге қатысты стереотиптік таным санада ойсурет, таным-бейне, фрейм немесе сценарий түрінде сақталады. Когнитивтік сөздіктерде стереотип білім көрсеткіші әрі ақпаратты өңдеудің формасы

ретінде қарастырылады. Оның негізгі қызметтері мыналармен айқындалады:

– когнитивтік қызметі – дүниені тануда ең көзге түсетін, маңызды белгіні жылдам айқындау;

– аффектілік қызметі – этникалық және мәдени болмысты ескере отырып, «өзін» және «өзгесін» ажырату;

– әлеуметтік қызметі – қоғамдағы ішкі және сыртқы көзқарастарды салыстыра отырып, әлеуметтік тәжірибені реттеу. Осылайша, стереотип дүниенің белгілері мен қасиеттерінің жиі қайталануынан туындап, автоматтанған дағдылы түсінікке айналған танымдық көрсеткіш болып табылады.

М. Мақатаевтың ана (*шеше*) туралы стереотиптік түсінігін талдап көрелік:

Тірек сөз	Жалпыадамзаттық стереотип	Ұлттық стереотип	Авторлық стереотип
Ана	Балалы әйел	Төрт ұйқысын төрт бөлетін	<i>Шешем жүр сол өзінің шаруасында Жесірліктің жабынын мойнына іліп</i>
Ана	Қамқоршы	Ақ сүтін суалтқан	<i>Уыз емген бұзаудай жатсам керек, Уызына шешемнің тойып алып,</i>
Ана	Мейірімді жүрек	Баласы үшін барын беретін	<i>Шешем менің – иілген сұрау белгі, Сәл ғана шаттық көрді, жылау көрді,</i>
Ана	Тілеулес жан	Өмірлік қолдаушы	<i>Жабырқаған анама қарадым да, Уайымның ұлыдым табанында</i>

Демек, стереотип – дүние туралы таным-түсініктің жиі қайталануынан тұрақталған адам санасындағы алғашқы сигналдар, яғни әрекеттер мен құлықтар шаблонуы. Бұл шаблондар (*дүниенің жағдаяттық таңбалары*) аса терең ойлауды қажет етпей-ақ, тіпті саналы түрде ойланбастан ойға сарт ете түсетін түсініктер. Стереотипке тән ерекшелік – тұрақтылығы. Бұл тұрақтылық танылатын дүниенің маңызды жағдаяттардың санада жиі қайталанып, дағдылы түсінікке айналуы негізінде жүзеге асады.

Символ өнерде, әсіресе көркем шығармаларда кеңінен қолданылады. Ойдағы дүниені танытуда, қиялдың күші жетпей дәл нақты бейнелеуді қажет етуде, рационалды ойды таңбалауда символ көмекке келеді. Символ – аса дәріптеу, құрметтеу, бас ию, қадірі білінген, санада ерекше қасиетімен танылған дүниелерден туындайды. Ю. С. Степанов: «Символ ғылыми ұғым емес, поэтика ұғымы, ол әрқашан белгілі бір поэтикалық жүйе шеңберінде анықталады және тек сонда ғана ақиқатқа ие болады», – деп танытады [103].

Тілдік символ қасиеті дүние бейнесін, аялық білім шеңберінде қарастырылатын тілдік таңба уәжділігінен тұрады. Символ өз ішінде атау беру немесе тұрақты мағыналық шарттылық мәнін сақтайды.

Символдың негізі, түп тамыры – бейне. Бірақ бейне ұлттық мәртебе алып, бір ғана қасиеті арқылы символдық мәнін сақтап қалады. Келе-келе қосымша мағыналар көрінбей, ұқсату арқылы қалыптасқан бейне символға айналып, кейін бейнелілігін жояды. Байқап қарасақ, символ мағынаға сілтеме жасайды, бірақ сол мағынаны сипаттай алмайды. Ал бейне ақиқат дүниені ұғынуды тереңдетеді. Символ оның пішінін, үлгісін көрсетеді. Символға тән қасиет бүтінді бөлшек арқылы танытады. Автордың тұрақты қолданған бейнесі мәнділігі мен ерекше мағыналық байлығына қарай тұлғалы символға айналады. Символ – көркем ойдың бернеленуі. Көркем символ – ішкі түйсік негізінде жасалған бейне, оның көмегімен суреткер болмыстың нағыз мәні ашылатын нақты мазмұн шеңберіне өте алады. Символ ешқашан бір мағына шегінде қалып қоймайды, оның мағыналық астары шексіз. Символ қай жағдайда да сол заттың (*ұғым*) өзінен басқа затқа меңзеу, оның шегінен асу әрекетінде байқалады. Бұл құбылыс келесі құбылыстың мәні арқылы ашылса, екі құбылыстың өзара әсерінен,

әр тарапты байланыс қатынасынан ақиқат туралы жаңа білім туады. Көркемдік танымның жоғары нәтижесі ретінде нақты бір берне – символ түрінде көрінетін бұл ақиқатты түйсіну үшін қабылдаушы – зерделеуші де (*реципиент – интерпретатор*) үлкен ой еңбегін атқарады. Көркем мәтінде жиі кездесетін символдық астарлау, сілтеу (*суггестия*) – суреткер көкейкөзбен таныған (*интуиция*) құпияға оқырманның көңіл-күйін тұтас аударып, еліктіре алатын күшті қасиет. Қ. Т. Қайырбаева символды лингвомәдениеттанымдық тұрғыдан зерттеп мынадай тұжырым жасайды: «Символ белгілі бір мазмұн идеясымен тығыз байланысты, ол өз кезегінде басқа бір, неғұрлым құнды мәдени мазмұнды білдіру қызметін атқарады. Символ – кез келген мәдениетке тән құбылыс. Символ әртүрлі мәдениет контексінде кодтала отырып, оларда түрлі мәнге ие болады. Бұл орайда қай ұлттың болмасын өзінің ұзақ даму тарихында эстетикалық ұғым-түсініктеріне, шаруашылық кәсібіне, мінез-құлыққа, ырым-наным, салт-дәстүр ерекшеліктеріне байланысты сүйкімді образдары, сөз-символдары болады [104,1336]. Қазақ тілінде «қан» ұғымы соғыс, жыныстық жетілу, өлім, мінез, ұрпақ символы ретінде танылған. *Бір кезде сел боп аққан қызыл қаннан, Өмір үшін қалған бір тамшылармыз (ұрпақ символы); Көзіңнен ғайып болған ба, Қаныңмен жеңген бостандық? (соғыс символы).* Қазақ халқы қызбалы мінезді «қызуқанды», «қан жүрегім жылайды», «қаным тасыды» секілді тіркестер арқылы көрсетеді. Қазақ тілінде қан компонентінің адам бойындағы аффективті әсерді байқату тәсілі ретінде қолданылған тіркестер де кеңінен көрініс тапқан. Қан концептісін алдыңғы ассоциациялық және стереотиптік талдау үлгілерінің желісінде зерттеп көріңіздер.

Символ ұғымын сызбалық түрде түсіндіру

Ақиқат дүние

↓ Бейне

↓ (ұлттық таным, мәдени сұрыптау)

Символ

↓

Астарлы мағына

↓

Оқырманның интерпретациясы

↓

Жаңа таным, жаңа түсінік.

Символдың ойтанымдық сипатын танытуда В. Гете мен Г. Мейер аллегориямен салыстырады [105]. Символ мен аллегорияның ортақ қасиеті – дүниені суреттеуге, белгілеуге ұмтылады. Сонымен қатар олардың өзіндік ерекшеліктері де болады:

Бірінші ерекшелік. Аллегориядан бейнеленген дүниені тану үшін білдірушіні іздейміз. Ал символда білдіруші болмыс өзінің құндылығы мен қасиетін тереңде жасырын сақтайды (*мифология, фольклорда*).

Екінші ерекшелік. Аллегория – транзитивті, символ – транзитивті емес, бірақ ол нақты бір дүниені бейнелеу қызметін жоймайды. Демек, символ қабылдауға бағытталады да, аллегория ұғынуға бағытталады.

Үшінші ерекшелік. Аллегория белгілі бір нақты дүниені тура білдіреді, яғни ондағы сезімдік қабылдаулар мағынаны таныту үшін қолданылады, ал символ жанама белгілермен білдіреді, ол тек өзін таныту үшін ғана қызмет етеді. Символ мен аллегорияның салыстырмалы сызбасы:

СИМВОЛ	АЛЛЕГОРИЯ
Жанама мағына	Тура мағына
Қабылдауға бағытталған	Ұғынуға бағытталған
Көп мағыналы	Бір мағыналы
Түйсіну қажет	Түсіну қажет

Символда лакондық, яғни ықшамды түсіндіру қасиеті бар. Символдық құрылымда әмбебаптық, идиоэтникалық, ұлттық, жалпы адамзаттық белгілер мен қасиеттер өзара бірігеді және өзара түсіндіріледі.

Символ ұғымы мағынаның белгілі бір затқа не құбылысқа теңелуін талап етеді. Символдану деп отырғанымыз – типтену, үлгілену, модельдену. Белгілі бір халықтың ұлттық ділі мен көркем ойлауындағы символ ұлттық дүние бейнесін қалыптастыруға қызмет етеді.

Бейне – көркем мәтінде ойтаным үлгісін қалыптастырушы таңба, көркемдік ақиқат дүниенің көрінісі, көркемдік шындық дүниесіндегі кейіпкерлер мен нысандар. Көркемдік дүниеде бейнелер жақын және алыс ұқсастық жағынан сәйкестендіріледі.

Дегенмен ақиқат дүниенің көркем бейнесін қалыптастыруда сәйкестендіруге шек жоқ. Сондықтан әрбір дүние әртүрлі нысандармен сипатталуы мүмкін немесе бірнеше нысандар бір ғана дүниені бейнелеуі мүмкін. Ақиқат дүниенің көркемдік бейнесінің ауысатын (*лейтмотивті*) және ауыспайтын, көрінетін, көрінбейтін үлгілері қатар қолданылады. Себебі автор сол бейнелердің орнына ең алдымен өзін қояды. Ақиқат дүниені бейнелеуде жазушы не автор алдымен өзінің ой әлемінен дүние тудыру арқылы бейне жасайды. Автордың танымындағы ақиқат дүниенің көркем бейнелері әртүрлі концептілік құрылымға салынады. Бірақ автордың мақсаты концептілік құрылымын көрсету емес, керісінше санадағы бейнеленген дүниенің ойсуретін жеткізу. Ал оқырман автор ұғымын танытуда концептілік құрылымға сүйенеді. Ақиқат дүниенің көркем бейнесін құрайтын бейне типтеріне тоқталайық:

Кейіпкер бейне. Бұл бейне әлеміне адам, жануар, шыбын-шіркей, өсімдік, құс, жалпы тірі тіршілік иелері үлгі бола алады. Қазақ танымында ақиқат дүниенің көркем бейнесін жасаудағы ең өміршең бейнелер – жануарлар бейнесі. Мысалы, М. Мақатаев танымында «еркіндік» концептісінің бейнелі түсіндірмелерін талдап көрейік:

Тірек сөз	Кейіпкер бейне	Көркем мәтіндегі көрінісі
Еркіндік	Тау тағы	<i>Ескек желмен ентігімді басқанды мен жөн көрдім. Таудың ерке тағысымын, тағысымын мен деген</i>
Еркіндік	Тарлан	<i>Тағыдай тауда өскен тарлан едім. Таңылдым тар төсектің бөлмесіне</i>
Еркіндік	Бөкен	<i>Мен – бір бөкен, аулаққа желіп кеттім, Желіп кеттім, басымды ерікті еттім</i>
Еркіндік	Құлын, қозы	<i>Желідегі құлынымын мен елдің, Көгендегі қозысымын мен елдің</i>
Еркіндік	Кер тұлпар	<i>Амалым не жастықтың кер тұлпарын, Тасқа қамап тастадым ауыздықтап;</i>
Еркіндік	Қыран	<i>Жапалақ емеспін мен жалбақтаған, Қыранмын екі көзін қан қаптаған.</i>
Еркіндік	Ақиық құс	<i>Ақиық – еркіндіктің ардагері</i>

Осылайша, кейіпкер бейнелерінің өнімділігі ақиқат дүниені танытуда әлі күнге дейін жалғасып келеді. Сонымен қатар автор құс бейнесі арқылы күз туралы танымын байқатады. *Жұқа шапан жамылған боз даланы, әлдилейді тырнаның созған әні*. Бұндағы күз – тырнаның үні. Бір жағынан бұны дыбыстық бейне арқылы жасалған деп айтуға болады. «Мыстан» бейнесі – бірде адам тағдырын бейнелесе (*тағдыр дейтін баяғы жалаң аяқ мыстаның, жалынады кете алмай, аяғына бас ұрып*), бірде өсек ұғымын бейнелейді (*Мыстан кемпір – өсектер кемсеңдейді*). Сондай-ақ арамдық, сатқындық ұғымдарын «Жантық» көркем шығарма кейіпкері арқылы түсіндіру үлгісі де кездеседі (*абай болғын, арыңды нық ұстағын, араңда жүр Жантықтың туысқаны*).

Табиғат бейнелері дерексіз ұғымдарды түсіндіруде белсенді қолданылады. Қазақ халқы дала өміріне етене таныс болғандықтан даланың барлық құбылысы, табиғаттың әрбір қимылы мен ауа райының өзгерісі басқа ұғымдарды модельдеуге қатысқанын көреміз. Мысалы: «уайым» концептісі тұман бейнесі арқылы үлгіленеді: *Адастым мен, айрылдым мен санадан, айналамды сор тұманы қамаған; Қара басқа орнатып қара тұман, қайғым болдың ойымда дара тұрған; Көрген сайын көңілімнің көмескі тұманы ашылар*. Сол сияқты «уақыт» – желмаяға мінген жел (*Жел уақыт мінгізіп желмаяға, алып қашып барады гасырымды*).

Қазақ мәдениетінде адамды табиғатпен немесе табиғатты адаммен суреттеу жиі кездеседі.

Тірек сөз	Бейнелеуші	Тілдегі көрінісі
Көз жас	Жаңбыр	<i>Көз жасымды жаңбыр етіп, Жүргенімде зар еңіреп</i>
Шаш	Орман	<i>Шашың сенің – жан баспаған Жапандағы қара орман</i>
Қыз	Сағым	<i>Қызыл күрең алау оттың орнында, Қылымсыған қыз – сағымдар көшуде</i>
Шаруа	Дала	<i>Бейнетқор шаруа гой дала нағыз</i>
Адам	Дала	<i>Жатыр дала шалқасынан Жалаңаштап кеудесін, Кеудесінде ұланғайыр Қыбыр-қыбыр тіршілік</i>

Қыз	Қайың	<i>Желігіп таудың желі аймаласа, Қыз қайың бетін басып қымсынады</i>
Қыз	Қайың	<i>Қыз қайың үсітіпті өкшесін, Аязбенен асыр салып шалғайда</i>
Албасты	Түн	<i>Түн деген шашын жайған албасты екен</i>
Қантамыр	Бұлақ	<i>Қарасаз, сенің әрбір бұлағың, Менің әрбір қан тамырым емес пе?</i>

Ақиқат дүниенің көркемдік бейнесі, байқағаныңыздай тілде метафора арқылы көрініс табады. Метафора арқылы санадағы ойсуретті үлгілеу автор танымындағы интенцияны бейнелеуден туындайды.

Кеңістік бейнелері. Ақиқат дүниені кеңістік шеңберінде бейнелеп түсіндіру – таңбалау құбылысы. Себебі кеңістік белгілі бір геометриялық, физикалық пішінмен өлшенеді. Қазақ танымында ақиқат дүниенің бейнесін кеңістікпен түсіндіруде *тор, дала, көрпе, төс, кеме, зындан, сарай, арба, шар, базар, қазан, бақ, теңіз, дария, өзен* белсенді қолданылады. М. Мақатаевтың көркемдік әлеміндегі кеңістік бейнелерді талдап көрелік:

Кеңістік түрі	Бейнелеуші	Концепт	Тілдегі көрінісі
Тік кеңістік	Шың	Бақыт	<i>Мен шыға алмас шың едің, шын бақытым, әлі де биікпісің, биікпісің</i>
Тік кеңістік	Бұлақ	Өмір	<i>Өзеніне асыққан өмір-бұлақ Төмен қарай төскейден жүгіреді</i>
Көлденең	Кеме	Арамдық	<i>Арамдықтың кемесінде шайқалған, Тентек болған тайынышадай ділгірдім</i>
Көлденең	Кеме	Үміт	<i>Әрі күттім алаңсыз бері күттім Кемесіне жармасып кер үміттің</i>
Көлденең	Көрпе	Жасыл шөп (жайлау)	<i>Оранды көк көрпеге бар өңірлер</i>

Көлденең	Төс	Дала	<i>Төсінде Жер ананың толықсиды</i>
Көлденең	Қазан	Дала	<i>Қазақ жері – алып бір қара қазан, Қазанда қайран жұртым қуырылды</i>
Көлденең	Экран	Көңіл	<i>Экран зой көңіл деген, Барлық ойды өткізуде біртіндеп</i>
Көлденең	Тор	Қиындық	<i>Сен бір жан Тұрмыстың зор торындағы, Соқпағың көп жүрсең де жолыңдағы</i>
Әлеуметтік кеңістік	Базар	Өмір	<i>Базар өмір бары-жоғы бір менде</i>
Статикалық кеңістік	Мұзайдын	Өмір	<i>Өмір деген тайғанақ мұз айдын</i>
Қозғалмалы кеңістік	Жол	Өмір	<i>Мына өмір асфальтталған жол ма қалай?</i>

Заттық бейнелер. Бұйым, нәрсе, зат, дүние көркемдік ақиқатты танытуда маңызды қызмет атқарады. Суреткерге тән қасиет танымындағы көркемдік ақиқатты (*дерексіз ұғым*) заттық болмыспен айқындауға ұмтылады. Көркем мәтінде тұрмыстық заттар, әшекей бұйымдар, жиһаз, құрал-саймандар, ұлттық бұйымдар жиі қолданылып, жаңа мағынада көрініс табады. Мысалы автор қазақтың қара шаңырағының интерьерін және төңірегін ұлттық тұрғыдан танытуда заттық әлемді пайдаланады. *Сары үзеңгі сарғайып, тат басыпты, сырма тоқым шаңменен баттасыпты. Тәбәрік боп балаға, немереге сусар бөрік о да тұр керегеді. Төңкеріліп қалыпты төс темірі, отқа күйген қожалақ бөренеді. Ауық-ауық көмейі күмбірлеген, домбыра тұр ішектері дірілдеген.* Үзіндіде берілген заттық дүниелер ұлттық мәдениет нышанын бейнелейтін лингвомәдени бірліктер. Ұлы Отан соғысын танытатын заттық деталь – *қара қағаз. Бірінің жары өлгенде, бірінің жары хабарсыз, сұрапыл басқа төнгенде, кетіпті қара қағазсыз.* Жоңғар шапқыншылығына қарсы күрес дәуірін

қару эмблематикасы – *найза* арқылы танытады. *Соғыс* деген *сотқарлардың қолындағы найзасы*. Поэтикалық мәтінге тән белгі – жауласу, қастандық, қорғану, күштеу семаларын қару түрлерімен модельдейді. Сонымен қатар «ақша» эмблематикасы бірде билік, күш, бірде сатқындық, алдау, азғыру, бірде құлдырау, әлсіздік, бірде байлық концептілерін модельдейтін заттық бейне қатарына жатады. Заттық бейнелердің концепт модельдеу тетіктері жиі кездеседі. Мысалы: «*өлім*» концептісі – ақ кебін арқылы; «*мейірімділік*» – ананың алақаны арқылы; «*әже*» – ұршық белгісі арқылы; «*өлік*» – қаусаған сүйек бейнесі арқылы объективтенген.

Дыбыстық бейнелер. Әрбір халықтың көркемдік дүниесі соносфераны (*үнді ортаны*) қалыптастыратын дыбыстық бейнелерге толы. Мысалы қазақта: *Мотордың дауысын есіте шаршадым, жамырап жатқан жас төлдің үнін аңсадым*. Мұндағы мотордың дауысы – «*қала*» концептісін, жамыраған төлдің үні – «*ауыл*» концептісін танытады. «*Өмір*» концептісі жүректің соққан дыбысымен танылады: *Қалай, қалай соғады, жан жүрегім?! Соғасың әлі өмірің бар білемін*. Мәтінде «*күз*» концептісі тырнаның үнімен танылады: *Жұқа шапан жамылған боз даланы, Әлдилейді тырнаның созған әні*. Мәтіндегі дыбыстық бейнелердің көрінісі: *Артымнан қанден өсек үргенін-ай, Қанденмен күресе алмай жүргенім-ай. Бәрі де бар басымда бәрі де бар. . . жетпейтіні жүректің әні болар* деп берілген.

Дыбыстық бейнелер көркемдік әлемде автордың дыбыстық қабылдауы (*есту қабілеті*) арқылы танумен жүзеге асады.

Көру бейнесі. Дүниені тануда көзбен (*көріп*) қабылдау қызметі ерекше орын алады. Егер көзбен көріп қолмен ұсталатын денотат болмаса дүниенің санадағы бейнесін елестету қиын. Сондықтан көру бейнесінен туындайтын үлгілер дерексіз ұғымдарды түсіндіруде, затпен ұқсату немесе нысанның түр-түсі мен пішіні, шегарасы, сызықтық кескіні арқылы сипаттау арқылы пайда болады. Көру арқылы қабылдау әлемді танудағы нысандардың түсі мен нақты сызықтық шегін сипаттап беру болып саналады. Мысалы: *өмірді жарық, сәуле* бейнесімен, *өлімді қараңғы, тұман* бейнесімен таныту жалпыадамзаттық стереотип болып табылады. Дүниені тануда көрген ақпараттарын ойдағы бейнеге

үйлестіру тетігін мысалмен түсіндірейік: *Бұққан қоян секілді қыстау жатыр, бұғып алып таудың бір қойнауында; Ақ ваннаға малып қойып бөксесін, Отыр село тері шығып маңдайдан; Шай ішіп, буы шығып қыстау жатыр, Мұржасынан түтінін сабақтаған.*

Мұнда көру бейнесі арқылы қыстау ұғымы ойсурет құрылымында түсіндіріліп, концептілік құрылымдар көру бейнелерімен кеңінен көрініс тапқан. Мысалдарды кестемен түсіндірейік:

Ұғым	Көру бейнесі	Тілдік көрінісі
Ай	Тозған таға	<i>Жарты Ай тұр шар аспанда – тозған таға</i>
Тау	Шымылдық	<i>Тауың анау – шымылдық салбыраған</i>
Түн	Жамылғы	<i>Ымырт ауыр салмақпен далаға енді, Қап-қара жамылғысын ала келді</i>
Түн	Қара кілем	<i>Шығыс жақтан бозбалаң беріп ірең, Баяу ғана түрліді қара кілем</i>
Күз	Сары шәйі	<i>Сағыныштан сарғайып жанды ма күз, Сары шәйі жамылып алды ма түз.</i>

Көру арқылы қалыптасқан бейнелер халықтық немесе авторлық танымындағы оптикалық иллюзия (*қиял, ой елес*) деп түсінуге болады, сол арқылы концептілік құрылымдар жасалады.

Дәмдік бейне. Ащы немесе тәтті дәм арқылы қабылданған әсер адамның қуанышы мен ренішін, өмірдегі бақытты сәттері мен қайғысын таныта алады. Мысалы, рақат сезімге бөлену, бақытты сезіну балдың дәмі, қымыздың дәмі, тіпті шараптың дәмі, жеміс-жидектің балдың шырынымен өлшенеді. Дәмдік бейнелер мен одан туындайтын метафоралар махаббаттан ләззат алу немесе азап шегу ұғымдарын бейнелеуде де жиі қолданылады. Сондықтан махаббат тақырыбының дәстүрлі көрінісі «*махаббатқа улану*» «*сатқындықтың ащы дәмін тату*», «*тәтті еріннен бал тату*», «*махаббаттың тәтті дәміне бөлену*», «*махаббаттың уытын жеп зарығу*» секілді бейнелермен үлгіленеді. Тәтті ұғымымен қоса «*ащы*» бейнесінің де ашу, ыза, қайғы ұғымдарын беруде тұрақтылыққа ие болғанын байқаймыз.

Мысалы: *Ащы жырым құйылса өтке барып, ашырқанып алайда сөкпе халық.* Сонымен қатар мәтінде бақытсыздық, қайғыны сезіну «у» бейнесімен беріледі. *Қайғының малынсаң да уына сен, қайғырып қамқоршы жан нәр бере ме? Дақ салып кетті-ау жаныма, жүректің махаббат уы жалап.* Қан мен жастың ащы дәмі ауыспайтын тұрақты уәж болып саналады. М. Мақатаев танымында «тәтті», «бал» модельдері өмірді бейнелейді. Мысалы: *Басқа тепті бал шарабы көктемнің; Шұғыла арман, бал өмір, артынан кетті қуалап; Шырын құйып жатамыз жүректерге; Түтінін жұтпағанда Жерошақтың, тәттісін татпас та едім Болашақтың; Елегізіп еске түсіп қай-қайдағы, көңілдің іріп кетті балқаймағы; Ғазиз анам, бақыт дәмін тата алмай шөлдеген.* Автордың танымдық тілдік қорында «тәтті» бейнесі тек жағымды коннотацияда ғана емес, жағымсыз ұғымда танылады. Ауыртпалық, қайғы мәнін түсіндіреді. Мысалы: *Таттық біздер сол соғыстың балы мен шекерін (контраст концепт).* Мәтінде асқа деген тақаулық, ашығу бейнелері төзімділік ұғымын танытуда қолданылады. Сонымен қатар асты үнемдеп жеу жағдаяттары соғыс ұғымын танытуда қолданылады. Мысалы: *Қара сұлының талқанын, Әжеміз бізге беретін еді күнде өлшеп.* Автор абстрактілі ұғымдарды аспен бейнелеу арқылы көркемдік танымын байқатады. *Ақындық деген – ашымал. Ашымалға елтіп, мастандым.* Автор асқа қатысты ұғымдарды санадағы көркем танымын түсіндіру үшін жиі қолданады. Мысалы: *Бетіне ақ дастарқан тамып кетті. Тулаған бойымдағы шарап қаным; Болашағың алдыңда піскен жоқ әлі несібің.*

Демек дәм арқылы қабылданған сезімдер мен ақпаратты өмірдің ақиқат дүниелерімен ауыстыра тану, адамның асқа деген қатынасы арқылы оның өмір сүрген дәуірін анықтау тетіктері – дүниені танудың бір тәсілі болса керек. Көркем мәтіндегі бейненің қай түрі болмасын автордың санадан тыс ұғыну, қиялдау шеберлігін байқатады.

Бұл танымдық үлгілер концептілік құрылымның алыс, жақын перифериялық өрісін құрайтын элементтер. Енді санада ұйымдасатын концептілік құрылымдарға тоқталайық. Концептілік құрылым жөніндегі зерттеулерінде Р. Джекендофф: «Әрбір адамның ми қыртысында қабылданған ақпараттар белгілі

бір ұғым төңірегінде шоғырланады. Ол көру, есту, сезу қабілеттері арқылы қалыптасып, тілде көрініс табады» делінеді [106]. Танымдық лексикологияның зерттеулерін сараптай келгенде, концептілік құрылымдардың санада бейнеленуі әртүрлі деңгейде көрініс табатыны белгілі болды:

1. Қарапайым деңгей (*фрейм*)
2. Күрделі деңгей (*скрипт*)
3. Оқиғалы деңгей (*сценарий*)
4. Сызбалы деңгей (*схема*)
5. Бейнелі деңгей (*ойсурет*)

Қарапайым деңгей – фрейм – ақиқат дүние туралы алғашқы түсініктер үзгіі. Ол концептінің ең жақын семаларынан құралады және ең жақын ассоциативтік, стереотиптік таңбалар арқылы көрініс табады. Мысалы, *Өмір* концептісінің фреймдік құрылымы «тіршілік», «күнелту», «өмір кешу», «жан бағу», «таңның атып, кештің батуы» сияқты танымдық элементтерден (*тармақтардан*) құралады. М. Минский адамның көргеннен алған ақпараты мен есінде сақталған ақпаратын модельдеу тәсілін зерттеу арқылы фрейм ұғымын танытты. Ғалым фрейм туралы зерттеуін былай дәлелдейді: «... Мәселен, бөлмеге кірген адамның ондағы заттар мен құбылыстардың қандай екенін, қалай орналасқанын, санада сақталған осы ақпараттардың қаншалықтысы ақиқатқа сәйкес келетінін анықтау адам жадындағы модельдерді көрсетеді. Бұл модельдер – фрейм деп аталады. Бұл құбылыс фильмнің әрбір кадры секілді санадағы дүниелерді визуалды, стереотиптік жағдайда қабылдап тану негізінде жүзеге асады. Фрейм – жадыда сақталған білімі мен ақпаратының белгілі бір ақиқат дүние шеңберіне ұйымдасқан, адам тәжірибесіндегі сол дүние туралы нақты фрагменттерден құралған ақпараты. Фрейм көп жағдайда дүниенің лексикалық мағынасы, ол туралы тұлғаның энциклопедиялық және экстралингвистикалық білімі негізінде санада көрініс табады. Негізінен, фрейм концепт ядросының төңірегіне ұйымдасатын құрылымдық элементтерді ассоциацияландыра отырып ақпарат жинайды» [107]. Демек санада сақталған әрбір ақиқат фрейм бола алады. Олар белгілі бір ұғым мазмұнына сай шоғырланса концептілік жүйе құрайды. М. Минскийдің пікірінше, фрейм құрылымы 2 деңгейден тұрады:

1. Жоғарғы деңгейге оқиға не жағдаятты талдауға қатысатын нақты мәліметтер жатқызылады;

2. Төменгі деңгей нақты мәліметтерді толықтыратын қосымша деректерден құралады. М. Минский мұны «бос тізбектер» деп атайды. «Өлім» концептісі мынадай фреймдік тармақтар арқылы танылады: «кұрбандық», «демі үзілу», «көр», «өмір бар жерде өлім бар», «ажал», «бақыл болу», «тіршіліктен шеттетілу», «жаны үзілу», «демі біту», «қаза», «айрылу», «дүние салу», «жаны біту». Бұл құрылымдық тармақтар өлім туралы ең қарапайым, яғни фреймдік таным-түсінік болып табылады.

Күрделі деңгей – скрипт – сценарийлік құрылымның кеңейтілген формасы. Скрипт көзбен көрген, нақты тәжірибеден өткен оқиғалар арқылы, балалық шақтан келе жатқан стереотиптік ақпараттары арқылы немесе басқа адамдардың әрекеттерін мұқият есте сақтау арқылы жинақталған ақпараттардан құралады. Яғни санадағы дайын сценарийлер мен фреймдерді топтастырып ұғыну. Скрипттің күрделілігі ақиқат дүниені тануда басқа бір оқиғаларды ой елегінен өткізіп, одан концептінің бір қырын танытатын үзіктерін автоматты түрде салыстырып, не ойша ұқсатып сол дүниенің бүтін бейнесін жасауда байқалады. Алғашқыда скрипт тек ақиқат дүниенің күрделі жағдаяттық болмысын ұғынуды жеңілдететін тәсіл ретінде қолданылды. Кейін оның көмегі арқылы бүтін концептіні, оның құрылымдарын кешенді түрде модельдеуге болатыны анықталды. Скриптке тән қасиет – мәтінге енетін фреймдер мен сценарийлердің қайталануы. Скрипт типіне салынып танылатын концепт құрылымындағы күрделі оқиғалы үзіктер мынадай мақсатта қолданылады: локациялық (*уақыт пен кеңістіктегі оқиганы бейнелеу*); логикалық (*ойлау әрекетін тану*); процедуралық (*оқиганың өтілу тәртібі*); насихаттау, үгіттеу, иландыру негізінде жүзеге асады. М. Мақатаев танымында скриптке салынып танылған, яғни күрделі оқиғалары арқылы танылған «соғыс» концептісінің тілдік көрінісі мәтінде былай берілген: *Сап түзеді қажыған нар боздақтар, Қара жаумен қайтадан алысқалы, Қайта қозып қазақтың намыстары Қайта шулап, жамырап қатын, бала Қанға шөлдеп қаңырсып жатыр дала. . . . Қара жауы қайтадан лап қойды, Кезек бермей пақырға, батырға да. Қазақ қанын*

сылқытып жатыр дала. Тозған жұртты топырлап, тапан кетті. Қатыгез жан қайсыбір бұйым көрсін. Боздақтардың желкесін шайнап кетті. Қанжыға байланған қыз-келіншек. Бозторғайы шырылдап сайрап кетті. Хас батырдың көзі еді қара жорға Қара жаудың астында ойнап кетті.

Оқиғалы деңгей – сценарий. Концепт қалыптастырудағы оның қарапайым танымдық элементтері фрейм болса, әрбір фрейм тармақтарының төңірегінен оқиғалар мен жағдаяттар жүйесін жинақтайтын моделі – сценарий. Концептінің оқиғалы құрылымы ұғымның мәнін танытатын сюжеттерден құрылады. Мысалы: «Махаббат» концептісінің «*жүрегіме гүл екті*», «*өбісіп те өлісіп екеу отыр*», «*аймалап адал жүрек төнген саған*», «*махабаттың құрығы ұрған*» деген әр мазмұндағы, әр тақырыптағы оқиғалар махаббаттың концептілік өрісін құрайды. Сондай-ақ «Махаббат» концептісін құрайтын «*Бір бел мен бір бел – қосыла алмай қос ғашық. Гүлдерін ұстап, қолдарын бұлғап, қоштасып*»; «*Мүмкін, сүйіп көңілің басқа бір жан, маған деген жүректі суытарсың*» деген шынайы немесе жалған оқиғалар да өріс құрайды. Демек, сценарий оқиғаға, жағдаятқа құрылған өріс бірліктері. Сценарийлік мазмұны бар құрылымдар адам санасында тереңінен сақталған стереотиптік таңбалар негізінде ашылады. Мысалы, «Өлім» концептісінің сценарийлік құрылымы – *жоқтау, намазын шығару, ақ матаға орап көму, жан мен тәннің ажырауы, т.б. жерлеу, көңіл айту* секілді ұлттық дәстүрлерді ой елегінен өткізеді.

Сызбалы деңгей – схема – когнитивтік санада сыртқы сигналдар мен ішкі сезімдер көмегі арқылы жинақталған ақпараттарды кеңістікте, заттық формада таныту тәсілі. Бұл тәсіл концептіні құрайтын ақпараттардың ұқсас жақтарын ұқсас емес қасиеттерінен ажыратып, концепт мазмұнын дәл, нақты денотат арқылы санада елестетіп тануға, дүниенің сыртқы нобайын жасау арқылы тануға мүмкіндік жасайды. Әрбір сызба танылатын ұғымның заттық деталін жасауға ұмтылады, концептіні көзбен көріп, қолмен ұстауға болатындай формада түсіндіретін таңбаларды құрайды. Мысалы «*өлім*» концептісінің сызбалы құрылымға салып танылуы төмендегі өлең үзінділерінен көрініс тапқан: *Қариялар азайып бара жатыр, Бірі мініп келместің*

кемесіне; Бірі күтіп әнеки жағада тұр. Қарт кетіп, жер астынан баспана апты; Дариям бітіп, тартылып, Кіргенше өлім қойнына. Мұндағы кеме, баспана, дария – статикалық кеңістіктер. Өлімді өзінше бір бөлек кеңістіктегі әлем, оған тірі адамның барлығы да өз уақытында енетінін таныту үшін жалпыадамзаттық танымға ортақ элементтердің ішінен осы ойды дәл беретін таңбаларды таңдап алып, абстрактілі ұғымды нақты танытуға тырысқан.

Бейнелі деңгей – ойсурет – концепт құрылымдарын бейнелі үлгіде таныту. Ойсурет санада бейне, символ, метафора, аллегория көмегімен танылады. Концептінің ойсурет типіне салынып танылған формасы логикалық-позитивтік танымнан гөрі эстетикалық таным деңгейінде, ақиқат дүние үзіктерін өздігінше суреттеп таныту деңгейінде жүзеге асады. Ойсурет суреткердің қиялдау, суреттеу, ұқсату, елестету шеберлігінен туындайды. Қиялдау (*фантазиялау*) шеберлігі басым болса, концептіні ойсуретке салып таныту деңгейі, яғни ұғымды метафоралау деңгейі жоғары болады. Ойсуреттің ерекшелігі абстрактілі ұғымдарды аялық білімдері сәйкес келетін адамдар үшін тез, әрі жеңіл түсіну барысында көрінеді. Мысалы:

«Өмір» концептісінің ойсурет формасында танылуы мәтінде былай беріледі: *Жоғал сары уайым! Мен тірімін, тірімін. Төсенгенім тірі жер, жамылғаным тірі Күн.*

«Уақыт» концептісінің ойсурет құрылымында танылуы: *Уақыт – қарт қателігін тарихтың, Қарап отыр, арагідік жәтеліп; Жел уақыт мінгізіп желмаяға, Алып қашып барады гасырымды; Қазы уақыт – редактор тарихқа.*

«Өлім» концептісінің ойсурет құрылымында танылуы: *Тасбауыр табыт тас қылып, Мені де бір күн шегелер; Оңға қара, солға қара – бәрібір, Бұл финалдың бәрі кір; Өшер менің шамшырағым, Тата алмай тіршіліктің тамшыларын; Ақ кебіні сүйретілген ажал сорын боратты; Бақшамдағы балбырап пісіп тұрған, Үзіп кетті, апырай жүзімді кім? Қорқыттың еліне кезікті; Қараңғы қапас ішінде, Қасірет шеккен қандай жан? Анамыз ақтай солды; Мамық төсек қайғыдан тақтай болды.*

«Тағдыр» концептісінің ойсурет құрылымында танылуы: *Тағдыр дейтін сүмелек шыр айналып кетпейді. Ол қабағын шытынса есік жаққа беттейді; Тағдыр дейтін баяғы жалаң аяқ*

мыстаның. Жалынады кете алмай, аяғына бас ұрып, Қателігін кеш ұққан тағдыр дейтін қайыршы, жүгіріп жүр жағада сауға сұрап, бас ұрып; Көзден ақса жүректегі қан-жылға, табына кеп тағдыр дейміз жанышылып, Біле тұра ұры арбакеш тағдырға Уайымды ұстатамыз қамшы ғып.

Қорыта айтқанда, поэтикалық мәтінде көрініс тапқан концептілік құрылымдардың бейнелі түсінікпен вербалдануы ақынның ойсуретке салып тану шеберлігін көрсетеді. Ойсуретпен берілген түсінік, ұғым ойда бейнеленеді, метафора арқылы тілдік көрініс табады.

2. 3. КОНЦЕПТІЛІК ӨРІС

Концептілік өріс – танымдық лексикологияның негізгі ұғымдарының бірі. Ол белгілі бір концептіні құрайтын және сонымен мағыналық, ассоциациялық, мәдени байланыста тұрған концептілердің тұтастығын білдіреді. Концептілік өріс адамның дүниені тану, қабылдау және категориялау үдерісінің нәтижесінде қалыптасады. Концептілік өріс құрылымдық жағынан өзек (*ядро*) және перифериядан тұрады. Өзек бөлігінде концептінің ең тұрақты, әмбебап, ұлттық-мәдени құндылықтағы мәндері орналасады. Периферияда жеке тәжірибеге, ұлттық мәдениетке, тарихи кезеңге байланысты өзгермелі, қосымша мағыналар жинақталады. Концептілік өріс тілдік деңгейде емес, когнитивтік және мәдени деңгейде де қарастырылады. Сондықтан концептілік өріс тек сөз арқылы емес, миф, символ, стереотип, фрейм, сценарий арқылы көрініс табады. Осы тұрғыдан концептілік өріс концептінің мағыналық кеңістігін толық ашуға мүмкіндік береді. Мысалы: «*уақыт*» концепт өрісіне талдау жасалық:

1. Концептіні категориялау:

Категориялану	Бейнелі өрісі	Тілдік өрісі	Мағыналық өрісі
Уақыт – қозғалыс	Тоқтамау, алға жылжу	<i>Мезгіл өтіп барады, тоқтамайды</i>	Үздіксіздік

Уақыт – редактор	Іріктеу, өшіру	<i>Қазы уақыт – редактор тарихқа.</i>	Бағалаушы
Уақыт – тарих	Өткен кезең	<i>Уақыт қой өткерген де өсірген Кімді тапап, кімді ап шыққан жарыққа Кімді жазып, кімді сызып өшірген,</i>	Сұрыптаушы
Уақыт – қарт	Тәжірибе	<i>Уақыт – қарт қателігін тарихтың қарап отыр, арагідік жәтеліп</i>	Даналық
Уақыт – мезгіл	Жыл, ай, күн	<i>Досым менің, барады мезгіл өтіп Мезгіл өтіп барады, тоқтамайды.</i>	Уақыт шектілігі
Уақыт – жел	Зымыраған уақыт	<i>Жел уақыт мінгізіп желмаяға Алып қашып барады гасырымды</i>	Жылдамдық
Уақыт – сынап	Тоқтаусыз уақыт	<i>Сырғанап барасыңдар, сынап – күндер Жылысып кеттіңдер-ау шуақ түндер</i>	Бағалаушы

Уақыт – көш	Ілгерілеу	<i>Уақыттың көшіменен бірге көштік Өмір өтіп жылжуда көш ілгері</i>	Қалыпты қозғалыс
Аласұрған уақыт	Уақытқа ілесе алмау	<i>Күндер, аласұрған Қайда асығып барасыңдар?! Күндер кідіріңдер, Сәл рахым тамызыңдар! Белшемнен қарызым бар, Еліме айтар арызым бар</i>	Асығыстық

2. Концептілік өрістің құрылымы.

«Уақыт» концептісінің өзегі – үздіксіз қозғалыста, тек алға жүретін құбылыс мазмұнындағы уақыт.

Жақын перифериялары: сағат, минут, секунд, күн, ай, жыл, ғасыр, мезгіл.

Алыс перифериялары:

1) уақыт – жел; уақыт – көш сияқты жылжу қозғалу жылдамдығы бар бейнелер;

2) көркем, метафоралық және авторлық танымда өріс құрайтын: уақыт – редактор; уақыт – қарт; уақыт – сынап; аласұрған уақыт, т.б. Бұнда уақытты бағалау, уақыттың даналығы, уақыттың тұрақсыздығы, уақыттың эмоционалдық қарқыны сипатталып тұр.

Сонымен қазақ танымында «уақыт» концептісі динамикалық, көпқабатты құбылыс ретінде танылады. Концепт өзегі уақыттың қозғалыс табиғатын көрсетсе, жақын периферия оның өту сипатын, ал алыс периферия философиялық, эмоционалдық және бағалаушылық қырларын ашады. Бұл концептілік өріс қазақы танымның терендігін айқын көрсетеді.

«Бақыт» концептісі. Бақыт – мәдени концептілер қатарында (*экзистенциалды мағына*) жиі кездеседі. Қазақ танымында бақыт концептісі рухани мәнге ие. Сондықтан бақыт концептісінің өзегі (*ядросы*) – адамды өмір сүруге жетелейтін, жетістіктерге жетуге ұмтылдыратын өмірлік құндылық ретіндегі бақыт.

Жақын перифериядағы түсініктер:

- Бақыт – қуаныш не қанағаттану.

- Бақыт – отбасы. (*Бір басымда бақытым бар аздаған. Баспанам бар, әйелім бар, өз балам*).

- Бақыт – білім алу. (*Сен оқисың, бақыттысың, сондықтан, оқу деген – маған болды енді таң*).

- Бақыт – қызмет. (*Бақыттысың пісер сенің жемісің. Көгерерсің еңбек етіп ел үшін*).

- Бақыт – бала сүю. Себебі ұлттық танымда бақытқа жету стимулы балалы болу қуанышымен өлшенеді. Сондықтан бақыт ұғымының фреймдік тармағы бала болып табылады. *Бөбегім, келешегім – Ләззатым! Бақытым, жаңа шыққан жас қанатым! Бар бақытым, байлығым – сенің келіп мойныма асылғаның*.

- Бақыт – өмір сүру. (*Бақыт дегенің өмір кешу білгенге*).

- Бақыт – туған жер. *Мен бақыттымын. Бақытты жерде туылдым. Қарасаз, сенің әрбір бұлағың. Менің әрбір қан тамырым емес пе. Үзіндідегі бақыт ұғымын танытатын элементтер эпизодқа құрылған. Концепт сценарийлік құрылымда танылған*.

Алыс перифериядағы түсініктер:

Бақыт – оңайлықпен қолға түспейтін, ұзақ аңсайтын сезім. Бақыттың онейриялық кеңістікке салып танылуы арман бейнесімен беріледі. *Бақыт деген – әркімдерге бір арман*. Вертикальді кеңістікке салынуы биік шың арқылы көрініс табады. *Мен шыға алмас шың едің, шын бақытым. Әлі де биікпісің? Биікпісің?* Горизонтальді кеңістіктегі бейнесі мәтінде былай көрініс табады: *Қарға адым жерде тұр еді менің бақытым, ұстай алмадым; Өліп талып жеткенде бақытына, Шорт үзіліп кей тағдыр түгесілген; Мен іздеген нұрбақыт, Ұстатпаса, зуласын*. Горизонтальді кеңістіктегі бақыттың санада бейнеленген көрінісі – қолға түспейтін құндылық моделіне салынған. Бұл көріністер автор ой-суретімен танылып тұр.

Бақыт – жарық сәуле. Автордың ассоциативтік танымы кеңістікке таралатын нұр, жарық бейнелерімен объективтенген. Схемалық құрылымға салынып танылған. *Мен бақытсыз, өмірім тұман қараңғы, сәуле орнына қайғы басты санамды. Мұндағы сәуле бейнесінің бақыт ұғымын танытуда қолданылып тұрғанын қайғымен қарама-қарсы мәнде берілуінен деп ұғынамыз.*

Мәтіндегі бақыт ұғымына жүргізілген концептілік талдау нәтижесі ұғымның метафизикалық, мәдени қырынан тануға, концептінің өзгеру құбылысын байқауға негіз болды.

«Жастық» концептісі.

Өзегі – қазақ танымында қызбалығы мол, думанды өмір үзіндісімен, дәурен сүрген сәттер.

Жақын периферия:

Жастық – «жас екен», «болашағы алдында», «өмірдің ащысын тапқан жоқ», «сайран құратын кез», «алып-ұшып тұрған кез»

Алыс периферия:

Жастық – *Болашағың алдыңда, піскен жоқ әлі несібің.*

Жастық – жиырма жас. *Бүгін маған жиырма керек боп жүр, Алдында хор қызының іркілмеген.*

Жастық – «қара борбай» *Таста әрі балалардың есін алдың. Қара борбай шағыңды ұмыттың ба?*

Жастық – *келіншек кез. Қырқыңшы жылдарды есіңе алғын; Келіншек – жастық кереметсің-ау, керемет.*

Жастық – қызбалық күндер. *Қызбалықты күндерімді ұмытып, Енді, міне, әке боп та қалыппын.*

Жастық – *жаз мезгілі. Жазбын әлі гүлім жаңа ашылған. Бұлбұлымды ұшырғам жоқ бағымнан.*

Қорыта айтқанда, «жастық» концептісі стереотиптік (*ұлттық, жалпыадамзаттық*), эталондық, ассоциациялық танымы арқылы «болашағы алдында», «жиырма», «қара борбай», «жас ғұмыр», «қызбалықты күндер», «ән, салтанат, күй, өмір», «гүлі жаңа ашылған», «көктем өмір», «жаз» таңбаларымен фрейм, ой-сурет типіне салынып, тілдік көрініс тапқан.

«Ұрпақ» концептісі. Когнитивтік санада ұрпақ концептісі жалғастық, сабақтастық мәнінде кең тараған.

Өзегі – бала, немере, мұрагер болу.

Жақын периферия – жалғастық, бүтіннің бөлшегі.

Алыс периферия:

1. Ұрпақ – көздің жасы. *Бір түйір кәрі көздің жасы емес пе ем, Ұшында сақалының дамылдаған.*

2. Ұрпақ – балапан. *Ата-қаздан айрылған балапан ек. Аспан астын, жер үстін саялаған.*

3. Ұрпақ – қауырсын. *Қауырсын ең үзілген қанатымнан, жанарымнан шуақ ең таратылған.*

4. Ұрпақ – жапырақ. *Сол қазақтың мен де бір жапырағы. Арқасы бар Алматы, Атырауы.*

5. Ұрпақ – тұқым. *Қара көзіңнен қара моншақ төгілген. Қалған тұқыммын қара моншақтар себілген.*

Ұрпақ ұғымын танытатын бұл метафоралар автор қиялындағы ойсуретінен туындаған. Сонымен қатар ұрпақ ұғымы стереотиптік танымда берілген: *Сәбилер жүр кәрі атасын қарсы алып. Ұрпағының ерлігі мен жас қаны. Кәрі әкені шаттандырып тастады; Өкінбе әке отың бар сөнбейтұғын. Ол мәңгілік жанады көрмей тыным.*

«Ұрпақ» концептісі – басқа абстрактілі ұғымдарға қарағанда нақты материалдық негізі байқалатын, денотаттар арқылы оңай түсіндіруге болатын метафизикалық концептілердің бірі. Сондықтан автор қабылдауында жалпыадамзаттық стереотиптік таным-түсініктер – «жалғастық», «мұрагерлік» т.б. сияқты құрылымдық элементтерден гөрі, «бала, немере, шөбере», «бүтіннің бір бөлшегі», «жеті атаның жалғасы» секілді ұлттық стереотиптер басым көрінеді.

Концептілік өріс танымдық лексикологияда мәтінді интерпретациялаудың тиімді құралы болып табылады. Ол көркем мәтіндегі жасырын мағыналарды, авторлық дүниетанымды, ұлттық ойлау ерекшелігін анықтауға мүмкіндік береді. Концептілік өріс – концептіні құрайтын мағыналар жүйесі. Өзек – тұрақты, әмбебап мағыналар. Периферия – ұлттық, жеке, контекстік мағыналар. Талдауда концептілік өріс мәтіннің терең мәнін ашуға көмектеседі.

Танымдық лексикологияда өріс (*ядролық аймақ*) концептілік өрістің ең орталық, тұрақты және мәндік бөлігін құрайды. Ол белгілі бір концептінің негізгі, әмбебап белгілерін жинақтайды және сол өрістің мағыналық өзегін қалыптастырады.

Өрістің қалыптасуы адамзаттың танымдық тәжірибесімен тікелей байланысты. Адам белгілі бір құбылысты ұзақ уақыт бойы бақылап, қайталанатын, ең маңызды белгілерін санасында тұрақтандырады. Осы үдеріс нәтижесінде концептінің өрісі пайда болады. Өріс негізінде күнделікті өмір тәжірибесінен, сезімдік (*перцептивтік*) қабылдаулардан, әлеуметтік, мәдени құндылықтардан құралады. Өріс санадағы алғашқы, архетиптік түсініктерден жиналып, адамзатқа ортақ әмбебап белгілерге сүйенеді. Өріс ядросы бірқалыпты, қатып қалған құрылым емес. Ол тарихи, мәдени және тілдік даму барысында кеңейіп, түрленіп, кейде қайта құрылуы мүмкін. Өрістің дамуы көбіне перифериялық мағыналардың тұрақтанып, біртіндеп орталыққа жақындауы арқылы жүзеге асады. Бұл дамуға әсер ететін түрткіжайттар – тарихи өзгерістер, мәдени алмасулар, діни және мифологиялық танымдық ақпараттар, көркем мәтіндегі тұрақты қолданыс, тілдік сананың өркендеуі. Өріс пен периферия бір-бірінен қатаң бөлінбейді, олардың арасында динамикалық әрекет бар. Перифериялық мағыналар жиі қолданысқа түсіп, мәдени тұрғыдан маңызға ие болса, өзек мәртебесіне ие болуы мүмкін. Керісінше, кейбір өріс белгілері тарихи маңызын жоғалтып, периферияға ығысуы ықтимал. Өрістің басты қасиеті – тұрақтылық. Ол концептілік өрістің танымдық негізін сақтайды және мағыналық тұтастығын қамтамасыз етеді. Өріс өзгерсе, бүкіл концептілік өрістің құрылымы да өзгереді.

Жақын периферия – өріспен тығыз мағыналық байланыста тұрған, бірақ әмбебаптық деңгейі төмен, окказионалдық, иррационалдық таным белгілерінің жиынтығы. Бұл аймақта өріс мәнін нақтылайтын, толықтыратын, кеңейтетін белгілер орналасады. Жақын периферияның негізгі сипаттары – өріске мағыналық жақындығы, жоғары жиілікте қолданылуы, тұрақты ассоциациялық байланысы, мәдени және ұлттық мәннің басымдығы.

Алыс периферия – өзек пен жақын перифериядан семантикалық тұрғыдан алшақ, мәнмәтінге, жеке тәжірибеге, авторлық түсінікке (*интерпретацияға*) тәуелді таңбалар жиынтығы. Алыс периферияға тән ерекшеліктер – мағынаның жарыспалығы, мәнмәтінге тәуелділігі, көркем, метафоралық сипатта болуы, жеке немесе авторлық танымға негізделуі.

Танымдық лексикология – адам санасындағы танымдық үдерістерін, концептілік жүйесін және ақиқат дүниенің көркем бейнесін тіл көріністері арқылы зерттейтін ғылым. Бұл салада сөз мағынасы тек лексикалық деңгейде ғана емес, адамның тәжірибесі, мәдени білімі, ұлттық ділі және когнитивтік құрылымдары арқылы айқындалады. Осы тұрғыдан алғанда, танымдық лексикология дәстүрлі мағыналық түсіндірулерді кеңейтіп, тілдік мағынаның терең (*танымдық, концептілік*) құрылымын ашуға мүмкіндік береді. Танымдық лексикологияның маңызды нәтижелерінің бірі – концептілік өріс құрылымының (*ядро, жақын және алыс периферия*) айқындалуы. Бұл үлгі сөздің бойындағы мағына мен мағыналық реңктердің ұйымдасуын, олардың мәдени-ұлттық және жеке-авторлық ерекшеліктерін жүйелі түрде сипаттауға мүмкіндік жасайды. Сонымен қатар, перифериялық аймақтардың дамуы арқылы тілдік сананың өзгермелі құбылысы арқылы сөз мағыналарындағы кеңею, тарылу үдерістерін жіті бақылауға болады. Көркем мәтінді талдау барысында танымдық лексикологияның интерпретациялық мүмкіндігі ерекше байқалады. Метафора, символ, бейнелі репрезентация сияқты құралдар арқылы сөз тек атау қызметін ғана емес, танымдық, бағалаушытық және эмоциялық қызмет атқаратынын оңтайлы талдауға болады. Бұл көркем ойлаудың тілдік деңгейде жүзеге асуын түсіндіруге жол ашады.

Қорыта айтқанда, танымдық лексикология тіл мен ойлау, тіл мен мәдениет, тіл мен таным арасындағы күрделі байланысты кешенді түрде зерделеуге мүмкіндік береді. Бұл бағыт сөзді тек тілдік жүйе ретінде емес, ұлттық дүниетанымның, мәдени жадтың және адам санасының көрінісі ретінде тануға негіз болады. Сондықтан танымдық лексикология қазіргі тіл білімінің теориялық әрі қолданбалы тұрғыдан маңызды, болашағы зор салаларының бірі болып табылады.

3-ТАРАУ. ТІРКЕСІМ ЛЕКСИКОЛОГИЯСЫ

Сөздердің бір-бірімен дұрыс тіркесуі олардың мағыналарының үйлесуіне тікелей қатысы бар. Сондықтан тіркесжасам жүйесі тек грамматикалық немесе синтаксистік үдеріспен шектелмейді, сондай-ақ лексикологиялық және семасиологиялық қызметті де талап етеді. Осыған орай тіл білімінде тіркесім лексикологиясы (комбинаторлық лексикология) саласы қалыптасты. Негізгі мақсат – екі сөздің мағыналық тіркесуін зерттеу болғанымен, яғни мағына үдерісін зерттеу болғанмен, зерттелетін нысан сөз, сөздің тіркесу әлеуеті. Бұл тіркес түбегейлі лексикология аясына көшкенін білдірмейді. Тіркес – барлық тіл құрылымында (лексикология, синтаксис) зерттеледі дегенді білдіреді. Тілдің дамуындағы өзгерістер құрылымдық тілтанымдағы заңдылықтармен қағидаларға да елеулі септігін тигізеді. Қоғамның қарқынды дамуы, ғылымдағы интеграциялық байланыстар мен бірегейлік сөздік қордың молаюына, жаңа қолданыстардың артуына, соның негізінде лексикографиялық қордың толығуына септігін тигізеді. Байқағанымыздай, тіпті сөйлем құрамындағы тіркестердің өзі заман, қоғам ағымының қолданысына қарай өзгеріп отырады. Мәселен, *журналист – журналишы – жаңалық жаршысы – төртінші билік – медиаменеджер*, т.б. атаулармен жаңарып, атау өрісін кеңейтіп келеді. Сол сияқты *резиденция – ақ орда – үкімет үйі – ақ үй*. Сол сияқты *мешіт – құлшылық орны – Алланың үйі – дін ордасы*. Сол сияқты *рак – оба – жаман ауру – қатерлі ісік – гасыр дерті*. Сол сияқты *депутат – халық қалаулысы – елдің елеулісі – мандат иесі – мәжілісмен*. Сондай-ақ *бензин – жанар-жағар май – сұйық отын; газ – көгілдір отын; көлік – темір тұлпар; түрме – темір тор; оятар (будильник) – қоңырау сағат, дабыл сағат*, т.б. қолданыстарында екінші атау ретінде тіркесті атаулар, күрделі атаулар басым екенін аңғарамыз. Бұл бейнелі перифразалар ғана емес, номинативті атау ретінде кең қолданысқа түсіп келе жатқан ұғымдар. Демек, қазіргі қазақ тілінде тіркесті атаулардың көбеюі арнайы зерттеуді талап етеді. Бұл үдеріс адамның ойлау креативтілігіне сай тіл де барлық стильдік қол-

даныста да қоғамның даму ағынына сай икемделе бастайтынын көрсетеді. Адамның ұшқыр ойы мен ирреалды танымы тіл заңдылықтарына бағынбайтын жағдаяттан туындаған қате тіркесті сөзқолданыстардың алдын алу мақсатында тіркесім жүйесінде де өзіндік лексикологиялық шарттары бар. Мысалы, *шаш қырқу*, *шаш кесу* тіркестерінің орнына *шаш күзеу* деп айтуға болмайды, себебі күзеу бұл жылқы құйрығын, түйе шудасын немесе сақал-мұртты қиып қырқуда қолданылады. *Қыл күзеу*, *сақал-мұрт күзеу*, *түйе шудасын күзеу*, сол сияқты *қой қырқу* делінеді (*қойдың жүнін қысқарту емес, қой кесу емес, қой жүнін кесу емес*). *Кесу//күзеу//қырқу* етістіктері өзара мағыналас болғанымен тіркесу үдерісінде өз орнымен семантикалық жағынан талғана тіркеседі. Сондықтан тіркесім қатынасындағы сөз мағыналарының үйлесуін зерттеу, оның семантикалық құрылымын талдау мәселелері өзекті зерттеу нысанына айналып отыр. Осы тұрғыдан алғанда тіркесім грамматиканың шеңберінде ғана емес, лексикология, семасиология, ономасиология зерттеу нысанында болатын күрделі тілдік категорияға айналып отыр. Мәселен, қазақ тіліндегі тіркестер дыбыстық ұйқасқа құрылатынын да байқауға болады. мысалы: *темекі тарту (т-т)*, *шылым шегу (ш-ш)*, *емшек ему (е-е)*. *тару//шегу//ему* – бәрі ерінмен, ауызбен сору арқылы жүзеге асатын әрекеттер. Бірақ темекі сору, шылым сору, емшек сору деген тіркесті қолданбаймыз, себебі ол әрекеттердің тұрақты атауы белгіленген. Бәлкім темекі шегу, шылым тарту сияқты бір затқа қатысты тіркестердің орын ауысуы мүмкін. Тілдегі сөздер жалғыз күйінде емес, басқа сөздермен байланыса отырып қолданылады. Сол байланыстар жүйесі арқылы сөздің толық мағынасы ашылып, оның қолданылу аясы мен қызметі нақтыланады.

Сөздің мағынасы мен тіркесімдігі арасындағы өзара байланыс – семантикалық жүйенің өзегін құрайды. Сөз тіркесімдерінің құрамында сөздер бір-бірімен үйлесіп, белгілі бір мағыналық үлгі бойынша байланысқа түседі. Осы үлгілердің негізінде сөздердің валенттілік қасиеті, яғни олардың бір-бірімен тіркесу қабілеті айқындалады. Мұндай байланыстар мен қатынастарды жүйелі түрде талдау тіркесімдіктің мағыналық құрылымын тануға мүмкіндік береді. Мысалы, *аяқасты болды*, *аяқасты жүрді*, *аяқасты жасады* сияқты қолданыстар тез, бірден, күтпеген жерден,

ойламаған жерден болған жағдаятты білдірсе, «*аяқасты етті*» тұрақты тіркесі керек қылмау, елемеу, ескерусіз қалдыру мағынасын білдіретінін, демек, бір сөздің тұрақты тіркесуі мен талғап/талғамай тіркесуінен мағына өзгерісі болатынын, ол лексикология саласының нысаны екенін көре аламыз.

Тіркесімнің мағыналық болмысын айқындап, тұрақты тіркестердің қалайша тұрақталатынын, кейін тұрақтылықтан ажырап қалатынын, қалайша бейнелі тұрақты тіркес болып, кейін күнделікті атауға айналатынын, т.б. зерттеу лексикологиялық ізденістерге тікелей тәуелді. Мәселен, *күн шықты, күн батты* – бұрын тұрақты тіркес болған, тіпті фразеологизмдер қатарында болған, қазір шығу, бату сөздерінің семантикалық өрісінің кеңеюіне орай аталмыш тіркестер күрделі атау (күншығыс, күнбатыс мағынасын білдіретін) сөз әлеуетімен шектелді. Бұрын *бой жазу* – демалу, сергу мағынасын білдіретін фразеологизм болса, қазір *бой-жазу* гимнастикалық жаттығудың бір түрін (разминка) білдіретін терминдік атауға айналды.

Демек, зерттеуде көзделетін басты мүдде – тіркестердің мағыналық жүйесін айқындау, сөздердің тіркесу қабілетін, түрленімін және олардың мағынааралық байланысын анықтау.

Тіркесім (комбинаторлық) лексикология – сөздердің өзара тіркесу мүмкіндіктерін, олардың мағыналық және құрылымдық үйлесімділігін зерттейтін тіл саласы. Бұл сала сөздің мағынасы тек жеке тұрған кезде емес, басқа сөздермен тіркесу барысында нақтыланып, кеңейіп немесе өзгеріп отыратынын дәлелдейді. Сондықтан тіркесім лексикологиясы сөздің мағыналық өрісін, қолданымдық өрісін, стилистикалық өрісін дамытатын тетіктерді зерттейді.

Тіркесім лексикологиясының негізгі нысаны – сөздердің тіркесімдігі (валенттігі). Әрбір сөздің мағыналық табиғатына сәйкес белгілі бір тіркесу шегі болады. Мысалы, *қатты жел, қатты аяз* тіркестері қалыпты болса, *қатты су* тіркесі тілдік нормаға сай келе бермейді. Бұл құбылыс сөз мағынасының ішкі құрылымына және тілдік дәстүрге байланысты. Бұл салада семантикалық шектеулер, стилистикалық талаптар және ұлттық-мәдени түрткіжайттар ерекше орын алады. Бір сөз әртүрлі мәтінде әрқилы мағыналық реңкке ие болып, тіркесу мүмкіндігін өзгерте

алады. Осы тұрғыдан тіркесім лексикологиясы фразеологиямен де тығыз байланыста дамиды, өйткені тұрақты сөз тіркестері сөздердің шектеулі, қалыптасқан комбинациясының нәтижесі болып табылады. Қазақ тіл білімінде комбинаторлық лексикология сөздердің тіркесімдік заңдылықтарын анықтауда, сөз мәдениетін қалыптастыруда және тілдік нормаларды айқындауда маңызды рөл атқарады. Әсіресе көркем мәтіндер мен публицистикалық стильде сөздерді орынды тіркестіру авторлық стиль мен тілдік шеберліктің көрсеткіші саналады. Сонымен қатар, тіркесім лексикологиясы аударма ісінде, тіл үйрету әдістемесінде, лексикографиялық еңбектерде, соның ішінде тіркесім сөздіктерін жасауда ғылыми негіздемелермен ықпал ете алады. Қазіргі кезеңде корпустық тілтаным мен компьютерлік тіл өңдеу салаларында да сөздердің комбинаторлық қасиеттерін зерттеу ерекше маңызға ие болып отыр. Сонымен тіркесім лексикологиясы сөз мағынасының қолданыста жүзеге асу тетіктерін ашып көрсететін, тілдің ішкі жүйесі мен қолданымдық мүмкіндіктерін терең түсінуге жол ашатын маңызды ғылыми бағыт болып табылады. Нақтырақ айтқанда тіркесім лексикологиясы – қолданбалы лексикологияның бір тармағы.

3.1 СӨЗДЕРДІҢ ТІРКЕСЖАСАМ ҚАБІЛЕТІ

Сөздің тіркесжасам қабілеті – лексикалық мәні бар тілдік бірліктерінің мағыналық үйлесімділік заңдылықтарына бағына отырып, сөздердің бір-бірімен тіркесуінің нәтижесінде ұғымдық-құрылымдық біртұтас бірлік қалыптасуы. Бұл – сөздердің өзара тіркесу мүмкіндіктері тек грамматикалық емес, ең алдымен мағыналық тұрғыдан реттелетінін көрсететін тіркес құрау моделі. Әлемдік тілтанымдық жүйеде тіркесім лексикологиясы деп танылмай тұрғанда тіркесім синтагмалық қатынастың нәтижесі екені мойындалды. 1950-90 жылдары Н.З. Котелова, И.В. Рахманов, Ю.Д. Апресян, И.А. Мельчук, В.В. Морковкин, П.Н. Денисов, В.Г. Гак зерттеулерінде тіркесімділік тілдегі синтагматикалық қатынасты жіті талдауға септігін тигізді. Н.Г. Архипова зерттеуінен кейін тіркесімділік тілдің әртүрлі аспектісінің нысаны бола алатынын көруге болады. Нәтижесінде сөз тіркесінің типтері тіркесімділіктің валенттілік,

комбинаторлық, коллокациялық, синтагмалық, парадигмалық қатынастары негізінде анықталатыны дәлелденді [155]. Е. Кубрякованың пайымдауынша тіркесімділіктің синтагмалық қатынасы – бұл сөйлем бойындағы екі таңбаның қатар (бірінен кейін бірі) орналасып, өзара мағыналық байланысқа түсуі [156]. Синтагма құрайтын тіркестің барлығы валенттілік деген пайымдаулар да туындады. Г. Хельбиг тіркесімділіктің негізгі ережелерінің бірі – ол валенттіліктің болуы, яғни екі тілдік компоненттің өзара үйлесімділік құрауы деп атап көрсетті [157]. Дәлел ретінде тілдік жүйедегі валенттіліктің үш типін анықтады:

Логикалық тіркесімдік – тіркес құрайтын тіл бірліктерінің арасындағы ұғымдық мазмұн қалыптастыратын тіркесімділік. Мысалы, *қызыл алма, көк алма, сары алма* (адам санасында ұғымдық мазмұн қалыптасқан), *қара алма, сұр алма* (емес, себебі адам санасында ұғым қалыптаспаған). Сол сияқты *үй құрылады, үй қирайды, үй салынады, үй тазартылады, үй жиналады, бірақ үй жүрмейді, үй ұйықтамайды. Себебі ондай тіркес болуы мүмкін емес. Үйге тірі жанға тән қимыл атауларын тіркестіруге болмайды. Үй – жансыз мүлік.*

Семантикалық тіркесімдік – ол тіркесетін компоненттердің мағыналық үйлесу қасиеттеріне сәйкес тандалуы. Мысалы: *қой туды* емес, (*қой қозылады, қой төлдеді*), *туу* – қозылау – төлдеу – бәрі мағыналас ұғымдар болғанымен, тіркесім жүйесінде мағыналық үйлесімдігіне қарай қолдану заңдылығы бар. Бұл – семантикалық тіркесім заңдылығы. Сол сияқты *жұдырығын жабу* емес (*жұдырығын жұму, жұдырығын түю*). *Жабу, жұму, түю* – мағыналас етістіктер болғанымен, орнымен тіркесетін заңы бар.

Синтаксистік тіркесімдік – бұл тіркесетін тіл бірліктері аралығына міндетті немесе міндетті емес дәнекер сөздердің не қосымшалар мен көмекші сөздердің қатысуы. Мысалы: *математика дәптері* немесе *математикаға арналған дәптер. Балқыту пеші* немесе *темір балқыту пеші.*

Тіркесімдердің өлшемшарты белгілі бір ережелермен (нормалармен) белгіленеді. Көп жағдайда сөз тіркесінің дұрыс құрылуы сөйлем ішіндегі логикалық және мағыналық нормасы арқылы анықталады. Тіркестің мән-мағынасын түсінбей, ретсіз жұмсау тіркесім нормасының қажет екенін көрсетеді. Мәселен, *«бағар*

көбейсін» деп малдың көбеюін тілегенде айтады. Бала бағуға қатысты айтылмайды. Сол сияқты *аяқты мал* немесе *айтұяқ мал* – бұл жылқыға қатысты айтылады, барлық түлікке қатысты айтылмайды. Сол сияқты *келе жатыр/бара жатыр* тіркестерін бірінің орнына бірінің мағыналас етіп қолдану да қате. Мысалы бір нысаннан шығып басқа бағытқа қарай жүрсе бара жатыр қолданылады да, ал сол бағыттан шығып, бастапқы бағытқа қарай қайтса келе жатыр қолданылады. Демек, күтіп отырған адаммен байланыста болғанда, мәселе, қайдасың? деп сұраған адамға қарай бағытталса (*үйге*) *келе жатырмын* деп жауап береді. Ал егер ол бағытқа емес, мүлдем басқа жаққа қарай бағытталса, онда (*кітапханаға*) *бара жатырмын* дейді. Сол сияқты тілімізде фразеологизмдер мен тұрақты тіркестер бар. Олар бірінің орнына бірі қолданылатын ұғымдар емес. Тұрақты тіркестердің бейнелілігі солғындап, атаулық қасиетке өткен ең бастысы тіркес құрылымын өзгертпейтін күрделі сөздер. Мәселен, қолаң, ну ұғымдары қалың мәнін білдіретін мағыналас сөзден болғанымен *қолаң шаш*, *ну орман*, *ну тоғай* сияқты тұрақты тіркестің құрылымын ешқашан бұзбайды. Мәселен қолаң орман, ну шаш деп айтылмайды. Сол сияқты тіркес сөздерді семантикалық тұрғыдан орынсыз қолдану фразеологизмдердің мән-мағынасын байыпты түсінбеуден, мәтін аясында түсінумен шектелуден туындап жатады. Мысалы «*жағасын ұстады*» фразеологизмі жан түршігерлік, жағымсыз жағдаятты естігенде шошынған күйді білдіруде қолданылуы тиіс. Сондықтан оны кез келген шошынудың орнына, яғни денесі дір етіп тітіркенгеннен (мәселен, көлік дабылынан шошып кеткенде, т.б.) қорыққанда айта беруге болмайды. Байқағанымыздай тіркесімдердің семантикалық нормалануы мағыналарын орынды қолданумен өлшенеді. Сондықтан тіркесімнің негізгі өлшемшарттарын былайша көрсетуге тырыстық:

1. *Мағыналық үйлесімділік.* Сөздердің мағыналарының бір-бірімен сәйкестігі, яғни сөздер өзара мағыналық үйлесімде ғана тіркес құрай алады. Бұл жағдайда сөздің басқа сөзбен тіркесуі олардың мағыналарының жымдасып, бір ұғымды білдіре алу мүмкіндігінетікелей қатысты болады. Мәселен, *қалтақазғатындар* (ұрылар (карманник)) мен *қалтаға салғыштар* (пара бергіштер) сөзқолданысқа сәтті түсті. Себебі тіркес құрамындағы сөздердің

мағыналық байланысы айтылмақ ойдың мәнін дәл беруде сәтті үйлескен. Осыдан кейін «қалта қағар қымбатшылы»қ, «қалта қағар қарақшылар», «қалта қаққан қалалар» сияқты тіркестер көбейе түсті. Демек, тіркестің мағыналық өрісі де кеңейе түсті. Бұл – тіркесім жасаудың бастапқы өлшемшарты.

2. *Грамматикалық үйлесімділік.* Сөздердің грамматикалық құрылымында дұрыс орналасуы. Яғни, сөздер сөйлемнің грамматикалық ережелеріне сәйкес тіркесуі қажет. Мысалы «мәселе» атау сөзінің тіркесуіндегі заңдылықтарға тоқталайық. Анықтауыштық қатынаста алдыңғы сыңары сындық мағынада, яғни сын есімді сөз болуы талап етіледі. Мәселе дерексіз ұғым болғандықтан оған түр-түсті білдіретін сапалық сын есімдер тіркесе алмайды. Мысалы: *жақсы мәселе, жаман мәселе* деген тіркестер болмайды. Демек, қатыстық сын есімдермен ғана тіркесе алады. Мысалы: *өзекті мәселе, даулы мәселе, шешілмеген мәселе, кезекті мәселе, келелі мәселе, көкейтесті мәселе, қоламталы мәселе, ушыққан мәселе, жаһандық мәселе, ғаламдық мәселе* т.б. Бұл – оның грамматикалық нормасы. Сол сияқты «мәселе» атауы анықтауыштық қатынаста зат есімдермен тіркесу жағдайы да кездеседі, ол кезде изафеттік қатынас заңдылығына бағынады. Мысалы: *ұлт мәселесі, халық мәселесі, адам мәселесі, әлем мәселесі, үй мәселесі, отбасы мәселесі, мектеп мәселесі*, т.б. Сондай-ақ мәселе сөзін предикаттық қатынаста қарайтын болсақ, өзінен кейін етістіктерді талап етеді: *мәселені ортаға салу, мәселені көтеру, мәселеге назар аудару, мәселемен айналысу, мәселені шешу, мәселемен шектелу, мәселені айту, мәселені хабарлау, мәселені тарқату, мәселеге кірісу*, т.б. Байқағаныңыздай етістікпен қосымшалар арқылы тіркесуі міндетті екенін көреміз.

3. *Лексикалық үйлесімділік.* Лексикалық бірліктердің тіркесу мүмкіндігі, яғни сөздер бір-бірімен лексикалық тұрғыдан үйлесімде болуы керек. Мысалы, «жасыл орамал» тіркесіндегі сөздер бір-бірімен әрқайсысының лексикалық мағынасы бұзылмай үйлесіп, «жасыл түсті орамал» мағынасын білдіруі. Ал орыс тіліндегі «зеленая бумага» (доллар) перифразасы қазақ тіліне жасыл қағаз болып емес *көк қағаз* деп аударылды. Сол сияқты жасыл шөп емес, *көк шөп* деп аталуы (жасыл түс

бола тұрса да) бұл – мағыналық үйлесімділік болады. Демек, лексикалық үйлесімділік – бұл тіркескен сөздердің әрқайсысы өзінің тура мағынасын сақтап тіркесуі: *темір шәйнек, шойын қазан, қыш құмыра*, т.б.

4. *Ұғымдық үйлесімділік*. Атау немесе термин жасауда тіркескен екі сөздің бір ұғым берудегі қызметінің жүзеге асуы. Мәселен, қылқалам (кисточка) атауы қыл+қалам сөздерінің тіркесуінен сәтті атауға ие болуының ықпалымен *қылқалам шеберлері* (суретшілер), *қылқалам бағдарламасы* (paint program) тіркестері қалыптасты. Бұл қазақтың дәстүрлі танымынан туындаған сөз болғандықтан тіркес өрісі де кеңейіп, қолданысқа еркін сінді. Сол сияқты *айқұлақ* («@» белгісі), *аспашам* (люстра), *әнбаян* (клип) атаулары екі сөздің тіркесуі, содан соң бірігуі арқылы сәтті қолданысқа енді. Ал аударма арқылы қалыптасқан кірме тіркестердің қолданысы өміршең болмады. Мәселен, *темір ханшайым* (железная леди), *жасыл көрпе* (жайлау), *қызыл әтеш* (өрт), *аспан кемесі* (ұшақ) тіркестері бірреттік қолданыс деңгейінде қалып қойды, себебі қазақтың танымдық дүниесінен тумаған соң қабылданбайтыны да айқын дәлелденді.

Тіркесімдіктің негізгі ережелерінің бірі – сөздің басқа сөзбен тіркесуінде өзіне жақын мағыналық қатысымын бірінші кезекке қояды. Бұл жайында Г.И. Кустова былай дейді: «Тілдік жүйедегі семантикалық ығысуда сөздің бастапқы мағынасына айтарлықтай тәуелділік болады. Себебі одан тарайтын семалық мәндер мен реңктер туындайды. Оларды туынды мағынаға жатқызады, негізінде олар бастапқы мағынаның семантикалық топтары немесе басқа тіркесімділікке ие болған атаулар деп саналады. Семантикалық тіркесімдік мағына ауысуының басты көрсеткіші» [158]. Тілдегі тіркесімділікті сол тілдің тұтынушысы ғана сәтті тіркестіре алады. Бұл жайында И.Г. Казачук пен Л.П. Юздова былай дейді: «Тіркес сөз жасаушы ең белсенді процессуалдық бірліктер – етістіктер мен фразеологизмдер. Етістіктің тіркесімділігі актанттардың белгілі бір шеңберімен біріктіру қабілетін білдіреді. Тіркесімділік әртүрлі тілдік деңгейлермен байланысты: семантикалық (сөз мағынасының құрылымы және фразеологизм), морфологиялық (көмекші), синтаксистік (предикат). Сондықтан тіл валенттілігі ұғымын жүйелі түрде зерделеу қажет» [159]. Мысалы:

Тіркес	Семантикалық негіздеме
<i>Тұщы су</i>	Сапа (дәм) + зат (су) – анықтауыштық үйлесім
<i>Жүрек жұтқан</i>	деректі зат + етістік – бейнелі тіркес
<i>Көңілді кеш</i>	Сындық мәндегі эмоциялық күй + уақыт ұғымы – грамматикалық үйлесім
<i>Жылы сөз</i>	Күй + дерексіз зат – метафоралық тіркес

Сөздердің семантикалық тіркесуі адамның бейнелі ойлау, заттарды салыстыру, ұқсату қиялынан, коннотатты ойлау қабілетінен туындайды. Сөздер өзара бейберекет тіркесе алмайды. Олардың арасында таңдау, ойдағы таңдау әрекеті болады. Мысалы: түйе сөзінің атау тіркесімдігін ұсынайық:

«Түйе + зат есім» тіркесімі.

Түйе шелек – сұйықтық құйылатын үлкен ыдыс. Түйе ассоциациясы – үлкен мағынасын білдіру үшін дүние бейнесіне айналған.

Түйе қымыз – күзді күнгі түйенің сүтінен ашытылып дайындалатын сусын.

Түйе бас – дене қимылына арналған ойын, бір адамның үстіне бірнеше адам үстіне мініп ойнайтын ойын атауы. Кім үстіне көп адамды мінгізіп, көтере алса сол жеңеді. Семантикалық басымдық түйенің ауыр жүк көтере алатын қасиетінде болып тұр.

Түйе жүн көрпе – жылуды сақтайтын, түйе жүнінен жасалған көрпе. Мағыналық басымдық – түйе жүнінің физикалық, химиялық қасиетіне байланысты, яғни жылусақтағыштық қасиетіне қарай, қыста қолданылатын қалың жамылғы. Себебі қой жүн көрпе, ешкі жүн көрпе тіркестері халық қолданысында аса белсенді емес. Себебі түйе жүн көрпенің тұтынымы басым.

Түйе сүйек – сеңгіртаспа, бұршақ тұқымдасы, таспа туысына жататын бұта. Бұл сөз тіркесінде халықтың ассоциациясы бойынша жасалған.

Түйе бүлдірген – бүлдіргеннің үлкендігі бармақтай, тұтас алша сияқты бір түрі. Мағыналық ассоциациясы – үлкендік, ірілік.

«Түйе + етістік» тіркесімі.

Түйе шөгерді – түйе тізесін бүгіп, жатты.

Түйе қомдады – түйеге жүк арту үшін арқасына киіз салды.

Түйе бас қылды – бәрі жиналып басып, жаншып тастады.

Түйеге қом бітті – түйе семіріп, салмақ қосты.

«Анықтауыш сөз + түйе» тіркесімі. «Түйе» сөзімен тіркесетін атрибутивті (анықтауыштық) қатынастағы күрделі атаулар іріктеліп беріледі.

Бая түйе – ашуланшақ, бақырауық түйе, қасына тірі жан жақындағанды ұнатпайтын, ыңырсып, қарсылық білдіретін түйе.

Шау түйе – жүк көтеруден қалған, денесі кішірейе бастаған әлсіз, кәрі түйе.

Атан түйе – піштірілген түйе.

Жабы түйе – өмірі мінілмеген, қашаған, асау түйе.

Ауған түйе – бөтен жерден мекенін ауыстырған түйе.

Алмас түйе – екі өркеші екі жағына жығыңқы түйе.

Жарық түйе – көп мінілген, тіркеуден мұрны жарылған түйе.

Жегін түйе – шаруашылыққа, арба жегуге, мініске, жүк артуға үйретілген түйе.

Түйенің бейнелі тіркесімі.

Түйенің құмалағындай – ірі, үлкен.

Түйені түгімен жұтты – параны көп алу, тойымсыз.

Түйе үстінен ит қапты – икемсіз, епсіз, болбыр.

Түйені мұзға жетелеу – бос әуреге түсу, болмайтын іспен айналысу.

Түйенің танитыны жапырақ – білетіні бір-ақ нәрсе.

Түйенің тұяғы түсетін жер – өте алыс жер.

Бұл – сөз мағынасын оның тіркесімдігі арқылы зерттеудің бір үлгісі. Яғни сөздің әрбір мағынасы жеке тұрып көрінбейді, тек басқа сөзбен тіркескенде ғана нақты қай мағына екені көрінеді. Мысалы: «нан» сөзі дара тұрғанда әрбір адамның танымында «жейтін нан» семасымен ассоциациялануы әбден мүмкін. Бәлкім «нан илеу» қамыр семасы бірінші танылуы мүмкін. Сондықтан сөздің семасын анықтау тек тіркесімі арқылы ғана жүзеге асады. Сонымен сема дегеніміз – мағынаның бөлшектері. Семалардың жиынтығы – мағына. Әрбір сема – мағынаның қызметтерін айқындайды. Семантикалық талдау әдісі – бұл мағынаны сема бірліктері арқылы, яғни семалар жиынтығы ретінде сипаттау (яғни атаудың әртүрлі қызметтік белгілерін көрсететін мән бірлігі – сема болса, семалардың жиынтығы - мағына). Мәселен, негізгі мағынаны айқындаушы семалардан бөлек қосымша мағыналық

реңк беретін семалар болады. Мысал арқылы түсіндіріп көрелік: «НАН» мағынасы.

Лексикалық сема	Денотат	Бөлке нан Таба нан Тандыр нан Жаппа нан Кісе нан Зағара нан Көмбе нан Салма нан Жайма нан Қара нан Бидай нан Жүгері нан
Бейнелі сема	Коннотат	Бір үзім нан Бір жапырақ нан
Мәдени сема	Этнографизм	Жеті нан Бігір нан Наны жүрді Нан дәмету Нанын тартып алу Кеудесіне нан пісу

Байқағанымыздай, ұсынылған кестедегі «НАН» туралы семалардың жиынтығы оның толық мағыналы сөз екенін танытатынақпараттар. Сөздің мағынасын анықтау үшін ең алдымен оның анықтауыштық және етістікті тіркестерін жинау аса қажет. Екіншіден, соның негізінде семантикалық талдау жүргізу керек. Семантикалық талдау: лексикалық (денотатты), бейнелі (коннотатты), ұғымдық (сигнификатты) (қажет болса ғана); мәдени (этнографиялық), жасырын (прагматикалық немесе функционалдық) мәндерін (семасын) ажыратуға тырысу қажет. Сол кезде ғана зерттелетін сөздің толық мағынасы айқындалады.

«НАН» сөзінің түсіндірмесі:

НАН-1 – денотатты сема: 1. Отта, шоқта, пеште, майда пісірілетін пішіні дөңгелек, төртбұрышты, сопақ болып келетін, бидай, жүгері, күріш ұнынан жасалатын тағам атауы. 2. Ет тамаққа салынатын жұқа жайылған қамыр.

НАН-2 – коннотатты сема: 1. Тоқшылықты білдіретін символдық белгі (бір үзім нан). 2. Табыс, жұмыс көзі, еңбек, нәпақа (сатушы боп нанын тауып жүр).

НАН-3. – мәдени сема: 1. Қасиетті, киелі ас (нан ұрсын!). 2. Аруақтарға риза екенін білдіру белгісі (жеті нан тарату) 3. Дандайсу, өркөкіректену, қайдан шыққанын ұмыту (кеудесіне нан пісу). 4. Молшылық, көптік белгісі (нан жауғырлап келу).

НАН-4. – жасырын сема: 1. Қазақтың санасында нанды қастерлеу мақсатында сақталған ырым (нан кикымын жесең бай боласың). 2. Адал наныңды табу үшін өзгеге арқа сүйеме мағынасындағы қолданыс (Басқаның тәбетімен, нан дәмеппе). 3. Жоғары мәртебелі қызмет (Нанын тартып алу). 4. Жолы болу (наны жүру). 5. Әлеуметтік деңгейдің көрсеткіші (интернат наны, қатқан нанға зәру).

Сөздердің тіркесімі – мағына айқындаушы құрал. Сөздің толық мағынасы оның басқа сөздермен тіркесу қабілеті арқылы ғана ашылады. Яғни тіркесім – сөз мағынасының ішкі құрылымындағы семаларды «ашатын», яғни белсенді ететін негізгі тетік. Демек, сөз мағынасы – қозғалыссыз емес, өзгермелі жүйе, ол тек мәтін арқылы көрінеді.

Тіркесжасам жүйесі арқылы тілдегі тіркес түрлері мен типтері анықталады. Тіркес типтері арқылы мағыналық құрылым толық ашылады:

Атау тіркесі (мыс.: *бал қаймақ, ағаш қасық*);

Етістікті тіркес (мыс.: *бал тату, ағаш егу*);

Анықтауыштық тіркес (мыс. *тау балы, биік ағаш*);

Фразеологиялық тіркес (мыс.: «*қолынан бал тамған*», «*бал базар*», «*ағаш белсенділік*»).

Сондай-ақ мағыналық тіркесуде шектеулер де болады. Кей сөздер тек белгілі мағыналық өрістегі сөздермен ғана тіркесе алады. Бұл – семантикалық шектеу деп аталады. Мысалы «*терең*» сөзінің тіркесім шектеулігін көрейік:

Сөз	Тіркесе алмайды	Себебі
<i>Терең</i>	<i>терең күлкі</i>	Семантикалық сәйкессіздік
<i>Терең</i>	<i>терең тас</i>	Логикалық мағынасыз тіркес
<i>Терең</i>	<i>терең тіл</i>	Тілдік, мәдени қабылдауға жат

Бұл құбылыс тіркесім шектеулілігі (collocational restrictions) деп аталады. Мағыналық тіркесім сәтті жүзеге асу үшін «Тіркесім – мағына – мәтін» үштігі орындалуы тиіс. Себебі мағыналық тіркесімдік мәтінге, мағына кеңістігіне және мағына реңкіне тәуелді дамиды. *Мысалы:*

Терең сөз – философиялық не күрделі мазмұндағы сөз.

Терең құдық – нақты кеңістікке қатысты.

Терең сезім – абстрактылы-эмоционалдық мағына.

Бұл мысалдардан бір ғана сөз (терең) әртүрлі бірақ шектеулі сөздермен тіркесіп, әртүрлі, бірақ шектелуі семантикалық өрісті құрай алатынын көреміз.

Семантикалық валенттілік – сөздің немесе лексикалық бірліктің мағыналық байланыстарын қалыптастыру қабілеті. Бұл ұғым лексикалық валенттіліктің мағына үйлесімділігін сипаттайды, яғни сөздің басқа сөздермен байланысып, оларды өз мағынасымен толықтыру және өзара әсерлесу әлеуетін білдіреді.

Лексикалық тіркесімдегі шектеу ерекшеліктеріне тоқталайық:

1. *Мағыналық шектеу.* Сөз тек мағыналық үйлесетін сөздермен ғана тіркесе алады. Мысалы, «*тәтті тас*», «*дәмді тас*» деген тіркес қазақ тілінде мүлде кездеспейді және ондай ұғым да жоқ. Ал «сладкий камень», «sweet jewel» тіркестері өзге тілде қант және әшекей бұйымдар мағынасында белсенді қолданылады. Қазақ тілінде *ашу тас* (ашутас – ашудас) атауы бар, тіл ойылғанда қолданылатын сілтілі кристалл тас. Демек, өзге тілдегі сөзқолданысты қабылдағанда да тілдің өз заңдылығындағы мүмкіндіктер мен шектеулерді ескерген жөн.

2. *Тұрақтылық.* Кей сөздер кең, кей сөздер тар тіркесімдікке ие. «*Жаса*» етістігі көптеген сөзбен тіркеседі (*жоспар жасау, үй жасау, ұсыныс жасау*), ал «*айыптау*» сөзі шектеулі (негізінен *айыпталушыны айыптау, сөзбен айыптау, жалған айыптау, әділ айыптау, т.б.*).

3. *Стилистикалық реңкке ие болуы.* Кейбір тіркестер бейтарап, кейбірі көркем, бейнелі болады. «*Жүрекке жылы тиетін сөз*» – бейнелі тіркес. Мысалы: «*дәмді тамақ*», «*ащы бұрыш*», «*жылы сөз*» – бұл тіркестерде сын есімдер мен зат есімдер арасында лексикалық валенттілік бар, себебі олар мағыналық тұрғыдан

үйлесімді. «Күн жарқырайды», «жел соғады», «адам ойлайды» – мұнда зат есім мен етістіктің лексикалық үйлесімділігі сақталған.

Тіркесжасам жүйесі тілдік қолданыстағы сөздің жұмсалымдық, мәтіндік мағынасын нақтылайды, тіркесжасам жүйесімен сөздің мағыналық реңкі мен стилистикалық реңін тануға болады. Тіркесжасам жүйесі сөйлеудің бейнелілігін арттырады, көркем, эмоциялық, идиомалық тіркестер қалыптасады. Сөздік жасауға негіз болады, тіркесім сөздіктері, синоним сөздіктерін құрастыруға негіз болады. Тіркестердің жасалымын анықтау барысында мәтін мағынасын тану мүмкіндігі, сөздердің семантикалық байланысын, оларды – мәтіндік бірлік негізінде түсінуге мүмкіндік туады. Семантикалық тіркесімдіктің құрылымы бірнеше ішкі жүйеден тұрады:

Жүйе бөлігі	Сипаттамасы	Мысал
Лексикалық үйлесімділік	Сөздердің мағыналық үндестігі	<i>Оқу орны, ащы шындық</i>
Мағыналық валенттілік	Сөздің мағыналық тұрғыдан басқа сөздерді қажет етуі	<i>жек көру, жақсы көру, түс көру, Ай көру, күн көру, бір көру – тұрақты; кино көру, қызық көру, көзбен көру, барып көру, анықтап көру – еркін.</i>
Мәтіндік мағына	Мәтін арқылы тіркеске енетін мағына	<i>ауыр күн (эмоциялық мағына)</i>
Тіркес шектеулілігі	Қалыптасқан тілдегі дәстүр бойынша тіркесу шегі	<i>Сапалы білім – бар; сапалы бұлт – жоқ</i>
Стилистикалық сәйкестік	Мағыналық үйлесіммен қатар стильдік сәйкестік	<i>Ақ ниет (бейтарап); аппақ жүрек (көркем)</i>

Тіркесжасам жүйесіндегі осы семантикалық белгілерді негіздей келе семантикалық тіркесім типтерін былайша жіктейміз:

1. Тура мағыналы тіркестер. Тек лексемалардың негізгі мағынасына сүйенеді. Мысалы: *салқын су, ауыр жүк, көк шөп.*

2. Ауыспалы мағыналы тіркестер. Тұрақты тіркестер немесе бейнелі тіркестер. Мысалы: *ащы шындық, ауыр тағдыр, терең ой.*

3. Мәтіндік тіркестер. Мәтін ішінде сөздердің мағыналық байланысқа түсіп тіркес құрауы. Мысалы: «Ақындардың аққуы – Сәкен Сейфуллин» деген контекстегі *ақындардың аққуы. «Қызыл сойқандардың» алтын дәуірі жүріп тұр, қазіргі буынының ойынына, олардың тасқын шабуылына қарап көз жеткізгендей боласың»* сөйлеміндегі *қызыл сойқандар (Манчестер Юнайтед футбол командасы)* – бейнелі тіркес.

Тіркесжасам жүйесінде тілдік бірліктердің (негізінен, лексемалардың) өзара тіркесу қабілеті бойынша құрылымдық үлгісі – есімді және етістікті тіркес түрлеріне ажыратылады.

Есімді тіркестер – сөйлемде зат атауы қызметін атқаратын, басыңқы бірлігі көбіне зат есім болатын, ал бағыныңқы бірлігі есім сөз табынан құралған тіркестер. Құрамы:

сын есім + зат есім → *ақ қар, биік тау*

сан есім + зат есім → *екі елі, жеті күн*

есімдік + зат есім → *бұл әлем, мына дүние*

зат есім + зат есім → *құс жүні, есік тұтқасы*

Есімді тіркестер – тілдің номинативтік қорын толықтыратын маңызды бірлік. Олар тіркесу арқылы ғана емес, заттану, атаулану, лексикалану үдерістері арқылы жаңа мағыналар тудырады. Екі бірлікті тіркестердің заттану үдерісі тіркесжасам жүйесінде жиі кездеседі. Бұл – екі немесе одан да көп сөзден тұратын тіркестің зат есім қызметіне көшіп, тілде лексикалану үдерісі арқылы дербес атаулық бірлікке айналуы. Мұндай құбылыс фразеологизм, термин, тұрақты тіркес мен атаулық құрылымдарда жиі байқалады. Мысалы: *кәрі құрлық (Африка), тілсіз жау (өрт), асқар тау (әке).*

Екі сыңарлы тіркес, яғни құрамында екі толық мағыналы сөзі бар тіркес семантикалық, грамматикалық және прагматикалық жағынан ажырағысыз тұрақтылықты қалыптастырады да уақыт өте келе атаулану үдерісіне ұшырайды.. Мысалы: *қара күш* – бастапқыда сын есім + зат есім тіркесі, бірақ біртұтас ұғым

ретінде «физикалық күш» деген мағынада заттануы мүмкін (қара күш – еңбекқор күші мол адам орнына атау болуы мүмкін). *Ақ жол* – тілімізде тілектің, ниеттің атауы ретінде қалыптасқан. Бұл – мағыналық тұтасу үдерісі. Мағыналық тұтасу – тіркес-жасамның негізгі заңдылықтарының бірі. Мағыналық тұтасу – екі сөздің тіркесіп, жаңа мағына беруі (мысалы, *жас жұбайлар, елді мекен*). Мағыналық тұтасу күрделі сөздердің, яғни тіркестің бір сыңарының лексикалық мағынасы екінші сыңарынсыз анықталмайтын, біріне бірі селбесіп бағынышты үйлесетін күрделі атау жасауға бағытталады. Мысалы: *қамал алар (40 жас), орда бұзар (30 жас), ел ағасы (50 жас)*.

Фразеологиялық тұтасу үдерісі де тіркесім заңдылығы болып саналады. Фразеологиялық тұтасу да атаужасамдық мүддеге бағытталады. Фразеологиялық тіркес мағынасы бастапқы мағынасынан алыстайды, жаңа атауға айналады. Мысалы: *көз көргендер* (көзі тірілер), *көз сүзетіндер* (жеңілтек мінезді адам, қырындағыштар), *қыр баласы* (ауылдан келген), *боз кілем* (ринг).

Лексикалық тұтасу тілдік қолданыста жиі кездесіп, сөздіктерге еніп, бір лексема ретінде қабылдануы лексикологиялық үрдіс, ал осы үдерісті тіркесім заңдылығы атқарады. Мысалы, терминжасамда баршамызға белгілі *темір жол, мұнай кен орны* – атаулық мәнге ие. Сол сияқты *зіл темір (штанга), бел темір (турник)*, т.б. тіркесті атаулар о баста тіркесжасам үдерісінен қалыптасқанын мойындауымыз керек. Мәдени-ұлттық ұғымдарда *қара шаңырақ (үй), ақ босаға (жаңа отау), қара қағаз (қайғылы хабар), көгілдір отын (газ)* – ұлттық мәдениетке тән заттанған тіркесжасам үлгілері.

3.2. СӨЗДІҢ КОМБИНАТОРЛЫҚ ЖҮЙЕСІ

Комбинаторлық жүйе – тілдегі сөздердің бір-бірімен тіркесіп, жаңа мағына жасау үдерісінің құрылымы, яғни тіл элементтерінің өзара тіркесу заңдылықтары бойынша жүзеге асатын тіркестердің сатылы тізбегі. Тіркесу нәтижесінде қандай мағыналы сөздерді тудырады деген мәселелерді анықтайтын жүйелі зерттеу. Тілдік құрылымдағы комбинаторлық құбылыстың негізгі мақсаты – сөздердің дұрыс, мағыналы тіркесуін қамтамасыз ету, тіркестің лексикалық, семантикалық, стилистикалық, прагматикалық

қызметін таныту, соған орай контекстік мағынасын да көрсету. Комбинаторлық жүйенің құрылымын былайша топтастыруға болады:

1) *Лексикалық комбинаторика*. Сөз тіркестерінің тура мағынасына қарай жүйеленуі. Мәселен, *ащы* сөзінің комбинаторлық тізбегіне талдау үлгісін ұсынайық: ащы шай, ащы бұрыш, ащы айқай, ащы өмір тіркестерінің тізбегін былай талдауға болады:

Ащы шай – контекстік мағынасы жоқ, сондықтан бұл дұрыс емес тіркес. Сондықтан ащы шай тіркесінің орнына «шайы ащы болды», «шайды ащы етіп демдеді» сияқты құрылуына мән беруіміз керек. Сондықтан ащы шай тіркесінің жиілігі жоқ.

Ащы бұрыш – лексикалық тіркесім.

Ащы айқай – семантикалық тіркесім, тұрақты тіркес, айқай – тура мағынасында, бұл тіркестің қолданысында шыңғырған дауысқа қатысты мағына бар.

Ащы өмір – стилистикалық тіркесім, прагматикалық әсер ету мақсаты басым. Тіркес құрамындағы екі компоненттің екеуі де ауыспалы мағынада түсініліп, қиын тағдыр мәнін беріп тұр.

Осы тізбекпен ащы тіркесімділігін әрі қарай жалғастыра беруге болады. Соның ішінде лексикалық тіркесімдерінің қатары ащы сөзінің тағамға қатысты сөздермен тіркесуі жалғасады, себебі тура мағынасындағы дәмнің ащылығын білдіретін мағынаға тіркесетін сөздер қатары таңдалады: *ащы тамақ, ащы бадам, ащы дәм, ащы иіс, ащы құрт, ащы сусын, ащы сорпа, ащы ішек, ащы су*.

Семантикалық тіркесім: *ащы дауыс, ащы жыр, ащы зар, ащы күлкі, ащы кекесін, ащы өксік, ащы тер, ащы жас*.

Стилистикалық тіркесім: *ащы шер, ащы мұң, ащы қасірет, ащы мысқыл, ащы ой, ащы сыр, ащы сөз, ащы тіл, ащы таяқ, ащы толғақ, ащы шындық*.

Бұл жерде әр сөздің тіркесу қабілеті (валенттілігі) бар.

3) *Фразеологиялық комбинаторика*. Мағынасы тұтасқан тұрақты тіркестердің қалыптасуынан туындайтын тіркестер тізбегі. Мысалы: қара (түс) мағынасынан туындаған фразеологиялық валенттіліктің тізбегін былай топтастыруға болады:

- ас-тағамға қатысты фразеологизмдер: *қара азық* (майсыз ет), *қара ет* (күр ет).

- адамға қатысты фразеологизмдер: *қара күш (зор күш), қара білек (күш иесі), қара табан (кедей), қара шал (қартайған арық кісі), қара бала (ауыл баласы).*

- әлеуметтік қатынасқа қатысты фразеологизмдер: *қара шаңырақ (үлкен үй), қара қағаз (қаралы хабар), қара жұрт (халық).* Бұлар ешқашан өзгермейтін комбинаторлық үлгілер.

Қазақ тілінің комбинаторлық жүйесі – сөздердің мағыналық және грамматикалық заңдылықтармен өзара тіркесу үдерісі. Қазақ тілінің комбинаторлық жүйесі, окказионалды-авторлық тіркесжасам үлгілері арқылы сөзқолданысқа еніп, стилистикалық-семантикалық мазмұнда қызмет ете жүріп, кейін фразеологиялық деңгейге ауысады. Тұрақты тіркестердің атаулық қызметі күшейгенде барып лексикалық комбинаторлық жүйеге көшеді. Сондықтан тіліміздегі тіркесжасамдық жүйені қалыптастыруда белсенді өрістердің бірі – стилистикалық өрістегі тіркестердің құрылымына тоқталуды жөн көрдік.

Қазіргі лингвистикада сөздің мағынасын сипаттауда тіркесімділік (collocability) маңызды категория ретінде танылады. Себебі сөз тіркестері сөздік қорды толықтырушы мағынажасам құралы. Тілдік бірліктер бір-бірімен кездейсоқ емес, белгілі бір семантикалық, грамматикалық және прагматикалық заңдылықтар бойынша тіркеседі. Бұл заңдылықтар жиынтығы тілдің комбинаторлық жүйесін құрайды. Яғни тіркесімділік – сөз мағынасының өзгермелі көрінісі әрі мағыналық әлеуетін ашатын құрал. Ал комбинаторика – тіркесу қабілетінің құрылымын, ережесін және шектеуін зерттейтін жүйе. Тіркесімділік пен комбинаторлық жүйенің өзара ортақ байланысы: сөздің мағыналық тіркесімін, сөздер арасындағы сәйкестік қатынастарды, мәтіндік тіркес үлгілерін тантуында. Мысалы, «*аш*» етістігіне «*қақпаны аш*», «*есікті аш*», «*кітаптің бетін аш*», «*жол аш*», «*жан дүниеңді аш*», «*көзіңді аш*», «*келіннің беті ашты*», «*беті ашылған*» сияқты тіркестердің көмегімен әртүрлі мағына үстемелеуді қарастыратын тіркесімділік жүйесі. Ал аш етістігіне тиісілі тіркестердің мағыналық дамуының қарапайымнан күрделіге қарай сатылы тізбектеліп өріс құруын қарастыратын жүйе – комбинаторлық жүйе. Бұл комбинаторлық жүйенің тіркес пайда болғандағы мағыналарының негізінде жұмыс

істейтінін көрсетеді. Тіркесімділік комбинаторлық шектеулерге бағынады. Бұл шектеулер грамматикалық (морфологиялық, синтаксистік сәйкестік), семантикалық (сөздердің мағына үйлесімі), стилистикалық және прагматикалық деңгейде көрінеді. Сөздердің тіркесу қабілетіне қарай: еркін тіркестер, тұрақты тіркестер, талғаулы тіркестер, талғаусыз тіркестер, семантикалық шектелген тіркестер болып ажыратылады.

Соның ішінде **талғаулы тіркестер** – бұл белгілі бір сөздің кез келген ұғыммен тіркесе бермейтін қасиетін білдіреді. Ондай тіркестердің colloкациясы (тіркесім өрісі) аз болады. Мәселен, *асу* – пісіру, қайнату мағынасындағы әрекет атауы талғап тіркеседі: *ет асу, тамақ асу, қазанда асу, балқытып асу* сияқты тіркесімділігі шектеулі. Негізі бұл етістікті күнделікті қолданыстағы тұрмыстық лексика деп қабылдауға болады, бірақ талғап тіркесетін сөз болғандықтан тіркесімділік өрісі тар екенін байқадық. Оның қызметіне ұқсас әрекеттер *қайнату* мағынасымен кең өріс алған. *Ет қайнату, су қайнату, сорпа қайнату, шай қайнату, пеште қайнату, қазанда қайнату, ми қайнату, жай қайнату, тасырлатып қайнату, сабын қайнату, сақар қайнату, қыж-қыж қайнату*, т.б. **Талғаусыз тіркестер** – мағыналық аясы кеңейген, бірнеше сөзбен тіркесу қабілетінің көрінісі. Мысалы, бару, келу етістіктерінің тіркесімділік өрісі кең болады. Себебі бұл қимыл атаулары тірі жанның (адам, жануар) белгілі бір нысанға (кеңістікке, орынға, ғимаратқа, мекемеге, қалаға, ауылға т.б.) бағытталған, белгілі бір объектіге (тойға, жиынға, адамға, т.б.) бағытталған сөздермен тіркесуінің өзі 100-ден асады.

Тіркесімнің стилистикалық қызметі – сөздердің белгілі бір стильдік мақсатқа құрылған тіркестерінің орынды жұмсалуды қамтамасыз ету. Яғни стилистикалық мәндегі сөз тіркестері мәтіннің мәнін, әсерін, эмоциясын күшейтуге, автор ойын дәл жеткізуге көмектесуге бағытталады. Тіркесімдердің стилистикалық қызметтері: біріншіден, мәтіндегі әсер ету, бағалау мәніндегі қызметін қалыптастыру, екіншіден, көріктеу, бейнелеу мәніндегі қызметін көрсету, үшіншіден, мәтіндегі эмоционалды-экспрессивті мағынаны таныту. Өмір сөзіне құрылған тіркесімдердің стилистикалық өрісін талдап көрейік:

Стилистикалық өріс

ӨМІР		
<i>Бағалау, әсер ету қызметі</i>	<i>Көріктеу, бейнелеу қызметі</i>	<i>Эмоционалды-экспрессивті қызмет</i>
Жалғыз өмір	Өмірдің кемесі	Өмірі шайқалу
Жалған өмір	Өмірдің дариясы	Өмірге құмарту
Қор өмір	Өмір теңізі	Өмірге ынтығу
Ұлы өмір	Өмірдің соқпақ жолы	Өмірден түңілу
Мұз өмір	Өмір орманы	Өмірден жеңілу
Бал өмір	Өмір сахнасы	Өмірмен шайқасу
Асау өмір	Өмір мектебі	
Қағал өмір	Өмірдің баспалдағы	
	Өмір керуені	
	Өмірдің мәні	
	Өмірдің сәні	
	Өмірдің базары	
	Өмірдің көші	
	Өмір толқыны	
	Өмір қуғыны	
	Өмірдің тайғағы	
	Өмірдің тозақ оты	
	Өмірдің бақшасы	
	Өмірдің азғыны	
	Өмірдің ақ табаны	
	Өмірдің тамтығы	
	Өмірдің кілті	

Байқағанымыздай, стилистикалық тіркесім өрісіне құрылған тіркестер талғаусыз мағына үйлесімдігіне еркіндік береді және бейнелі мазмұнға құрылады. Сондықтан тіркесжасам жүйесінде метафоралық, эпитеттік тәсілдер басымдыққа ие болады. Стилистикалық тіркестер авторлық қолданыстардан, ақын-жазушыларды ойбейнелі танымынан туындайтын болғандықтан, тұрақтылықтан гөрі окказионалдылық айқын байқалады. Мәселен біз жинаған өмірге қатысты стилистикалық тіркестерде өмірдің мәнін, құндылығын, өмір сүру мен күн көрудің ара жігін өзінің стереотиптік танымындағы бейнелі таңбалармен суреттеп, өмір сүруге деген көзқарасты білдіретін ұғымдар жиналғанын көреміз. Бұл жиналған тіркестердің бірқатары өмірді күнкөріс тірші-

лігінің қиындықтарын, күнделікті тіршіліктің күйбең күндерімен парапар теңейді. Сондай-ақ өмірді дария, кеме, бақша, баспалдақ, теңіз, орман секілді белгілі бір шектелген кеңістікпен бейнелейді. Бұл эстетикалық ойлау шеберлігі жоғары ойбейненен туындаған тіркестер екенін көрсетеді. Байқағанымыздай, стилистикалық тіркестер мәтін көмегінсіз-ақ түсініліп тұр. Тіркесімдердің мәтінсіз түсінілетін деңгейде болса лексикографиялық қорға ену мүмкіндігіне ие болады, демек, ол тіркес белгілі бір мәртебеге ие болады, не бейнелі тіркес қатарына, не тұрақты тіркес құрамына не фразеологизмдер қабатына енеді деген сөз. Сондықтан көркем шығармалар мен БАҚ тілінде сәтті мағыналық үйлесіммен құрылған жаңа тіркестер – тілдің семантикалық, синтаксистік, лексикографиялық қабаттарында да белсенді қызмет атқара алады. Комбинаторлық тәсіл сөз мағынасының мәтінде ашылуын ғана емес, сонымен қатар ұғымның жүйелі бейнеленуін қамтамасыз етеді.

Қазіргі кезеңдегі тіл білімінің дамуы тіркесімділікті сипаттау нысаны ретінде зерттеу санының артуымен сипатталады. Бұл шетелдік те, отандық та тіркесім сөздіктерін үнемі жетілдіріліп отыруымен расталады. Мұндай жағдайдың негізінде тіркесім сөздіктерінің келесі қағидалары жатыр.

Біріншіден, тіл саласындағы мамандар үшін тіркесімділікке арналған нормалаушы сөздіктер қажет. Мұндай сөздіктердің мақсаты – тілдік заңдылыққа сәйкес мүмкіндігінше көп сөздің кең тараған тіркесімдерін толық көрсету. Бұл сөздіктерді құрастыруда танымдық бағытқа сүйену маңызды және жазушылар, журналистер, редакторлар сияқты сөйлеу саласы мамандарымен бірлескен тиімді.

Екіншіден, сөздердің тіркесімділігі екі немесе бірнеше тіл жүйесі негізінде салыстырмалы зерттеу жүргізу тұрғысынан маңызды. Түрлі ғылым салаларына қатысты тілдердегі тіркесімділікті бейнелейтін аудармадағы баламалар атауларды әзірлеу кәсіби аудармашылар үшін аса қажет. Мысалы: *гимнастерка* – *әскержейде*, *гольф*ы – *балтыршұлық*, *аванс* – *алғытөлем*, *пенья* – *өсімтұл* сияқты тіркесжасамдық жүйемен біріккен атаулардан жаңа сөз жасау үдерісі қарқынды екенін көріп отырмыз.

Үшіншіден, тіркесімдер жүйесін арттыру үшін көркем шығармалар тілі мен БАҚ тіліндегі авторлық қолданыстағы бейнелі тіркестерді үздіксіз жинап отыру маңызды. Стилистикалық


тіркесіммен танылған тіркестер бәлкім кейін терминдік атау немесе жалпы тұрмыстық төл атауға айналуы мүмкін. Тіпті кірме терминдердің орнына балама болуы да ғажап емес. Мысалы, Б.Сокпақбаев қолданған *мүйізатар – рогатка* аудармасы.

3.3. ТІРКЕСІМ ӨРІСІ

Тіркесім өрісі – сөздің басқа сөздермен тіркесу мүмкіндіктерінің жиынтығын білдіретін жүйе. Тіркесім өрісінің қалыптасуына сөздің мағыналық құрылымы мен мүмкіндіктері ықпал етеді. Әрбір сөздің бойындағы мағынасы тіркесім әлеуетіне қарай кеңейеді, сол мағыналарды анықтау үшін тіркесім өрісін құрған маңызды. Яғни сөз қалай тіркеседі, қандай сөздермен тіркесе алатынын сатылы тізбекпен анықтағанда белгілі бір шегіне жетіп тіреледі. Мысалы, *жарық* (сәулелі) сөзі *жарық бөлме, жарық күн, жарық ой, жарық үй, жарық дүние, жарық әлем, жарық ғимарат, т.б.* сияқты тіркестерде әртүрлі мағыналық қырынан көрінеді. Бұл тіркестердің жиынтығы жарық сөзінің тіркесім өрісін құрайды.

Қазақ тілінде тіркес өрісін құрайтын тіркесжасам үлгісі – «зат есім + зат есім». Бұл тіркесжасам – көпмағыналы құрылым. Бұл құрылымның ерекшелігі – екі зат есімнің тіркесуі арқылы жаңа бірлік құруында, яғни атау тууы мүмкін немесе тіркес өрісі кеңейуі мүмкін.

«Зат есім + зат есім тіркесі» қазақ тіліндегі кең қолданыстағы тіркесжасам үлгісі. Мәселен, сағат сөзінен туындайтын тіркестер өрісі мынадай:



Бұл тұста кварц, ажал, атом сөздерімен тіркескенде изафеттік қатынас орнайды да кварц сағаты, ажал сағаты, атом сағаты деп жазылады. Зат есім+зат есім қатынасындағы тіркес өрісінің көп болу себебі заттың қолданылатын орны мен жасалған бұйымына қатысты өрбиді. Мәселен, моншақ сөзінің тіркесімділік өрісін анықтайтын болсақ, моншақ жасалатын барлық асыл, бағалы тастардың саны қанша болса сонша тіркес түрі шығады деген сөз. Мысалы: *меруерт моншақ, маржан моншақ, ақық моншақ, жақұт моншақ, гауһар моншақ*, т.б. сол сияқты моншақтың тағылатын орны мен аймағына қатысты да тіркесім пайда болады: *жақ моншақ, бет моншақ, көз моншақ*, т.б.

Зат есім+зат есім тіркесімдігі қазақ тілінде екі зат есімнің мағыналық үйлесуінен тіркескен күрделі атаулар мен күрделі сөздер. Негізінен бұл тіркес құрылымы екі бірліктен болады. Мұндай тіркестер көбінесе бір заттың екінші затпен қарым-қатынасын, оның қасиеттерін білдіреді. Мысалы:

Үй есігі – үйдің есігі (заттың бірінің басқа затпен байланысы)

Қала жолы – қаланың жолы (қалаға тән немесе оған қатысты жол)

Балалар алаңы – балаларға арналған алаң (балаларға байланысты алаң)

Бұл тіркестердің мағынасы көбінесе бір заттың екінші затпен байланысын сипаттайды, сол арқылы олардың арасындағы қатынасты көрсетеді.

Құрылымына қарай «Зат есім + зат есім» тіркесінде бірінші сыңар – анықтауыш (атау септікте, ілік септікте, тәуелденген формада болуы мүмкін), екінші сыңар – басыңқы сөз, негізгі мағына иесі. Мысал, кітап сөресі → қандай сөре? → кітапқа арналған сөре. Зат есім + зат есім тіркесімділігі бірнеше мағыналық қатынасқа негізделеді:

Қатынас түрі	Мысалдар	Семантикалық сипаты
Меншіктік	үй иесі, мектеп директоры	бір зат екіншіге иелік етеді
Орналасу/мекен	қала аумағы, дала желі	кеңістікке қатысты
Материалдық	темір есік, ағаш үстел	зат неден жасалғанын білдіреді

Мақсаттық	шай қасық, сия сауыт	зат не үшін арналған
Кесінділік/бөлшектік	тау бөлігі, кітап парағы	бүтін мен бөлшек арасындағы байланыс
Тұлғалық	адам баласы, ана жүрегі	метафоралық-жалпылауыш мағына
Қызметтік/қызмет иесі	мектеп мұғалімі, көз дәрігері	мамандық
Идеялық/абстракт	арман әлемі, махаббат оты	бейвербалды ұғымдарды заттандыру

Зат есім + зат есім тіркесінен жасалған атау сөздер – кәсіби, техникалық, қоғамдық және ғылыми салаларда атау қызметін атқарады. Мысалы: *мектеп кітапханасы, жол қауіпсіздігі, қала әкімі, сауна бөлмесі, тау-кен өндірісі, өсімдіктер әлемі, ауа райы, қаржы қызметі, көлік қозғалысы, орман шаруашылығы, т.б.*

Зат есім + зат есім тіркесінен жасалған бейнелі оралымдар (перифразалар) – бұл тікелей мағынада емес, сөздің метафоралық немесе бейнелі мағынасында қолданылатын тіркестер. Мұндай перифразалар көбінесе көркем әдебиетте, публицистикада, поэзияда немесе күнделікті сөйлеу тілінде кездеседі. Мысалы: *билік басы (мемлекет басшылығы), көгілдір экран (теледидар), алтын көпір (ынтымақтастық), ел ағасы, саясат саңлағы, күн көсем, оңтүстік астана, тіл жанашыры, көлік тізгіні, аяқ доп, былғары доп шебері, бас ұстаз (министр), сахна саңлағы, күріштің отаны (Қызылорда), сыр елі, өгей тіл, жігіт ағасы, вальс королі, т.б.* Бұл перифразалар көбінесе тікелей сөздің орнына қолданылып, сол ұғымды нәзік әрі бейнелі түрде жеткізеді.

Байқағанымыздай зат есім + зат есім тіркесімінің құрылымында сөздердің байланысуының бірнеше үлгілері бар. Мысалы: Зат есім + зат есім тіркесімінің валенттілік үлгілері

Үлгі	Құрылым	Мысал
Ілік + тәуелдік	[Z1-нің] + [Z2-і]	Азияның кіндігі
Анықтауыш + анықталушы	[Z1] + [Z2]	мектеп асханасы, сауда орталығы, мәдениет басқармасы, білім ордасы

Жалғаусыз тіркес	[Z1] + [Z2]	алтын уақыт, тас жол
------------------	-------------	-------------------------

Зат есім + зат есім тіркесінің тіркесімі сөздердің мағынасы мен грамматикалық құрылымына тәуелді. Есім тіркестерінің синтагмалық жүйесі – бұл тіркестің тілдік құрылымда басқа сөздермен сыңар ретінде тіркесіп, нақты мағыналық және грамматикалық қатынасқа түсу ерекшеліктерін сипаттайтын тіркесжасамдық модель. Оның синтагмалық қатынасы жоғары болғаны соншалық мағыналық және тіркес өрісі де кең болады. Мәселен, бір зат есімнің тіркес өрісін талдап көрелік:

ЖЕР сөзінің тіркес өрісі

ЖЕР

Семантикалық өрісі:

Қара жер, жат жер, туған жер, таулы жер, жазық жер, тақыр жер, ұрымтал жер, жер дауы, жер серігі, жер кадастры

Метрикалық өрісі:

аядай жер, қозы көш жер, таяқ тастам жер, ит өлген жер, екіталай жер, бір күндік жер, қамшы салым жер, көз көрім жер, қарға адым жер, оқ атым жер, тай шаптырым жер, ұлтарактай жер

Стилистикалық өрісі:

жанды жеріне тию, құйрығы жерге тимеу, қышыған жеріне тию, өкшесі жерге тимеу, сабат жер, сайран жер (поэт.), тірідей жерге кіру.

Предикаттық өрісі:

жер аудару, жер бастырмау, жер бауырлау, жер болу, жер жалдау, жер жырту, жер құшу, жер қылу, жер сабау, жер сипап қалу, жер тепкілеу, жерге қарау, жері кеңею, жеріне жету

Тіркесім өріс – тақырыптық қатарды түзейтін сөз бен сөз тіркестерінің жиынтығы, бірнеше тақырыптар аясында іріктелген тіркестердің топтық жүйесі. Былай қарасақ, мағыналық өріске ұқсайды. Ғалым Ғ.Хасанов «Семантикалық өріс» деп аталатын мақаласында мынадай анықтама береді: «Өріс – лексика-семантикалық жүйенің бірлігі ретінде, қасиеттері бойынша, ішкі ұйымдасу принциптері бойынша лексика-семантикалық топтың мүшелері арасындағы парадигматикалық байланысты анықтайды [160].

Сондықтан тіркесжасам үдерісі көпдеңгейлі модель арқылы сипатталады. Сөздердің тіркесу үдерісіндегі модельдер ішкі ұйымдасу деңгейі бойынша (парадигмалық, синтагмалық) және мағыналық белгілер арқылы *семантикалық өріс* (денотаттық, гипогиперонимдік, лексика-семантикалық, метрикалық, түрлі тақырыптық өрістер), тіркесім өрісі (валенттілік, актанттық қатынастары), стилистикалық өріс (окказионалдық, коннотаттық, перифразалық когнитивтік) тұрғысынан шартты түрде бөлінеді. Бұл бөліністі сөздің тіркесімдік әлеуеті артқан сайын кеңейтуге болады.

Тіркесжасам жүйесінде предикаттық қатынастағы тіркестер, соның ішінде *зат есім+етістік қатынасы* кең тіркес өрісін құрайды. Сондықтан етістікті тіркес – құрамында етістік негізгі мүше ретінде кездесетін, оған бағыныңқы сөздердің синтаксистік тұрғыда бағынып тұратын тіркес түрі. Мысалы, бас етістігінің тіркесім жүйесін шартты түрде талдап көрелік:

БАС Аяқпен, қолмен, белгілі бір затпен басу әрекеті	БАС Дерексіз ұғым ретінде көмекші етістік қызметі	БАС Көму, көмкеру, жабу әрекеті
Қадам басу Қаз басу Өкшесін басу Сірісін басу Таңдай басу Мөр басу Бетін басу Шалыс басу Тақымға басу Алға басу Кесте басу Киіз басу Жұмыртқа басу	Ұйқы басу Албасты басу Ашуға басу Еңсесін басу Мысын басу Қайғы басу Мауқын басу Шөлін басу	Шаң басу Тот басу Су басу

Бұл тіркестерде қимыл-әрекет мәні, яғни белгілі бір жағдай, әрекет, күй туралы хабарлау, не субъект пен предикаттың байланысы басты орын алады. Етістікті тіркестердің лексикалануы көп жағдайда, бір мағынаны білдіретін бейнелі атауға немесе тұрақты бейнелі тіркеске айналады. Мысалы: *көз жұмды* – қайтыс болды, *жол ашты* – мүмкіндік берді, *сөз сөйледі* – баяндама жасады. Етістікті тіркестер – қазақ тілінің тіркесімділік жүйесіндегі ең өнімді тіркес түрлерінің бірі. Сондықтан етістікті тіркестер сөйлемдегі баяндауыш негізін құрайды, фразеологизмдер мен атау тіркес жасауға негіз болады.

Зат есім + етістік тіркесінің атаулануы (номинативтенуі) – бұл тіркес құрамындағы зат есім мен етістіктің біртұтас мағынада жұмсалып, атаулық мәнге ие болуы, яғни лексикаланып, номинативтік бірлікке айналуы. Бұл – қазақ тіліндегі атау жасау, терминдену және фразеологиялану үдерістерімен тығыз

ҚАРАУ

Семантикалық өрісі:

акия қарау, адырая қарау, ала көзбен қарау, аңтарыла қарау, асқа қарау, бедірейе қарау, ежірейе қарау, бақырайып қарау, жалт қарау, жылы жүзбен қарау, көз алмай қарау

Фразеологиялық өрісі:

атүсті қарау, аузына қарау, беті бері қарау, жеңіл қарау, жүрдім-бардым қарау, көңілге қарау, қабағына қарау, қолға қарау, қырын қарау, ай қарау

Терминдік өрісі:

құжат қарау, алдын ала қарау, зерттеп қарау, тергеп қарау

байланысты құбылыс. Мысалы: ҚАРАУ етістігінің тіркесім өрісін талдайық.

Етістік тіркестерден құралған күрделі сөз, атауда семантикалық басымдық етістіктің тура мағынасына негізделеді. Сондықтан предикалық қатынастағы тіркесжасам моделінде мағына тұрақтылығы маңызды. Сондықтан предикатты тіркестер көп жағдайда алдыңғы сыңарымен бірге біртұтас мағынаны иеленіп, көп жағдайда баяндауыштың қызметін атқарады. Тек «зат есім + етістік тіркесінен жасалған фразеологизмдер – қазақ тілінде кеңінен қолданылатын тұрақты тіркестердің қатарына жатады. Олар метафоралық мәнге ие, құрамындағы сөздерге тәуелсіз мағына беретін, сөйлеу тілінде жиі қолданылатын болғандықтан көп жағдайда етістікті толықтырушы қызмет атқарады. Зат есім + етістік тіркесінің синтагмалық қатынасы – бұл тіркестің құрылымындағы сөздердің бір-бірімен синтаксистік қатынасы, яғни сөздердің сөйлемде қалай жұмсалып, өзара байланыса алатынын анықтайтын тілдік заңдылық. Синтагмалық қатынастың негізінде сөздердің тіркесімділігі, олардың сөйлемдегі орын тәртібі, сондай-ақ олардың мағыналық байланысы жатыр. Зат есім мен етістіктің тіркесі көбінесе құрылымдық синтагматикалық қатынас аясында қалыптасады. Мұндай тіркестер әртүрлі семантикалық байланыстарды көрсетуі мүмкін: себеп-салдар, нәтиже, қатынас, қозғалыс, іс-әрекет. Зат есім + етістік тіркесіндегі синтагмалық қатынастар негізінен мынадай түрлерде көрінеді:

1.1. Құрылымдық қатынас. Сөздердің бір-біріне қатысты орын тәртібі мен олардың байланысқан мағыналарының табиғаты. Бұл тіркесімде зат есім көбінесе субъект немесе объект ретінде қолданылып, етістік әрекетті көрсетеді: *құжат дайындау*: мұнда құжат – объект (зат есім), дайындау – әрекет (етістік), *жұмыс бастау*: жұмыс – объект, бастау – әрекет.

1.2. Мағыналық қатынас. Мағыналық қатынас сөздердің логикалық байланысын көрсетеді. Мұндай қатынас әртүрлі болуы мүмкін: бір әрекет арқылы екінші әрекеттің немесе жағдайдың қалыптасуы. Мысалы: *құжат дайындау* – құжат дайын болу әрекетінің нәтижесі. Қозғалыс: бір іс-әрекеттің бір жерде немесе бағытта жүзеге асуы. Мысалы: *жұмысқа бару* – жұмысқа бағытталған қозғалыс.

1.3. Кезектестік қатынасы. Кезектестік қатынасы сөздердің бірінен кейін бірінің келуіне байланысты, бір әрекет екінші әрекеттің алдында немесе соңында орын алады. Мысалы: *құжатты тексеру* – тексеру әрекеті құжаттың дайын болуынан кейін басталады.

Зат есім + етістік тіркесінің парадигмалық қатынасы – бұл тіркестегі екі сөздің түрленімдік және ауысымдық байланысын білдіреді. Парадигмалық қатынас тілдегі сөздер мен тіркестердің әртүрлі формалары мен түрлерінің жиынтығы ретінде түсініледі. Зат есім мен етістік тіркесіндегі парадигмалық қатынасты талдағанда, сөздердің түрленуін және олардың синтаксистік қызметін айқындайтын заңдылықтарды қарастырамыз.

Зат есім мен етістік тіркесінің парадигмалық қатынасы – сөздердің түрлену заңдылықтарын анықтайды және тіркесімнің синтаксистік құрылымы, мағыналық кеңістігі мен қатынасын айқындайды. Әрбір тіркесімнің түрленуі оның уақыттық, жақтық, септік қатынастарын нақтылап, тіркестің семантикасын толықтырады.

Зат есім + етістік тіркесінен жасалған тұрақты тіркестер – бұл екі компоненттің сөз тіркесі арқылы қалыптасып, біртұтас мағына білдіретін және тілде қалыптасқан тұрақты құрылымдар. Мұндай тіркестер әдетте белгілі бір қалыптасқан және қабылданған мағынаға ие болады, яғни олардың мағынасы тіркестің жеке компоненттерінің мағынасына толық сәйкес келмейді.

Қорыта келгенде сөздің тіркесжасам қабілеті кеңейген сайын, сол сөздің семантикалық өрісі де кеңейе түседі. Семантикалық өрістің дамуы тіркес жасау әлеуетіне тікелей тәуелді.

4-ТАРАУ. ФРАЗЕОГРАФИЯ

Фразеография – тілдегі бейнелі, астарлы мәндегі фразалық қолданыстардың жүйеленуін, сөздікте тіркелуін зерттейтін сала. Фразеография белгілі бір тілде бейнелі атаудан пайда болып, көріктеуіш құрал ретінде қызмет етіп, тұрақталған немесе тұрақталмай окказионал қолданыста қалған бейнелі тіркестердің (фразеологизмдердің), күрделі атау немесе теңеу, эпитет, метафора, метонимия, синекдоха, эвфемизмдердің жиынтығы. Қазақ тілінде тұрақты тіркестер түзілген «Қазақ тілінің фразеологиялық сөздігі» бар. Қазақ тіліндегі фразеографияның негізі – осы сөздік. Бірақ фразеография құрамына бұдан бөлек тіркесжасамдық қордың бірі болып саналатын тұрақты теңеулер сөздігі, метафоралар сөздігі, эпитеттер сөздігі, метонимиялар сөздігі енеді. Себебі аталғандардың барлығы екі не үш сөздің тіркесуінен жасалып біртұтас фраза бірлігі ретінде танылуына байланысты фразеография нысаны болады.

Тіліміздегі бейнелі сөз орамдар (кейде оны көріктеуіш сөздер, көркем сөздер деп атайды) көп жағдайда тіркес күйінде, яғни екі не одан көп сөздің тіркесуінен жасалады. Сондықтан олар тұрақты қолданысқа енсе тұрақты тіркес не фразема болып сөздіктерге тіркеледі. Бейнелі сөз орамдары – белгілі бір зат не құбылысты өзгеше таныту, бейнелі таныту немесе автордың сол сәттегі аялық білімі не эмоциялық күйіне сәйкес түсіндіру аясында сол сөздің екінші бейнелі атауы қалыптасады. Мысалы, С.Мұқанов, Б.Майлин шығармаларында жиі қолданылған *қара табан* (жалшы-жақыбай) тіркесі батырақ (босық), яғни тұрмыстық хал-ахуалы төмен әлеуметтік топ, еңбегін сатып күн көрген адамды сипаттаудан пайда болған. Демек, кедей сөзінің тағы бір екінші атауы қалыптасты деген сөз. Оның мағыналас тіркестері – *сіңірі шыққан тақыр кедей, қызыл сирақ, қара бітпеген тұлдыр кедей, сұр кедей, тесік өкпе, тоны келте, қалтасы жұқа, ыңырашағы айналған кедей, адал итсіз*. Байқағанымыздай, қазақ танымында кедейді сипаттауда ең алдымен оның бітім болмысы – жалаңаяқ қалуы, бұты кудай болып арықтауы, сирақтары мен сіңірі шығып тұруы басты уәж болса, екіншіден, әлеуметтік деңгейі – алдында малы болмауы, тіпті адал итінің болмауы, денсаулығының

нашар болуы (тесік өкпе – суық өткеннен болған өкпе ауруы), киімінің тар, келте болуы, қалтасында ақша, т.б. болмауы бейнелі сипаттауға уәж болып тұр.

Кедей ұғымын сипаттайтын бейнелі қолданыстар тілімізде көп-ақ, бірақ барлығы бірдей фразеологиялық сөздікке тіркелмеді. Мысалы Әбіш Кекілбайұлының сипаттауында – *кедей – жарық өкше, қара сүйек қаңғыма, қара таяқ, тер сасыған қара шекпендер*. Демек, бұл бейнелі атаулар фразеологиялануы тиіс. Бұндай бейнелі сөздер көркем шығармада болғаннан кейін сөздік қорға да тіркелуі маңызды. Мәселен, Ілияс Есенберлиннің көркем шығармасындағы *іштесер* (штық – найзалы мылтық), *дала еркесі* (ақбөкен), *қанды үкім* (өлім жазасы), *ажал сағаты* (өлім) бейнелі қолданыстар фразеологизм болу үшін не істеу қажет? Әрине фразеологиялық қорға енгізу керек. Демек, фразеология – бейнелі қолданыстарды жасаушы ақын-жазушылар мен публицистердің авторлық қолданысын немесе халықтық метафоралар мен теңеулердің жиынтығы. Фразеология тілдегі фразеологиялық сөздіктің өзі ғана емес. Фразеология бірнеше сөздіктің, метафоралар сөздігі, теңеулер сөздігі, метонимиялар сөздігі, эпитеттер сөздігі, әрбір ақын-жазушылардың бейнелі сөздер сөздігінің жиынтығы.

Фразеологиялық қор қалай құрастырылады? Фразеологиялық қорды түзу үшін біріншіден, ақын-жазушылардың көріктеуіш құралдары (көркем сөздері) жиналады. Екіншіден, ауызша тілден халықтық теңеулер мен метафоралар жиналады. Үшіншіден, тұрақты тіркестердің (фразеологизмдердің) қазіргі БАҚ тіліндегі, қазіргі тілдік қатысымдағы жаңа мағыналары анықталады. Төртіншіден, кірме терминдерге қазақ тілінде балама атау беру кезінде пайда болған, сөздікке енген метафоралық қолданыстар жиналады (*қара тізім – черный список, айқара бет – главная страница газеты, қоңырау сағат – будильник*).

Демек фразеология – тілде атауыштық, көркем-эстетикалық, эмоционалды-бағалауыштық, стилистикалық және лексикалану қызметтерін атқаратын бейнелі тіркестердің түзілуі.

Фразеология – фразеологиялық бірліктерді (тұрақты тіркестерді) және олардың түрлері мен типтерін зерттейтін әрі сөздікте түзілу жүйесін реттейтін лексикология саласы. Фразеология тұрақты тіркестерді құрылымдық және мағы-

налық, т.б. түрлеріне қарай жүйелеумен, оларды сипаттаумен және талдаумен айналысады. Сондай-ақ сөздік қорға енген және еруге тиісті фразеологиялық бірліктерді фразеологиялық сөздікке түзудің тетігін қарастырады. Лексикологияның жеке саласы ретінде дамып келе жатқан фразеографияның өзіндік қызметтері қалыптасты:

1. Жіктеу және жүйелеу қызметін атқарады. Фразеография тұрақты тіркестерді типтеріне қарай ажыратып (идиома, фразема, фразеологиялық сөйлемше), арнайы белгімен (пометамен) таңбалайды. Фразеологизмдерді тақырыптық, семантикалық топтарға ажыратады (діни фразеология, этнофразеология, көне фразеология, жергілікті фразеологизмдер, т.б.). Фразеологизмдердің стильдік қызметіне қарай қолданысын ажыратады (қарғыс мінді фразеологизмдер, алғыс мәнді фразеологизмдер, бағалауыш фразеологизмдер, эмоционалды-экспрессивті фразеологизмдер, т.б.).

2. Сипаттау және талдау қызметін атқарады. Фразеологизмдердің мағынасы ашылады, бастапқы мағыналары бірінші жазылады, кейін мәнмәтіндегі өзгерген мағыналары қойылады. Уақыт өте келе, тұрақты тіркестердің де қолданымдық мәні ауыса бастайды. Мысалы, ҚТФС-де «ханға сәлем бермейді» тұрақты тіркесі – *шаруасы түгел, мұртын балта кеспейді, ісі орнықты* деп мағынада түсіндірілген. Яғни өз ұпайы өзінде, басқа ешкіммен шаруасы жоқ деген мазмұнға жақын келеді. Бірақ қазіргі уақытта «ханға сәлем бермейді» деген қолданыс ешкімді менсінбейді, өзгелерге мұрнын шүйіре қарайды деген мағынада жиі қолданылады. Сондай-ақ фразеографияның сипаттау және талдау қызметінің қатарына:

– фразеологиялық көпмағыналық (*мінезі ауыр – 1.Салмақты, байыпты, 2. Ашылып әңгіме айта алмайтын бұйығы, тұйық.*
3. Бір қалыпты, еш өзгермейтін),

– фразеологиялық жарыспалық (*місе тұтты// місе қылды*) мәселелері зерттеліп, талданады. Тұрақты тіркестерді түзуде әрбір реестрге тіркелген фразеологизмдердің түсіндірмесінде құрылымдық және мағыналық өзгерістері мүмкіндігінше толық қамтылуы қамтамасыз етіледі. Демек, 1977 жылы түзілген ҚТФС-ндегі тұрақты тіркестердің қазіргі қолданыстағы өзгерістері толық қамтылады [108].

3. Фразеологиялық сөздіктің жаңа құрылымы жасалады. Сөздіктің құрылымы фразеологиялық корпус әзірлеуге бейімдеуге лайықталады. Сондықтан сөздік бірнеше тарауларға бөлінеді. Бірінші тарауда әліпбилік реттілікпен түзілген фразалар беріледі, олардың қысқаша мағынасы және мысалы рәсімделеді. Екінші тарауда идиомалар әліпбилік ретпен әзірленеді. Үшінші тарауда фразеологиялық сөйлемшелер беріледі. Әрбір реестрге енген тұрақты тіркестің семантикалық белгіленімі (пометасы) таңбамен көрсетіледі. Себебі фразеологизмдер тілдік жүйеде бірнеше сөз типтеріне ауысуы мүмкін. Сондықтан әрбір мағынасының алдына қай сөз типінде қызмет ететіні белгіленіммен (пометамен) көрсетіледі. Мысалы: тарихи, жергілікті, термин, этномәдени, кәсіби, т.б.

Фразеография әдеби тілдің бейнелі-көріктеуіш құралдарын терең зерттеп, сөздік қорға енгізу үшін аса маңызды. Фразеография – сөздік қордағы сөз байлығының көрсеткіші. Ал бейнелі қолданыстар екінші атау, тіпті кейбір кірме терминдердің балама атауына айналып отыр. Сондықтан фразеография тілдің стилистикалық сапасын, көркемдік құндылығын айқындайтын тетік ретінде қызмет етеді.

Фразеография – сөздік құруға бағытталғандықтан лексикографияның бір бөлшегі болып саналады. Әзірше қазақ тілінде фразеографияның бір ғана түрі – фразеологиялық сөздік бар. Бірақ А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтының электронды меншігі – Қазақ тілінің ұлттық корпусының ішіндегі «Жазушылар» ішкорпусы – қазақ фразеографиясының электронды нұсқасы деуге болады. Себебі Жазушылар ішкорпусында қазақ жазушыларының көріктеуіш құралдары (авторлық метафора, теңеу, эпитет, бейнелі фразема, нақыл сөз, мақал-мәтелдері) жинақталған. Демек «Жазушылар ішкорпусы» фразеографиялық электронды картотека ретінде жүзеге асырылып жатыр.

Фразеография қорына жиналып жатқан бейнелі тіркестердің мағынасы – сол көркем шығармадағы мәнмәтін аясында анықталады. Мысалы, Шерхан Мұртазаның «Қызыл жебе» романынан «*жер томпайтқан*» бейнелі қолданысы алынды. Мағынасы – о дүниелік болған, қайтыс болған дегенді білдіреді. Жазушылар ішкорпусы метабелгіленімінде, фразеографиялық түзілім бойынша былай рәсімделеді:

ЖЕР ТОМПОЙТУ *метафора. О дүниелік болу, қайтыс болу.* Алдақашан жер томпайтып қалған Жылқыайдар әкесін, Бердікұл ағасын есіне алды. Солардың басына барып құран оқытқызбасам ба деді. (Ш.Мұртаза. Қызыл жебе 1-кітап. 86.). *Негізгі уәж* – көмілген бейіт топырағының дөңес болған пішіні. Белгілі бір мөлшерде дөңес болып тұрған жерді мола деп қабылдау – көру арқылы (визуалды) қабылданған қарабайыр түсініктердің нәтижесінен туындаған. Соған орай кісіні жерлегенде оның орны томпайған, дөңес жер болған бейнелі көрінісі «жер томпайту» метафорасының қалыптасына негіз болды. Болашақта тілдік қолданыста белсенді болса фразеологизм деп танылуы мүмкін. Себебі бұл идиома емес, жер томпайту – жерге көмілу, жер астына кету сияқты өлімнің бір фрагменті ретінде жер сөзі қатысып тұр.

ҚАРА БЕСІК *эпитет. Туған мекен, туын-өскен үйі деген мағынада.* Қоңыр торпақты құйрығынан ұстап бағып, қалтқұлт етіп күн кешкен Тау-Шілмембет ежелгі мекеніне оралғысы келеді. Туған жерді, қара бесікті сағынады (Ш.Мұртаза. Қызыл жебе 1-кітап. 23б.).

ЖЕЛІ БАЙЛАМ ЖЕР *эпитет, өлием. Жақын жер, таяқ тастам жер.* Табалдырықтан қақпаға дейін желі байлам жер Тұрарға қыл көпірдің үстіндей, тозақ отының арасындай сезілген. (Ш.Мұртаза. Қызыл жебе 1-кітап. 4б.).

ЖИҢАНГЕР СОҒЫС *эпитет. Бірінші дүниежүзілік соғыс.* Кейінгі жылдарда әуелі жиһангер соғысы, одан кейін азамат соғысы боп, зілдей салмағы шаруаға түсуден мал басы азайып, құмға көшетіндер сиреген екен, енді халықтың көпшілігі кетпен шауып күнелтетін болған екен (С.Мұқанов Мөлдір махаббат)

ҚАРЫНҒА ЖАБЫСҚАН ТАЛАҚТАЙ *теңеу. Айрылмау, кенеше жабысу.* Оның алдында әкем қарынға жабысқан талақтай боп, қайда көшсек те қасымыздан қалмай жүрген Қайрақбайды, әлде не сылтаумен, алысырақ жерге қонған біреуге жұмсап жіберді (С.Мұқанов Мөлдір махаббат)

ЖҰМЫСКЕР ҚАСЫҚ *эпитет. Дастарқан басындағыларға ортақ бір қасық.* Дастарқанның дәл орта тұсына құрсаулы қоңыр жағал ағаш тостағанмен қара талқан қойылған. Тостағанда бір ғана ағаш қасық. Жұмыскер қасықта дамыл жоқ. Тостағанды шыр айналып, әркімнің алдына бір барады (Б.Соқпақбаев. Балалық шаққа саяхат).

ІШІ ИТШЕ ҚЫҢСЫЛАУ *метафора*. *Қарны ашу*. Мейлі, шомыла берсін, оларға да салқындау керек қой. Ал мен әуелі тамақтанып алайын, *ішім итше қыңсылап*, түйені түгімен, нарды жүгімен жұтып жібере жаздап келе жатқам жоқ па (Б. Соқпақбаев. Балалық шаққа саяхат). *Уәжі* – иттің тамақ іздегенде қыңсылаған әрекетіне ұқсатуы.

КӨЗ ЖАСЫ АЛТЫ ТАРАМ БОЛУ *метафора*. *Жылау, бетін көз жазы шаю*. Үшеуі бірдей майданда қаза тапты. Бура шал *көз жасы алты тарам болып* аңырап қалды (Б. Соқпақбаев. Балалық шаққа саяхат). *Уәжі* – алты тарам өрім секілді беті көз жасынан айғыздану.

Фразеологияға тіркелген бейнелі тіркестердің анықтамасын (дефинициясын) берудің бірнеше тәсілдері болады:

1) Сипаттама анықтама – ұғымға берілетін қысқаша түсінік. Мысалы:

Дін ордасы *метафора*. *Мешіт*. Бір сөзбен сипаттама беруге болады. Немесе **Дін ордасы** *метафора*. *Мешіт, мұсылмандардың намаз, Құран оқуға жиналатын, Құдайға сиынатын орны* деп кеңірек түсіндіріп беруге болады.

2) Синонимдік анықтама – мағыналас сөзбен түсіндіру. Мысалы:

Қазан қарын *эпитет*. *Мес қарын, жуан қарын*. Тергеуші Хасен мен Бектегін және қасында *қазан қарын* қара полицей үшеуі әңгімелесе жүріп, лагерьді бір айналып шықты (Бақытбек Қадыр «Жасыл шатырлар»)

3) Сілтеме анықтама – мағыналас сөзге сілтеме жасау арқылы түсіндіру.

Мысалы: **Аппақ алма** *эпитет*. Қараңыз: *Қос анар (қыздың омырауы)*. Бұл сәтте ол жартылай жалаңаш еді, кеудесін қолымен көлденең басып отырған. *Аппақ алмасы* білегінің үстінен тырсыып, доғаланып шығып тұр (Есбол Нұрахмет Таусылмас түн).

4.1. ҚАЗАҚ ФРАЗЕОЛОГИЯСЫНЫҢ ЗЕРТТЕЛУІ

Қазақ фразеологиясының зерттелуіне елеулі үлес қосқан ғалымдардың бірі – І. Кеңесбаев. Ғалым 1946 жылы зерттеуінде: «Фразеологизмдер лексикалық формасы, стилистикалық қызметі

жағынан айрықша орын алады» дей келе, имиомалар мен фразалық топтар бар екенін көрсетеді [109].

Қазақ тіл білімінде алғашқылардың бірі болып ХХ ғасырдың қырқыншы жылдары профессор С. Аманжолов идиомалық тіркестер мен фразеологизмдерді зерттеуді қолға алу керектігін атап өтіп, олардың ғылыми бағыттарын көрсеткен болатын: «Тұрақты тіркестерді «идиомалық форманы екіге белуге болады: 1) образды бернелі құрама (идиомдық тіркес) және 2) бернесіз құрама (фразеологиялық тіркес). Осылар сияқты қазақ тіліндегі кейбір сөйлемдерді басқа тілге тура аударғанда, олар тура мағынасынан басқа мағына беріп кетсе, сөздердің грамматикалық формаға дұрыс жауап бермегені деуге болады. Бұл – идиом. Бұл – идиомды айыруда негізгі критерий» [110].

І. Кеңесбаев, Ғ. Мұсабаевтың «Қазіргі қазақ тілі» кітабында тіркестердің барлығын фразалық тіркес деп атайды. Фразалық тіркестерді идиомалар және фразалық топтар деп екіге ажыратады. Бұл еңбекте идиома ерекше категория ретінде қарастырылады. Ал басқа тұрақты тіркестердің бәрі – мақал, мәтел, қанатты сөз – фразаның қатарында танылады. Идиома мен фразаның айырмашылығы былайша түсіндіріледі: «Идиом тобындағы сөздер өзінің жеке тұрғандағы негізгі мағынасынан айрылып қалады да, өзара жымдасып, бір ғана негізгі лексикалық ұғым береді. Басқаша айтқанда, идиом ішіндегі компоненттер өзінің лексикалық формасы мен мағынасын жоғалтады да, грамматикалық формасын сақтайды; бұлар негізгі бір кесек күрделі лексикалық единицаның грамматикалық элементтері (мүшелері) болып есептеледі» [111].

К. Ахановтың 1965 жылы шыққан «Тіл біліміне кіріспе» еңбегінде тұрақты фразеологиялық тіркестер деп аталады да лексиканың құрамында қарастырады, ал еркін тіркестерді синтаксистің нысаны етеді. Фразеологизм – біріншіден, тұрақты сөз тіркестері (фразеологиялық единицалар), екіншіден, тұрақты фразеологиялық тіркестердің жиынтығы» деген анықтама береді [112].

«Қазақ тілінің стилистикасы» еңбегінде фразеологизмге мынадай анықтама берілді: «Мағынасы жалпыға белгілі, грамматикалық байланысы жағынан бір бүтін единица болып, қолданылуы дәстүрге айналған тұрақты сөз тіркестерін тіл білімінде

фразеологиялық орам немесе фразеологизм деп атайды». Еңбектің авторлары М.Балақаев, Е.Жанпейісов, М.Томанов, Б.Манасбаев фразеологизм деп тұрақты тіркесті таныды және оны идиома, фраза, мақал-мәтелдер деп үшке бөлді [113].

І. Кеңесбаев, Т. Жанұзақовтың «Тіл білімі терминдерінің орысша-қазақша сөздігі» еңбегінде фразеологизмді былайша түсіндіреді: «Түйдекті тіркес ішіндегі сөздердің бір-бірімен лексикалық, грамматикалық берік байланыста болып, бөлініп-жарылмайтын фразалық мағынаның ол сөздердің лексикалық мағыналарымен ешбір жуыспайтын томаға тұйық тіркестер. Мысалы: аузы-мұрны қисаймай (ұялмай), аузын буған өгіздей (момын)» [114].

Ә. Қайдардың «Тысяча метких и образных выражений» еңбегінде қазақ фразеологизмдерін этнолингвистикалық бағытта зерттеудің алғашқы үлгілері қалыптасты [115].

Н.Уәлиұлының «Фразеология және тілдік норма» еңбегінде: «Тұрақты сөз орамдары әдетте сөйлеу кезінде жасамайтын, «даяр» күйде қолданылатын, тұлғасы (формасы) жағынан сөз тіркесі немесе сөйлемге, мазмұн жағынан дара сөзге ұқсас тиянақты тілдік бірліктің қатарына жатады» делінеді [116].

Қ. Айтбаевтың «Аудармадағы фразеологиялық құбылыс» кітабында: «Фразеологиялық единицалардың бәрі дерлік ауыспалы мағынаға ие. Бір нәрсе мегзеу, ишара түрінде, ар жағын өзің біл дегендей болжалмен айтылады. Бұлардың осындай қасиеттері тілімізді көркем, бейнелі шешен етіп, оған айрықша ажар кіргізеді» [117].

Х. Қожахметованың «Фразеологизмдердің көркем әдебиетте қолданылуы» еңбегінде эквивалентті фразеологизмдердің зерттелу жайы, фразеологиялық бірліктерді салғастыра зерттеудің маңыздылығы туралы айтады [118].

Т. Сайрамбаевтың «Қазіргі қазақ тіліндегі күрделі сөз тіркестері» еңбегінде еркін тіркестер мен фраземалар арасындағы ерекшеліктер анықталады: «Фраземаларда лексикалық мағына болса, сөз тіркестерінде болмайды, сөз тіркестері сөздің лексикалық бірлігі негізінде жасалса, фраземаларда жеке лексикалық бірліктер жоқ. Сөз тіркесі мен фразеологизмдердің сырттай ұқсастықтары болғанымен, ішкі мазмұны жағынан бір емес», – делінеді [119].

Қазақ тілі оқулығында (авторлары – Н. Оралбаева, Ғ. Мадина, А. Әбілқаев) фразеологизмдер тұрақты сөз тіркестері деп берілген және оның идиома, фраза, мақал-мәтел деп жіктеген [120].

С. Сәтенованың қазақ тіліндегі малшаруашылығына қатысты тұрақты тіркестердің бейнелілігін зерттеген еңбегінде фразеологияның негізгі белгісі – көркемдік пен эстетикалық таным екені айқындалған [121].

Г. Смағұлованың «Фразеологизмдердің варианттылығы» оқулығында: «Тіліміздегі фразеологизмдерді әрі әсерлі, экспресивті-эмоционалды сипатпен, сол ойға, жағдайға байланысты кейбір өзгерістермен қолданудың қажеттілігі туады. Бұл құбылыс тілдің ішкі өз заңдылықтарынан туатындықтан да фразеологиялық варианттарды тілдегі басы артық құбылысқа жатқызуға болмайды, ол тілдің ішкі заңдылықтарына қайшы келетін немесе сол тілді бұзатын керексіз категория емес, қайта тілді байыта түсетін, ойды мәнерлеп, әр түрлі стильдік ерекшеліктермен орамды етіп жеткізуге көмектеседі» деп түсіндіреді [122].

О. Султаньяев «Русская и казахская лексика и фразеология произведений Чокана Валиханова» еңбегінде қазақ және орыс фразеологиялық бірліктерінің мағыналық сабақтастығын көрсетеді [123].

Ә. Болғанбаев, Ғ. Қалиевтің «Қазіргі қазақ тілінің лексикологиясы мен фразеологиясы» еңбегінде: «Тұрақты тіркестер жеке сөздің орнына жұмсалып қана қоймайды. Сонымен қатар, мән-мағына жағынан үйлесе келіп, бірінің орнына бірі балама болып та қолданыла береді» делінген [124].

Г. Боранбаева XV-XVIII ғасырдағы қазақ поэзиясы тіліндегі фразеологизмдердің ерекшелігін анықтаса [125], Ш. Құрманбаева түрік және қазақ тілдеріндегі етістікті фразеологизмдерге салғастырмалы талдау жасады [126]. Ж. Өмірәлиева соматизмді фразеологизмдердің ұлттық-мәдени ерекшеліктерін зерттеді [127].

Ә. Аблақов, С. Исаев, Е. Ағмановтың «Қазақ тіліндегі сөз тіркесінің дамуы мен лексикалану процесі» еңбегінде: «Фразеологизмдер – сандаған жылдар мен ғасырлардың қазынасы. Фразеологиялық тіркестер – семантикалық шоғырлар, яғни жеке сөз мағыналарының бір-бірімен түйісуінен туған жаңа мағыналық дүниеліктер» делінген [128].

С.Сәтенованың «Қазақ тіліндегі қос тағанды фразеологизмдердің тілдік және поэтикалық табиғаты» еңбегінде қазақ фразеологизмдерінің компонентті типтері, соның ішінде қос тағанды фразеологизмдердің құрылымы айқындалған [129].

Б. Уызбаеваның «Қазақ тіліндегі соматикалық етістік фразеологизмдердің этнолингвистикалық сипаты» атты диссертациялық жұмысында қазақ фразеологизмдеріне этнолингвистикалық талдау жүргізілді [130].

1998 жылы жарияланған А. Нұрмахановтың «Түркі фразеологиясы» еңбегінде түркі мақал-мәтелдеріне талдау жасалып, мақал-мәтелдердің өзіне тән белгілері көрсетілген: «Мақал-мәтелдердің өзіне тән белгілері: әрбір мақалда белгілі бір ой түйіні болу; сол ойдың әрі қысқа, әрі нұсқа сөздермен берілуі; мақал-мәтелдегі сөздердің орналасу тәртібінің тұрақты болуы; көркемдеу тәсілдері: қайталау, теңеу, күшейту, кішірейту, салыстыру сияқты айшықтау тәсілдерінің дыбыс үндестігімен үйлесім табуы; әрбір мақал-мәтелдің соңғы сөзі (баяндауыш) арқылы, интонация арқылы ақталуы, тиянақталуы; одағай, еліктеуіш, шылау сөздерінің ретсіз қолданылмауы» [131].

Р. Авакованың «Фразеологиялық семантика» атты еңбегінде: «Фразеологизмдердің негізгі қасиеттері – оны бөліп дамуға келмейтіні және идиомалығы мен тұрақтылығы. Фразеологияны тілдік жүйенің құрамдас бөлігі ретінде, құрылымдық және мағыналық жағынан ерекше қасиетке ие тілдік бірлік ретінде тану негізгі ғылыми дәйектеме болып табылады» делінеді [132].

2004 жылы Г. Сағидолда «Поэтикалық фразеологизмдердің этномәдени мазмұны (қазақ және монғол тілдерінің материалдары бойынша)» еңбегінде этимологиялық талдауға баса назар аударады [133]. А. Тымболова «Тұрақты тіркестердің құрамындағы мағынасы күңгіреттенген компоненттер» еңбегінде мағына күңгіреттенуі, лексикалану мәселелерін зерттеген болатын [134]. Р. Қарымсакова, Г. Смағұлованың бірлесуімен жазылған «Казахский язык. Страноведение через фразеологизмы» еңбегінде фразеологиялық бірліктердің елтанымдық қызметіне шолу жасалған [135]. Қ. Саркенова «Қазақ фразеологизмдерінің стильдік саралануы» еңбегінде фразеологиялық бірліктердің эмоционалды-экспрессивті, бағалауыш, эстетика-

лық, көркемдік қызметтері айқындалады [136]. М. Сабыр, Ж. Исинаның «Орта ғасыр жазба ескерткіштері фразеологиялық және паремиологиялық қорының этномәдени сипаты (XIV ғ.)» зерттеуінде: «Жазба ескерткіштер тіліндегі фраземалардың пайда болу көздері қазақ халқының тарихымен, өмір-тіршілігімен, материалдық және рухани мәдениетімен тығыз байланысты» делінеді [137]. М. Мамаева фразеологизмді сөз тіркестерін басқа тұрақты тіркес түрлерінен бөлек қарастырған болатын. Зерттеушінің нысанындағы бірліктер фраземаны құрайды [138]. Ә.Ж. Хазимова қазақ фразеологизмдерінің ұлттық-мәдени деректерін жинақтау арқылы, фразеологиялық бірліктердің ұлттанытушылық қызметі мен құндылық таңбасы екенін дәйектеді. Г. Байшукурова қазақстандық жазушылардың тарихи шығармаларындағы фразеологизмдердің семантикалық құрылымын талдап көрсетті [139].

2006-2020 жылдардағы фразеологиялық зерттеулер тақырыптық топтарға, фразеологияның семантикалық немесе құрылымдық, стилистикалық қызметтеріне арналды. Мәселен, Г. Рысбаеваның түркі тілдеріндегі культтік фразеологизмдердің танымдық және этнолингвистикалық сипатын зерттеген еңбегінде қазақ, түрік, өзбек тілдеріндегі ортақ фразеологизмдердің тізбегін көруге болады. Ж. Дәркенбаеваның қазақ тіліндегі фразеологиялық оралымдарды зерттесе, Ж. Таласпаева қазақ тіліндегі тұрақты оралымдарды қарастырды. Абаева М. Зияткерлік мәндегі фразеологизмдерді когнитивтік теорияда зерттесе, А. Махметова Мағжан Жұмабаев поэзиясындағы фразеологизмдердің дәстүр жалғастығын анықтайды. Ф. Оспанова қазақ және ағылшын тілдеріндегі фразеологизмдерді салғастыра отырып, фразеологизмдер уәждемесінің лингвомәдени аспектісін қарастырған болатын. Ж. Абдрахманова қазіргі қазақ тіліндегі окказионал фразеологизмдерді қарастырса, З. Ержанова қазақ қолөнеріне байланысты фразеологизмдердің этномәдени аспектісін зерттеді. Ж. Исина орта ғасыр жазба ескерткіштерінің тіліндегі фразеологизмдер мен мақал-мәтелдердің этномәдени сипатын зерттесе, С. Қалиева көркем прозадағы фразеологизмдердің қолданылу ерекшеліктерін айқындады. Э. Мукушеваның еңбегінде қазақ және неміс тілдеріндегі фразеологизмдер семантикасындағы ұлттық

элементтер анықталған, ал Б. Нағасбекованың зерттеуінде қазақ тіліндегі фразеологизмдердің көпмағыналылығы зерделенген. К. Сарышованың зерттеуінде қазақ тіліндегі эмоцияны бейнелейтін фразеологизмдер талданған. Г. Сырлыбаева қазақ тіліндегі қарсы мәнді фразеологизмдердің парадигмаларын зерттеген болатын. Р. Үрімова қазақ тілінің аймақтық мақал-мәтелдері мен фразеологизмдерінің этноқұрылымдық сипатын қарастырса, Ш. Кудьярова қарақалпақ және қазақ тілдеріндегі фразеологизмдердің лексика-семантикалық өзгешеліктері мен олардың айырым белгілерін анықтады. А. Андабаева қазақ, түрік және орыс тілдеріндегі ұлттық-мәдени концептілердің фразеологизмдегі түсіндірмесін (интерпретациялануын) зерттесе, Ж. Алшинбаева көркем мәтіндегі фразеологизмдердің этномәдени семантикасы және оның тіларалық берілуі, яғни аудармасын қарастырған болатын.

Бүгінге дейін қазақ фразеологиясына қатысты мынадай сөздіктер жарияланды: 1977 жылы І. Кеңесбаевтың редакторлығымен «Қазақ тілінің фразеологиялық сөздігі». 1985 жылы «Орысша-қазақша фразеологиялық сөздік» 1988 жылы Х.Қожахметова, Г.Жайсақованың құрастыруымен «Қазақша-орысша фразеологиялық сөздік», 2005 жылы Ачапкина Л.Д., Изюмова Т.С., Фельд А.В. ж.б құрастырған «Жиі қолданылатын фразеологиялық сөздік», 2010 жылы Г. Смағұлованың «Мағыналас фразеологизмдер сөздігі», 2021 жылы С.Ахметованың «Казахско-англо-русский фразеологический словарь». Аталған сөздіктер қазақ фразеографиясын құрайтын тетіктер болып танылады.

4.2. ФРАЗЕОГРАФИЯ ҚҰРАМЫ ЖӘНЕ СӨЗДІКТЕ ТҮЗІЛУ РЕТТІЛІГІ

Фразеография – бейнелі мағынамен жасалған барлық тіркестердің жиынтығы. Сондықтан фразеографияның құрамы тілде тұрақталған фразеологиялық бірліктерден құралмайды, оның құрамына жаңа қолданыстағы бейнелі сөзорамдары – метафора, эпитет, тіркесті теңеулер де енеді.

Қазақ тілінде фразеологизм, фразеологиялық бірлік, тұрақты сөз тіркесі, тұрақты тіркес, фразема, идиома, фразеологиялық

түйдек, т.б. атаулар бар. Олардың барлығы синоним ретінде бірінің орнына бірі қолданылатын атаулар болып кеткен. Олай дейтініміз 1977 жылы Қазақ тілінің фразеологиялық сөздігінде идиома да, тұрақты тіркес те, теңеу де, фразема да, тіпті қарғыс мәнді сөздер де берілген. Көз жеткізу үшін ғалымдардың зерттеулеріне шолу жасайық:

Фразеологизмдердің негізінен үш түрлі басты белгісі бар: даяр қалпында жұмсалып белгісі. Мағына тұтастығы, тіркес тиянақтылығы (Ә.Болғанбайұлы). Фразеологиялық тіркестер мағына жағынан жеке сөзге, құрамы жағынан синтаксистік сөз тіркесіне жақын болып келеді. Сондықтан фразеологиялық тіркестердің басты белгілерін ажырату үшін сөз және еркін сөз тіркесімен салыстыру керек. Фразеологиялық тіркестер екі не одан көп сөздің единицасы ретінде даяр күйінде қолданылады (А.Айғабылов). Фразеологиялық оралым – кемінде екі сөздің тіркесуінен жасалған, мағынасы біртұтас, құрамы мен құрылымы тұрақты, даяр қалпында қолданылатын тілдік единица (К.Аханов). Фразеологиялық тұтастық – семантикалық жағынан бөлініп ажыратылмайтын, біртұтас мағынасы сыңарларының мағынасымен жуыспайтын (байланыспайтын) фразеологиялық оралым. Фразеологиялық тұтастық жеке сөздердің тіркесінен жасалғанмен, құрамы бөлшектерге ажыратылмай, зат пен құбылыстың, сапа мен белгінің немесе іс-әрекеттің бір бүтін атауы ретінде жұмсалады. *Жүрек жалғау, ит өлген жерде.* (К.Аханов). Фразеологиялық тізбек – ерікті мағынасындағы сөз бен фразеологиялық байлаулы мағынасындағы сөздің тіркесінен жасалып, өзінің даяр қалпында, тіркескен күйінде жұмсалатын фразеологиялық оралым. *Су жаңа, мидай дала, асқар тау, шалқар көл.* (К.Аханов). Фразеологиялық сөйлемше – мағынасы ерікті сөздердің тіркесінен құралады, бірақ құрамы мен қолданылуы тұрақты болып келетін фразеологиялық оралым. *Айдағаны екі ешкі, ысқырығы жер жарады; көрпеңе қарай көсіл.* (К.Аханов). Фразеологиялық тіркестер еркін сөз тіркесінің қатарына жатпайды, өйткені фразеологиялық тіркестер грамматикалық мағынаны емес, белгілі бір лексикалық мағынаны білдіреді, орны жағынан тұрақты, бір ғана сұраққа жауап береді, басқа тілге сөзбе-сөз аударуға көнбейді. (Ә. Аблақов).

Фразеологиялық тіркес – құрамындағы ерікті мағынасындағы сөз бен байлаулы мағынасынағы сөздің тіркесуінен жасалып, даяр қалпында қолданылатын фразеологизмдер (Ғ. Қалиев, Ә. Болғанбаев). Фразеологиялық сөз тіркестері – әбден қалыптасқан, нық орныққан, өзгертуге келмейтін тұрақты сөз тіркестері. (М. Белбаева). Фразалық тізбектер – мағынасы жағынан құрамындағы сөздердің мағынасымен байланысып жататын, тіркесу тұрғысынан орнығып тұйықталған сөз тіркесі (М. Белбаева).

Идиома – бір тілдің ішіндегі бөліп-жаруға, басқа тілге сөзбе-сөз аударуға келмейтін, лексикалық-грамматикалық тұрақты сөздер түйдегі. (Қазіргі қазақ тілі 1954 ж.). Идиом тобындағы сөздер өзінің жеке тұрғандағы негізгі мағынасынан айрылып қалады да, өзара жымдасып, бір ғана негізгі лексикалық ұғым береді. Идиоманың негізгі белгілері: 1) тұтас бір ұғым жеке сөздерінің ұғымынан алшақ кетеді де, жеке сөздер өзінің дербес ұғымынан не жартылай, не мүлдем айрылып қалады; 2) екінші тілге сөзбе-сөз аударуға келмейді, 3) идиоманың үшінші белгісі – көнелігі. Сөздер тізбегі идиом болу үшін көп замандар керек. Оның құрамындағы сөздер мүлде дерексізденіп, өзінің негізгі лексикалық мағынасынан алшақтайды. 4) идиомның тағы бір ерекшелігі – дыбыс үйлесімі. Бұл тізбектерде біркелкі не дауысты, не дауыссыз дыбыспен келетін, не біркелкі жуан, не жіңішке сөздермен келетін идиомдар бар (Ғ. Мұсабаев, І. Кеңесбаев Қазіргі қазақ тілі 1964 ж.)

Идиомалық топтағы сөздердің байланысы берік болады, олардың тұтас топ болып тұрғандағы беретін мағынасы жеке тұрғандағы мағыналарына қатысты болмай мүлде бөтен мағынаны білдіреді. Мысалы: *қабырғаңмен кеңес (ойлан), тісін қайрап жүр (өшігіп жүр), сиыр құйымшаққа салу (бір нәрсені созып кету)*.(Ә. Хасенов Тіл білімі).

І. Кеңесбаев фразеологиялық тіркестерді идиома, фраза, мақал-мәтел топтастырады. Бірақ мақал-мәтелдің сөйлемдік құрылымы, тіпті күрделі сөйлем құрылымы болғандықтан оны фразеологиялық бірлік қатарынан алып тастадық. Сонымен тұрақты тіркес, фразеологиялық бірлік, фразеологизм, фразеологиялық оралым – бұлардың барлығы бір ұғым. Тұрақты тіркес деп атасақ та, фразеологизм десек те, фразеологиялық бірлік деп айтсақ да қате емес. Бұл атаулар бірінің орнына бірі қолданылатындай пара-пар ұғымдар.

Біз фразеологиялық бірліктердің құрылымына, құрамындағы компоненттердің тұтастай бейнелі немесе жартылай бейнелі болатын қасиеттеріне қарай екіге ажыраттық. 1) Идиома; 2) Фразема. Сонымен фразеография құрамына енетін бірліктер: идиома және фразема.

1) Идиомалар. Идиома – санада бейнелі мағынада қалыптасып тілде бірнеше сөздердің тіркесінен құралып, бір ғана мағынаны білдіретін тұрақты тіркес әрі фразеологиялық бірлік. Идиомалардың ерекшелігі – тілде тұрақты, және өзге тілге сөзбе-сөз аударылмайды, сөйленісте, тілдік қатысымда тұрпаты өзгермейді, сөз арасында сөз енбейді, яғни оралымға түспейді, әрқашан біртұтас формасын сақтайды. Мысалы: *қой аузынан шөп алмайды (момын, жуас), ит арқасы қиянда (алыс)*. Идиомалар – халықтың бейнелі ойлауынан туған, яғни халық жасаған тілдік құндылық. Идиомалар халықтың тұрақты қолданысынан жадыда жатталып қалады. Ал оның қалай пайда болғанын, не себепті осылай бейнелегенін этимология саласы зерттейді. Мысалы, *қой аузынан шөп алмас* – малшаруашылығымен етене таныс қазақ халының идиомасы. Бұндағы ойдың негізгі басымдығы – қойдың жуас қасиетінде болып тұр. Қой – қасқыр шапса да дауыс шығармайтын, ауру жұқтырса да маңыраған даусы аса шықпайтын, тек айналшықтай беретін түлік. Тіпті бауыздауға жыққанда да көне қоятын икемді мал. Осы қасиеттер момын, жуас жанның болмысына ұқсайтыны, яғни үндемейтін, кез келген іске көнетін, айтарлықтай мінез білдірмейтін адамның жасықтық мінезін қойға теңестіруге негізгі уәж болған. Осылайша тілде «қой аузынан шөп алмас» идиомасы қалыптасқан. Бәлкім басқаша тарихы болуы да әбден мүмкін. Ең бастысы халықтың қой болмысындағы мінез бен адам мінезінің бейнелі түрде сәйкестендірілуінен туындаған фразаның санадағы түзілісінде ұқсату заңы, метафоралық құрылым болғанын аңғарамыз. Демек әрбір фразеографиялық бірліктің түп негізінде бейнелілік бар.

2) Фразема – екі кейде үш компоненттен тұратын, жартылай бейнелі, яғни бір компоненті тура мағынада болатын тіркес. Мысалы: *нұрлы жүрек* (бұндағы жүрек өз мағынасында, нұрлы – бейнелі мағынада). Қазақ тілінде фраземаны зерттеген ғалым Р. Авакованың тұжырымына назар салайық: «*Лексема* атауыш-

тық мәнде жұмсалса, *фразепада* бейнелеуіштік-атауыштық мағына басым; *сөз* – белгілейді, *фразема* – бейнелейді; *лексема* – көбіне халықтың дүниетанымының жемісі болса, *фразема* – адамзаттың ойлау қабілеті мүмкіндігінің, психологиясының, түрлі табиғи қабілеттері мен қасиеттерінің жемісі; *сөз* – бүтін бітімді болса, *фразема* – бөлек бітімді; *сөздің* барлық жағдайда ауыс, бейнелі мағынада жұмсалуды шарт емес, ал *фразема* үшін қажетті шарт; *сөз* түбір (негізгі) мағынаны, *фразема* туынды мағынаны білдіреді; *сөз* өзінің референттік қасиетін сақтаса, *фразема* құрамындағы сөздер өздерінің ішкі референттік қасиетін сақтай алмайды; *лексемада* лексикалық, *фразепада* фразеологиялық мағына болады және т.б.» деп тұжырымдайды [140].

Г.Смағұлова бейнелі қолданыстардың халық жадында тұрақталып, фразеологизмге айналуының көрінісін бұлайша түсіндіреді: «Образды-мәнерлі тұлғаларға троптың түрлері арқылы жасалған тіркестер жатады. Метафоралық тіркестерге: мұрнынан шаншылу, аузынан ақ ит кіріп, көк ит шығу, көңіліне шайтан ұялау, от кешіп мұз төсену. Тұрақты теңеулерге: бес биенің сабасындай, тайға таңба басқандай, шақшадай басы шарадай, жау қуғандай. Эвфемизмдерге: қайтпас сапар шегу, аяғы ауыр. Тұрақты гипербола мен литота: астыңғы ерні жер тіреп, үстіңгі ерні көк тіреп» [141].

Коллокация – тілде тұрақтала қоймаған бейнелі тіркес. Д.А. Круздың зерттеуінде фразеографияның бірлігі қатарына коллокацияда да енеді. Ғалымның пікірінше идиома мен коллокация бір емес, әртүрлі ұғымдар. Коллокация – лексикалық бірліктердің тіркесімділігінен құралатын және әрбір компоненттің мағыналары бірігіп семантикалық бүтіндікті құрайтын күрделі сөз. Демек, коллокация дегеніміз фраземаға пара-пар ұғым.

Идиома – бір семантикалық бүтіндікті құрайтын бейнелі бірлік. Идиоманың мағынасы оның құрылымдық компоненттерінің мағынасына тәуелді әрі қатысты болмайды.

Әлемдік тіл білімінде фразеографиялық бірліктерді идиома және коллокация деп ажырату қажет пе әлде оларды фразеологизм деп жалпы атау қажет пе деген екі көзқарас бар. Себебі идиома мен коллокацияның құрамына тіркесімділік, бейнелілік тән. Сондай-ақ семантикалық тұтастықпен ерекшеленетіні де олардың

ортақ белгілері. Бірақ М. Бенсон, Р. Илсеннің пайымдауынша идиома мен коллокацияның ажырату қажет, олардың айырым белгілері бар деп көрсетеді. Себебі бірінің (идиоманың) формасы мағынасына тәуелді. Идиоманың формасы еш өзгертілмейді, сол мағынаны білдіруші тұрақты форма болуымен ерекшеленетіні, ал коллокацияда екінші сыңар басқа сөздермен тіркесіп мағына түрлендіре алады [142]. Осы пікірді Ф. Де Соссюрде қолдайды: «Идиома халықтық дәстүрге сіңген өзгертуге келмейтін тілдік бірліктер» [143]. Коллокацияны мағыналық тұтастықтан гөрі, құрылымдық тіркесімділік деп түсіндіруге тетік болғандықтан және коллокация идиомаға қарағанда көп болуына байланысты оны еркін тіркестен ажырататын белгісі – бейнелігінде. Сондықтан коллокацияны бір сөздің бірнеше сөзбен семантикалық тіркесу әлеуетін көрсететін перманентті тіркесімділік дейді.

Әлемдік тілтаным жүйесінде коллокация фразеология саласының аясында зерттелуінің себебі оның еркін тіркестен едәуір айырмашылығында. Себебі коллокация белгілі бір сөздердің бір ұғымды таныту мақсатында семантикалық үйлесімділікпен тіркесуінен туындайды. Мысалы *шынжырлы азу (қақпан)*, *бадырақ көз*, *бал таңдай*, т.б.

Коллокация қолданыс жиілігі артқан сайын белгілі бір ұғымның штамп не клишесіне айналады да бірігу үдерісіне ұшырайды. Мысалы: *көк бет* (әйел ашуланғанда бетінде, ауыз айналасында көгеру болатын психологиялық күйдің көрінісі және ұялғаннан беті қызаруға қарсы сипат) коллокациясындағы бейнелік халық танымында мінез атауының сәтті қолданысына айналған. Нәтижесінде *көкбет* (әйелдің ашуланшақ, ұрысқақ мінезін білдіретін атау) номинативті қызметке ауысты. Демек, *көкбет* ұрысқақ әйел сипатын танытушы клише болды. Осы тұрғыдан коллокация комбинаторлық лексикологияның зерттеу нысанына ауысуға бейім болып тұр. Себебі сөздердің семантикалық тіркесімділігі мен семантикалық тұтастықтағы фраземаларды автоматты аудару, ГРТ-да тану, тіл корпусында рәсімдеу мәселелерінде қиындық тудыратыны байқалады. Себебі фраземалар, яғни коллокациялар – сөз секілді тұтас бірлік емес, тіркескен күрделі бірлік.

Осыған байланысты В.Н. Телия корпустық фразеография мәселелерін зерттеген болатын [144]. Телия коллокацияларды тіл корпусына әзірлеу алдында оларды лексикалық колокация және аналитикалық лексикалық коллокация деп ажыратуды ұсынады да қайғыру сөзінің тіркесімділігін түсіндіреді. Қайғыру қатты сөзімен тіркесе алады, *қатты қайғырды* делінсе айтарлықтай бейнелілік байқалмайды, ал *терең қайғырды* деп тіркесе барынша уайымға батты болады. Демек, лексикалық коллокацияда тұрақтылық басым болады да, аналитикалық коллокацияда бейнелілік басымдық алады.

Мысалы, *асқар тау* – әке мағынасында клишеленген тұрақты тіркес, ал *асқар бел*, *асқар шың* бейнелілік деңгейінде қалып тұр. Сондықтан осындай тіркестерді екіге ажыратып көрсеткен дұрыс болады. Тілде тұрақталған екі не үш компонентті тіркестерді фразема деп, ал олардың бейнелі тіркестерін коллокация деп таныған дұрыс.

Е.Борисова коллокация тіркесін басқаша түсіндіреді. Тіркесімділік әлеуеті жоғары бейнелі сөздердің әр сөзбен тіркескенде әртүрлі мағына үстемелейтін қасиеті болады. Мысалы: *долы өзен (бурная река), долы шаттық (бурная радость)* [145]. Е.Борисованың осы тұжырымы фразема мен коллокацияның айырмашылығын дәйектеп берді. Демек, тіліміздегі дәстүрлі халықтың танымында терең сақталған тұрақты тіркестер фразема болады да, бейнелеу, көріктеу, әсірелеу мақсатта қолданылатын бірақ тұрақталмаған бейнелі тіркестер коллокация болады.

Қорыта келе, фразеографияның құрамы – идиома, фразема, коллокациядан құралған, яғни кемінде екі тіркестен тұратын заттық-атауыштық, сипаттау, бағалау, әсірелеу, айшықтау, ұқсату, балау, т.б. сияқты қызметтерге негізделген тіркес сөздердің жиынтығы.

Фразеография мынадай бағыт бойынша құрылады:

Типтік жүйелеу. Фразалық бірліктер құрылымдық және мағыналық ерекшеліктеріне қарай жіктеледі. Сөздікке енетін фразалық бірліктердің лексикалық белгіленімі (идиома, фраза, коллокация (бейнелі тіркес), көркемдік белгіленімі (метафора, теңеу, эпитет), стильдік белгіленімі (діни, тарихи, сөйлеу, этномәдени, термин.) танымдық белгіленімі (мінез, малшаруашылық, саятшылық) болуы шарт.

Функционалдық талдау. Фразалық бірліктердің синонимдік қатары, уәжді түсіндірмесі беріледі, мысалмен толықтырылады. Мысал кем дегенде үш үзіндімен рәсімделеді. Әрбір келтірілген мысалдың дереккөзі көрсетіледі. Фразалық бірліктердің идиома немесе фраза екенін көрсету міндеттеледі. Енді сөздікке тіркелетін тұрақты тіркестің идиома мен фраза екенін нақтылау үшін оның айырмашылығына тоқталсақ:

Идиома – мағынасы сөздердің жеке мағыналарынан ерекше, ауыспалы түрде түсінілетін тұрақты тіркестер. Идиоманың мағынасы оның құрамындағы сөздердің тура мағынасына қарама-қайшы келуі мүмкін. Мысалы, *«көзінен от шығып тұр»* деген тіркестің тура мағынасы – көзінен шын от шықпайды, бірақ бұл идиома адамның қатты ашуланғанын білдіреді. Адам ашуланғанда қабағы түйіліп, көзі бақырайып тұруынан, адамның ашулы күйін көзінен байқау жағдаятынан қалыптасқан.

Фраза – сөздер мен сөз тіркестерінің жалпы мағынасы арқылы түсінілетін тіркес. Фразалар көбінесе сөздердің тура мағынасына негізделеді, алайда олар кейде ауыспалы мағынаны да білдіруі мүмкін. Мысалы, *«қол көтеру»* деген фраза көбінесе тура мағынада, яғни қолды жоғары көтеру дегенді білдіреді, бірақ белгілі бір жағдайға байланысты ауыспалы мағынада да қолданыла алады. Қорыта айтқанда, идиома – мағынасы сөздердің мағыналарынан тыс түсінілетін тіркес болса, фраза – көбінесе сөздер мен тіркестердің тура мағынасына негізделген, бірақ мәтінге байланысты ауыспалы мағыналарға ие бола алады.

Фразеологиялық түйдек – бірнеше сөзден тұратын, мағынасы тұтас бір ұғымды білдіретін, тұрақты сөз тіркестері. Фразеологиялық түйдектердің жасалу жолдары әртүрлі болып келеді. Оларды негізгі түрлері мен жасалу әдістері бойынша былайша жіктеуге болады:

1. Метафора арқылы жасалатын фразеологиялық түйдектер. Метафора (көркем ауыспалы мағына) арқылы жасалған фразеологиялық түйдектерде бір нәрсе басқа бір нәрсемен салыстырылады. Мысалы: *«жүрегі сыздайды»* (қатты қайғыру, азап шегу).

2. Метонимия арқылы жасалатын фразеологиялық түйдектер. Бұл әдіс бір нәрсенің атауын басқа бір нәрсеге ауыстыру негізінде жасалады. Мысалы: *«көзді ашып-жұмғанша»* (жылдам, тез).

3. Перифраза арқылы жасалатын фразеологиялық түйдектер. Перифраза (айтып жеткізу, басқа сөздермен түсіндіру) арқылы жасалған фразеологиялық түйдектерде бір ұғымды түсіндіру үшін бірнеше сөз қолданылады. Мысалы: *ақ алтын (мақта), погон таққандар (ішкі істер қызметкерлері), ала шапандылар (өзбек ағайындар), айыр қалпақтылар (қырғыз бауырлар)*.

4. Көнерген немесе жаргондық сөздермен жасалатын фразеологиялық түйдектер. Бұндай фразеологиялық түйдектер халықтың көне сөздерінен немесе ауызекі тілден шыққан сөздермен жасалады. Мысалы: *«құлаққа құйып алу»* (нәрсеге көңіл аударту).

Фразеологиялық түйдектердің жасалуы тілдің байлығы мен экспрессивтілігін арттырады, сондай-ақ тілдік шығармашылықтың көрсеткіші болып табылады.

Идиома – мағынасы толық тұтасқан, құрамындағы компоненттердің бастапқы лексикалық мағынасы жойылып немесе көмескіленіп, тұтас тіркес жаңа ауыспалы мағына білдіретін фразеологиялық бірлік. Мұндай тіркестерде компоненттердің жеке мағынасы тіркестің жалпы мағынасын ашуға мүмкіндік бермейді. Яғни идиоманың мағынасы оның құрамындағы сөздердің тікелей мағынасынан туындамайды, керісінше тарихи-мәдени даму барысында қалыптасқан тұтас семантикалық құрылым ретінде қабылданады. Мысалы, ит өлген жер, төбе шашы тік тұрды, қой аузынан шөп алмас сияқты тіркестердің мағынасын олардың құрамындағы сөздердің тура мағынасы арқылы түсіндіру мүмкін емес. Сондықтан идиомалар жоғары дәрежедегі семантикалық тұтастықпен және бейнелілікпен сипатталады.

Ал фразема – құрамындағы сөздердің белгілі бір бөлігі тура мағынасын сақтай отырып, бір немесе бірнеше компоненті ауыспалы мағынада қолданылатын тұрақты тіркес түрі. Мұндай тіркестердің мағынасы толық тұтасқан емес, сондықтан оның құрамындағы сөздердің семантикасы белгілі бір дәрежеде сақталады. Фраземаларда тіркес мағынасы компоненттердің өзара тіркесуінен туындайды және логикалық тұрғыдан түсінікті болып келеді. Мысалы, терең ой, ащы шындық, биік мақсат, қатты сөз сияқты тіркестерде негізгі ұғымды білдіретін сөздер (ой, шындық, мақсат, сөз) өздерінің тура мағынасын сақтап тұр, ал олармен тіркескен анықтауыш сөздер экспрессивтік-семантикалық реңк үстейді.

Осы тұрғыдан алғанда, идиома мен фраземаның басты айырмашылығы олардың семантикалық тұтастығында және компоненттердің мағыналық дербестігінде көрінеді. Идиомада тіркестің мағынасы толық идиоматизацияланып, компоненттердің жеке мағынасы жойылады немесе танылмайтын деңгейге дейін өзгеріске ұшырайды. Ал фраземада тіркестің мағынасы жартылай тұтасқан күйде болады, сондықтан компоненттердің семантикалық дербестігі белгілі бір дәрежеде сақталады. Сонымен қатар идиомалар көбінесе бейнелі, экспрессивті сипатқа ие болса, фраземаларда экспрессивтілік салыстырмалы түрде төмендеу және олар көбіне сипаттаушы-бағалаушытық қызмет атқарады.

Қорыта айтқанда, идиома мен фразема фразеологиялық бірліктердің әртүрлі семантикалық типтерін білдіреді. Идиома толық идиоматизацияланған, мағынасы тұтас тұрақты тіркес болса, фразема – компоненттері белгілі дәрежеде семантикалық дербестігін сақтаған жартылай тұтасқан тіркес. Бұл айырмашылық фразеологиялық жүйені құрылымдық-семантикалық тұрғыдан сипаттауда және тұрақты тіркестерді лексикографиялық тұрғыдан жүйелеуде маңызды теориялық мәнге ие.

Тіл білімінде идиомалар мағынасы тұтасқан, құрамындағы сөздердің жеке мағынасы көмескіленіп немесе мүлде өзгеріп, жаңа ауыспалы мағына қалыптастырған тұрақты тіркестер болғандықтан олардың жасалу жолдары мен тәсілдері болатыны анық. Идиомалардың қалыптасуы тілдің тарихи дамуы, халықтың дүниетанымы, мәдениеті мен тұрмыс-тіршілігімен тығыз байланысты. Сондықтан идиомалар белгілі бір семантикалық және құрылымдық процестердің нәтижесінде жасалады. Идиомалардың жасалу жолына тоқталайық:

Ең алдымен, идиомалар метафоралану үдерісі арқылы жасалады. Бұл жағдайда сөздер мен тіркестердің мағынасы өзге зат не құбылысқа ұқсату негізінде ойсанада қалыптасқан бейнелі сурет арқылы ауыспалы мағынаға көшеді. Мысалы: тісіне сыздық таппау тіркесі малға жем-шөп табылмағанда, күйсейтін шөп болмағанда айтылатын бейнелі тіркес. Мұнда малдың жеу, күйсеу әрекетін атқаратын тісі негізгі танымдық деталь ретінде алынған. Демек, малдың күйсеп, жер сүзіп тістелеген бейнесі адам танымындағы ойсурет бейнесіне айналған. Метафоралық тәсіл идиомалардың қалыптасуындағы ең өнімді жолдардың бірі болып саналады.

Идиомалардың жасалуындағы тағы бір маңызды тәсіл – метонимиялық ауысу. Бұл жағдайда мағына бір құбылыстың екінші құбылыспен іргелестігі немесе жақындығы негізінде қалыптасады. Мысалы, «жұрт анасы» – кеуана кісі, елге беделді, қамқор ана. Халқының қалаулысына айналған кеуананы сипаттауда іргелес мағынасы – ана тіркес бойында сақталған.

Идиомалар гипербола және литота сияқты көркемдік тәсілдер арқылы да қалыптасады. Гипербола – құбылысты әсірелеу арқылы, ал литота – кішірейту немесе кеміту арқылы жасалатын мағыналық өзгеріс. Мысалы, ит өлген жер тіркесі өте алыс жерді әсірелеп көрсету мақсатында қолданылған. Бұл тіркес гиперболалық сипатта қалыптасқан идиома болып табылады.

Антитеза (қарсы қою) арқылы жасалатын идиомалар. Идиома екі қарама-қарсы ұғымды салыстыру арқылы жасалады, бұл өзара контрастың әсерін береді. Мысалы: «*жер мен көктей*» – өте алшақ, бір-біріне мүлдем қарама-қарсы нәрселерді білдіреді.

Аллитерация арқылы жасалатын идиомалар. Бұл тәсілде бір сөз немесе сөз тіркесі қайталанып қолданылып, белгілі бір ерекше мағына тудырады. Мысалы: «*қалтасы қалың*» – өте бай адам.

Фразеологиялық байлам (тұрақты тіркес) арқылы жасалатын идиомалар. Бұл әдіс әртүрлі мағынада қолданыла алатын сөздердің бір-бірімен тіркесіп, тұрақты идиома қалыптастыруын білдіреді. Мысалы: «*көзге көрінбеу*» – назардан тыс қалу, байқалмау.

Жаргон немесе диалект сөздер арқылы жасалатын идиомалар. Бұл тәсілде белгілі бір әлеуметтік топтың, халықтың немесе аймақтың тілінде қолданылатын жаргондық немесе диалект сөздер арқылы идиома жасалады. Мысалы: «*қоянның суретін салу*» – алдап кету.

Идиомалардың жасалу жолдары өте көп және әртүрлі тілдік тетіктер арқылы жаңа тіркестер қалыптасады. Олар сөйлеу тілінде жиі қолданылып, эмоциялық түсінік пен экспрессияны арттырады.

Фразеологиялық тұтастық – фразеологизмнің құрамындағы сөздердің бір-бірімен тұтасып, жымдасып кеткен мағыналық жігін ешқандай ажыратуға болмайтын тұрақты тіркестер. Мысалы, *мұрнынан шанышылып жүр, мұрнына су жетпеді*

дегеннен қолы тимеді, бұрылуға мұршасы болмады дегенді түсінеміз. Бұл мағына осындағы үш сөздің тұтас жиынтығынан келіп шығады. Түйдек ішіндегі жекелеген сөздерге талдау жасап, бірін екіншісінен бөліп алуға болмайды. *Түйені түгімен жұтты* дегеннен ойсырата пара алу деген мағына туады. Бұл мағынаның жасалуына *түйе*, *түк*, *жүту* сөздерінің тікелей қатысы жоқ, соларды бірінен соң бірін тіркеп, жұбын жазбай қолдану арқылы жасалған. Фразеологиялық тұтастық жеке сөздердің тұтас жиынтығынан пайда болғанымен, олар іштей түрлі бөлшектерге бөлінбей, іс-әрекетті, сапа мен белгіні, зат пен құбылысты бір бүтін атау ретінде көрсетіп бере алады.

Фразеологиялық тізбек – еркін тіркесті ауыспалы мағынада қолдану. Яғни тұрақты тіркес сыңарларының бастапқы лексикалы мағынасы бүтіндей жойылмағанымен, жойылуға жақындап, күңгірт тарта бастауы. Мысалы, *бота көз, қоян жүрек, асқар бел, тоң мойын, сойдақ тіс, қауға бас, оймақ ауыз, бауырсақ мұрын, кем иек, қабырға ағайын, көк жұлын, жүйке тамыр, аш бүйір, еркек кіндік, салқын қанды* т.б. Фразеологиялық тізбектің құрамындағы мағына сөздің сан алуан сөздермен тіркесіп жұмсалыу қабілетін білдірсе, фразеологизмде мағына мен тұрпат қатынасы тұрақты, өзгермейді. Мысалы, *көк бет, қысыр сөз, қасқа жол* деген фразеологизмдер құрамы өзгертілмейді. Фразеологиялық тізбектердің құрамындағы бет (*жалпақ бет, дөңгелек бет, сопақ бет*), сөз (*аз сөз, көп сөз, дұрыс сөз, бұрыс сөз*), жол (*үлкен жол, қара жол, соқпақ жол*) деген бірнеше сөздермен тіркесіп қолданыла берсе, фразеологиялық мағынадағы көк сөзі бет сөзімен, сөз – қысыр сөзімен, жол – қасқа сөзімен ғана тіркеседі. Фразеологиялық тізбек сыңарларының бастапқы мағынасы онша ашық та айқын болмағанымен, ақиқаттан алыс кетпей тұрады. Мысалы, *көз ұшында, көз жеткісіз, көзін тырнап ашқалы, көзі тірісінде, көз шалым жер, көзі барда, көзімдей көр, көзі жоғалды, көзі ілінді, көзі жетті* т.б. Фразеологиялық байлаулы мағынадағы сөздің қолдану шеңбері шектеулі болады. Фразеологиялық тізбек құрылым-құрылысы жағынан екі топқа бөлінеді:

1. *Тіркес фразеологизмдер*. Мысалы, шақша бас, бөлек, ашық ауыз, ала қол, бүйрек бет, қамыт аяқ, құба жон, қалқан құлақ, мұрты шағылмаған, жауырын құрлы көрмеді, саусақпен санарлықтай,

кең иықты, ат жақты, иығы босады, алақанның аясындай, бармак қазы, езуі жиылмайды, тісін басты, қас қарайды, кірпік қаққанша, сақалды басымен, қу гілді, кеңірдектен келді, тумсығы батпады, еңбегі қатпаған, төбесі тесік, арқасы бар, бүйірі шықты, т.б.

2. *Сөйлем фразеологизмдер.* Мысалы, бір қолын екі ете алмады, екі иығынан дем алды, табанын жерге тигізбеді, аузынан ақ ит кіріп, қара ит шықты, көзіне көк шыбын үймелетті, көрер таңын көзімен атырды, аяқ-қолын бауырына алды, басы ауырып, балтыры сыздады, жеген асын желкесінен алды, көңілі су сепкендей басылды, қой үстінде бозторғай жұмыртқалады т. б

Фразеологиялық түйдек, идиома және тұрақты тіркес – тілдік бірліктердің бөлек-бөлек үш компоненті. Олардың ұқсастықтары:

1. *Мәннің тұрақтылығында.* Үш тип те белгілі бір тұрақты мағына береді, яғни оларды өз бетінше қолданғанда бастапқы мағынасынан ауытқып кетпейді.

2. *Құрылымның тұрақтылығында.* Бұл үш тип те белгілі бір сөздердің тіркесімен қалыптасып, сол тіркес өзгеріссіз қолданылады.

3. *Эстетикалық, бағалаушытық, айқындаушытық мақсатта қолданылуында.* Барлығы да әдеби тілде, әсіресе ауызекі тілде жиі қолданылатын тіркестер болып келеді және әсірелеу, бағалау, сипаттау, т.б. эстетикалық мүддемен жұмсалады.

Фразема мен идиоманың айырмашылығы, ең алдымен, олардың семантикалық тұтастығы мен компоненттердің мағыналық дербестігі арқылы айқындалады. Идиомада тіркестің жалпы мағынасы толық тұтасып, компоненттердің жеке мағынасы танылмайтын деңгейге дейін өзгеріске ұшырайды. Ал фраземада тіркестің мағынасы жартылай тұтасқан күйде болады, сондықтан оның құрамындағы сөздердің бастапқы мағынасы белгілі бір деңгейде сақталады. Сонымен қатар идиомалар көбінесе жоғары дәрежедегі бейнелілік пен экспрессивтілікке ие болса, фраземалар көбіне сипаттаушы немесе бағалаушытық мағына үстейтін тұрақты тіркестер ретінде қызмет атқарады. Идиома мен фразема фразеологиялық бірліктердің әртүрлі семантикалық типтерін білдіреді.

Идиома – толық идиоматизацияланған, мағынасы тұтасқан тұрақты тіркес болса, фразема – компоненттері белгілі бір дәрежеде семантикалық дербестігін сақтаған, мағынасы

жартылай тұтасқан тіркес. Бұл айырмашылық фразеологиялық жүйені теориялық тұрғыдан сипаттауда және тұрақты тіркестерді лексикографиялық тұрғыдан жүйелеуде маңызды ғылыми мәнге ие.

Идиома – мағынасы толық тұтасқан, құрамындағы сөздердің бастапқы лексикалық мағынасы көмескіленіп немесе мүлде жойылып, тұтас тіркес жаңа ауыспалы мағына білдіретін фразеологиялық бірлік. Идиомалардың басты ерекшелігі – олардың мағынасы компоненттердің жеке мағынасынан туындамайды, яғни тіркестің жалпы мағынасын оның құрамындағы сөздердің тура мағынасы арқылы түсіндіру мүмкін емес. Мұндай тіркестер тілде бейнелілік пен экспрессивтілікті күшейтеді және көбінесе халықтың тарихи-мәдени тәжірибесі негізінде қалыптасады. Мысалы, ит өлген жер, төбе шашы тік тұрды, қой аузынан шөп алмас сияқты тіркестердің мағынасы олардың құрамындағы сөздердің тура мағынасымен сәйкес келмейді. Сондықтан идиомалар семантикалық тұтастығы жоғары, толық идиоматизацияланған фразеологиялық бірліктер қатарына жатады.

Ал фразема – құрамындағы сөздердің белгілі бір бөлігі өзінің негізгі лексикалық мағынасын сақтай отырып, бір немесе бірнеше компоненті ауыспалы мағынада қолданылатын тұрақты тіркес түрі. Фраземалардың мағынасы толық тұтасқан емес, сондықтан олардың құрамындағы сөздердің семантикалық дербестігі белгілі бір дәрежеде сақталады. Бұл тіркестердің мағынасы компоненттердің өзара тіркесуінен туындайды және логикалық тұрғыдан түсінікті болып келеді. Мысалы, терең ой, ащы шындық, биік мақсат, қатты сөз сияқты тіркестерде негізгі ұғымды білдіретін сөздер өздерінің тура мағынасын сақтап тұр, ал анықтауыш қызметіндегі сөздер экспрессивтік немесе бағалауыштық реңк үстейді.

Фразеология теориясында идиома мағынасы толық тұтасқан, құрамындағы компоненттердің бастапқы лексикалық мағынасы көмескіленіп немесе жойылып, тұтас тіркес жаңа ауыспалы мағына білдіретін тұрақты тіркес ретінде сипатталады. Ал фразема құрамындағы сөздердің белгілі бір бөлігі өзінің тура мағынасын сақтай отырып, бір немесе бірнеше компоненті ауыспалы мағынада қолданылатын тұрақты тіркес түрі болып

табылады. Осы ерекшеліктеріне байланысты фраземалар тілде өнімдірек қалыптасатын бірліктер қатарына жатады.

Қазіргі қазақ тіліндегі жаңа фразеологиялық бірліктердің пайда болу үрдісін талдау фразема қатарының идиомаларға қарағанда қарқынды түрде кеңейіп жатқанын көрсетеді. Мұның негізгі себебі – фраземалардың құрылымдық және семантикалық икемділігі. Фраземалар көбінесе еркін тіркестер негізінде қалыптасып, белгілі бір экспрессивтік немесе бағалауыштық реңк үстейді. Мысалы, медиамәтіндерде жиі кездесетін ақпараттық соғыс, цифрлық қоғам, жасыл экономика, саяси қысым, әлеуметтік желі әсері сияқты тіркестер бастапқыда терминдік немесе еркін тіркес ретінде қолданылғанымен, біртіндеп тұрақты тіркес сипатында орнығып келеді. Мұндай бірліктердің мағынасы компоненттердің семантикасымен байланысты болғандықтан, олар фраземалық сипатқа ие болады.

Ал идиомалардың қалыптасуы салыстырмалы түрде ұзақ тарихи-мәдени процесі талап етеді. Идиомалар көбінесе халықтың дәстүрлі дүниетанымымен, тұрмыс-тіршілігімен, мәдени тәжірибесімен байланысты қалыптасқан бейнелі тіркестер болып табылады. Сондықтан қазіргі кезеңде жаңа идиомалардың пайда болуы сирек құбылыс ретінде байқалады. Тілдік жүйеде бұрыннан қалыптасқан идиомалар белсенді қолданыста болғанымен, олардың саны айтарлықтай қарқынмен көбейе бермейді.

Сонымен қатар қазіргі медиакеңістікте және интернет дискурсында жаңа бейнелі тіркестер мен экспрессивті қолданыстардың пайда болуы байқалады. Алайда олардың көпшілігі толық идиоматизацияланбай, фраземалық сипатта қалыптасады. Бұл құбылыс тілдің дамуындағы динамикалық үрдістермен, сондай-ақ қазіргі коммуникацияның жылдамдығымен байланысты. Яғни жаңа қоғамдық ұғымдарды білдіру үшін тілде семантикалық тұрғыдан икемді, құрылымдық жағынан ашық фраземалар жиі қалыптасады.

Қорыта айтқанда, қазіргі қазақ тілінің даму үрдісінде фразеологиялық жүйенің жаңаруы негізінен фразема қатарының кеңеюі арқылы жүзеге асып отыр. Идиомалар тілдің дәстүрлі фразеологиялық қабатын құраса, фраземалар қазіргі қоғамдық және ақпараттық кеңістіктегі жаңа ұғымдарды бейнелеуде

өнімді қызмет атқарып келеді. Сондықтан қазіргі қазақ тілінің фразеологиялық дамуында фраземалар жүйесі динамикалық сипатқа ие болып, жаңа тіркестердің қалыптасуына негіз болатын маңызды тілдік қабат ретінде көрінеді.

Фразеографияны түзу жұмыстары фразеологиялық сөздікті құру, оны жүйелеп, пайдаланушыларға түсінікті және ыңғайлы етіп рәсімдеуді талап етеді. Бұл жұмысты орындау барысында бірнеше негізгі кезеңдер мен тапсырмалар қарастырылады:

1. Зерттеу және жинақтау. Ең алдымен фразеологиялық бірліктерді жинау. Фразеологизмдер әртүрлі мәтіндерден, ауызекі сөйлеуден, әдеби шығармалардан, газет-журналдардан, ғылыми және көркем мәтіндерден алынады. Бұл кезеңде қолданылған барлық тіркестердің, мақал-мәтелдердің, идиомалардың тізімі жасалады.

2. Фразеологизмдердің жіктелуі. Жиналған тіркестер мағыналары мен құрылымдарына байланысты топтастырылады. Бұл кезеңде фразеологизмдердің синонимдер мен антонимдеріне, қолдану ауқымдарына, грамматикалық құрылымдарына, стилистикалық ерекшеліктеріне және тағы басқаларына назар аударылады.

3. Сұрыптау және жүйелеу. Тақырыптық немесе мағыналық жағынан жүйеленеді. Тіркестерді мағыналық жағынан жіктеу барысында эмоцияларды білдіретін тіркестер, табиғатқа байланысты тіркестер, отбасылық қатынастарға арналған фразеологизмдер және т.б. бөлуге болады.

4. Әліпбилік тәртіппен сұрыптау. Бұл жүйелеу тәсілі фразеологизмдерді олардың құрамындағы сөздердің алғашқы әріптері бойынша сұрыптауды қамтиды. Бұл тәсіл қолданушыларға қажет фразеологизмдерді тез табуға мүмкіндік береді.

5. Мағына мен анықтамаларды түсіндіру. Фразеологизмдердің мағынасын беруде терең зерттеу талап етіледі. Әр фразеологизмнің негізгі мағынасы мен қолданылуын түсіндіріп, оның нақты жағдайларда қалай қолданылатынын сипаттау аса қажет.

6. Қолдану аясын көрсету. Тіркестің қандай жағдайда қолданылатынын, оның формальды және бейресми тілде, әдеби немесе ауызекі тілде қолданысы көрсетілуі керек.

7. Мысалдар мен мәтін беру. Түсіндіретін мысалдарын таңдауда да аса мұқияттылық керек. Ең бастысы берілген фразаның анықтамасын толық ашатын мысал таңдалуы тиіс. Фразеологизмдерді нақты сөйлеу жағдайында қалай қолдануға болатынын көрсететін мысалдар беріледі. Бұл мысалдар фразеологизмнің мағынасын тереңірек түсінуге көмектеседі.

8. Синонимдер мен антонимдер. Фразеологизмнің синонимдері мен антонимдерін көрсету арқылы мағыналық ауқымын кеңейтуге болады.

9. Этимология мен шығу тегі. Фразеологизмдердің шығу тегін беру үшін арнайы тың зерттеу қажет. Бұл – тілтанымдық жүйедегі ең күрделі зерттеулердің бірі. Әр фразеологизмнің қалай пайда болғаны, оның тарихы, мәдени мәні және өзгерістерін зерттеу керек. Бұл бөлім фразеологизмдердің тереңірек мағынасын ашуға мүмкіндік береді.

10. Қысқаша этимологиялық анықтама. Тіркестің құрамындағы сөздер мен олардың тарихи даму жолдарын түсіндіретін лұғаттық түсіндірме беріледі.

11. Стилистикалық және грамматикалық сипаттама. Стилистикалық сипаттама фразеологизмдердің қолданылуының қандай стильде екенін анықтау үшін маңызды (ресми, бейресми, ғылыми, әдеби, ауызекі, диалектілік және т.б.).

12. Грамматикалық құрылым. Фразеологизмнің грамматикалық құрылымы мен оның сөйлемдегі орны (мысалы, олар бастауыш, толықтауыш, анықтауыш бола алады) белгілі бір анықталған ережелермен рәсімделеді.

Фразеографияны түзу жұмыстары күрделі әрі ұзақ үдеріс болып табылады, бірақ оның нәтижесі тілдің байлығын тереңірек түсінуге және тиімді пайдалануға мүмкіндік береді. Фразеологиялық сөздікті түзу қағидалары – бұл фразеологиялық бірліктерді жүйелеу мен оларды анықтауда негіз болатын заңдылықтар. Қазақ тіліндегі фразеологиялық сөздікті құруда бірнеше қағида маңызды болып табылады:

1. Фразеологизмдердің мағынасын дұрыс анықтау. Әрбір фразеологиялық бірліктің мағынасы оның құрамындағы жеке сөздердің мағынасына сәйкес болмауы мүмкін. Сондықтан, фразеологизмдердің мағынасы мәтінге байланысты толық анықталуы тиіс.

2. Фразеологизмдерді тілдің қолдану аясында жинақтау. Сөздікте фразеологизмдерді жиі қолданылатын мәтінді көрсету керек. Олардың әртүрлі мағыналары мен стильдік ерекшеліктері сөздікке енгізілуі тиіс.

3. Фразеологизмдер сөз тіркестері болып табылатындықтан, олардың тұрақты құрылымы сақталуы керек, жарыспалы нұсқасы болмауы тиіс.

4. Әртүрлі фразеологиялық типтерді қамту. Сөздік әртүрлі фразеологиялық түрлерді (идиомалар, тұрақты сөз тіркестері, мақал-мәтелдер, бейнелі сөздер, т.б.) қамтуы тиіс.

5. Тілдің дамуындағы өзгерістер туралы дерек берілуі тиіс. Сөздікте жаңа фразеологизмдер мен этнофразеологизмдер, көне тұрақты тіркестер қатары ажыратылғаны дұрыс. Тілдің дамуымен байланысты өзгерістер ескеріліп отыруы керек.

6. Стильдік қолданысы көрсетілгені дұрыс. Фразеологиялық бірліктердің қолданылуы стильдік тұрғыдан әртүрлі болуы мүмкін, сондықтан сөздікке осы ерекшеліктерді енгізу қажет.

7. Түсініктемелер мен мысалдар беру. Әрбір фразеологизмге түсініктеме мен мысалдар беру, оның мәтінде қалай қолданылатынын көрсету маңызды.

Сонымен фразеографияның басты нысаны – фразеологиялық сөздіктер. Мұндай сөздіктерде тұрақты тіркестердің мағынасы, қолданылу аясы, стилистикалық реңкі, кейде шығу төркіні туралы ақпараттар мен мысалдары беріледі. Бұл тіл үйренушілерге, аудармашыларға, зерттеушілерге және жалпы тіл тұтынушыларына үлкен көмек болары сөзсіз.

4.3 ФРАЗЕОГРАФИЯ ТҮЗУ ТӘЖІРИБЕСІ

Фразеография мәселесі алғаш рет 1964 жылы А.Бабкиның «Лексикографическая разработка русской фразеологии» еңбегінде қарастырылды. Онда фразеографияның негізгі зерттеу пәні – фразеологиялық оралымдар мен тұрақты тіркестерді өңдеу қағидалары, фразеологиялық сөздікке тіркеу ережелері мен әдістері деп көрсетілген [146].

Н.Телияның басқаруымен шыққан «Фразеография в машинном фонде русского языка» еңбегінде корпустық фразеография құру

мәселелері талқыланады [147]. Лексикографияның бір тармағы болып қалыптасқан фразеологияның түсіндірме сөздіктен өзгешелігі қандай деген мәселе ұзақ талқыланды. Дегенмен, түсіндірме сөздікке тіркелетін лексема мен фразеологиялық бірліктерді түзуде едәуір айырмашылық болатыны байқалды. Фразеологияның қажеттілігі – тілдегі тұрақты тіркестер құрамын мен оларды жинайтын картотеканың мөлшерін, фразеологиялық қордың деңгейін анықтаудан туындады.

А.Чепасованың зерттеуінде: «Лексикография құрайтын басты бірлік – лексема болса, яғни біртұтас форматталған бірлік, фразеологияны құрайтын нысан – фразеологиялық бірлік, яғни бірнеше бөлшектерден құралған бөлек форматталған бірлік» [148]. Сондықтан фразеология синтаксистік құрылымы бар немесе тіркесімділік заңдылығы бар құрама бірліктен тұрады. Демек, фразеология лексикографиядан бірліктерінің мазмұны мен құрылымы жағынан түбегейлі ерекшеленеді және бұл айырмашылықты тану үздіксіз ізденуді талап етеді.

А. Мелерович, В.Мокиенконың тұжырымы бойынша: «Фразеология – бұл фразеологиялық материалдың сөздікте түзілуі, жеке авторлық қолданыстағы бейнелі тіркестердің сөздікте берілуі» делінеді [149].

Біздің ойымызша, арнайы фразеологиялық сөздіктің құрылуы бейнелі тіркестерді бірнеше лұғаттық анықтамалармен сипатталуы керек. Мысалы, бейнелі-көріктеуіш сөздердің типтік сөздіктері түзілуі керек. Себебі ондағы әрбір бейнелі сөзқолданыс тұрақталып тұрақты тіркеске, фразеологизмге айналуы мүмкін. Фразеологизмдердің мағынасы, мәнмәтіндік мағыналары толық ашылуы тиіс. Фразеологизмдердің стилистикалық қызметі, коннотациялық мәні мен бейнелену уәжінің түсіндірмесі берілуі маңызды. Фразеологиялық сөздіктегі мақалалар ерекше сипатта болғандықтан, яғни жеке фраземаға арналғандықтан, фразеологиялық синонимдері мен антонимдері көрсетілуі тиіс. Сайып келгенде, фразеологияда сипатталатын әрбір бейнелі бірлік туралы толық ақпарат көрініс табады. Бұл тұрғыда фразеологиялық сөздік тек лингвистикалық ғана емес, сонымен қатар танымдық лұғаттық сөздік болады.

А.Чепасованың зерттеуінде: «Фразеологияны құрайтын бірліктер – тіркестер. Тіркес – бұл синтаксистік құрылым. Соның

ішінде тұтас бір мағынаны білдіретін ажырамайтын құрылым. Бұл фразеография мен лексикографияның негізгі айырмашылығы» деп көрсетіледі [150].

1990 жылдан бастап фразеография ағарту ісіне лайықталып құрыла бастады, яғни мектеп оқушыларына арналған фразеологияларды түзу жүзеге асырыла бастады. Ю.Ермолаев оқу фразеографиясында лұғаттың құрылымы мен мазмұны қысқа әрі түсінікті болуы талап етілді [151]. Фразеографияның қажеттігі лингвистикалық-елтану сөздігіне фразеологизмдерді іріктеу мен мағынасын ашу ісімен айналысқан В. Костомаров, Е.Верещагиннің еңбектерінде ашық айтылды [152]. Т.Бушуй екі тілді оқу сөздігіндегі фразеологизмдерді түсіндіруде фразеографиялық сөздік құрудың қағидалары өзгеруі қажет екенін атап көрсетеді [153]. А. Андропова орта мектеп оқушылары үшін кешенді оқу фразеологиялық сөздігін құру барысында фразеографиялық ізденістер қажеттілігін айтады [154]. А. Петренконың бастауыш сынып оқушыларына арналған көркем мәтіндердегі әлем бейнесін танытатын фразеография еңбегі фразеологиялық бірліктерді түзетін жан-жақты сөздіктердің қажеттілігін көрсетті. Аталған еңбектерді фразеографияның түрлері деп атауға болады. Соның ішінде екі тілді фразеографиялық қор, мектеп оқушыларына арналған фразеологиялық қор өз алдына бөлек сөздіктер екенін олардың сөздік түзудегі заңдылықтары да бөлек екенін мойындай түседі.

Алайда, әлі күнге дейін фразеологиялық лексика фразеологиялық сөздікпен шектеліп отыр. Оның тұрақты метафора, тұрақты эпитеттер, тұрақты перифразалар сөздігі сияқты фразеографиялық түрлері не құрастырылмайды, құрастырылса жаңармайды. Ал болашақ ұрпақтың мәдени-танымдық, тәрбиелік, ұлттық логосферасы даму үшін тілдік қатысымға енгізу үшін аталған фразеографиялық еңбектер қажет. Демек, ең алдымен фразеологизмнің белсенді типтегі сөздіктерін құру, оқырман сұранысындағы фразеографиялық жаңалықтарды анықтау қажет, соған орай қазақ тілінің бейнелі сөздік қорын толық қамтамасыз ету сөздіктің базасы жасалғаны дұрыс. Мәселен, **қолының ұшын созды// қол ұшын созды**. *Берік амандаспақшы болып қолының ұшын созды (қолын берді). Жандосқа достары қол ұшын созып, қаржылай көмек берді.* Осындай фразеологиялық онимдерді

оқушылар оңай ажыратуы үшін фразеографияның бір тармағы – оқушылар фразеологиялық сөздігінің құрылымы да ескерілгені жөн.

Қазақ фразеографиясының негізін құрайтын сөздіктер – 1977 жылы жарияланған «Қазақ тілінің фразеологиялық сөздігі». 1978 жылы шыққан Х.Қожахметованың ««Казахско-русский фразеологический словарь» сөздігі. Одан кейін 1978 жылы жарияланған Т.Қоңыровтың «Тұрақты теңеулер сөздігі». 1985 жылы шыққан «Орысша-қазақша фразеологиялық сөздік». 1988 жылы жарияланған «Қазақша-орысша фразеологиялық сөздік». 1991 жылы жарияланған С.Джапарованың «Екітілді фразеологиялық сөздігі», 2010 жылы шыққан Г. Смағұлованың «Мағыналас фразеологизмдер сөздігі», 2005 жылы жарияланған «Жиі қолданылатын фразеологиялық сөздік», 2021 жылы шыққан С. Ахметованың «Казахско-англо-русский фразеологический словарь». Байқасаңыздар, аталған фразеографиялық еңбектер фразеологиялық сөздіктің негізінде жасалған. Олар жаңа бейнелі қолданыстармен тек ішінара толыққан. Бұл 1977 жылдан бері қазақ фразеографиялық қорының жаңаланбағанын көрсетеді. Дегенмен, содан бері қазақ прозасы мен поэзиясында бейнелі фразалық қолданыстар жасалғанымен олардың бірде-бір сөздікке тіркелмеуі қазақ фразеографиясының дамуы іркіліп қалғанын, сөздік түзу үдерісі баяулап қалғанын көрсетеді.

1977 жылғы қазақ тілінің фразеологиялық сөздігінің құрылысы 20 тармақтан құралған:

1. Тұрақты тіркестің синтаксистік құрылымына, яғни екі және одан да көп компоненттен құралған фразалық бірліктер сөздікке енгені туралы айтылады.

2. Қандай сөз табындағы сөздердің тіркесуінен болғанын көрсетеді (есім+етістік (аузынан түсті)).

3-8 тармақтары фразеологиялық варианттар бір реестр бойында берілгенін көрсетеді: Құдай салмасын / Құдай басқа салмасын.

9. Діни фразеологизмдердің енгенін атап өткен. Бірақ діни белгіленім (помета) қойылғанын айтпаған.

10. Ауызша тілде айтылатын, бейпіл, бірақ берер мәнінде өрескелдік жоқ фразеологизмдер де сөздікке енгенін көрсетеді.

11. Диалектілік фразеологизмдер де сөздікке енгенін және оларға «диал» белгіленімі қойылғанын көрсеткен.

12. Автор шығармасында кездесетін бірқыдыру фразеологизмдер де ішінара алынғаны байқалады.

13. Фразеологизм мағыналары сипаттама түрінде және синонимдермен түсіндірілетіні айтылған және олар мысалмен дәйектелген.

14. Кейбір көне фразеологизмдердің этимологиясы берілген.

15. Кейбір жарыспа фразеологизмдердің мағына ажыратарлық өзгешелігі болса, бөлек ұяда рәсімделген.

16. Реестрге алынған фразеологизмнің лұғаттық рәсімделуінің реті көрсетілген. Алдымен реестр сөзі бас әріппен қою қара әріппен жазылған. Одан кейін белгіленімі қойылған. Содан соң мағыналық анықтамасы берілген. Одан кейін иллюстрациялық мысалы беріліп, оның авторы жақша ішінде көрсетілген. Көпмағыналы болса, әрбір мағынасы 1,2 деп цифрланған.

17. Стилистикалық белгілер – көне, диал., діни, алғыс, қарғыс, тілек. белгіленімдері қойылған.

18. Кейбір фразеологизмдер мысалсыз берілгенін атап өту керек.

19 Фразеологизмдердің емлесі мен тыныс белгілері дағдылы ережеге негізделген.

20. Фразеологизмдер тізбегі әліпби ретімен орналасқан.

Дегенмен, аталмыш фразеологиялық сөздікте фразема және идиомадан бөлек мақал-мәтелдер, алғыс, қарғыс сөздер, лексикаланған тіркестер (күн шықты, күн батты, орта бойлы) де түзілген. Бұл – қазақ фразеографиясына тың зерттеу қажет екенін, қазақ фразеографиясының жаңарған корпусын әзірлеу қажеттігін көрсетеді. Ол үшін:

Біріншіден, 1977 жылғы ҚТФС кешенді талдау жасалады. Идиомалар, фраземалар, тұрақты тіркестер, фразеологиялық сөйлемшелер ажыратылады. Лексикаланған тіркестер сөздіктен шығарылады.

Екіншіден, соңғы емле ережесіне сәйкес біріктіріліп жазылып, күрделі атауға айналған кейбір тіркестер сөздіктен шығарылады. Мысалы: *итырылдаатар*, *атсалысу*. Себебі олар ғұрып, кәде атауы ретінде номинативтенген.

Үшіншіден, қазақ ақын-жазушылар тіліндегі окказионал көріктеуіш құралдар, бейнелі фразалар жиналады.

Төртіншіден, ақын-жазушылар тілінен жиналған авторлық окказионал тіркестер фразеологиялық бірлік түрлеріне іріктеледі (идиома, фразема, тұрақты тіркес, фразеологиялық сөйлемше).

Бесіншіден, сөздік реестріне алынған бірліктердің стилистикалық, лексикалық белгілері анықталады. Стилистикалық белгілері: сөйлеу, эмоционалды реңк, бағалауыш мағына. Танымдық белгілері: *мәдени, рухани, этностық, өлшем, мінез, кейіс, әзіл, кекесін, жұбату, тағам, ойын, саятшылық, қолөнер, малшаурашылық*, т.б. Лексикалық белгіленім: *көне, диалекті, тарихи, жаңа, қаратпа, т.б.*

Алтыншыдан, реестрге алынған фразеологизмнің жаңа мағыналары түсіндіріліп, оны дәйектейтін мысалдары беріледі.

Фразеографиялық ізденістердің негізінде сөздікті бұдан әрі тереңдете түсуге болады. Фразеологиялық сөздікті кешенді құрылымда рәсімдеуге де болар еді. Ол үшін әрбір реестрге алынған фразеологиялық бірліктің синонимдік қатарын, уәждемелік түсіндірмесін беруге болады. Қазақ фразеологиялық сөздігінің жаңа фразеографиялық үлгіде қалай рәсімделетінінің бірінші үлгісін келтірейік:

АЙРАНДАЙ ҰЙЫП ОТЫР *Идиома, көне. Тату-тәтті.* Отбасының немесе тұтас бір ауылдың, елдің бірлігі жарасып, берекесі кіріп, тату өмір сүруі. *Айрандай ұйып отырған* еліміз ата-бабаларымыз аңсаған қазақ жерін Жерұйыққа айналдырып, Мәңгілік Ел болып, бүкіл әлемге паш еткізді (Егемен Қазақстан, 2015 ж.).

Синонимдік қатары: арасы майлы қасықтай, ауызбірлігі жарасқан, бір жеңнен қол, бір жағадан бас шығарған, сіз-біз болды, тонның ішкі бауындай болды, әкей-үкей болды.

Уәжі: Айранды ұйытқанда оның іркілмей, бөлінбей, біртұтас болып ажырамай бірігуі, қоюлануы – жан-жаққа шашырамай, бөлектенбей, жұмылып жүретін елдің, достардың, ауылдың, т.б. татулығын сипаттауға уәж болып тұр.

ЖҮРЕГІ ЕЛЖІРЕДІ *Фразема. Мейірленді,* біреуге жанашырлық, қамқорлық, жылылық сезімін білдірді, мейірім көрсетті,

жүрегі жібіп, рақымшылық танытты. Елжіреді жүрегі жырға тұнып, Ойға шомып ересен ер данасы (М.Дулатұлы).

Синонимдік қатары: тұла бойы иіді, іші-бауыры елжіреді, жаны ашыды, көңілі түсті, аяныш білдірді, бауыры бітті, бүйрегі бұрды, ет-бауыры елжіреді, қамыры ашыды, қимасы қышыды.

Жарыспа қолданысы: жүрегі еріді, жүрегі жібіді, жүрегі жылыды.

Байқағандарыңыздай, кейбір тұрақты тіркестер уәжді түсіндірмені қажет етпейді. Әсіресе фраземалардың мәні түсінікті болады, ал идиомалардың уәжі анықталуы тиіс. Сондай-ақ кейбір фразеологизмдердің жарыспа қолданысы болмайды. Сондықтан кешенді лексика-семантикалық талдаудың құрылымы барлық фразеологизмдерде толық бола бермейді.

Екінші үлгісі – фразеологизмдердің лұғаттық анықтамаларын түсіндіру әдістерінің алуантүрлігі.

1.Концептілік анықтама – ұжымдық санада қалыптасқан мәдени, танымдық, эмоционалдық және бағалауыш мазмұнды ашып көрсететін түсіндірме. Мұндай анықтама фразеологизмді белгілі бір ұлттық дүниетанымның тілдік репрезентанты ретінде қарастырады. Концептілік тұрғыдан алғанда, фразеологизм – халықтың тарихи тәжірибесі, өмір салты, салт-дәстүрі, құндылықтар жүйесі мен менталитеті негізінде қалыптасқан күрделі когнитивтік құрылым. Сондықтан оның мағынасы тікелей сөздік ұғыммен шектелмей, символдық, ассоциативтік қабаттарды қамтиды. Мысалы:

АЗУ ТІСІН БАСТЫ и д и о м, э т н. *Қатты қысым көрсетті, өктемдік етті, күш көрсетті. Бұл сөздің түп мағынасы қасқырдың өз жемтігіне азу тісін айқастырып шабуылдау сәтінен туған. Қасқырға тән қасиет – ашыққанда азу тісінің айқасып қалуы. Сондықтан жемтігін тапқанша аузын ашып азу тістерін көрсетіп жүреді. Жемтігіне шапқанда аузын айқара ашып, азу тістерін бір-ақ батырады. Әйтпесе қасқырдың жағы қарысып қалады. Қасқырдың осы өктем әрекеті адамның адамға жасайтын қысымын, әлімжеттігін сипаттауда «азу тісін басты» фразеологизмімен танылып кеткен. Тісін қайрап, іштен тынды. Тоқайдың осы қылығына жұмыскердің көбі-ақ азу тісін басады. (Ілияс Жансүгіров).*

АҚ КИІЗГЕ КӨТЕРДІ идиом, тар., этн. Хан сайлау, халық өзі қалап сайлаған адамын боз биенің сүтіне шомылдырып, ақ киізге отырғызып, той қылып, хан сайлау рәсімін білдіретін атау. Ақ киізге көтеру – арнайы салтанатты рәсім болғандықтан оның реттілігі болады. Негізінен жұма күні, ашық аспан астында далада өткізіледі. Жаяу, аттылы кісілердің барлығы көретіндей биік төр қымбат кілем, сырмақты төсеніш, жібек көрпелермен жабықталады. Ханға үміткер халқына қарап насихат сөзін, уәделі сөзін сөйлейді. Молда, қажылардың, ақсақалдардың батасын алады. Содан кейін барып, бетін құбылаға қаратып, ақ киіздің үстіне малдасын құрып отырады. Алдын ала тағайындалған төрт ер кісі ақ киізді басынан жоғары көтеріп хан көтергенін, яғни хан сайланғанын білдіреді. Осыдан кейін ресми түрде хан атанады. Ниеттес адамдар құттықтай бастайды. Бұл – қазіргі Президент сайлануын ұлықтау (инаугурация) үдерісінің қазақ тарихындағы көне рәсімі. Бірақ арада ай өтпей жатып, ақ киізге көтеріп, хан сайланды. Қоңырауын шылдыратып, есік алдындағы жасауылды шақырды. (Ә.Кекілбайұлы Ханша дария хикасы).

3. Этномәдени мағына – тіл арқылы берілетін қлттық мәдени код. Ол халықтың тарихи жады мен рухани әлемін сақтап, ұрпақтан-ұрпаққа жеткізеді. Этномәдени мағына – фразеологизмнің тілдік қана емес, мәдени-танымдық мазмұнын көрсетеді. Яғни халықтың өмір салтына, шаруашылығына, наным-сеніміне, әдет-ғұрпына байланысты қалыптасқан ұлтқа тән ойлау жүйесін танытады.

Этномәдени тұрғыдан алғанда, фразеологизмдер белгілі бір этностың дүниені тану тәсілін, құндылықтар жүйесін және бағалау нормаларын бейнелейді. Мысалы, қазақ тіліндегі көптеген фразеологизмдер көшпелі өмір салтымен, мал шаруашылығымен және дәстүрлі мәдениетпен байланысты қалыптасқан. Ат жалын тартып міну, тізгінін тарту, ұршықтай үйіру, қамшының сабындай, керегенің көзіндей, қозы көш жер сияқты тіркестерде қазақ халқының шаруашылық тәжірибесі мен әлеуметтік өмірі көрініс табады. Мұндай тұрақты тіркестер тек бейнелі мағына ғана емес, сонымен бірге ұлттық мәдениеттің маңызды элементтерін де біл-

діреді. Сонымен қатар фразеологизмдер этностың моральдық-этикалық құндылықтарын да көрсетеді. Мысалы, кең пейілді, ақ жүрек, жүрегі жұмсақ сияқты тіркестер адамгершілік пен ізгілік қасиеттерін білдірсе, тас бауыр, көкек ана, шық бермес шығайбай сияқты тіркестер жағымсыз мінез-құлықты сипаттайды. Бұл құбылыс фразеологизмдердің этностың бағалау жүйесін, яғни аксиологиялық ұстанымдарын бейнелейтінін көрсетеді. Фразеологизмдердің этномәдени мазмұны олардың бейнелік негізінен де байқалады. Көптеген тұрақты тіркестер табиғат құбылыстары, жануарлар әлемі, тұрмыстық заттар немесе дәстүрлі кәсіп түрлері арқылы жасалған. Мұндай бейнелер халықтың қоршаған ортамен қарым-қатынасын және дүниені қабылдау ерекшеліктерін көрсетеді. Осылайша фразеологизмдер белгілі бір этностың мәдени тәжірибесін тілдік таңба ретінде сақтайтын ерекше семиотикалық жүйе болып табылады. Фразеологизмдердің этномәдени анықтамасы оларды белгілі бір халықтың тарихи-мәдени тәжірибесін, дүниетанымын және құндылықтар жүйесін бейнелейтін тілдік-мәдени бірлік ретінде сипаттайды. Фразеологизмдер ұлттық мәдени кодтың маңызды құрамдас бөлігі болып табылып, тіл мен мәдениеттің өзара байланысын айқындайтын негізгі көрсеткіштердің бірі ретінде қарастырылады. Сондықтан фразеологиялық қорды этномәдени тұрғыдан зерттеу халықтың рухани мұрасын, дүниетанымдық жүйесін және мәдени болмысын терең түсінуге мүмкіндік береді.

МІРДІҢ ОҒЫНДАЙ и д и о м. *Шешен сөйлейтін, тілді шебер қолдана білетін адамның сөзі, тауып сөйлеу, тіке сөйлеу. Мір – моншақ тізуге арналған жіп. Мірдің оғы деп жіпті өткізуге қолданылатын сүйек не ағаш ине тәрізді құралды атаған. Демек, әрбір сөзі жіптен моншақ өткізгендей жинақы әрі ретті, орынды болғанда сөзі мірдің оғындай деп теңеп айтқан екен. Адам тілінен байланады дейміз. Сөзі мірдің оғындай адамдар ешқашан жаңылмайды, орынды сөз тауып құтылып кетеді. Орақ ауыз, қызыл тілді, сөзі мірдің оғындай шешен, сөзді дөп басып айтатындар бірен-саран (Шешеннің сөзі шамшырақ. Массагет. кз).*

МҰРНЫНАН ЕСЕК ҚҰРТ ТҮСІП ҚАПТЫ и д и о м. *Асып-тасты, мұрнын көкке көтерді. Қазақта «жетісіп қапты» деген кекетпе сөз бар. Сол мағынада айтылатын фразеологизм. Негізінен есекқұрт - малдың, әсіресе түйенің танауында болатын құрт. Есекқұрты бар мал семірмейді. Тек жазғы жайылымға шыққанда, көкке тойынып, қон жинағанда ғана есекқұрт өздігінен түсіп қалады. Осы жағдай адамның тұрмысы жақсарып, қатарға қосылып, енді айналасын менсінбейтін күйге жеткенін сипаттау үшін дәл қолданылған. Әлде, сол заманда-ақ ат басындай алтынды бауырына басып, мұрнынан есекқұрт түсіп жүрді ме? Ат басындай алтын кебезесінде жатқан соң, менің берген сыйымды қайыршыға ұстатқан жырымдай көрді ме (Д.Сапаров, Өткен күн іздері).*

4. Энциклопедиялық анықтама – фразеологизм мазмұнының оның бойындағы білімдермен түсіндірілуі. Кейбір фразеологизмнің тілдік құрылымында тірек бірлік көпшілікке танылмаған халықтық энциклопедиялық білімі жасырылады. Сол жасырын мағыналар айқындалып түсіндіріледі.

Энциклопедиялық мағына – тілдік бірліктің құрамында сақталған, нақты өмір, мәдениет, тұрмыс-тіршілік, тарихи тәжірибе және табиғат құбылыстары туралы танымдық, ақпараттық білімді білдіретін семантикалық қабат. Басқаша айтқанда, энциклопедиялық мағына – сөздің немесе тіркестің тек лексикалық немесе грамматикалық мәнімен шектелмей, сол тілдегі қауымның әлем туралы білімі мен тәжірибесін қамтитын мағынасы. Фразеологизмнің ақпараттық және танымдық қабаты мәдени, тарихи және әлеуметтік құндылықтар жүйесін көрсететін білімдер жиынтығын құрайды.

МИЫҒЫНАН КҮЛДІ и д и о м. *жағымсыз. Мұртынан күлді, езу тартты, кекете күлді, менсінбеген сыңаймен күлді. Миық – мұрт өсетін жер. Миығынан күлу – үстіңгі ерінді бір жаққа қисайта күлу. Бұл адам баласындағы шартсыз рефлекс-тен туындаған. Өркөкірек адамдардың қылығы, әдетте олар өзінен төмен санайтын кісінің жағымсыз не кемшім әрекетін көрсе мысқылдағанын осылай күліп көрсетеді. Миығынан күлу қарым-қатынас әдебіне (этикаға) жатпайды. Ол саған ешқа-*

шан да жақсылық ойламайтынын және ешқашан да ойламағанын *миығынан күлген күлкісіне қарап-ақ білуге болады* (Миттал миығынан күледі. Dalanews.kz)

ҚЫЗҒЫШТАЙ ҚОРЫДЫ и д и о м. *Бар ынта-жігерімен қорғады, ешкімді жуытпады. Қызғыш – кішкентай жыл құсы. Көктемде көл жағасына ұшып келіп, батпақты жерге құрғақ шөп төсеп ұя салады. Жұмыртқасын мекиені мен қоразы кезектесіп қорып, балапан шығарады. Құстың осы қасиеті «қызғыштай қору» тіркесінің пайда болуына сеп болады. Қыстау маңындағы жайылымдарды қазақтар *қызғыштай қорып*, көктеуде, әсіресе күзеуде мал түсірмей сақтайтын (Қазақтың дәстүрлі этнографиялық атауларының энциклопедиясы).*

5. Этимологиялық анықтама – фразеологизмнің шығу төркінін,

Бастапқы мағынасын тарихи дамуын білдіретін деректерін түсіндіру.

САЙДАУЫТТАЙ ЖІГІТ и д и о м. *Зор денелі, еңгезердей, мықты, қарулы, күшті жігіт. Сайдауыт дегеніміз – ірі садақ, арнайы жасалған, таңдалған қару. Түркі тілдерінде «саадақ», «сайдақ» сөзінің қолданылуынан түрленген. Демек, садақтардың ішінде де таңдалғаны, арнайы қарулы жауға аттанғанда таңдалатын қасиетіне теңелуі. Сонда сайдауыттай жігіт дегеніміз садақтың оғындай мықты, күшті, таңдалған батыр мағынасын білдіреді. Сайдауыттай жігіттер әскерге бармай қашып жүр (Ауызекі).*

АЛА ТАЙДАЙ БҮЛДІРДІ и д и о м, э т н. *Астан-кестеңін шығару, лаң салып, алауыздық тудыру. Ш.Уәлихановтың зерттеуінде қалмақтардың ноғайға шабуыл жасағаны, яғни түнде ноғайдың бес ала тайының бас жібін үзіп, үйірде ойран салғанын айта келіп, ала тайдай бүлдірді деген сөздегі ала тай осы оқиғадан алынғанын түсіндіреді. Демек, «ала тайдай бүлдіру» тіркесі мінезі жаман, дес бермейтін, өзінің қызбалығын ұстай алмайтын, ұрысуға дайын тұратын адамдардың іс-әрекеті сипатталады. Бөліну, жекелену тәрізді мағынада да қолданылады. Ала тайдай ел ішін бүлдіреді. Алалама адамды тірісінде, Алты бақан ала ауыз жүр ішінде. Ауыздағы кетеді жат қолында,*

Ала болса алтауы үй ішінде (Ерболат Баятұлы Түрлі-түсті дүние көзді алдаған).

ИТ ТЕРІСІН БАСЫНА ҚАПТАДЫ и д и о м. э м о ц. *Жер-жебіріне жетті, ұрсып-сөкті; масқарасын шығарды. Т.Әбдікәкімұлының зерттеуі бойынша бұл фразеологизм о баста «ата жаудың жон терісін басына қаптау» болған. Жон тері – адамның ій терісі. Ій тері айтыла келе «ит тері» болып кеткен. Бұл адамның құйқа терісін сыдырып басына қаптайтын жаза түрі болған. – Қатын бастаған көш деп басынбақсыңдар ма? Сені жіберген кім өзі, шақыршы бері. Ит терісін басына қаптайын, – деді (Р.Тоқтаров, Ертіс мұхитқа құяды).*

Байқағанымыздай, фразеологиялық сөздіктің осындай екі үлгіде рәсімделуі оқырманға тұрақты тіркестердің мазмұны мен прагматикалық мүмкіндіктері туралы толық ақпарат бере алады. Сондықтан концептілік, этномәдени лұғаттары берілген фразеологизмдерді ұсынамыз:

АЗАН ШАҚЫРЫП ҚОЙҒАН АТЫ э т н. *Жаңа туған нәрестеге қазақ салты бойынша ат қою дәстүрі. Адамның дүниеге келгендегі алғашқы діни рәсімі. Молда Құран ашып, есім қойғанда ескі гұрып бойынша қазанның құлағын даңғырлата соғып, бала естісін деп есім береді. Азан шақыру арқылы балаға Алланың атымен есім беріліп, оның мұсылман қауымының бір мүшесі болғандығы жария етіледі. Нәресте туғаннан кейін әкесі немесе отбасының қадірлі мүшесі баланың оң құлағына азан шақырады. Азанның сөздері нәрестенің санасына жете қоймаса да, бұл оның өміріндегі алғашқы естіген қасиетті үні болып саналады. Азан айтылып болған соң, ата-анасы таңдаған есімін оң құлағына үш рет хабарлап, ресми түрде жариялайды. «Адам өзінің азан шақырып қойған атына сай өмір сүреді» дейді халық (Б.Оспан. Есімдер еліне саяхат).*

АЙДАН ҰЛ, КҮННЕН ҚЫЗ ТУДЫРЫШ м ә т е л, э т н. *Қолдан келгеннің бәрін істеді, болдырмасты балдырды. Қазақтың халық ауыз әдебиетінде, әсіресе батырлар жырында көп кездеседі. Кейіпкердің қарапайым емес, табиғаттың киелі күштерімен тікелей байланыста дүниеге келгенін, бойында тылсым күші бар екенін, өзгелерден ерекше екенін таныту үшін әсірелеп атылған*

сөз. Расында да, айдан ұл, күннен қыз жасау мүмкін емес, бұл – қазақ халқының қиялынан туындаған бейнелі түсінік. Дегенмен, адамның қолынан ғажайып дүниелер жасалып, ерекше таңғалу сезімі болғанда осы тұрақты тіркесті айтады. Ай – қазақ танымында биіктіктің, жоғары мәртебеліктің, мұсылмандықтың символы, сондықтан болар Ай ұл, ер адаммен сипатталған. Күн – жылылықтың, мейірімділіктің, жарықтың, жарқыраудың, сұлулықтың нышаны, демек, қыз бейнесі. Жер-Анаға: «Айдан ұл, Күннен қыз тудырдым. Басқаға қауқарым жоқ!» деп дауыстап, қол бұлғап барады, өзі! (Е.Әмірханұлы Дүние-бесік).

АЙЫ ЖЕТТІ э т н. Аяғы ауыр әйелдің босанатын уақыты болды, айы-күні жақындады. Бұл бейнелігі жоқ, тура мағынасындағы фраза. Жүкті әйелдің тоғыз ай тоғыз күні толық жетіп, босану уақыты, яғни тоғызыншы айы келгенін білдіретін сөз. Дегенмен, соңғы кездері бұл фразаның да ауыспалы мағынасы пайда болды. Мәселен, бітуге таяған істің (мысалы ғимарат құрылысының) негізгілері аяқталып, тек соңғы ұсақ-түйек тірліктері қалғанда «бұл істің де айы жетті» деп айтады. Айы жетті Жамалдың, Күні жетті Жамалдың, Атын қойды той жасап, Жаңа туған адамның (Ә.Тәжібаев, Таңдамалы Өлеңдері).

АЙЫ ОҢЫНАН ТУДЫ и д и о м, э т н. Жолы болды, бағы ашылды, дегеніне жетті. Айдың оң жақтан шығып шығысқа, күннің сол жақтан шығып батысқа бататыны – табиғи құбылыс. Осы құбылысты байқаған қазақ халқының санасында, Айдың оң жақтан туатыны, Ай құдіретті, қасиетті табыну құндылығы және оң – сәттіліктің, жақсылықтың нышаны болғандықтан, «Айы оңынан туды» деген тұрақты тіркес сәттілігі серік болып, жолы болғанда айтылатын қолдау, тілеу сөз. Міне, сол кезден бастап Пақанның айы оңынан туды. Бірден бастық болып кеттім дей алмас, бірақ, өте-мөте тез көтерілді (Абылайхан Смағұлұлы Жаздыгүні жауған қар).

АЙЫЗЫ ҚАНДЫ э м о ц. Ләззаттанды, рақаттанды, риза болып сүйсінді, құмарынан шықты. «Айыз» араб сөзі, қалау, қажеттілік деген мағынаны білдіреді. Демек, қалауы болып, қажеттілігіне қол жеткізіп, көңілі жай тауып, содан рақаттанған эмоциялық әсерді білдіретін тұрақты тіркес. Қазақ

дәстүрінде әдетте, «айызы қанды» фразеологизмін адамның күш-қайратымен, дене күшін жұмсап, тер төгіп еңбектенуінің арқасында бір істі тындырып, сол ісіне риза болған жағдайда қолданылады. Тіпті жануардың да жемтігін аулап, аузы қанданған сәтін де осы фразамен сипаттайды. Саусағымен күрең столды салып-салып жібереді. Үстіне ақ құйрық шылымның тұқылы жатқан күл салғыш селк-селк шоршыған сайын мұның айызы қана түсті (Ә.Кекілбайұлы Тасбақаның шөбі).

АЙЫЛ-ТҰРМАН ТАРТТЫ э т н. Қамданды, әзірленді, жолға дайындалды. Аттың үстіндегі ерді нық ұстап тұратын құрал – айыл деп аталады. Тұрман – бұл ер-тоқымның жабдығы. Бұның барлығы атты көлік ретінде мінгенде немесе бәйгеге қосарда міндетті түрде жабдықтайтын қажеттіліктер. Ер-тұрман жайдақ аттың үстінде бос қойыла салмайды. Оны айылмен тартып бекітеді. Айылды аттың төсінен көлденең орап тартса, төс айыл деп аталады, ал шабына таман бауырын орай тартса шап айыл дейді. «Атыңды аясаң айылын қатты тарт» деген сөз бар. Яғни аттан құлап қалмау үшін және атқа зақым келтірмес үшін айылдың дұрыс тартылуы аса маңызды болған. «Айыл-тұрман тартты» тұрақты тіркесі тура мағынада атын жолға дайындады деп түсіндіріледі. Бірақ қазақ мәдениетінде бұл тіркес ұзақ сапарға әзірленді, кетуге бел буды деген мағынаны танытатын маркерленген таңба ретінде терең сақталған. Қазір алыс жолға жүргінішілер атпен тасымалданбайтын болса да, ұлттық санада таңбаланған осы ұғым қолданыста бар. Ат оттатып жата бер, Айыл-тұрман тарта бер. Ауқат ішіп, аң қарап, Киік, марал ата бер. Тәуекелдеп ер Манас, Акқұлаға мінеді. Шаңқай түстің шағында, Жалғыз үйге келеді. (К.Әзірбаев, Таңдамалы шығармалар).

АЙЫРМАСЫ ЖЕР МЕН КӨКТЕЙ ө л ш е м, э т н. Тым өзгеше, бір-біріне мүлдем ұқсамайды, өзгешелігі өте үлкен. Жер мен көк – жалпыадамзаттық танымдағы абсолютті қарама-қарсылықты білдіретін екі іргелі ұғым. Жер – төменгі, ал көк – жоғарғы материя. Екеуінің аралығы шексіз. Демек, екі дүниені салыстырғанда бір-біріне мүлде ұқсамайтынын осы қарама-қарсылық ұғымдарымен түсіндіру барлық тілде кездеседі. Себе-

бі бұл – әлемдік құбылыс. Сондықтан «айырмасы жер мен көктей» фразеологизмі айқындау, сәйкессіздікті (ұқсамайтынын) толықтай растау, өзгешелікті нақтылау және сендіру үшін әсірелей түсіндіру барысында қолданылады. Көргені көп қариялардың тәрбиесін алған бала мен балабақшада тәрбиеленген бүлдіршіннің айырмасы жер мен көктей (Г.Тұрсынқожа Қазақ үні.).

АҚ КИІЗГЕ КӨТЕРДІ и д и о м, т а р., э т н. Хан сайлау, халық өзі қалап сайлаған адамын боз биенің сүтіне шомылдырып, ақ киізге отырғызып, той қылып, хан сайлау рәсімін білдіретін атау. Ақ киізге көтеру – арнайы салтанатты рәсім болғандықтан оның реттілігі болады. Негізінен жұма күні, ашық аспан астында далада өткізіледі. Жаяу, аттылы кісілердің барлығы көретіндей биік төр қымбат кілем, сырмақты төсеніш, жібек көрпелермен жабдықталады. Ханға үміткер халқына қарап насихат сөзін, уәделі сөзін сөйлейді. Молда, қажылардың, ақсақалдардың батасын алады. Содан кейін барып, бетін құбылаға қаратып, ақ киіздің үстіне малдасын құрып отырады. Алдын ала тағайындалған төрт ер кісі ақ киізді басынан жоғары көтеріп хан көтергенін, яғни хан сайланғанын білдіреді. Осыдан кейін ресми түрде хан атанады. Ниеттес адамдар құттықтай бастайды. Бұл – қазіргі Президент сайлануын ұлықтау (инаугурация) үдерісінің қазақ тарихындағы көне рәсімі. Бірақ арада ай өтпей жатып, ақ киізге көтеріп, хан сайланды. Қоңырауын шылдыратып, есік алдындағы жасауылды шақырды. (Ә.Кекілбайұлы Ханша дария хикасы).

АЛА ЖІБІН АТТАМАДЫ и д и о м, э т н. Ешкімнің еш нәрсесіне тимеді, адал болды, кісіге қиянап жасамады, біреуге жамандық ойламады. Қазақ мәдениетінде «ала жіп, ала арқан» – белгілі бір символдық мәні бар бұйымдар. Қазақ танымында дүние ақ пен қарадан, яғни жарық пен қараңғыдан, жақсылық пен жамандықтан, баршылық пен жоқшылықтан тұратын бірбірінен ажырамас қарама-қарсы құбылыстар деген түсінік бар. Сол танымның символдық таңбасы – ала жіп, яғни ақ және қара жіптердің иірілуінен жасалған жіп. Ала жіп мынадай жағдайда қолданылады: нәрестенің тұсауын кескенде (ағы мен қарасы аралас дүниені емін-еркін кезіп өмір сүрсін деген ниетпен); түн-

де жазық далада қонғанда жылан, улы жәндіктерден сақтану үшін ала арқанды дөңгелектен ортасында түнегенде, екі тарап (екі ауыл, екі адам) бір-бірімен дауласқанда ала жіпті аттату рәсімінде көрініс табады. Яғни би, қазылар кінәлі адамды анықтау үшін ала жіпті аттауды талап етеді. Ары таза әділ адам аттамайды. Сондай-ақ екі дауласқан жақ өзара татуласса, ала жіпті кесіп, белгі беретін болған. Осы дала заңының ырымдары дәстүрлі танымда терең сақталып, әділ, адал, күнәсі жоқ деген мағынаны білдіру үшін қолданылып келеді. Елуге келген жасына дейін тірі жанның ала жібін аттамаса да, көзге шыққан сүйелдей бүкіл ауыл адамдарының өлердей өштесетіні мүлдем түсініксіз (О.Бөкей Бес тиын).

АЛДЫНА КЕЛГЕНІН ТІСТЕП, АРТЫНА КЕЛГЕНІН ТЕПТІ и д и о м, э т н. Маңына жолатпады, өте ашулы, ызалы, ешкімді тыңдамай, бәріне шабуыл жасайтын күйде болу, бірбеткей, шадыр мінезді кісі не жылқы туралы. Негізінен бұл фразеологизмнің мағынасы алдына келгенді тістеп, артынан келгенді тебетін жылқыға қатысты сипаттаудан басталған. Жылқы – кірпияз, секемшіл, шәлкез мінезді жануар. Сондықтан қолға үйретілмеген, ер салынбаған жылқылар асау болады. Асау жылқылар еркіндікке үйренбегендіктен, адам жақындаса алдынан келгенін тістеп, артынан келгенін теуіп, тулап, тарпиды. Жылқының осы мінезі кейбір адамның сөз көтере алмай қызбаланатын, о жар мінезін сипаттауда, әсіресе «мен білемге салынып» жастық оты жалындап тұрған жас жігіттердің бойындағы одыр, дуқ етпе, шайпау мінездерді «алдынан келгенін тістеп, артынан келгенін тепті» деп бейнелейді. Қолына мөрт тиген соң, үйірге жаңа түскен дөнен айғырдай шіңкілдеп, алдына келгенді тістеп, артына келгенді тебетін Қасымбек былтырдан бері жаралы да ызалы (З.Ақышев, Ақбел асуы).

АЛПЫС ЕКІ АЙЛАЛЫ и д и о м, ф о л ь к., м і н е з. Қазақ ертегілері, аңыздарында аңның ішіндегі айлакері ретінде бейнеленген түлкінің қылығымен, құлығымен символданатын алуан түрлі алдау әдісі бар, өте айлалы кісіге қарата айтылатын сөз. Қазақ мәдениетінде алпыс екі айлалы деп түлкіні атайды. Себебі түлкі – аңшыға оңайлықпен ұстатпайтын, ізін шимайлап біл-

дiрмей кететiн не құйрығымен iзiн жасырып жүретiн ақылды аң. Түлкiнiң осындай алдау қасиеттерi өте көп болғаны соншалық, тазыны машықтандыру үшiн қу түлкiге салады. Тазы түлкiнiң барлық айналасына үйренгеннен кейiн кез келген аңды кедергiсiз аулай алады. Ал адамды, әсiресе әйелдi алпыс екi айлалы деп сипаттау алпыс екi тамырға тiкелей байланысты болса керек. Немесе түлкiнiң айласы адамның алпыс екi тамырын шымырлататын әсерден туған болса керек. Арт жағынан жауырыны бүлкiлдейдi, Қыран бүктеп астына дәл басқанда. Құсы да, иесi де қоразданар, алпыс екi айлалы түлкi алғанда (Абай, Толық жинақ).

АЛПЫС ЕКІ ТАМЫРЫ ИІДІ и д и о м, э т н. Жаңа босанған ана баласының бетiне қарап отырып, бар мейiрiм-шуағын шаша отырып емiзген кезде алпыс екi тамыры иiп, ол уыз сүтпен бiрге сәби бойына дариды екен. Осыдан туған түсiнiк бойынша адамның елжiреп, мейiрленуi, емiрене сүйсiнуi деген жалпы ұғымға ауысқан. Адам анатомиясы бойынша алпыс екi тамыр болады, ол алпыс екi мүшеге оттегi таратады. Әйел адамның анатомиясы бойынша алпыс екi тамыр кеудесiнде тоғысады. Жаңа босанған әйелдiң емшегiне сүт жиналуына ықпал ететiн осы алпыс екi тамырдың иуi. Сондықтан қазақ мәдениетiнде алпыс екi тамыр адамның тұла бойындағы жүйке жүйесi, жан сезiмi деп түсiнiледi. Әннiң аяғын сыбызғыдай сұңқылдатып, ботадай боздатқанда, отырғандардың алпыс екi тамыры иiп, көкейiн кесiп-ақ жiбердi (I. Жансүгiров, Шығармалары).

АЛТАЙЫ ҚЫЗЫЛ БӨРiК э т н, м ә д е н и з а т. Алтай өңiрiнде мекендейтiн, жүнi салаланып өскен, қызыл реңктi түлкi терiсiнен жасалған бөрiк. Бөрiк атауына түсi қызыл түлкi терiсi негiз болған. Шөл, шөлейт және далалы өңiрде мекендейтiн түлкiлердiң жүнi сұйықтау және сұрғылт реңде болады. Таулы өлкеде мекендейтiн түлкi терiсiнiң жүнi қою, түсi қызылдау болады. Осыған орай, қазақы ортада, Алтай тауында мекендейтiн түлкiлердi алтайы қызыл түлкi деп ерекше бөлiп атайды. Қойшы қарт Москваға бара қапты, аулындай емiн-еркiн аралапты. Алтайы қызыл бөрiк, атлас шапан, айтпай-ақ танытыпты сол қазақты (М. Әлiмбаев, Таңдамалы өлеңдер жинағы).

АЛТЫН АСЫҚТАЙ этн. Сун-сүйкімді, торсықтай ұл бала мағынасында. Қазақ дәстүрінде асық ойынымен ұл балалар ойнайтын болғандықтан және «алтын асық» ең құндысы, ең жоғарғы жүлдесі, табысы саналғандықтан ұл баланы еркелеткенде, үйдің ардақтысы деп жақсы көргенде айтылатын сипаттама сөз. Ініміз Бүркіт екі мүшелінде жол апатынан қайтыс болып, артында Алтын атты алтын асықтай ұлы қалған (Ө.Есқали Асылдың сынығы).

АРАСЫ ТАЯҚ ТАСТАМ ЖЕР идиом, этн, өлшем. Жақын, таяу қашықтықты білдіретін халықтық өлшем. Екі аралық таяқ лақтырғанда жетерлік қашықтық, шамамен – жарты шақырым. Расымен де адамның қол күшімен сермегенде таяқтың барып түсетін аралығы 500 метрге жетіп қалады. Қаражар асты мен Үшкөң арасы таяқ тастам жер. Күйі келген өгіздей өкіріп жататын Тұщыбас та жоқ бүгінде (Ә.Нұрпейісов Мені тұлғалар өсірді).

АСЫҒЫ АЛШЫСЫНАН ТҮСТІ идиом, этн. Жоспарлаған нәрсе дер кезінде, сәтімен орындалды, барлығы ойдағыдай болды. «Асығы алышысынан түсу» – ісінің аяқ астынан оңға басуы, мәселенің кедергісіз шешілуін білдіреді. Бұл фразеологизм қазақ мәдениетіндегі балалардың асық ойнау дәстүрінен қалыптасқан. Асық ойнар алдында қай ойыншының сақасы иірген кезде алышы түссе бірінші, ал тәйке түссе екінші, бүк түссе үшінші, шік түссе төртінші болып ойнайды. Бірінші болып ойнауға ұмтылу үшін сақа иірген кезде алышысынан түсуге бейім болсын деп асықтың тәйке жақ қырын егеп тегістейді. Егелген асық иіргенде алышысынан түскіш келеді. Сақаның салмағын арттыру үшін иіге жақ шұңқырына тесік жасап қорғасын құяды. Қорғасындалған сақа иірген кезде көбіне алышысынан түседі екен. Асықтың алышы түсуі ең ұтымды болып есептелуі халық жадында символдық нышанға айналып, бұл жайт, тіпті, адамның табысқа жеткендігін, қуанышқа кенелгендігін білдіретін атауға айналды. Сондай-ақ, «асығың алышысынан түссін» деген шынайы бата-тілектің символына айналды. Асықпен бал ашқанда алышы түссе жақсылық күтіп тұр деп болжайтыны да бар.

Асығы ашысынан түсіп, мергендік танытқандар үздік атанды («Орталық Қазақстан» газеті).

АТ МІНГІЗІП, ТОН КИГІЗДІ с а л т., э т а л о н. Кісіні құрметтеудің белгісі, келген қонаққа ат мінгізіп, шабан жабу беделін арттырып, мәртебесін өсірудің көрінісі. Қазақ мәдениетіндегі құрмет пен сыйластықтың эталондық көрсеткіші. Тойда, жиында ат мінгізіп, тон кигізу арқылы қазақ халқы бірін-бірі құрметтеген. Тойдан тон тимей, шапан жамылмай қайтса ренжитін болған. Сондықтан қазақ той әзірлігіне ұзақ дайындалады, яғни тон, шапандарын тіктіреді, мінгізетін аттарын сайлайды. Уақытша маған аусын, – деді. Бай сонда жүретін болмаған соң Қожаға бір ат мінгізіп, бір тон кигізіп, алдап, қазыға ертіп барды (Қожанасырдан қалған сөз).

АТАН ТҮЙЕДЕЙ ҚАЛАП АЛДЫ и д и о м. Жата-жабысып сұрады, қымбатқа балады, ұнағанын қымбат бағаға болса да сатып алды. Қазақ дәстүрінде түйелердің ішіндегі ауыр салмақты көтеретін, көлемі жағынан да ірілігі бойынша жоғары тұратыны – атан түйе. Атан түйе шамамен 24-30 пұт салмақты көтере алады. Осы ерекшелігіне қарай үлкен, ірі, салмақты деген ұғымды беруде атан түйе қолданылады. Сондай-ақ атан түйе – айыппұлдың, қалың малдың ең құнды, бағалы көрсеткіші. Яғни ең қымбаты деген ұғымды беруде атан түйе қолданылады. Демек бұл фразеологизмнің мәні – ең үлкен, ең қымбат затты сұрау. Әкесінен атан түйедей қалап алған көлігін күнде сұрткіштеумен болды (Ауызекі).

АТ-ТОНЫН АЛА ҚАШТЫ и д и о м, э т н. Азар да безер болды, басын алып қаашты. Бұл фразеологизм ат-тон айып ұғымымен тікелей байланысы бар. Қазақ дәстүрінде ат-тон айып – біреудің ар-намысына тіл тигізгенде, орынсыз балағаттағанда, қонақасы сыбағасын бермегенде, қонақты дұрыс күтпей, сыйын дұрыс бермегені үшін тағылатын жаза түрі. Бұл жаза астарсыз тон не шапан берумен өтеледі. Бірақ осындай айып таққаны үшін кейін олардың арасындағы реніш кикілжің кекке ұласуы мүмкін. Сондықтан бұндай даудан аулақ жүруді білдіретін фразеологизм мазмұнында ат-тон айып бергізетін тырнақ астынан кір іздейтін қиындықтардан алыс жүру мәні жатыр.

Бұл фразеологизм қазақ дәстүріндегі ұлттық құндылықты (*ат-тон айып*) сақтау мақсатында пайда болған. Онда үкіметтік агенттіктерге, орынжайларына және құжаттарына қол жеткізу шарттары көрсетіледі. Бұл жолы да Трамптың штабы қол қоюдан *ат-тонын ала қаишты* («Егемен Қазақстан» газеті).

АТЫМТАЙ ЖОМАРТ и д и о м, с и м в о л, э т н. *Жомарттық символы, қолы ашық адамға айтылатын бағалау сөз. Қазір қаржылай көмек көрсететін демеушілерді де «атымтай жомарттар» деп атайды. Ескі аңыз-әпсана бойынша қазақта қолы берген, мырза, ешнәрсесін аямайтын Атымтай деген адам болған екен. Соның үлгі бейнесіне орай аталған. Атымтай бай адам бола тұрса да, байлығымен шалқым өмір сүрген емес, қарапайым шаруалар секілді күнделікті күйбең тіршілікті (отын шабу, шөп шабу, мал қарау, үй салу) атқарып, барға қанағат етіп, маңдай термен тапқан еңбегімен келген ақысына риза болған. Жетім-жесірлерге жомарттық таныта отырып, көмектесе отырып, айналасына еңбектің құндылығын, Алланың берерін түсіндіре білген. Жер-жерде өткізіліп жатқан «Мектепке жол» қайырымдылық акциясынан қостанайлық атымтай жомарттар да қалыс қалар емес «Қостанай таңы газеті».*

АУЗЫН АРАНДАЙ АШТЫ и д и о м. *Қомағайланды, тойымсыздық білдірді, бірдеңені көбірек алғысы келді. Бұл фразеологизмнің пайда болуы аран сөзінің мағынасына тікелей қатысты. Біріншіден, аран деген жыртқыш аң болған. Ол жемтігіне ұмтылғанда қомағайлығы сонша, алыстан аузын аша жүгіреді екен. «Аузын арандай ашу» тіркесі осыдан қалған. Екіншіден, қазақ мәдениетінде аң аулауда қолданылатын үсті жабылған терең ор, шұңқыр аран деп аталады. Бұл ауыздың үлкендігін, айқара ашылғандағы бейнесін сипаттау үшін алынған болуы да мүмкін. Демек, «аузын арандай ашты» тіркесі қомағайланып, ашқарақтанды деген мағынадан бөлек, нәпсісін тыя алмады (мол пара алғысы келді, көп қаражат, дүние-мүлік жымқырғысы келді) мағынасын да береді. Аузын арандай ашқан тойымсыз алпауыттар кішігірім кәсіпкерлердің бой жазып, жұмысын ілгері бастыруға мүмкіндік бере қоймас («Парасат»).*

АУЗЫНА СУ ТАМЫЗДЫ и д и о м, д і н и. Халі нашарлаған адамға қарайласты, қарасты, суын, тамағын өз қолымен беріп отырды. Нашарлап жатқан адамның аузына тамызатын судың халықтық атауы – имансу (аман су) деп аталады. Молдамен бірге тағы бір жасы үлкен адам науқастың қол-аяғын ұстап бақылап, жан тапсырар алдындағы жанталаста аузына су тамызып отыруы қажет. Дәстүрлі наным-сенім бойынша осы сәтте жын-шайтан да тамұқ сусынын тамызып, жанын өздеріне қаратпаққа тырысады. Сондықтан осы кезде үзбей су тамызып отырмаса науқас шөлдеп, шайтанның суын ішіп қойып жантәсілім еткеннен кейін жаны тозаққа кетіп, азапталуы мүмкін дейді. Осындай діни сенімдердің санада терең сақталуынан төсек тартып жатқан қарт-қариялардың балаларын «аузына су тамызатындары» (бар ма екен) деп айтып жатады. Немесе қарт кісілер балалары келмей қалса, «аузыма су тамызуга жарамады» деп ренжіп жатады. Соңғы сағатың соғар сәтте аузыңа су тамызар ұл-қызың болмаған соң! – Сіз кімді тұспалдап отырсыз. Кісінің басынан не өткенін білмей жатып, бұлай деуіңізге жол болсын. (А.Үсейінова Жалғыз жарым).

ӘУЛИЕАҒАШҚА ШЫҚТЫ и д и о м. Мақтанды, дандайсыды, бөсті. Қазақ халқы құла түзде жалғыз тұрған дарақ ағашты немесе алыстағы жол бойы, бұлақ басында өскен саялы ағашты қасиет тұтқан. Оған ақтық байлап, әулие ағаш деп атаған. Өмірден баз кешкен әулиенің жаны өлгенде ағаштың бойында болады деп түсінген. Әулиенің аяғы тиген жер, әулие саялаған жер деп ол жерлерді қасиетті санаған. Адам өзін «Әулие кісідей» бәрінен артық санағанда және есіріп, кездесіне нан пісіп, едірейе сөйлей бастағанда «әулиеағашқа шықты» деуі осыдан. Әлсін-әлсін мақтап қойсаң, одан әрі дандайсып, әулиеағашқа шығады (Ауызекі).

БАРМАҚ БАСТЫ, КӨЗ ҚЫСТЫ и д и о м, э т н., и ш а р а. Құлық-айласы аралас деген мағынаны білдіретін сыбайластардың өзара түсінісетін ым-ишаралары. Бармағын басу деген ертеректе саудаласқан кезде басқаларға көрсетпей саудагермен қол алысып тұрып, жең ішінен бармақ, саусақтарымен жасы-

рын белгі беру үрдіс болған. Ол тауарын қаншалықты түсіріп саудалағанын, қаншаға беріп жатқанын тек алушы мен саудагер ғана білетінін көрсетеді. Сондай-ақ, тамыр-таныстық немесе пара беру арқылы іс тындырса, оны бармақ бастылық жасау деп атаған. Көз қысу – «келісеміз» деген мәнді білдіретін ишарат амалы. Сонда бармақ басты, көз қысты ұғымы «ымыжымы бір болу» дегенді білдіреді. Осы жұмыста ешқандай көз-бояушылыққа, «бармақ басты, көз қысты» әрекеттерге жол берілмеуге тиіс. Талап қатаң болады. (Қ.Тоқаев жолдауынан).

ЖҮРЕГІНІҢ ТҮГІ БАР и д и о м. м і н е з. *Еш нәрседен сескенбейтін, қорықпайтын (адам). Әдетте бұл сөз батыр мінезді сипаттайды. Жүректің анатомиясында жүрек қабырғасында сіңір талшықтары болады. Жүрек тітіркенгенде, яғни адамда шошу, қорқу, не қатты қуану кезінде жүрекке байланған қантамырлар мен жүйке жүйесі селк еткенде сіңір талшықтары үзіледі, кейін қайта қалпына келеді. Ал тітіркенбейтін адамдардың жүрегіндегі талшықтар үзілмей тұра береді. Осыған орай жүрегінің түгі үзілмеген адамды, яғни қорықпайтын адамды осылай атаған. Бұны қазақ жүректің түгі деп атайды. Полицияның көз алдында жүк көлігін жолдың шетімен басып озған мына кобальт жүргізушісінің не жүрегінің түгі бар, не танысы мықты. Сіздер қалай ойлайсыздар? (Өлеуметтік желіден).*

ЖЫЛУ СҰРАДЫ и д и о м. э т н. *Біреуге алақан жайып, көмек сұрады. Жылу – бұл біреу шығынға, ауыр жағдайға ұшырағанда ел жиып беретін көмек, жәрдем. Жылу сұрау қайыршылық емес. Адам аяқасты қиын жағдайға тап болып, бір реттік көмек қажет болғанда сұралады. Мәселен, аяқасты үйі өртеніп панасыз қалғанда, жақыны ауырып, емге ақша қажет болғанда жылу сұралады. Айжан әскердегі ұлының тапқан ауруын емдеу үшін халқынан жылу сұрауға мәжбүр болды (Ауызекі).*

ИТТІҢ ЕТІНЕН ЖЕК КӨРДІ и д и о м. э м о ц. *Мүлдем көргісі келмеді, суқаны сүймеді, ұнатпады. Ит – жеті қазынаның бірі, иттің жақсы қасиеттері өте көп, түнде аз ұйықтап, үйді, мал-жайды күзетеді, ыстық, суыққа да төзімді, үй иесі берген азыққа қанағат етеді, үй иесіне берік, қанша қуса да кетпейді. Бірақ иттің сілекейі өте лас. Ит жалаған ыдыс-аяқты сумен*

жуар алдында топырақпен тазалаған. Осыған орай иттің еті арам деп танылады. Иттің етін жек көру деген осыдан пайда болған. Алайда адамды жерлестігімен, руластығымен бағалайтындыларды иттің етінен жек көремін. Мен ондайларды «інінен басын қылтитып, маңайындағы бұтаның түбін ғана көретін» деп танымын (Ө.Бәкірұлы Рушылдарды көртышқан санаймын).

ІІ ЖҰМСАҚ и д и о м м і н е з. *Айтқанға көңіш, көңілшек, жуас, момын. Іі – бұл тері илеу үшін арнайы дайындалған қоспа атауы. Іі әбден сіңген тері жұмсақ болып, қалауына қарай бүктеліп қиылады. Яғни иі қанған терінің жұмсақ иілгіш қасиетін адамның да айтқанға көнетін, көнбіс, шыдамды мінезін сипаттау үшін қолданылған. Әкесі Мұстафаны «осы баламның иі жұмсақ, өте ақжарқын, әрі райлы» деп отыратын (А. Тоқмағамбетов).*

КЕЖЕГЕСІ КЕЙІН ТАРТТЫ и д и о м. э м о ц. *Тартыншақтады, кейін тарту, шегіншектеу, имену. Кежеге – бұл бастың желке жағы, шүйде, мойын. Мәселен, жалқау адамға қарата желкесінен тартып, кежегесі кейін кетіп отыр дейді. Аңызда ілібістің бір баласы – кертартар шайтан адамның ілгері басқан аяғын кері кетіріп, кежегесінен кейін тартып тұрады екен. Демек, кежегесі кейін тартты деп жалқау және тартыншақ адамдарға қарата айтылады. Кейбір күндері өзімді өзім зорлап, қаламымды қолыма алмасам, кежегем кейін тартады да тұрады (С.Мұқанов, Мөлдір махаббат).*

КӨЗІНЕ КӨКШЫБЫН ҮЙМЕЛЕТТІ и д и о м. *Қорлық көрсетті, сорлатты, құлша жұмсады, билігін үстем етті. Көк шыбын – тез құрттатып, бүлдіретін, шірітетін зиянкес шыбын. Бұл фразеологизм адамның көзінен жас тыйдырмай, көзінің сорасын ағызып, етке көк шыбын түсіп құрттатқандай, көзінің іріңін ағызып қою мағынасында жұмсалады. Ерді сындырғалы бері ашуыма ашутастай тиіп жүр еді, көзіне көк шыбын үймелетіп... Мұқтар әдеттегідей тісін шақыр-шақыр қайрап жіберді (О.Бөкеев, Мұзтау).*

ҚАРА ЕСЕККЕ ТЕРІС МІНГІЗДІ и д и о м. *Өсекке таңды, атына кір келтірді, масқаралады. Қазақтың дәстүрінде қара есекке теріс мінгізу – ар жазасы. Ар жазасымен ата-баба жо-*

лын өрескел бұзып аруаққа шет болған, мысалы, жақын туысына үйленген, ата-анаға тіл тигізген айыпкер жазаланады. Оны қара есекке теріс отырғызып, бетіне күйе жағып, руластары бетіне түкіріп, елден шығарып, ел-жұрттан аластап жібереді. Ата-анасына тіл тигізген немесе қол жұмсаған ұлды мойнына құрым кигізіп байлап, қара есекке теріс мінгізеді («Жеті жарғы» заңынан).

ҚОСАҒЫҢМЕН ҚОСА АҒАР мәтел, тілек. Жарыңмен бірге қартай, өмірдің қызығын бірге көр деген тілек мағынасындағы тәмсіл сөз. Бұл сөз ең бірінші рет екі жұп неке қидырғаннан кейін айтылады. Қосақ – бұл бір-біріне отбасы боламыз деп қосылған жұп. Ағару – бұл қартаю. Сонда қосағыңмен қоса ағар деген – еріңмен не әйеліңмен бірге қартай, ажырамай өмір сүр мағынасындағы сөзқолданыс. Әйелдер «Қосағыңмен қоса ағар!» деп құрт, ірімшік, өрік-мейізден шашу шашады. Бұдан кейін «оң жақта» жүрген күйеу жігіт ендігі жерде күйеу деп аталады (Қазақтың дәстүрлі этнографиялық атауларының энциклопедиясы).

ҚҰЛАҒЫНА АЛТЫН СЫРҒА мәтел. Жадына жаттап, зейініне түйіп алсын деген мағынада. Бастапқыда фразеологизм ретінде ананың қызға, келінге, әженің немере қызына айтатын ақылын жадында терең сақта деген мағынада қолданылған. Кейін мәтелге айналған. Негізінен әйел адамға қарата айтылады. Бұл сөзқолданыстың мақсаты – айтылатын ескертпе, талап немесе ақылды мұқият тыңдасын, назар аударсын деген ниетпен сөз алдында әдейі әсерлендіру. Алтын сырға – әйел затының бағалы әшекейі. Айтылмақ ақылды да сондай бағалы бұйымдай санаңда сақта деген тәмсілмен қолданса керек. Келіндердің құлағына алтын сырға. Тоңазытқыштың мұздатқышы қойдың құйрығы мен жылқының қазы-қартасының тағамдық қасиетін кемітеді (Өлеуметтік желіден).

ҚҰЛАҒЫНЫҢ ҚҰРЫШ ЕТІН ЖЕДІ идиом. Мазасын алды, ығыр қылды, құлағының түбінен тыныштық бермеді. Құрыш – жеміршек ет. Қазақта қарынның құрышы деген – мал қарнының бездері. Сол сияқты құлақтың ішіндегі жеміршек еттің үздіксіз дауыстан тітіркеніп, жүйкесіне әсер етсе, адамның ашуы келіп, мазасы қашады. Құлағының құрыш етін жеді

деген – осы жайсыз сезімді білдіретін тұрақты тіркес. Тіпті құлақтың құрыш етін жеп, ақыл үйретіп, миды су қылып жіберді (Ә.Сараев, Тосқауыл).

ҚЫТЫҒЫНА ТИДІ и д и о м. *Жынын қоздырды, намысына тиді, ызасын келтірді. Қытық – бұл адамды тітіркендіретін шартсыз рефлекстің бір түрі. Қытық әдетте қолтық астын, табанды жыбырлатқанда болады. Ал адамның намысына тиетін қытықтар бұл адамның сөзі мен әрекеті. Намысқа тиіп сөйлеп, ашуын келтіретін болса қытығына тиді деп айтады. Әдетінше Нұрлан Ерімбетов қонағының әлсіз тұстарын барлап барып, қисынды-қисынсыз сауалдармен қытығына тиді (Abai.kz)*

МОЙНЫ ЖАР БЕРМЕДІ и д и о м. *Жалқаулығы ұстады, кезжесі кейін тартты, жұмысқа беттемеді. Қазақ танымында жалқаулық мойында, әсіресе желкеде болады дейді. Мойын – адамның еңсесін, яғни тұла бойын басқаратын мүшесі. Мойыннан миға баратын қантамырлар мен жүйке жүйелері өтеді. Олардың жолы майланып не түйінделіп бітелсе, адамның күшқуаты әлсірей бастайды. Мойын да өзінің қызметін әлсіретеді, содан бас салбырап, иық түсіп, адам бойын тіктей алмай, жата бергісі келеді. Осы медициналық құбылысты қазақ халқы жақсы таныған және оның тілдік көрінісін «мойны жар бермеу» деп көрсеткен. Әкесінің арқасында, қаржының күшімен де оқуға болар еді, оған өзінің мойны жар бермеді (С.Ыбрақұлы Кім кінәлі).*

МОЙНЫНА АЛА ҚОРЖЫН САЛДЫ и д и о м. *Тентіреді, қайыр тіледі, қайыршыланды, ел кезіп кетті, қара басын саугалап кетті. Ала қоржын – алашадан тігілген дорба. Мойнына ала қоржын салуы – панасыз тұрағы жоқ адамның көшеде кезіп өмір сүруін, жүрген жерінде дорбасына жүрекжалғар тағам салып сонымен күн көруін сипаттайтын тұрақты тіркес. Енді ауылнай болғаннан да мойныма ала қоржын салғаным артық (Ж.Аймауытов, Шығармалары). Біздің мойнымызға ала қап салғың келіп еді, мақсатыңа жеттің, Божыбай (Ш.Смаханұлы, Көріп жүр ғой көздерің).*

ӨГІЗ АЯҢ и д и о м. *Өте баяу, сылбыр жүрісті білдіреді. Бұл тіркес уақытылы орындалмаған самарқау жасалған жұмысты,*

самарқаулықты білдіреді. Әдетте жылқы жүрісіне қатысты өгіз аяң деп атау да бар. Мәселен, жылқы өте жай жүрісті, бабымен байыппен жүретін болса өгіз аяң деп атайды. Себебі аяң – бұл жылқының жүрісі. Өгіз аяң – алдыңғы аяқтың ізіне артқы аяқ жетпей басады. Ұзақ жолға шыққан адам атын қинамас үшін әдейі өгіз аяңмен жүреді. Көбінесе ауыр жүк артылған немесе керуен-арба тартатын жылқылар ұзақ жолға өгіз аяңмен жүреді. Күнұзақ не істерін білмей, бір жатып, бір тұрып кетті ғашығындай сағына күткен. Өйтеуір өгіз аяңмен асықпай жылжып күткен кеші де жетті-ау! Енді ол асыға киіне бастады (І.Есенберлин, Маңғыстау майданы).

САЛА ҚҰЛАШ и д и о м, ө л ш е м. Құлаш созым, екі қолды керегендегі ұзындықты білдіретін халықтық өлшем. Құлаш – иық деңгейінде екі жаққа кере созылған екі қол ұшының арасы, шамамен 165-175 см-ге тең. Сала құлаш – аяқтың ұшынан кере созылған қолдың ұшына дейінгі аралық. Жарты құлаш – төс пен бір қолды жайғандағы өлшемі. Сала құлаш негізінен қару-жарақты сипаттағанда, жіп, арқан ұзындығын танытқанда жиі қолданылады. Өгіздердің бәрі де атан түйедей, сала құлаш мүйізді, өңкіген жануарлар (С.Мұқанов, Тандамалы шығармалары).

САЛТ АТТЫ , САБАУ ҚАМШЫЛЫ и д и о м., п о р т р е т. Жалғыз басты, бойдақ жігіт туралы. Дәстүрлі ортада 16 жастан асып үйленбей жүргендер бойдақ қатарына жатқызылатын болған. Мұндай жігіттің жүрісін «салт басты, сабау қамшылы» деп ерсі санап, дәстүрлі ұстаным бойынша «Жалғыздық құдайға ғана жарасады» деп, дер кезінде үйленіп, отбасылы болғанын мақұл көрген. Қырғыз тілінде «салт басты, сабау қамшылы деген ұғым «үй-күйсіз ер адам» дегенді білдіреді. Қамшы ер жігіттің қазынасының бірі болғандықтан, қамшы арқылы жігіттің мәртебесін танытын болған. Мал дәулеті, үйелмені жоқ ер-азаматты «Салт атты, сабау қамшылы» деп мәртебесін төмендету деп қарайды. Беделсіз бейшара ерлерді «Құйрығынан басқа қамшысы жоқ, көлеңкесінен басқа досы жоқ» деп теңесе, жетесіз, іске қырсыз, мал-дәулетсіз адамды «Ит мініп, ирек қамшылаған» деп төменшіктетеді. Бәрімізге де оңай емес қой, жолдас Шөжебаев, – деді генерал. – Әрине, кімге оңай бол-

сын. Бірақ біздер әйтеуір *салт атты сабау қамшылы дегендей* деп Көжек аз мүдіріп қалды (Т.Ахтанов, Қаһарлы күндерде).

ТАЙ ШАПТЫРЫМ ЖЕР и д и о м, ө л ш е м. *Тай-құнан ен-тікпей келетін қашықтық деген мағынаны білдіретін халықтық өлшем. Шамамен – 4-5 шақырым. Ас-тойларда ат шаптырып, бәйге өткізетін қазақ халқы аттардың бәйгеде шауып өтетін жолына қатысты тай шаптырым (8-10 км), құнан шаптырым (10-15 км), ат шаптырым (20-25 км) деп аталатын қашықтық өлшемдерін қолданған. Алпыс-жетпіс кісі орнынан тұрғыза алмайтын Жандыбатырды тай шаптырым жерден-ақ жыланның демі орнынан қозғалтып қояды (Қазақ ертегілері).*

ТЫШҚАҚ ЛАҒЫ ЖОҚ и д и о м. *Бір де бір малы жоқ, дүниеден жүрдай. Жоқшылықта отырған кедей адамды сипаттау үшін қолданылатын фразеологизм. Тышқақ – бұл мал ауруы, тышқақ ауруына шалдыққан мал семірмейді. Бейнелікті әсірелеу үшін арық лағы жоқ дегеннің орнына тышқақ лақ деп атаған. Борайға бәрі бір. Көк есектен басқа, тышқақ лағы да жоқ алдында (Қ.Құттыбаев, Оның ұрпағы).*

ҰЗЫН ТҰРА и д и о м, п о р т р е т. *Бойы ұзын, бойшаң, сырықтай адамның сырт болмысын сипаттау үшін айтылады. Тұра – бұл жылқы тұяғының табан жағында, көп жүргендіктен болатын қатты шеміршек. Ұзын тұра қазақ ұғымында жылқының жақсы белгісі емес. Қазақта құстың да бойшаңын ұзын тұра дейді. Мысалы, Ұзын тұра, серке сан, Ашқарақ мінез бабы бар. Дембелше қыран дегдардың, Тұяғы кеппес қаны бар. Мұндай құстар қазаққа, Ілуде біреу табылар. Демек, ұзын тұра – адамның болсын, құстың болсын, жылқының болсын сирағының барынша ұзын болған ерекшелігіне қарай аталатын сипаттама сөз. Шелденген көздері, былқ-сылқ еткен мойын-басы, ұзын тұра кеудесі өткен-кеткен мазаққорлық бәрін топтап тұрғандай (Ұ.Доспанбетов, Шығармалары).*

4.4 ФРАЗЕОГРАФИЯНЫҢ НЕГІЗГІ ТЕТІГІ – БЕЙНЕЛІ ТІРКЕСТЕР

Фразеографиялық бірліктердің ерекшелігі – көркемдігі мен бейнелігі. Фразеологизмдер бейнелі тіркестердің халықтық қолданыста тұрақталған түрі. Бейнелі тіркесті жасайтын да халық, ақын-жазушылар. Демек, ақын-жазушылардың бейнелі сөздері (тіркестері) халыққа таныла келе фразеологизмдерге айналады. Осы үрдісті ескере келе, фразеографияның бірлігі ретінде метафоралардың сөздікке түзілу жолдарын да ескерген жөн. Ол үшін ақын-жазушылардың метафоралық қорын талдауға тура келеді.

Метафора – көркем ойдың бейнесі. Метафора табиғаты дүниеге көркемдік көзбен қараудан басталады. Метафора қалыптастыру шеберлігі суреткердің ойтанымдық көкжиегінің кеңдігін көрсетеді. Сондықтан ақын-жазушылардың тілінде метафоралық қолданыстарды фразеографияға тіркеу аса маңызды. Сол арқылы қазақтың ақиқат дүниенің көркем бейнесін тану шеберлігін зерттеуге мүмкіндік туады. Сәтті туған метафоралар қолданысқа тез түседі әрі тез тұрақталады. Тілдік қолданыста тұрақталған метафора фразеологиялық бірлікке айналады. Сондай-ақ метафораның қызметі – екінші атау беру, белгілі бір зат не құбылысты таныту мақсатында сол дүниенің белгі, қасиеттерін өзге дүниемен ұқсатады. Сондықтан метафораны ұқсату заңы деп атайды. Метафораның өзегі – бейне. Бейне білдіруші және бейнелеуші тетіктерден тұратын таңбалық жүйе. Мысалы, жазушы Әбіш Кекілбайұлының метафораларына талдау жасап көрелік. Әбіш Кекілбайұлының метафоралық қолданыстары, яғни бейнелі ұқсату тәсілдері тіріні жансыздандырып, жансызға жан бітіретін амалдарымен ерекшеленеді. Мысалы, *«босағаны мойнына іліп жүру»* деген бейнелі қолданысты әзірше мәтін ішінде ғана тани аласыз. Қызы бар үйдің босағасына мойнын сұғып торуылдап жүретін жігіттің қылығы *«қызқұмар»*, *«көрсеқызар»*, *«көзі тұрақтамайтын жігіт»* сияқты стандартты айқындауыштармен бейнеленбей, әдемі қыз көрсе есігіне дамыл бермейтін жігіттің қылығын басымдыққа алуы жазушының көркем шеберлігін көрсетеді. *Балпан бай бұ патшағар жаңағы қызды тауып әкел деп бақырыпшақыра ма деп жаман қорқып еді, айналайын, олар біздің мына өз атқа мінерлеріміздей қыз көрсе, құлқыны құрып, босағаңды*

мойнына іліп жүрмейді екен, етке тойып ап, қымызға қанып алып, торсып жатты да қойды (Ә.Кекілбайұлы «Бәсеке»). Сол сияқты жазушының метафора жасау ұсталығы – ұқсатылмайтын дүниелердің сәйкестігін тауып теңестіруі. Мысалы, «көкірекке күл төгу» метафорасын жасаған жазушының танымында сатқындық мағынасын көріктеуіш бейнелердің құрылымдық детальдерімен емес, сатқындық мазмұнына мүлде үйлеспейтін ұғымдармен түсіндіруге ұмтылған. Яғни қазақ танымында күл – жағымсыз, өлім, жоққа айналу сияқты ұғымдармен ассоциацияланады. Осы мазмұнды негізгі тетік етіп, көкірегің тілу, көкіректен итеру сияқты әрекетімен байланыстыруы «көкірекке күл төгу» бейнелі қолданыстың тууына негіз болған. – Ал енді ана балаң көкірегіңе күл төксе, ағайынға өкпелеме! – деп, жер тізерлеп орнынан көтерілді (Ә.Кекілбайұлы «Бәсеке»).

Жазушының авторлық метафораларының ішінде ұлттық реңк беретін тәсілдері бар. Мысалы, «қазекеңнің жаламы» метафорасында қазақтың ашқарақтығы, тамақсаулығы астарланып тұр. *Жарайды, бірер күн қара көжеге тойып, қарынын тыр-тыр қасыр... Бірақ, отырықшы жұрттың ұядай ұрасы қазекеңнің жаламына қанша күн жұғын болмақ?! (Ә.Кекілбайұлы «Үркер»).*

Ақын М.Мақатаев ұқсатылмайтын дүниелердің үйлесімділігін тауып ұқсата білген шеберлігімен басқалардан ерекше тұрады. Мысалы, *сараңдықтың сарқыты* (Сарқылмас берекенді үлестіріп, Сарқытын сараңдықтың маған бердің), *тіршіліктің түрткісі* (Жас жүрек бақыт іздеп ұлы өмірден, Тіршілік түрткісіне көне білген), *соғыстың балы мен шекері* (Таттық біздер сол соғыстың Балы менен шекерін, Білдік біздер, Әкесіздік, некесіздік не екенін), *жердің ерні кезеру* (Жердің ерні шөліккеп кезергенде, Өзендерді жалғадым өзендерге). Байқағанымыздай, аталмыш метафоралар жалпыхалықтық қолданысқа түссе, айтылмақ ойды дәл әрі сәтті жеткізудегі тілдік құрал болары сөзсіз. Енді метафоралардың фразеографиялық рәсімделуінің шартты үлгісін былай ұсынғалы отырмыз:

ІШТІ АШ ТАЗЫ ЖАЛАУ. *И д и о м а. М е т а ф о р а. Қарны ашу, тамақсыз қалу, күні бойы аш жүру. Шұрқырасып сабақтан тарағанда Ішімізді аш тазы жалағанда, Өкпемізді қолға*

алып жетуші едік, Ашық тұрса аңқайып қара қамба (М.Мақатаев Таңдамалы).

Синонимдік қатары: жүрегі қарайды, жүрегі сыздады, өзегі талды, іші шұрқырады, іші ұлыды.

Уәжі: аш иттің итаяқты жалап, қылау қалдырмайтындай еткен көрінісі негізгі уәжге алынған.

ҚАРА КЕБІН. *Фразема. Эвфемизм. Түн.* Халықтық таным бойынша қара кебін өлім, қайғы, мұң, қаралы күйді бейнелейді. Бұл тіркес тек киім түсіне байланысты емес, адамның немесе қоғамның эмоционалдық күйін, тарихи немесе әлеуметтік жағдайын көрсететін бейнелі құрал ретінде қолданылады. Сондай-ақ қара түстің ассоциациялануы нәтижесінде түн мезгілін де бейнелей алады. Бағыт-бағдар барлығы да белгісіз Қап-қара түн өзіңді өзің көргісіз Аспан мен тау *қара кебін* жамылып Үрей ұшты, құбыжықтар жабылып (М.Мақатаев Таңдамалы).

Синонимдік қатары: түн көрпесі түрілу (М.М.), шашын жайған албасты (М.М.), қара кілем (М.М.), қара жамылғы (М.М.) (М.М. – М.Мақатаев)

Уәжі: түннің қара болуы.

ТҰРЛАУЫ ЖОҚ САЙҚАЛ. *Идиома. Эвфемизм. Қиял.* Шіркін қиял, ойды жеген дертпен тең, Тұрлауы жоқ сайқал едің неткен сен (М.Мақатаев Таңдамалы).

Уәжі: Әр дүниеге еліктей беретін, тұрақтанбаған алдамшы армандарына автордың жағымсыз көзқарасы, еңіл жүрісті әйел секілді елестетуі, соған ұқсатуы.

ТЕҢЕУ – бір нәрсені басқа дүниемен салыстыру арқылы туындаған бейнелі қолданыс. Теңеу арқылы бір заттың немесе құбылыстың сипаттамасын нақтылау мақсатында оны басқа ұқсас нәрсемен теңестіреді. Теңеу фраземжасам, идиомжасам қызметтерін атқарады. Теңеу дара сөзбен де ешбір тіркессіз де жасалады. Теңеудің метафора, эпитеттерден ершелігі осындай. Мысалы: түйедей, шынашақтай. Бұл – халықтың теңеудің бір көрінісі. Ал көркем шығармалардағы теңеулер тіркес тұлғасында жасалады. Мысалы: *әукиі салбыраған бұқадай*. Теңеу – сын-сипатты, түр болмысты, сыртқы пішінді, мінез-құлықты сипаттауда сәтті жұмсалады. Ал метафора дерексіз ұғымдарды нақты затпен түсіндіруге лайықты келеді. Сондықтан

теңеужасам оңай әрі оның жасалу жолы да жеңіл. Осылайша, салыстыру арқылы жасалатын теңеу фразеологизмге айналады, оның мағынасы ауыспалы мағыналар өрісін де толықтырады, фразеологиялық қорды да толықтыра түседі. Фразеологизмдер көбіне тұрмыстық, әдеби немесе ауызекі тілдегі теңеулерден пайда болады. Теңеу – екі объектінің, құбылыстың немесе қасиеттің ұқсастығына сүйене отырып жасалатын бейнелі тәсіл. Теңеудің фразеологизмге ұласуы бірнеше кезеңнен өтеді:

1. Бейнелі ұқсастықты көрсету. Теңеу кезінде бір объектінің қасиеті екінші объектінің қасиетімен салыстырылады. А сияқты В немесе В тәрізді А. Мысалы:

Арыстандай айбатты (батыл адамды сипаттау). А – арыстан, В – батыл. Алақандай жер (тар, көлемі кіші). А – алақан, В – тар.

2. Тұрақтылық қалыптастыру. Қайталау және жиі қолдану арқылы теңеу сөйлеу тілінде тұрақты тіркеске айналады, яғни фразеологизмнің алғашқы сатысына өтеді. Мысалы, қоян жүрегі сияқты қорқақ → қоян жүрегіндей қорқақ → қоян жүрек деп қысқарып, тұрақты тіркеске айналуы мүмкін.

3. Мағынаның ауыспалылығы. Теңеудің фразеологизмге айналуы кезінде тікелей салыстырмалы мағынадан ауыспалы, бейнелі мағынаға өтуі жүреді. Мысалы: арыстандай айбатты адам → арыстан адам → арыстан екен.

Осылайша, салыстыру арқылы жасалатын теңеу фразеологизмге айналады, оның мағынасы ауыспалы мағыналар өрісін де толықтырады, фразеологиялық қорды да толықтыра түседі. Теңеужасамдық тәсілдерді 6 топқа бөліп қарастыруға болады:

1) Екі дүниенің пішінін, сыртқы болмысын теңестіру арқылы жасалатын тәсіл. Сәйкестендірілетін екі ақиқат дүниенің бір ғана белгілері ұқсас болуы жеткілікті. Мысалы:

САБЫНША БҰЗЫЛУ. *Фразема. Теңеу. Сиқы кету, тұтас тығыз дүниенің ыдырауы. Әбілқайыр ең соңғы рет 1730 жылғы Жоңғарға қарсы жорықтарға қатысып, қолбасы ретінде абыройға ие болып жүрді де, Аңырақай соғысынан кейін сабынша бұзылды* (Қ.Жұмаділов Дарабоз).

Уәжі – адамның рухы қайтып, күш-қуаты әлсіреуі, еңсесін түсіруі сабынның суға салғанда еріп ыдырайтын, былжырайтын күйімен теңестірілуі.

ӨКПЕСІН СОҚҚАН ТОРҒАЙДАЙ *Идиома. Теңеу. Блнқыну*, адамның көңілінде реніш, ашу немесе наразы сезімнің пайда болуы; бір нәрсеге немесе біреуге қарсы ішкі эмоционалдық қарсылық. Ақбілек бала қамаған лаққа ұқсап, апанды айнала жүгіріп, өкпесін соққан торғайдай торға ілінді. (Ж.Аймауытов Ақбілек).

Уәжі – ұзақ уақыт жылдам ұшып келген торғайдың өкпесі үздіксіз қатты соғады. Торғайдың осы қасиеті адамның ышқынған, ызбарланған, шыр айналып зыр қаққаннан ентіккен күйімен сәйкестендірілген.

2) Екі дүниенің айырмашылықтарын, ерекше белгілерін теңестіру арқылы жасалған тәсіл. Бұл тәсіл аяқасты құрылмайды, белгілі бір зат не құбылыстың айрықша қасиетін ерекшелеп, әсірелеп айту немесе кекесіндеу мақсатында жұмсалады. Сондықтан бұл теңеулер арнайы дайындықпен жасалады. Мысалы:

ОЛАҚ ҚАТЫН ТОҚЫҒАН АЛАШАДАЙ. *Идиома. Теңеу. Сапасыз, шала жұмыс* белгілі бір іс-әрекеттің немесе тапсырманың тиімді, дұрыс және талапқа сай орындалмауы, нәтижесінің қанағаттанарлықсыз, толық емес немесе төмен деңгейде болуы. Олақ қатын тоқыған алашадай, Өрмегіннің арқауы суырылды (М.Мақатаев Таңдамалы).

Уәжі – алашаның олпы-солпы асығыс, біркелкі емес тоқылуы істің шала, сапасыз, жүйесіз, ретсіз болуымен теңестіру. Олақ адамның салақтығы мен істің шалалығы сәйкестендірілген.

НЕ ТУАРЫ БЕЛГІСІЗ ЖҮКТІ ӘЙЕЛДЕЙ. *Идиома. Теңеу. Шешімі шықпаған, болжамы белгісіз, не күтіп тұрғаны беймәлім күй.* Не туары белгісіз жүкті әйелдей Не болары белгісіз тағдырым–ай! (М.Мақатаев Таңдамалы).

Уәжі – жүкті әйелдің туар алдындағы уайымы (аман жаным қалса, кім босанам, қалай болады деген толғанысы) кез келген толғаныста жүрген немесе байқауға қатысып шешімін күтіп жүрген адамның тебіренісімен теңестірілуі.

3) Дерексіз ұғымды заттық болмыспен теңестіру тәсілі. Құрылымы жағынан эпитетке ұқсайды. Эпитеттің құрамындағы теңеу деп айтсақ та болады. Әдетте екі компоненттен, кейде бірнеше компоненттер құрыла береді. Бұл тәсілдің мақсаты – абстрактілі ұғымның сипатын дәл жеткізу үшін заттың белгісімен сәйкестендіру. Мысалы:

ШЫНАШАҚТАЙ ШЫНДЫҚ. *Фразема. Теңеу. Жасырынған, айтуға болмайтын шындық.* Ендеше шынашақтай шындықтың бар болғаны да. Өмірде көкек құс сияқтылар аз ба? Көрінген үйме тезектің түбіне жұмыртқа салып, балапан басып, баласына қарамай кететін қайлабас тарғыл көкек кейін құлаған тамның дуалында жағы тынбай зарлап отырады (Ш.Мұртаза Қызыл жебе 1-кітап. 9б.).

Уәжі – аузына қақпақ болып айттырмай келген, көпшіліктің арасында айта алмай келген құпия шындығын титімдей, кішкентай затқа теңеуі шындықтың кішкентайдың әлсіздігімен, езгі пен тепкінің астында қалатын әлжуаздығымен сәйкестендірілуі әсерлі шыққан. Әдетте шындық жеңіп шығатын алып, ірі болмысты елестететін ассоциацияның өзгеруі байқалады.

4) Прецедентті тұлғалармен теңестіру арқылы жасалатын тәсіл.

Теңеужасамда көп жағдайда көркем шығарма кейіпкерлерінің мінез-құлқы мен сырт бейнесіне теңестіру жиі кездеседі. Мысалы: *аплатондай ақылды, қожанасырдай алаңғасар, шық бермес шығайбайдай сараң* деп теңестіру ұлттық таптаурын түсініктерден туындаған. Солардың бірі:

КҮЛӘШ САЛҒАН «ГӘККУДАЙ». *Идиома. Теңеу. Бағалы, құнды, асыл.* Неге? Неге жыр тынды?! Неге кеттің таптырмай! Айырылып қалыппыз Күләш салған «Гәккудай» (М.Мақатаев Таңдамалы).

Уәжі – «Гәкку» Күләш Байсейітованың даусымен тұңғыш рет әсерлі орындалған ән. Халықтың жадында Гәкку десе Күләш, Күләш десе Гәкку әні танылған бірін-бірі танытатын стереотиптік сәйкестік. Күләштің орындауындағы Гәккуді жоғалтып алғандай, оны ешкім орындай алмайтындай құнды болуы адамның өзіне қымбат асыл дүниесін жоғалтқанмен сәйкестендіре ұқсатылған.

ЧИЛИДІҢ ТҮРМЕСІНДЕЙ. *Идиома. Теңеу. Қайғылы, мұңлы, өмірден түңілген күй.* Тұрғанда үнім өшпей, тіл кесілмей, Жүре алман жырмен өмір бірге сүрмей. Жүректің аманатын ойға алмасам, Маған өмір Чилидің түрмесіндей (М.Мақатаев Таңдамалы).

Уәжі – 1973-90 жылдардағы Пиночет диктатурасымен бұқара халық, зиялы қауым, шындықты бетке айтқанның бәрі саяси қуғын-сүгінге ұшырап, ең қатал түрме – Чили түрмесіне қамалды.

Оларға мемлекетке қарсы тап өкілдері деген айып тағылды. Осы кезең тарихта оқиғалы кезең болды. Осы кезеңде Чили түрмесі тәртіпсіздігімен, түрме қызметкерлерінің сотталғандарға дөрекі, жауыз әрекеттерімен танылғаны соншалық Кастро түрмесі, Шакал түрмесі деген атқа ие болды. Осы ақпарат автордың танымында өмірден түңілген, қоғамнан дәпкі жеген, әділетсіздікке душар болған адамның жеңілген, уайымға салынған күйін Чили түрмесімен теңестіруге әкеліп тұр.

Бұл өте сирек, тіпті бір-ақ рет кездесетін теңеу болар. Әдетте прецедентті теңеулердің қолданысы сирек.

4. Сирек ұқсатулардың негізінде пайда болатын теңеужасам тәсілдері. Бұл ақын-жазушылардың көркемдік шеберлігін, креативті ойлау деңгейін танытатын бейнелі оралымдар. Бұл тәсіл идиомжасаудың тетігі болып саналады. Себебі ұқсатылмайтын дүниелер өзара теңестіріледі. Мысалы:

АҚАУ ТҮСКЕН МОТОРДАЙ. *Идиома. Теңеу. Сырқаты бар адам секілді.* Ақау түскен мотордай Енді осыдан жөнделсем, Құрып қалғыр сырқаттан Құлантаза емделсем. (М.Мақатаев Таңдамалы).

Уәжі – адамның науқастанғандағы қалпы, яғни әлсіреп, жүре алмай, баяу сөйлеп, қуаты (энергиясы) жоқ күйі мәшиненің қозғалтқышы (моторы) бұзылған күйімен теңестірілуі. Бұндай теңеу екінің бірінің миына келе бермейді. Бірақ ақынның шеберлігі соншалық – көліктің от алмай немесе от алса да бір гүрілдеп одан қайта өшіп қалып жүре алмай тұрған қалпын ауырған жерін ұстап бірнеше рет бөгеліп, мазасы кетіп қайта отырып, қайта тұрып әлек болған сырқат адамның жағдайымен пара-пар елестетуі ойсанада өзара мәндес суретті (картинаны) қалыптастырды.

ҚАРҒАНЫҢ ВАЛЕТІНДЕЙ. *Идиома. Теңеу. Қара мұртты, түсі сұсты ер кісі секілді.* Су сұраса сүт берген, айран берген Қартайып қалыпсың-ау, қайран жеңгем! Қарғаның валетіндей едірейіп, Қасыңа мына біреу қайдан келген? (М.Мақатаев Таңдамалы).

Уәжі – карта ойынындағы қарға валет – қара мұртты, қара шашты сұңғақ жігіттің бейнесімен танымал. Осы бейне жесір әйелге қырындаған қу тілді жылтың әрі сұсты, мұртты едірейіп

жан-жағын менсінбейтін қара жігіттің бейнесін таныстыру үшін қолданылған. Себебі ақын танымындағы қара валет картасындағы жігіт бейнесі жағымсыз, ұсқынсыз тұрпатта қабылданған.

Қорыта келгенде теңеу – идиомжасам, фразажасам құралдары болып саналады. Бейнелі тіркеспен құрылатын санадағы көркем түсініктер сөздік қорға алынуы тиіс. Ол үшін ақын-жазушылар шығармасындағы сөздікке тіркелмеген теңеулері жинақталады.

ЭПИТЕТЕ – бұл айтылмақ ойды айшықтау құралы. Ақынның ақындығын танытатын көрсеткіштің бірі – оның айшықтау тәсілдері. Екі сөздің тіркесуінен жасалған фраземалардың көпшілігі осы айшықтау тәсілі арқылы жасалады. Ақын не жазушының көркем тіліндегі ақиқат дүниенің бейнелі айшықталуы оқырманды елең еткізбей қоймайды. Себебі, бұл айшықтау тіркестері сезім мүшелері арқылы қабылданған ақпаратпен айтылмақ ойды дәл жеткізуге бағытталады. Мысалы, бұрын соңды көркем әдебиетте кездеспеген *шарап қан, күрең мұң, бала бұлақ* эпитеттерін жасауда бейнелі таңбаның бейнеленуші мен бейнелеуші таңбаларының түр-түсіне, адамға әсер етер сезімі, жалпыадамзаттық ассоциация түсінігіне қарай ұқсастығын үйлестіру негізінде ой айшықталған. Адамның өміріндегі, бітім-болмысындағы бір құбылысты таңбалап алып, өзге бір ақиқат дүниенің қасиетін айқыштау үшін қолданып, бейнелі-айқындауыш тіркестер құрастыруы негізінде көркем эпитеттерді дүниеге әкелген. Мысалы, *ұзатылған қыз көктем, мас қайың, жеңгетай Май, арзанқол жұбаныш, жетімек бұлттар, меңіреу тун* эпитеттері жеке көркемдік әлемді танытатын бейнелі сөздері болып табылады. Сондай-ақ көркемдік әлемде адамның жақсы-жаман мінез-құлықтарын, қылықтарын бейнелеуші компонент ретінде алынып, кез келген дүниенің қасиетімен айшықтау, одан бейнеленуші таңбаның дәл мағынасын таныту эпитетжасам амалдардың бірі. Мысалы сондай таңбалау үлгілері мына эпитеттер құрылымында кездеседі: *тұмаулы ызғар, қанден өсек, қомағай көңіл, жүгенсіз өмір, бұзық боран, түлкі құйрық саясат, ботқа ой, бақа зұмыр, балгер надандық*. Поэзияда әр ақынның өз қолтаңбасын танытатын жиі қолданылатын, әрі көзге тез түсетін, әсерлі бейнелі сөздердің ішінде көркемдігі ерекше таңба – эпитеттер. Эпитеттің қызметі де осы, ұғымға, белгілі бір ақиқат

дүниеге бейнелілік, нақтылық сипат беру. Эпитеттерді көркем ойлай алатын, бейнелі таңбаларды үйлесімді біріктіре алатын тұлғалар тудыра алады.

Көркем прозада әр жазушының өз қолтаңбасын танытатын жиі қолданылатын, әрі бейнелілігімен көзге тез түсетін, оқырманға тез әсер ететін бейнелі сөздердің ішінде көркемдігі ерекше таңба – эпитеттер. Эпитеттің қызметі де осы – ұғымға, белгілі бір ақиқат дүниеге бейнелілік, нақтылық сипат беру. Эпитеттерді көркем ойлай алатын, бейнелі таңбаларды үйлесімді біріктіре алатын тұлғалар тудыра алады. Ал өзге суреткердің айшықтау тәсіліне ұқсамайтын Әбіш Кекілбайұлының эпитеттері айтылмақ ойдың эмоционалды күйін әсірелеу үшін, кейіпкер мінезін дәл таныту үшін жиі қолданылады. Әбіш Кекілбайұлының көркем тіліндегі ақиқат дүниенің бейнелі айшықталу шеберлігі оқырманды елең еткізбей қоймайды. Себебі, ақын сезім мүшелері арқылы қабылдаған, таныған өзіндік көркемдік әлемін нақ осы эпитеттер арқылы дөп жеткізе білген. Мысалы, бұрын соңды көркем әдебиетте кездеспеген *дауыс жетім жер, көк найза түтін, әжім-әжім құм* эпитеттерін жасауда жазушы бейнелі таңбаның құрылымындағы бейнеленуші мен бейнелеуші компоненттердің түр-түсіне қарай ұқсастығын үйлестіру негізінде ойын айшықтаған. Адамның өміріндегі, бітім-болмысындағы бір құбылысты таңбалап алып, өзге бір ақиқат дүниенің қасиетін айқыштау үшін қолданып, бейнелі-айқындауыш тіркестер құрастыруы негізінде көркем эпитеттерді дүниеге әкелген. Мысалы, *жабырқаңқы шөл, қаскөй шөл, далаңбай дақпырт, сылқым бұлақ* эпитеттері автордың жеке көркемдік әлемін танытатын бейнелі сөздері болып табылады. Сондай-ақ Әбіш Кекілбайұлының көркемдік әлемінде адамның жақсы-жаман мінез-құлықтарын, қылықтарын бейнелеуші компонент ретінде алып, кез келген дүниенің қасиетімен сәйкестендіре алатыны, одан бейнеленуші таңбаның дәл мағынасын танытып, оқырманға өз әлеміндегі сол бір нәзік нюансты түсіндіре алуы кімді де болса таң қалдыратыны сөзсіз. Мысалы сондай таңбалау үлгілері мына эпитеттер құрылымында кездеседі: *үркек ой, сайқал нәпсі, қаңғыма жел, қырмызы бет қызыл сөз*.

Эпитеттің жасалу жолдары:

1) Табиғатты тұрмыстық бұйымдармен, мінез-құлықпен айшықтау.

ДАЛА КІЛЕМ. *Фраза. Эпитет. Түрлі-түсті гүлмен құлтырған дала.* Ажарымен қоштасып, алаңымен Гүлдер семіп барады сабағымен Түгі кетіп, жарғаққа айналған ба Көздің жауын алатын дала кілем (М.Мақатаев Таңдамалы).

Уәжі – даланың кең жазық, горизонтальды кеңістігі кілемнің төртбұрыш жайылатын жайпақ пішінімен салыстырылған.

БҰЛАҚ БАЛА *Фраза. Эпитет. Арнасы тар, сыңғырлап аққан кіші бұлақ.* Ұялып барады өтіп бұлақ бала Бұйығып, үн қатпайды жылап қана. Баланың маңдайынан сипалаған, Дірілдеп айдан тамған шуақ қана (М.Мақатаев Таңдамалы).

Уәжі – жаңа пайда болған жылтылдап аққан кішкентай бұлақтың даусы, көзге ілінер ілінбес жылғасы көпшіліктің арасында ұялып бұйығып, біреу мені елесе, басымнан сипаса екен деген көзқараспен қарап отырған баламен айшықталуы.

ҰЗАТЫЛҒАН КӨКТЕМ ҚЫЗ. *Фразема. Эпитет. Жазғытұры, көктемнің алғашқы айлары.* Оралады өткен күз Қыс келеді, төсі қар Ұзатылған көктем қыз Қайта оралса несі бар (М.Мақатаев Таңдамалы).

Уәжі – жалпыхалықтық таным бойынша көктем – жастық шақтың, құлпырған әдеміліктің бейнесі. Түрлі-түсті гүлге оранған дала қыздың құлпырған көйлек киген бейнесімен, айнала қоршаған ортадағы құстың үні – қыздың күлкісімен, бұлақ сылдыры – қыз шолпысының сыңғырымен ассоциациялануы негізінде санада қалыптасқан таптаурындар. Сондықтан қыз-көктем, көктем қыз айшықтаулары тұрақты бейнелер болып саналады.

АСАУ ӨЗЕН *Фразема. Теңеу. Сарқырап, арнасына сыймай толқындап аққан, тегеуріні қатты, бұрқырап аққан өзен.* Асау өзен бұза алмай Алып таудың құрсауын Баяғы сол мұң сарын, Баяғы сол бір сарын (М.Мақатаев Таңдамалы).

ТҰМАУЛЫ ЫЗҒАР. *Фразема. Эпитет. Бойды шымырлататын, тоңдыратын, суықтататын салқындық.* Көк шығып қалды күнгеіге Тұмаулы ызғар бар әлі (М.Мақатаев Таңдамалы).

ЖЕҢГЕТАЙ МАЙ *Фразема. Эпитет. Мамыр айындағы жаймашуақ жанға жайлы серуенге қолайлы кез.* Жеңгетай май жел беріп, Желпінтеді бәрін де Кәрісін де, жасын да.

Уәжі – мамыр айырда күн жылып, қар еріп, жер құрғап, бүршік атып, жігіттің қызға қырындап, қайта-қайта серуенге шақырып, үйінен шығара алмай, жеңгесіне айттырып әлек болып махаббаты жалындап тұрған шақпен айшықталуы.

2) Дерексіз ұғымдарды заттық дүниелермен айшықтау. Дерексіз ұғымның белгілі бір қасиеті мен белгілерін материалдық затпен айқындау амалы.

ҚАНДЕН ӨСЕК. *Фразема. Эпитет. Алыпқашпа әңгіме, біреу туралы жалған әңгімелердің айтылуы.* Менің шуақ күндерім-ай! Артымнан қанден өсек үргенін-ай, Қанденмен күресе алмай жүргенім-ай. (М.Мақатаев Таңдамалы).

Уәжі – біреуді сыртынан даттап, ғайбаттап айтқан сөздердің қанден иттің шәуілдеген даусымен айшықталуы.

АРЗАНҚОЛ ЖҰБАНЫШ *Фразема. Эпитет. Аса мәні жоқ ермек, лайықсыз марапат, лекерлеп берілген атақ, лаждап берген алданыш.* Алданбайын арзанқол жұбанышқа Алданып жұбанышқа құрақ ұшпа (М.Мақатаев Таңдамалы).

ҚОМАҒАЙ КӨҢІЛ *Фразема. Эпитет. Қанағатсыз пиғыл, тойымсыз құмарту.* Қомағай көңіл құмартып өткен әрнеге Тірлікте сонау түскемін талай әуреге. (М.Мақатаев Таңдамалы).

ТҮЛКІ ҚҰЙРЫҚ САЯСАТ *Фразема. Эпитет. Алдамшы саясат.* Түлкі құйрық саясаттың, Алтыны үшін, наны үшін, Қасиетті достықтың мен Таптамайтын намысын Болашақтың елшісімін (М.Мақатаев Таңдамалы).

САЙҚАЛ ҮМІТ *Фразема. Эпитет. Әзәзіл дәме, арты қуыс сенім, жалған талапшылдық.* Сабылтып сайқал үміт қолын бермей, Көзін қызып, саусағын созады тек! (М.Мақатаев Таңдамалы).

СЫНЫҚ ҚАНАТ КӨҢІЛДЕР *Фразема. Эпитет. Беті қайтқан, тауы шағылған, сағы сынған.* Сынық қанат көңілдер сылтауратып Қауырсынын қаққан боп қояды жай Талпынбайды жетпек боп баяғыдай (М.Мақатаев Таңдамалы)

3) Эстетикалық суреттеу арқылы айшықтау. Эпитетжасамның бұл амалында ойсурет белгілері жүзеге асады. Таныстырылатын зат не құбылыстың санада суреті салынады. Соған орай ол тілде сипатталады. Мысалы:

ШАРАП ҚАН *Фразема. Эпитет. Бойдағы қанның тулауы, қанның қозуы.* Бетіне ақ дастарқан тамып кетті, Тулаған бойымдағы шарап қаным!

САРАҢ ХАБАР *Фразема. Эпитет. Ұзақ күттіретін, телмір-тіп, жәутеңдетіп қоятын, оңайлықпен келмейтін, дәмелендіріп барып жеткізілетін ақпарат. Үзік-үзік естимін сараң хабар Ті-рідейін көмілген Отырардан (М.Мақатаев Таңдамалы).*

ЖЕР ҚҰЙҚАСЫ *Фразема. Эпитет. Жер беті. Дәулетбайлар аламан әскерді жорық алдында тағы бір рет тәртіпке келтірмек болып жүріп кетті де, үлкендер сол орында тұрып қалды. Көп өтпей жер құйқасын топылта басып, екі-үш салтатты қосылды бұлардың тобына. (Қ.Жұмаділов Дарабоз).*

Эпитет – затты немесе құбылысты сипаттап қана қоймай, оған эмоциялық немесе семантикалық бояу беретін бейнелі тіркес. Тілде эпитет бірнеше маңызды қызметтерді атқарады:

Сипаттаушы (айқындаушы) қызмет. Ол затты, құбылысты, адамды, табиғатты, айнала қоршаған ортаны дәлірек сипаттауға көмектеседі, оның ерекшеліктерінің дәл белгісін айшықтап айтады. Мысалы: *Түрме бастық.* Түрме бастық кітапты ашып кеп қалып еді, ашылған жері төртінші тараудың басы екен. (Ш.Мұртаза Қызыл жебе 1-кітап. 2б.). *Қотыр қабырға.* Босағада қотыр қабырғаға арқасын сүйеп, жүресінен отырған алпамса кісі маза-сыз көк шыбын жаққа атырыла бір қарап қалды. (Ш.Мұртаза Қызыл жебе 1-кітап. 6б.). *Үнсіз ұғыныс.* Әке мен баланың арасында үнсіз ұғыныс, тілсіз махаббат, жіпсіз жалғанған жүректер барын осы жай аңдатар еді (Ш.Мұртаза Қызыл жебе 1-кітап. 10б.).

Эмоциялық-экспрессивті қызмет. Мәтіннің эмоциялық қабылдауын күшейтеді, бағалауыш реңкін арттырады. Мысалы: *Бұзық боран.* Күздің бұзық бораны Бала бақтың, дала қарттың Шашын түтіп желіккен (М.Мақатаев Таңдамалы). *Жетімек бұлттар.* Жетімек бұлттар жер ауып қашан көшеді (М.Мақатаев Таңдамалы). *Өсекшіл жел.* Өсекшіл жел сыбырлайды алыстан, Сырын ұрлап жастардың да табысқан (М.Мақатаев Таңдамалы).

Бейнелі (поэтикалық) қызмет. Жарқын, көркем бейнелер жасауға септігін тигізеді, ойды көркем жеткізуге ықпал етеді. Мысалы: *Сократ маңдай.* Қандай ой жатты екен сол сәтте, Со-нау бір сократ маңдайда. *Кәрі тарих* Кәрі тарих долданып, Тер-бесе өмір бесігін Ашасың сен де қолға алып, Жаңа дүние есігін. *Жел ауыз жеңеше.* Шәй береді, артынан ет келеді, Сылқита соқ, соныңды еп көреді, Жел ауыз жеңешеңнен сақ болғайсың, Әзіл-мен қанжығаға бөктереді

Бағалауыш қызмет. Автордың адамға немесе нысанға деген көзқарасын көрсететін шынайы баға беруі арқылы жүзеге асады. Мысалы: *Тәкаппар долы жел.* Тәкаппар, долы тынды жел Бұлт өксіді еңіреп Қарық болып қара жер Қайғылы жасын төгіп ед. *Меңіреу түн.* Меңіреу түн қалғытады қойнына ала, Мелшиіп мен отырмын жалғыз ғана. *Суық сөз.* Осы күн мен бір жексұрын Туысқан-туған, анаға Кетіріп жүрек тынышын Суық сөз кірді санаға. Мысалы, мына эпиттерді фразеографиялық тізбекке енгізуге болады:

АУДАРМА-ТӨҢКЕРМЕ ЗАМАН. *Өзгермелі алмағайып заман.* Бірақ, дуалы ауыз, игі жақсы дегеннің өзі де аударма-төңкерме заманның өзімен бірге аударылып-төңкеріліп жатқан құбылмалы нәрсе емес пе! (Ә.Кекілбайұлы «Үркер»).

АУЗЫ АЛА ҚАЗАҚ. *Ауызбірлігі жоқ, ынтымақсыз, берекесіз қазақ.* Ең болмаса, жыл сайын аузы ала қазақты алдына бір жиып, басын түгендеп алуға да құлқы соға қоймады. Әркім білгенін істеп, бет-бетіне жүр (Ә.Кекілбайұлы «Үркер»).

АУЗЫ ҚЫЗЫП АЛҒАН ЖҰРТ. *Жаман көзқараста, жаман пизғылда қалған жұрт, жағымсыз түсінікпен таралған мағынасында.* Аузы бір қызып алған жұрттың талайдың басын шалатын әдеті ғой. Сол жолы талай сұлтанның атағына тіл тиді. «Олар шетінен бұлғақбас, мына сұрша баладай емес, түйсіксіз», – десті жұрт (Ә.Кекілбайұлы «Үркер»).

АШҚАРАҚ ДҮШПАН. *Елді, жерді қайткенде басып алуды көздеп, бірнеше рет шабуылға шығатын ата жау.* Сол бір тұлдыр кеңістіктің төрінен өз-өзінен шымырлап өніп, ұйыса-ұйыса, қоюлана-қоюлана келіп, адымыңды аттапастай боп, жан-жағыңнан тіреліп тұра қалар қоймалжың көк кіреуке сиыр сәскеден осы бір өлкеге ежелден көз сүзіп ентелескен ашқарақ дүшпанның әлі сағы сынбай, туы жығылмай тұрған кездегі кескекті кейпіндей сойқан елестесе, бесін ауа дөң-дөңнің басынан бөкенше желе жортақтап, түйдек-түйдек жөңкіліп бергенде әлгі тепсінген басқыншының бұл маңайдан алды-артына қарамай безіп берген масқара сәтіндей бет-бетіне лағып сендей сапырылысып қоя береді (Ә.Кекілбайұлы «Үркер»).

ӘЖІМ-ӘЖІМ ҚҰМ. *Шөгінді құм.* Жолдарына дөңкиіп-дөңкиіп кес-кестей құлаған жал-жал шағылдардың қай-қайсысына

да жеткенше асыққанмен, қара қатқақтың сыңайы әлі білінбейді. Көз жетер жердің бәрі – *әжім-әжім құм* (Ә.Кекілбайұлы «Аңыздың ақыры»).

ӘЗӘЗІЛ ИІС. *Бойын еліткен, уыты бойға тарап басын айналдырған иіс.* Қарасын көрмесе де, бір әзәзіл иіс бойына түсіп, елітіп алып бара жатқандай. Ол не? Оған санасы жете қоятын емес (Ә. Кекілбайұлы «Үркер»).

БАЛДЫЗДЫҚ БАЗЫНА. *Балдыздың еркелігі, назы.* Бәсе, со жолы ол неге бәрімізден ала бөтен қитықтанды десек хан балдыздық базынамды көтерер ме екен деп жасап жүрген қыры екен ғой, – деп жеңілген боп кеңк-кеңк күлді (Ә.Кекілбайұлы «Елең-алаң»).

БОЗ ҚЫЛШЫҚ ДАЛА. *Шөбі аз, бос дала.* Ауық-ауық қолын қабағына апарып, ілгері жаққа көз тастайды. Сол баяғы боз қылшық дала (Ә. Кекілбайұлы «Үркер»).

БОСБЕЛБЕУ ҚАЗАҚ. *Ебі жоқ, болбыр қазақ.* Ендеше шүршіттің жолындағы таптырмайтын тосқауыл шақар жоңғарды өзіндей жұртқа есесін жіберіп отырған қайдағы бір босбелбеу қазаққа бола неге маңдайынан шертсін! (Ә.Кекілбайұлы «Үркер»).

БУСАҢ СЕЗІМ. *Адам бойын жіпсітетін құмарлық.* Тұла бойын түгел еріте жөнелген бусаң сезім кілт кідірді, жүрегiнiң басы бүлк ете қалғандай болды (Ә.Кекілбайұлы «Аңыздың ақыры»).

ДАУЫС ЖЕТІМ ЖЕР. *Адамның даусы естілетіндей қашықтық.* Ордаға дауыс жетім жер қалғанда тізіліп тұрған жалаңдаған жас жігіттер қонақтардың жүгенін қолдарынан қағып ап, аттарды ауылға шаңы жетпейтіндей оқшау жердегі кермелерге жетелей жөнеледі (Ә.Кекілбайұлы «Үркер»).

ДӘЛДҮРІШ ӘҢГІМЕ. *Маңызы жоқ, бос сөз.* Олар араласпаған іс жартыкеш, олар қатыспаған мәжіліс бос дәлдүріш әңгіме (Ә.Кекілбайұлы «Елең-алаң»).

ЕЛПІ-СЕЛПІ ТІРШІЛІК. *Болбыраған былқ-сылқ еткен баяу өмір.* Әйтеуір бір сүлде сүйреткен елпі-селпі тіршілік. Баяғы еңсе біржола жығылғандай. Баяғы айбын біржола тарқағандай (Ә.Кекілбайұлы «Үркер»).

ЕМЕКСІ КҮЛКІ. *Миығынан жымыган, кекесін күлкі.* Қайқы мұрттың бір қиығына пәлен күннен бері ілініп алған емексі күлкі жым-жылас жоғалғаны (Ә.Кекілбайұлы «Үркер»).

ЖАЛАҢ ИІН ҚАЗАҚ. *Барынан айрылған, жалаңаш қалған жұпыны, қарабайыр қазақ.* Өз жерін жауға алдырып жаурап келе жатқан жалаң иін қазақтарға жып-жылы баспанасын оп-оңай бере салып башқұрттардың бастарына ат тепті ғой деп пе едіңдер? (Ә.Кекілбайұлы «Үркер»).

ЖАЛБЫР ҚАБАҚ. *Әжімделген түксиген қалың қабақ.* Нарттай қызыл Шима батыр мынандай қысылтаяң жағдайда қызыл тілге дес беріп отырған үш серігіне жақтырмағандай жалбыр қабағының астынан сазара бір қарап қойды (Ә.Кекілбайұлы «Үркер»).

НОҚТА ТОЙ. *Жылқы төліне арнап жасаған той.* Ноқта тойы хабарының ісі шығысымен ентелеп ертелетіп жеткендердің бірі Сырлыбай еді, нарттай жүзі албырай қызарып алдымен сөйлеген де сол болды (Ә.Кекілбайұлы «Елең-алаң»).

НОҚТАСЫН БҰЗБАЙ АЛҒАН БӘЙБІШЕСІ. *Қыздай алған әйелі.* Сол екі ортада Арғын жігіттері жоңғарды шауып, Көшейдің қыздай, ноқтасын бұзбай алған бәйбішесін босатып әкеліпті (Ә.Кекілбайұлы «Үркер»).

ОЙРАН ОЙ. *Шашыраңқы, бүлікшіл ой.* Ояуында көңілін паршалап жан жүйесіне ұша сіңіп қалған ойран ой ұйықтаған соң да мазалады (Ә.Кекілбайұлы «Күй»).

ОРТАҚОЛ ҚЫЗМЕТКЕР. *Орта буын қызметкері.* Бәлкім патша сарайының төңірегінде жүрген Сыртқы істер коллегиясының ортақол қызметкері Алексей Ивановичтің көкірегінде кенет өз атын өзі ұмытуға айналған ноғай мырзасы Құтлық Мәмет Мамашев мырза қайта бас көтерген шығар! (Ә.Кекілбайұлы «Үркер»).

ОСПАДАР САУАЛДАР. *Жайсыз, өрескел сұрақтар.* Әлгі бір жан-жақтан дікендеп қоя берген көп оспадар сауалдар да табан астында жым болып, әлдеқайда жым-жылас жоғалып кеткендей (Ә.Кекілбайұлы «Аңыздың ақыры»).

САЙҚАЛ НӘПСІ. *Ырыққа бағынбайтын құлқын.* Жұрттың күні бойы көңілге алуға да қысылып-қымтырылып жүретін сайқал нәпсінің аяғындағы тұсаудың ағытылатын шағы (Ә.Кекілбайұлы «Аңыздың ақыры»).

САЙ-САЙ ӘЖІМ. *Маңдайына түскен қалың қатпар сызықтар.* Былайғылардың қасқа маңдайын қақ жарып айғыздап түсе-

тін сай-сай әжім ондайлардың көзінің маңайын ғана торлап алады (Ә.Кекілбайұлы «Үркер»).

САҚА ӘЙЕЛ. *Жасы келген, жасы ұлғайған, егде тартқан, кексе әйел.* Жазғанның бағына жақсы біреу жолығып, пұшпағы қанаса, мұндай шамырықпа өз-өзінен қалады. Қасиет пен қатындық бір қанаға симайды ғой», – деп пыш-пыштады сақа әйелдер (Ә.Кекілбайұлы «Елең-алаң»).

САСЫҚ ЛАҚАПТАР. *Дене түршіктіретін жағымсыз, жайсыз алыпқашпа өсектер.* Бірақ, көп ұзамай көзі жетті: жақсы атак, абырой, даңқ жүрген жерде ауыл сыртындағы тасасы мол ұры сай жақтан жел солай аунағанда мұңкіп қоя беретін күңірсек иістей бір қолқанды қабар сасық лақаптар да ілесе жүреді екен (Ә.Кекілбайұлы «Үркер»).

САЯСИ КӨЛГІРЛІК. *Жағдайды біліп тұрып білмегенсу, мүл-ләйімушілік.* Сондай саяси көлгірліктен екі жақ та бір-бір елшінің қанын арқалап, бірінің алдында бірі беттеріне шіркеу түсіріп алды (Ә.Кекілбайұлы «Үркер»).

СЕКІРМЕ САЯСАТ. *Уәдесінен секіретін шаң қаптырмайтын айла-тәсіл.* Бұрынғы іргелес хандықтарды бір-біріне айдап салатын әдіске олардан бір қабат әрірек жатқан елдердің ауызын алатын әдіс қосылды. Мұндай «секірме саясат» орыс дипломатиясында бұрын да бар дәстүр еді (Ә.Кекілбайұлы «Үркер»).

СИРАТ КӨПІР. *Қыл көпір.* Осы бір сират көпірдің үстінде тұрғандай қалталақ күйден қашан құтылар екен? (Ә.Кекілбайұлы «Елең-алаң»).

СОЙЫЛ ДОС. *Бала кезден бірге өскен дос.* Сүйтіп, бір кезде олжа жолында бірге тақымдасқан сойыл дос бүгінде билік төрінде бірге отырар қамшы досқа айналған-ды (Ә. Кекілбайұлы «Үркер»).

СОҚЫР СОҚПАҚ. *Бағыт берер көмескі жіңішке жол.* Алдынан даңғыл жол шықпағанмен, адымын аттатпай діңкесін құртып келе жатқан айнала тығырықтан иек асырар бір соқыр соқпақ сес бергендей (Ә.Кекілбайұлы «Үркер»).

СОҚЫР ЫЗА. *Көзсіз кектену.* Мынау ұлы сүргін айқай топалаңда дуылдап шекеңе шапшыған ыстық қаннан, көз алдыңды тұтаса көміп алған соқыр ызадан, қылыштың сыңғыры,

үзеңгінің сартылы, кірш-кірш кірген көк сүңгі үні күшейген сайын еліре, лепіре түскен әлдебір әзәзіл желіктен басқа не бар? (Ә.Кекілбайұлы «Үркер»).

СУЫҚ КӨЗҚАРАС. *Безбүйректік, қатыгездік, жаны ашымау.* Алайда әкесінің өзге балаларының қақ жауырындарына шаншудай қадалатын суық көзқарасы Жаппарға дегенде тайқып кетеді. Әкесінің өзіне неге көңілі бітіп жүргенін Жаппар да білмейді (Ә.Кекілбайұлы «Аңыздың ақыры»).

СУЫРТПАҚ ӘЖІМДЕР. *Жіңішке, жұқа әжімдер.* Қайыптың да жылтыңдаған кішкене көзі шимай-шимай суыртпақ әжімдердің арасынан торында жатқан қара құрттай боп бағжия қарайды (Ә.Кекілбайұлы «Үркер»).

СҮРЛЕУ КӨҢІЛ. *Көмескі көңіл, еңсесі езіліп, ұнжырғасы түскен күй.* Ақ тақырдың үстіндегі жалғыз сабақ ақ жіптей еміс-еміс қылаңытқан сол сүрлеу көңілдің көптен қапырық уайыммен удай ащы өкініш, ыза жайлап алған қапас күркесіне майға батырып құмалақ шаншып жалғыз тал жалпылдақ шырақ жаққандай, көкірегінде бір ұры сәуле жылт-жылт етеді (Ә.Кекілбайұлы «Үркер»).

СЫЗ ҚАБАҚ. *Қатулы қабақ.* Тіп-тіке қарайтын дөңгелек жүз, сыз қабақ, ақ сұр кісінің бет-алды тұнған сабыр (Ә. Кекілбайұлы «Үркер»).

СЫЛҚЫМ БҰЛАҚ. *Шоршып аққан сыңғырлаған даусы бар бұлақ.* Талай-талай тәж кигендердің тағдыры да осы бір пейіштей рақат маужыраған оңаша алаң қайда *сылқ-сылқ күлген сылқым бұлақ* басында шешілген-ді (Ә.Кекілбайұлы «Аңыздың ақыры»).

СЫПТЫҒЫР АДАМ. *Тығыншықтай, жұмыр адам.* Аңтарылысқан бейтаныс топтың алдынан шыққан өңшең бір сары ала иық сыптығыр адамдар құрақ ұшып жол бастай жөнелді (Ә.Кекілбайұлы «Елең-алаң»).

СІМСІК КҮДІК. *Ұятсыз, арам күдік.* Хан өзін жылы төсектен түрткілеп оятып алған осы бір сімсік күдікке өлердей ыза болып тұр (Ә.Кекілбайұлы «Елең-алаң»).

СІМСІК ОЙ. *Арам, ұятсыз ой.* Бопай мынау сімсік ойынан тез тыйылып, мақтаға шылап ерініне су апарды (Ә.Кекілбайұлы «Елең-алаң»).

СІРКЕ ЖАУЫН. *Үздіксіз жаңбыр.* Күздің жібіскілеп жерге жетіп болмайтын *сірке жауыны* түндік тысырлатады (Ә.Кекілбайұлы «Күй»).

ТАТАУСЫЗ КӨҢІЛ. *Татауы жоқ, таза пәк көңіл.* Жас сұлтанның лыпыған жүрдек жорғадай татаусыз көңілі тағы да кібіртіктейді. Бірақ, көп ұзамай көзіне қайтадан жылт ойнады (Ө.Кекілбайұлы «Үркер»).

ТЕНТІРЕК ОЙ. *Бұзық ой.* Бірақ сол-ақ екен, Ұлы Әміршінің ойына келген шаруаны мансұқтау пенде біткенге кешірілмейтін күпіршілік екені есіне түсіп, тізгін үзіп бара жатқан *тентірек ойын* тежеп ала қояды (Ө.Кекілбайұлы «Аңыздың ақыры»).

ТӨТЕН ОЙ. *Аяқасты келген ой.* Мынандай төтен ой оның сынған сағын қайта бүтіндеді. Қайтадан қайратына мінді (Ө.Кекілбайұлы «Үркер»).

ТҮЯҚБАСТЫ ЖЕР. *Жалғызаяқ жол.* Тұяқбасты қара жерге тақылдатып тас төсеп тастайды дегенді осыннан көріп келеді. (Ө.Кекілбайұлы «Елең-алаң»).

ТҮРТІНШЕК ОЙЛАР. *Бірдемені білуге талпынатын, әр нәрсені бір түрткілей беретін ойлар.* Ал әміршінің көңілінде енді түлеп жатқан *түртіншек ойлар* қайта-қайта арнасынан адасып, әр саққа бір жүгіріп кетеді. (Ө.Кекілбайұлы «Аңыздың ақыры»).

ТҮС ҚЫҢА. *Түс ауа.* Түс қына иіндері жарқыраған сары ала топ майханадан шықты (Ө.Кекілбайұлы «Елең-алаң»).

ТЫМЫРСЫҚ АШУ. *Ішке бүгілген, біртоға реніш.* Кенет осы мен кімге өкпелеп отырмын деген ой оралды да, енді-енді сетіней бастаған *тымырсық ашу* қайтадан сіресе қалды (Ө.Кекілбайұлы «Аңыздың ақыры»).

ТІЗДЕУЛІ ТҮЙЕЛЕР. *Шөгін жатқан түйені тұрып кетпеу үшін алдыңғы аяғының біреуін не екеуін тізесінен астына қарай бүктіріп байланған түйелер.* Тіздеулі түйелер тұрғызылып, алысқа айдалмай, ауыл маңына тұсап жіберілісті (Ө.Кекілбайұлы «Елең-алаң»).

ТІНТКІ НАЗАР. *Жан-жағын аңдып отырған көздер.* Телміре қарап тұрған бұның тінткі назарын шалып қалғандай кіжіне тістеніп, шықшытын ойнатқан (Ө.Кекілбайұлы «Елең-алаң»).

ТІРІ КӨЛЕҢКЕ. *Бар-жоғы белгісіз, ісімен не сөзімен көзге түспейтін елеусіз біреу.* Өз Тәукенің өлгенін біліп отырып, таққа әкеге тартпай, көзкүйік боп туған нәжегей Болат келгенін, оның, міне, әкесі өлгелі он екі жыл өтсе де, не жақсы, не жаман аты шықпай тірі көлеңке боп отырғанын жоңғар қайтып көрмей, қай-

тып білмей отырғанына бұл қатты қайран қалып жүр (Ә.Кекілбайұлы «Үркер»).

ТІСКЕ ІЛІНЕР ШӨП. *Жердегі жылтың еткен көк, шөптің тұқылы.* Темірдей тәртіп жоқ жерде көп жұрттың да, тіске ілінер шөп көрінсе, қуалай жүгірген құзғын құрсақ мал да бір екен (Ә.Кекілбайұлы «Үркер»).

УДАЙ АҚЫРҒАН АЩЫ АЙРАН. *Барынша ащыған, сор дәмі бар айран.* Аюкені жұрт «патшаға еріп, ойды орып, қырды қырып жүріп талай пәлеге үйреніпті, удай ақырған ащы айранға орыстан да әрменірек бір жұрттың жараған бураның ақ көбігіндей бұрқыраған тентек суын қосып ішпесе, сусыны қанбайды екен (Ә.Кекілбайұлы «Үркер»).

УЫЗ БОЙЖЕТКЕН. *Жас қыз.* Аттандырып салған көп жастың арасында жеңгесінің иығына басын салып күле қарап тұрған уыз бойжеткенді көрген (Ә.Кекілбайұлы «Елең-алаң»).

УЫЗ ЕТ. *Жаңа піскен жұмсақ ет.* Тал түсте піскен уыз ет өз-өзінен тәбет оятты (Ә.Кекілбайұлы «Бәсеке»).

ҰЙҚЫАШАР БЫЛДЫРАҚ. *Түсініксіз әңгіме.* Тобыл базарында шалқақтап жүріп қалған, кұнара келіп тұратын қауға сақал жатжерлік мейман мен оның қасындағы тілі енді шығып келе жатқан баладай шүлдірлеп бағатын көккөз *тілмайштың ұйқыашар былдырағына* әбден құлақтары үйреніп қалған хан ордасы кешегі бір күндерін ойлап өңіректтейтінді шығарышты (Ә.Кекілбайұлы «Үркер»).

ҰЙТҚЫМА ӘҢГІМЕ. *Нақты емес, болжал әңгіме.* «Апырмай, сонда, ең болмаса, башқұртқа әлі жетпегені ме?.. Әлде бұл көлденеңнің ұйтқыма әңгімесі ме... Әлгі Ор бойындағы шаһардың хәлі мүшкіл деді-ау (Ә.Кекілбайұлы «Елең-алаң»).

ҰЙЫСҚАН ҚАЛЫҢ ЕЛ. *Бірлігі жарасқан, тату ел.* Қазақ даласында бұрын-сонды болғандардың жазбалары да қымқиғаш. ...Біреуі жылқының жабағы жүніндей ұйысқан қалың ел десе, екіншісі көсенің сақалындай селдір дейді (Ә.Кекілбайұлы «Үркер»).

ҰРЫМТАЛ ОЙ. *Астыртын ой.* Әлгі бір көзбен көріп, қолмен ұстатқандай, *ұрымтал ойды*, жаңылып қалармын дегендей, іштей қайта-қайта ойлап, әбден жаттап отыр (Ә.Кекілбайұлы «Аңыздың ақыры»).

ҮГІЛМЕ КӨҢІЛ. *Тез босайтын, ренжігіш көңіл.* Кенже ұлы Дәулет анадан келбетті, тұлғалы болғанмен, *үгілме көңіл* үлпілдектеу туды (Ә.Кекілбайұлы «Күй»).

ҮРКЕК ОЙ. *Күдікті, сенімсіз, тұрақсыз ой.* Үркек ой арғыға барғысы келмей, қанша тайсақтағанмен, айнала анталай шыққан көп күдік, көп сауал, жан-жақтан жабылып, қамшының астына алды (Ә.Кекілбайұлы «Аңыздың ақыры»).

ҮШ БАУЫР ЕЛ. *Үш жүз.* Осынау іргесі ажырамас үш бауыр таудың ту сырттарында үш бауыр ел жатар-ды (Ә.Кекілбайұлы «Үркек»).

ШАҚАР ШІЛДЕ. *Қайтпайтын, өзгермейтін бірбет болған шілде.* Жазықта миыңды шағып тұрған шақар шілде тау қойнауына кірген соң, қайратынан айырылып қалыпты (Ә.Кекілбайұлы «Аңыздың ақыры»).

ШОЙЫН ЕЗУ. *Ерекше байқалатын зор үлкен езу.* Осы бір шойын езу, сыз қабақ сұрша жігіттің ең болмаса езуін жиырар күні болар ма екен деуші едіңдер ғой! (Ә.Кекілбайұлы «Үркек»).

ШҮРЕК ТАМАҚ. *Томпизан бауырсақтай жуан тамақ.* Манадан бері сөзге араласпай отырған қарт күрең шүрек тамағын кенеді (Ә.Кекілбайұлы «Елең-алан»).

ІБІЛІС ҰЯЛАҒАН ЖЕР. *Адамды пәлеге жолықтыратын жын-шайтаны бар жер.* Төлебайға да ауылыңның маңында аруағымды құрыстырып тастайтын ібіліс ұялаған жер бар-ау деймін, кіріп келгенінде-ақ екі жауырыным билеп қоя берді деп, теріс қарап кеткен екен, дегенмен мына азапқа түсіп жатқан бейшараны аяған шығар, келіпті ғой (Ә.Кекілбайұлы «Үркек»).

ІРИ-ТІРИ ТІРШІЛІК. *Ырың-жырың, ұрыс-керісі көп, берекесіз өмір.* Сол өшпенділіктің арқасында ғана олар өзара ынтымақтаса алады. Әйтпесе бірінің жылқысын бірі қуып, ескі іри-тіри тіршілікке қайта көше салулары да ықтимал-ды. Қандары қарайып, өлердей жек көретін қытай тұтқындарының қасына қазақтарды қосып қойып, қосақтап айдауларында да мән бар (Ә.Кекілбайұлы «Үркек»).

Қорыта келгенде, фразеография – тілдегі тұрақты тіркестердің, тұрақталуға бейімделе бастаған бейнелі тіркестерді және автор қолданысындағы окказионал тіркестерді жинайтын фразалар қоры. Фразалар қоры фразологиялық сөздік корпусын жаңа-

лауға, лексикаланған кейбір тұрақты тіркестерді анықтауға, атау сөзге ауысқан, термин сөзге ауысқан тұрақты тіркестердің сөздік қорда тиісілі ұясына уақытылы көшіруге, авторлық окказионал тіркестерді көпшілік қолданысқа енгізуге, сол арқылы сөздік қорды байытуға, тілдік қатысымның көркемдігін арттыруға, тіл тұтынушының сөз байлығын жетілдіруге ықпалы зор. Сондықтан ақын-жазушылардың метафоралары, теңеулері мен эпитеттерін ұсынып отырмыз. Болашақта фразеологиялық сөздікке енеді деп ойлаймыз.

Қазақ фразеографиясын толықтыратын бейнелі тіркестер:

АБЫРОЙЫНА ТАБАҚТАС ТАБЫЛУ. *Абыройына ортақтасу, бәсекелес болу.* Ендеше сол әр ыңғай көптің ең болмаса бір парасының басын қосып, әлгі ниетін орындап шықса, қазақ алдындағы абыройыма табақтас табылды деп қынжылмай-ақ қояр еді (Ә.Кекілбайұлы «Үркер»).

АЖАЛДЫҢ ЗІЛ ТАҚЫМЫ. *Қорқыныш, үрей.* Көкірегіне, міне, түскен қара жүзді *ажалдың зіл тақымын* кейін серпіп тастағандай Дала екен дейді (Ә.Кекілбайұлы «Бір шоқ жиде»).

АЗАНЫҢ САЗЫ. *Жоқтаған сияқты мұңды әуен.* Құлағыңа бұрын-соңды келе қоймаған таңсық үн болса да, ет жүрегінді елжіретіп, өн бойыңды алып барады. Көзіңнің маңы жыбырлап қоя бергендей мынау, апырау, азаның сазы ғой (Ә.Кекілбайұлы «Үркер»).

АЙДЫН ТҮТУ. *Құрметтеу.* Мұндағы жұрт Жәнібекті әрі айдын тұтып, әрі аяйды екен (Ә.Кекілбайұлы «Елең-алаң»).

АҚ АЛМАСТЫҢ ЖҮЗІМЕН СӨЙЛЕСУ. *Қарумен қорқыта сөйлесу.* Петр патшаның батыстағы көршілерімен ақ алмастың жүзімен сөйлесе, шығыстағы көршілерінің жүрегіне жол табар қайдағы бір «кілт» іздеп баққаны рас еді (Ә.Кекілбайұлы «Елең-алаң»).

АЛАҚАНЫНА ТҮКІРІП КЕЛУ. *Жапнай қырып-жоятындай деммен келу.* Аякөз бойына жеткенде, алақандарына түкіріп келген қазақтар жоңғарға дүрсе қоя беріп, ертеден қара кешке шайқас салды (Ә.Кекілбайұлы «Үркер»).

АЛТЫН БАУЛЫ ҚАЗЫҚ. *Күн.* Алтын баулы қазығының сар жібек бұйдасын шұбалта созып желіп жеткен Сарыатанның ыс-

тық қоламтадай пәрменді бауыры Бірақ, салқар аспанның шаршы төріндегі алтын баулы қазығының сар жібек бұйдасын шұбалта созып желіп жеткен Сарыатанның ыстық қоламтадай пәрменді бауыры нені шыдатпақ (Ә.Кекілбайұлы «Елең-алаң»).

АРАҒА СӨЗ ЖҮГІРТУ. *Араздастыру.* Сен, шырағым, қарғадай болып ағайынның арасына *сөз жүгіртпе* (Ә.Кекілбайұлы «Бір шөкім бұлт»).

АСЫҚ ЖІЛІКТІҢ ТАБАҒЫНДА КҮНІ ӨТУ. *Күні босағада өту.* Қай заманда да қалың жиынның шаршы төрі бұйырмай, босағада асық жіліктің табағында күндері өтіп бара жатқан Өсеке балалары іштегі қыжылдарын түздің төрт аяқты тағыларынан қайтаратын (Ә.Кекілбайұлы «Үркер»).

АТ ҚҰРҒАТПАЙ КЕЛУ. *Жиі келіп тұру.* Басың ауырып, балтырың сыздаса ақылдасатын құдаң, сырласатын құдағиың бар, жаңғызсырасаң – ат құрғатпай келіп тұратын бес бірдей құда балаң бар (Ә.Кекілбайұлы «Құс қанаты»).

АТА ШАҢЫРАҚ – ТҮРКІСТАН. Өуелден еншісі бөлінбеген ен қазақтың ене қазаны Сайрам болған да, аяқтарының ұшынан басып, айбынып кірер ата шаңырағы Түркістан-тұғын (Ә.Кекілбайұлы «Үркер»).

АУАНЫҢ НІЛІ КӨБЕЙЮ. *Бұлттану, тұмандану.* Ауаның нілі көбейіп, көкжиекке қаспақтанып мұнар тұнады (Ә.Кекілбайұлы «Елең-алаң»).

АУЗЫ ӘР ҰДАЙ. *Бірлігі жоқ, сан-саққа тартатын.* Оның соңындағылар қанша ержүрек болғанмен аз еді. Қазақтың қалған ну қалыңының аузы әр ұдай. Түтіндері әр жаққа шалқиды (Ә.Кекілбайұлы «Үркер»).

АУЗЫН ТЕРІС АЙНАЛДЫРЫП ҚОЮ. *Алған беттен тайдырып, ойын өзгерту.* Ол немелер ертең қарақалпақтың да аузын теріс айналдырып қойса, істің арты насыра шабады емес пе?! Ол үшін не істеу керек? (Ә.Кекілбайұлы «Үркер»).

АУЗЫНЫҢ ҚҰЛПЫ МЫҚТЫ. *Сырға берік.* Кім көрінгенге жарқ ете бермейтін. Екі етек боп кіріп барғанда басын ашып бірдеңе айтса жақсы, айтпаса тауы шағылып қалады-ау. Бірақ не естисе де, ішіне бұқтыратын аузының құлпы мықты кісі (Ә.Кекілбайұлы «Үркер»).

АУЫЗ ЛӘМІ. *Айтқан ойы, сөз қисыны.* Көбі шарпысқан екі жақтың ауыз ләмін өз көздерімен көріп, өз құлақтарымен естиін деп әдейі аңыс аңдып келгендей (Ә.Кекілбайұлы «Үркер»).

АУЫЛ ІРГЕСІНЕ ШИ ЖҮГІРТУ. *Ауылды араздастыру.* Сарысудың ен алқабын жылқы мен қойға толтырып, Бөген, Бадам, Арыс, Қошқар ата, Шаян бойында ақ жұмыртқа үйді тізіп тастап отырған қазақ ауылдарының іргесіне ши жүгірткенді күшейтті (Ә.Кекілбайұлы «Үркер»).

АУЫЛДЫҢ ҚЫДЫРМАЛАРЫ. ... *Орынды-орынсыз қыдыра беретін қыдырымпаздар.* Басқа ауылдан ат ізін салатын жолаушыларды былай қойғанда, жоқ қарап, ағайын аралап тыным таппайтын осы ауылдың қыдырмаларының да аяғына жем түсе қапты (Ә.Кекілбайұлы «Үркер»).

АЩЫ ІҢГӘ ШЫҒУ. *Баланың шыр етіп туылуы.* Оң жаққа бақан құрып ап, безілдеп жатқан келіншек, үсті-бастары сүп-сүр боп бір топ еркек сау етіп кіріп келгенде, жүрегі ұшып кетіп, бақырып жіберді. Сол-ақ екен, шырылдап ащы іңгә шықты (Ә.Кекілбайұлы «Үркер»).

ӘҢГІМЕНІҢ ЗӘРІ ҚАДАЛУ. *Айтылған сөздің ащы уы, зілі кімге бағытталғанын білдіру мағынасында.* Әңгіменің зәрі кімге қадалып отырғанын бірден аңғарса да, Әбілқайыр үндеген жоқ. «Кәні, тағы не айтатындарың бар?» – дегендей төңірегіне қарады (Ә.Кекілбайұлы «Үркер»).

ӘҢГІМЕНІҢ ТІЗГІНІНЕН АЙРЫЛМАУ. *Сөзден құлақ алдырмай, мұқият тыңдау.* Әбілқайыр онысын байқамағанып, қажыңқы қоңыр даусын одан әрі соза түсті. Аузындағы әңгіменің тізгінінен айрылмай, ішінен Қайыптың да жәйін ойлай отырды (Ә.Кекілбайұлы «Үркер»).

БІР ТІЗГІН, БІР НОҚТАДАН ҚАШУ. *Бір билік, бір хандықтың басқаруынан қашу. Мұнда хан билігінен қашу.* Бір тізгін, бір ноқтадан қашып, бет-бетіне кісімсіп жүрген кергіме халықтың алдында кекірейіп сөйлеп жындарын келтірді (Ә.Кекілбайұлы «Үркер»).

ДАСТАРҚАНЫ БІРГЕ ЖАЙЫЛЫП, ҚАМШЫСЫ ҚАТАР ЖАТУ. *Ауызбіршілігі болу, елдің тұтастықта, бірлікте, тату болуы.* Бұрын үш жүздің дастарқаны бірге жайылып, қам-

шысы қатар жатар мұндай жиындар Сайрам шаһарының көк желкесіндегі Мәртөбеде өтуші еді (Ә.Кекілбайұлы «Үркер»).

ЖАЛЫН ЖАСЫРЫП, ЖАБЫ КӨРІНУ. *Айласын жасырып, қарапайым көріну.* Білек қосысып, бірге қайрат қылысатын мынау тұста Әбілқайыр аға тұқым Жәдік әулетінің ортан қолдай өкілі Қайыптың алдында жалын жасырып, жабы көрінуге тырысып бақты (Ә.Кекілбайұлы «Үркер»).

ЖАМБАС ЖІЛККЕ ЖАРМАСУ. *Мұнда: елді жаулап алып билігін құру, үстемдік ету.* Заман аңғары тарылып, жандары қысыла бастағанда қазаққа біткен қыл жалаудың бәрі күні кеше төрге ұмтылып, жамбас жілікке жармаспай, төмен отырып сарқыт жеп, сирақ мүжитін салпы етек ауылдардың найзаұстарларына бұйырып жатқан жоқ па! (Ә.Кекілбайұлы «Үркер»).

ЖАТ ОЖАУҒА ТЕЛМІРУ. *Біреудің қолына қарару.* Балаларға да Қызылтамның елден ала бөтен суығында жалаң аяқ, жалаңбас жұрттың суын тасып, күлін шығарып, *жат ожауға телміріп* оқу оқығаннан гөрі ата-анасының онсыз да өнімсіз еңбегіне есептелетін бірер уыс арпа-бидайды балаңды оқытып жатырмын дегізіп біреуге жырмалатпай өз ошағында бөліп ішіп, қораның шылпығын құрғатса да, бірер айыр шөп тастаса да, кешке малдың алдынан шықса да қолынан келген қолғабысын жасап, шытшыт бұтын шырт-шырт жанған дүзгенінің қызыл табына тосып өз үйлерінде отырғандары қолайлырақ (Ә.Кекілбайұлы «Бір шөкім бұлт»).

ЖАТТЫҢ ҚОЛЫМЕН ОТ КӨСЕУ. *Бөтен біреу арқылы билеп-төстеу.* Сондай жаттың қолымен от көсеп, жаттың дәулетін жамбасқа басатын қарқаралы дәурен Россияның да басына туып тұрса, одан қайтып бас тартпақшымыз (Ә.Кекілбайұлы «Елең-алаң»).

ЖЕЛ ЖАҒЫНАН ШЫҒУ. *Сөзін сөйлеп, жақтау.* Ал Қазанға көз тіккен жау сол тұста ноғай ордасын билеп отырған Жүсіптің де жел жағынан шығар еді. Өйткені Қазанның билеушісі – Жүсіптің қызы Сүйінбикенің күйеуі-тұғын (Ә.Кекілбайұлы «Үркер»).

ЖЕМСАУЫ БҮЛКІЛДЕУ. *Дәмелену, үміттену.* Сұлтанның сонда бір кезде өзі қашып кеткен таққа қайтадан жемсауы бүлкілдей бастағаны ма? (Ә.Кекілбайұлы «Үркер»).

ЖЕР ТІСТЕТУ. *Өлтіру.* Бастан секіріп бара жатса, итір-қылжыңға салып жүрмей, ендігәрі беттен алмайтындай қылып, бел омыртқаларын үзіп біржолата жер тістетіп тасталық (Ө.Кекілбайұлы «Елең-алаң»).

ЖҰРНАҚ ҚАЛДЫРУ. *Өнеге қалдыру.* Тек оларға әлгі өзгеден естіген естіміштеріне «е, бәсе» деп қойғызатындай ғып, әр жер-жерге өз күдіретіңнен *жұрнақ қалдырып* отырсаң болғаны (Ө.Кекілбайұлы «Аңыздың ақыры»).

ЖҰТЫНЫП КИІНУ. *Тап-тұйнақтай, қылмыңдайтындай киіну.* Мынау бірінен-бірін өткізіп жұтынтып киіндіріп қойған әдемі жігіттер патшайымның балалары ма екен (Ө.Кекілбайұлы «Елең-алаң»).

ЖҮЗІН ТІНТУ. *Бастан аяқ мұқият қарау, бақылау.* Өз бетімен ештеңе шешпей, ылғи елдің аңысын аңдып әрекет қылатын әккі кісілердің әдеті осы. Аузыңды бағады. Көзіңе үніледі. Жүзіңді тінтеді (Ө.Кекілбайұлы «Үркер»).

ЖЫЛАН ҚАРАҒЫ ҮЗІЛЕРМЕН БОЛУ. *Нәр татпай аштан қалу.* Жетісудың көк майсасына аунап-кунап құйрығын теуіп, құтырып жүрген көп жылқысын қуып әкеп, жіліншігінің жылан қарағы үзілдермен болып отырған аш-арықтың ауызын қызылдап, қажаң-құжаңға қарық қылады ғой (Ө.Кекілбайұлы «Үркер»).

ЖІЛІК САНАСУ. *Есептесу, міндет қылу.* Сүйтіп «менен оның несі артық, несі кем» деп жілік санасып, бір пендеге мойын ұсынбай, ешкімге бұйдамызды ұстатпаймыз деп жүргенде бір бұйда ұстардың орынына он бұйда ұстар тауып алады (Ө.Кекілбайұлы «Үркер»).

КӨЗДЕРІН КІРЕУКЕ КӨМУ. *Шындықты көрмеу, біреудің ойына қосылу.* Хан қасында үнсіз жорытып келе жатқан игі жақсылардың көздерін бір түсініксіз кіреуке көміп алыпты (Ө.Кекілбайұлы «Үркер»).

КӨЗІНІҢ ЖЫЛТЫ ОЯНУ. *Қызығу, тамсану.* Бозбала сұлтан ажарлы қыз көргенде де тап бүйтіп қутындамас. Екі көзінің жылты оянып, екі бетінің ұшы албырап, нұрланып сала береді (Ө.Кекілбайұлы «Үркер»).

КӨКІРЕККЕ КҮЛ ТӨГУ. *Ренжіту, көңілін қалдыру.* – Ал енді ана балаң көкірегіңе күл төксе, ағайынға өкпелеме! – деп, жер тізерлеп орнынан көтерілді (Ә.Кекілбайұлы «Бәсеке»).

КӨМЕЙІНЕ КҮН ЕҢКЕЙТУ. *Мейірім ұялатып, жылылық беру.* Сондай мейірім, сондай ықыластың ыстық табына балқып, аршылмай, аласталмай тұрып, бұл жазылған күнде де не жаны жарым ділқұса, не көкірегіне бұлқынған жүрек орнына қағынды қара талақ жапсырып алған суық жартастай мелшиген қатыбас, не көмейіне күн еңкейтсең де, арғы ішіне иненің жасуындай сәуле жүгірмес тас керен меңіреу біреу боп шығады (Ә.Кекілбайұлы «Елең-алаң»).

КІНДІГІНЕН КӨБЕЮ. *Ұрпағынан тарау.* Әу баста үлкен ұлдың белінен жаратылуды құдай қимай, кіші ұлдың кіндігінен көбейіп, босаға бағып қалған бұл тұқым айлалы болғанда не бітірмек? (Ә.Кекілбайұлы «Үркер»).

КІНДІК МАТАСУ. *Үйлену.* Одан бері талай бағы озып, басына талай күн түскенде қазақ арасындағы ызғындай төренің талайымен көңіл тату болам деп талай рет кіндік матасқанмен, өзінің басын матаған емес (Ә.Кекілбайұлы «Елең-алаң»).

КІРПІГІН АЙҚАСТЫРА АЛМАУ. *Ұйықтай алмау.* Қақ ортадағы сары ала шатырдағы Әбілқайыр хан қанша аунақшыса да, кірпігін айқастыра алмай-ақ қойды (Ә.Кекілбайұлы «Үркер»).

ҚАБЫРҒАСЫН БҮТІНДЕУ. *Жағдайын, күйін жақсарту.* Елшіге айт, екі тай шүберегімен қабырғамды бүтіндейін деп отырған мен жоқ. Сол бір екі арбасы мына жалаңдаған жұрттың ындынын құртқан көздің құрты болды (Ә.Кекілбайұлы «Үркер»).

ҚАРА ҚЫЗМЕТ. *Тылда жұмыс істеу.* Бес мың еркек Рогервикке қара қызметке айдалды (Ә.Кекілбайұлы «Елең-алаң»).

ҚАРА ОРМАНЫ ТАЛАУҒА ТҮСУ. *Барша байлық, мал-мүлкі тәркілену.* Ел шетіне келген жауды көріп тұрып, біліп тұрып, естіп тұрып хабарламаса, екеуі де бүкіл әулетімен өлім құшып, қара орманы талауға түседі (Ә.Кекілбайұлы «Үркер»).

ҚОЛТИДІ БОЛУ. *Кірленіп айғыздалу.* Алдындағы ақ жайманың бүркеуін ашып еді, қолтиді болып, майлақыланып қалған жиде тастары ию-қию араласып кетті (Ә.Кекілбайұлы «Елең-алаң»).

ҚОЛЫНА БҮЙЕН БАЙЛАНУ. *Қолы байлану, қолы тимеу.* Хиуаны шауып алатын болса, баяғыдан бері қолына бүйен байла-нып қалып па, неғып отыр? (Ә.Кекілбайұлы «Үркер»).

ҚҰЛАҚТАС БОЛУ. *Жай-жапсарынан құлағдар, хабардар болу.* – Мынадан шапан тігіп киерсіз. Амандық болса, сыбағаңыз әлі алда. Тек осылай бізге де тілдес, құлақтас болғайсыз (Ә.Кекілбайұлы «Үркер»).

ҚҰМЫРСҚАНЫ ТІРІ ӨТКІЗБЕЙТІН. *Аса сақ, қырағы.* Бес жыл бойы жорғалаған құмырсқаны тірі өткізбей келе жатқан қатулы жоңғар сақшылары сол күні әдейі ұйықтап қалыпты-мыс (Ә.Кекілбайұлы «Үркер»).

ҚЫЗ-КЕЛІНШЕКТЕРДІҢ ИЫҒЫ ЖАҢАРУ. *Иықтарына жаңа орамал жабу.* Жиыннан кейін ауыл-ауылдағы қыз-келін-шектердің иығы жаңарар-ды. Талайдан бергі қырбайлар бір-бі-ріне құда түсіп татуласып қайтар-ды (Ә.Кекілбайұлы «Үркер»).

МИЗАМ ҚОНАҚТАУ. *Күз келу, қыркүйек айы болғанда.* Шұбыртпадай шұбатылған шұбар ала көш мизам қонақтап жылт-жылт еткен күзгі шөпті баса көктей жапырып, жаңа бір бағытқа бет алды (Ә.Кекілбайұлы «Үркер»).

МУӘЗІНІҢ АЩЫ АЙҚАЙЫ. *Азаншының даусы.* Қожах-мет Яссауи ғимаратының муәзінің ащы айқайы көл-көсір көсіліп жатқан қазақ даласының шалғай-шалғайында шашырап жүрген барша шаңырақтың бас көтерерлерін шартараптан өзіне шақы-рып алды (Ә.Кекілбайұлы «Үркер»).

МҰРТЫ ТЕБІНДЕМЕГЕН. *Бозбала.* Мұрты әлі дұрыстап тебіндей қоймағанмен Әбілқайыр соны бірден ұқты (Ә.Кекілба-йұлы «Үркер»).

НАЙЗАСЫ ҰЗЫН. *Қарулы, билігі басым.* Қызыл құмның бұта-бұтасының арасына кенедей толып кеткен Тама, Табын, Кердері, Керейт, Жағалбайлы, Рамадан, Тілеудің малын найзасы ұзын Әлім мен Бай ұлы талады (Ә.Кекілбайұлы «Үркер»).

НӘРЕМ ЕТУ. *Жүрек жалғау, қоректену.* Спыр құсап кебек жалап атым, ит құсап шылдыраған шәкір шайма бірдеңені нәрем етіп өзім көресіні әбден көрдім. Әйтеуір, етімнің тірілігінен эзер аллалап елге жеттім (Ә.Кекілбайұлы «Елең-алаң»).

ОРЫС БОЗДАҒЫ. *Орыс солдатты.* Ана жолы мыңға тарта орыс боздағы қайдағы бір қара мұрт, қара сақал бұралқының со-

ңынан шұбырып, Хиуаға барамыз деп, мынау нәлет атқыр жапан түздің әлдебір пұшпағында сүйектері жиылмастан жайрап қалды емес пе! (Ә.Кекілбайұлы «Үркер»).

ӨҢІ АУЫП КЕТТІ. *Түрі бұзылып кету.* Сүлейменнің мұны естігенде өңі ауып кетінті. (Ә.Кекілбайұлы «Аңыздың ақыры»).

ПАТШАНЫҢ ПӘРМЕНІ. *Патша бұйрығы.* Патшаханымға арыз айтып келгендерден пара алады екен деп айып тағылып, Петр патшаның пәрменімен жауапқа тартылды (Ә.Кекілбайұлы «Елең-алаң»).

САХАРАНЫҢ ТАНДЫР ЕМШЕГІ. *Аңызға даланың нағыз сусыз құрғақ жері. Мұнда тауықтың жұтқыншағы кеуіп шөлдегендей, ақтандыр биенің сүтсіз қалған емшегіндей құрғақ болуы бейнелігі мағынасында.* Тауық кенезесі кеуіп қалған сахараның тандыр емшегіне нәр жүгіртіп кеткендей еді (Ә.Кекілбайұлы «Үркер»).

СӨЗ БҰЛАҒЫ ЛАҚЫЛДАУ. *Мүдірмей сөйлеу.* Жауырынының ортасына түсіп кеткен жалбыр шашын бір желпіп қалса, көмейіндегі сөз бұлағы онан сайын лақылдап жөнелетіндей тақылдайды-ай кеп (Ә.Кекілбайұлы «Құс қанаты»).

СӨЗІ САТУЛЫ. *Аз сөйлейтін, сөзшең емес.* Әлгі шалға қарасаң, ең бір сөзі сатулы сабырлы халық осылар ма деп қаласың (Ә.Кекілбайұлы «Елең-алаң»).

СУ АЯҚ. *Суайт.* Әуре-сарсаңға салып жүрген су аяқ неме, кім біліпті, артындағы екі арба толы дүние-мүлікті былай қойғанда, қасындағы солдаттары мен башқұрттарын әлгі Хиуаға апарып сатып жіберсе, не істей аласың? (Ә.Кекілбайұлы «Үркер»).

СҮЙЫҚ КҮЛУ. *Ақырын жымию.* Манадан бері сараң сөйлеп, сұйық күліп, қалыс отырған Әбілқайыр жұрттың жабыр-жұбырын басқысы келгендей күлімсіреп сәл үнсіз отырып барып тамағын кенеді (Ә.Кекілбайұлы «Елең-алаң»).

СҮЙЕК ІЛКТЕСУ. *Құдандалы болу.* Әлгіндей өрен жігіт өсірген іргелі елмен сүйек ілктеспек (Ә.Кекілбайұлы «Бәсеке»).

СЫЗ ЖАМБАС БОП ЖАТУ. *Бекерден-бекер қол қусырып босқа жату.* Сыз жамбас боп орда жата беруге жалыққан қазақтардың кей шебі орындарынан түрегеліп, арғы жаққа көз тастауды көбейтті (Ә.Кекілбайұлы «Үркер»).

ТАБАН НӘСІЛ. *Жергілікті жердің адамы, жатжұрттық емес.* Мен - бұл ауылдың табан нәсілінен емес, кірмемін. Зердебай зергер деген кісі болам (Ә.Кекілбайұлы «Үркер»).

ТАЖАЛ АУЫЗ. *Зеңбірек.* Қазақтардың зәресін алып жүрген үш-төрт зеңбірек соғыс басталмай жатып қолға түсті. Сөйтсе, жоңғарлар әлгі сары сақал сиқыршыларына жасатқан тажал ауыздарын негізінен қытаймен соғысып жатқан әскеріне береді екен де, батыс жақтағы әскеріне қазақтарды күндей күркіреп ауық-ауық зәресін алып қорқытып қою үшін азын-аулақ қана зеңбірек жетектетеді екен (Ә.Кекілбайұлы «Үркер»).

ТАМАҒЫН ІСІРУ. *Дәмету.* Дақпырт тарататын дарақы тек дабырайғанды көреді. Дабыралап іс қылмаған даңқтың жылы-жұмсағынан дәметіп, құр бекерге *тамағын ісірмесе* де болады (Ә.Кекілбайұлы «Аңыздың ақыры»).

ТАҢДАЙ СЫНАСУ. *Шешендігін байқасу.* Бұл жолғы жиынға ақ жұмыртқа ақ отаулар тігілген жоқ, бұлаңдаған бойжеткен, сылаңдаған керім келіншектер келген жоқ. Шешендер тақылдап таңдай сынасқан жоқ. Палуандар ортаға түсіп күрескен жоқ (Ә.Кекілбайұлы «Үркер»).

ТОҚ БАСЫТҚЫ. *Тамақтан соң ішілген қымыз.* Қолға су құйылып, тоқ басытқы қымыз ішілгесін де меймандар әңгіменің төтесіне көшпей, кібіртіктей берді (Ә.Кекілбайұлы «Елең-алаң»).

ТӨМПЕШ КӨРУ. *Қорлық көру, соққы жеу.* Аруағы аттың жалындағы отыз мың қазақ қолы орға бас сауғалаймын деп, өзінен он есе аз қалмақ қолынан төмпеш көруде (Ә.Кекілбайұлы «Үркер»).

ТӨСЕК ЖОРҒАСЫ. *Жүріс жасау.* Сырт қарасаң сып-сыпайы, пайғамбардың аузына жап-жаңа түскен періштедей Зейнелдің өзінің *төсек жорғасы* мықты деседі (Ә.Кекілбайұлы «Бәсеке»).

ТҮЗ ҚЫЛТЫҢЫ. *Түлкі.* Темір шеңгел көк тағысы тұз қылтыңын опыр-топыр жайратып тастамаушы ма еді (Ә.Кекілбайұлы «Елең-алаң»).

ТІРСЕГІН СУҒА КЕСТІРУ. *Ауыр еңбек ету.* Сары ала таңнан тұрып ап, тірсегінді суға кестіріп кетпен шапсаң, руың түгілі, қатыныңның атын ұмытып қаларсың (Ә.Кекілбайұлы «Үркер»).

ШАҢЫРАҚТАН «ІНГӘ» ШЫҚПАУ. *Бәпелі болмау, бала көрмеу.* Абдолланың төре қызы әйелі біразға дейін бала көтермей шаңырақтан «інгә» шықпады деп уайымдап жүргенде алған қарашы қызы әйелі оң жаққа келін боп түспей жатып қойдай қоздады (Ә.Кекілбайұлы «Үркер»).

ШЕҢГЕЛ САЛУ. *Қол салу, ауыз салу.* Сендер көш түзеп, жөнге шықсаңдар, мынау Темірден бастап тезекше төгіліп жатқан көп қалмаққа біз де шеңгелді салар ек (Ә.Кекілбайұлы «Үркер»).

ЫҚ ДӘМЕТУ. *Пана, қамқорлық қажет ету.* Кіммен одақ болам, кімнен ық дәметем десең өзің біл, біздің ештеңеге анық көзіміз жетіп тұрған жоқ, не де болса, етегіңнен ұстадық, ендігі обал-сауабымызды арқалайтын бір өзіңсің деуге келдік», – деді (Ә.Кекілбайұлы «Үркер»).

ІШІН АЛДЫРТПАУ. *Сырын ешкімге ашпау.* Жалпы лепіріп сөйлеп, леки күліп жүргенмен Можан сараң кемпірдің түйген шүберегіндей шамалыға *ішін алдырта қоймайтын* тымырсық кісі (Ә.Кекілбайұлы «Бәсеке»).

АЙ ТЫРТЫҚ. *Жырық ерін.* Бет-аузының бәрін қорасан қазып кеткен, онысы аз дегендей, бір жақ езуінің ай тыртығы бар бір құжбан қара жылқышысы бар екен (Ә.Кекілбайұлы «Үркер»).

МОЙНЫ АЛЫС ЖЕР – *бұрын-соңды көріп-білмеген жер.* Танымайтын, мойны алыс жерге келдік. Мынаның қасында Омбы да ауыл сияқты екен (С.Мұқанов Ботагөз).

ЖЕР ҚҰЙҚАСЫ – *жер беті.* Дәулетбайлар аламан әскерді жорық алдында тағы бір рет тәртіпке келтірмек болып жүріп кетті де, үлкендер сол орында тұрып қалды. Көп өтпей жер құйқасын топылта басып, екі-үш салтатты қосылды бұлардың тобына. (Қ.Жұмаділов Дарабоз).

ЖАПСАРЛАС ОТЫРУ – *көріші болу.* Торғай мен Ырғыз аралығында Кіші жүзбен *жапсарлас отыратын*, Әбілқайырдың қарындасын тоқалдыққа алып, кейінгі кезде қайнағасымен ым-жымы жарасып жақын жүретін Шақшақ Жәнібек те келер-келмесі екіталай болып, дәл кеңес басталар алдында, бір топ нөкерімен ырғалып-жырғалып зорға жетті (Қ.Жұмаділов Дарабоз).

ТАЯҚ СІЛТЕСУ – *жұдырықтасуып төбелесу.* Тар жерде таяқ сілтесіп, өріс-қоныс үшін ағайынмен ащы болғанша, жаумен жағаласып өлген мың артық емес пе?! (Қ.Жұмаділов Дарабоз).

АҒАЙЫНМЕН АЩЫ БОЛУ – ұрысып-керісу. Тар жерде таяқ сілтесіп, өріс-қоныс үшін ағайынмен ащы болғанша, жаумен жағаласып өлген мың артық емес пе?! (Қ.Жұмаділов Дарабоз).

ОМЫРАУ КӨРСЕТУ – мықтымсыну. Ата жауларыңды алысқа айдап тастамағанмен, осылайша омырау көрсетіп, тықыр таятып қоям дегендерін көңілге қонады. (Қ.Жұмаділов Дарабоз).

ҚЫРЫҚ СЕРКЕШТІҢ ТӨЛЕУІ – этн. Нағашы мен жиен арасындағы әзіл-қалжың, сыйластыққа негізделген туыстық қатынасқа байланысты гұрып. Балам өз бетімен ит жүгіртуге жарап қалды, жылайды деді. Бірақ мен тентектікке басып, қырық серкештің төлеуі деп зорлағандай қып алып кеттім (М.Мағауин. Тазының өлімі).

ҰЛПА ҚҰЙРЫҚ – тұлкі. Алайда бұлаңдаған нәрсе ұзап кетпейді. Одан шыққан жат, әрі сүйкімді иіс көңіліндегі құмарлық отын оятып, ата қанымен бойына біткен аңшылық сезімін қамшылайды да, күшік бұрынғыдан да асқан ызамен қууға кіріседі. Ақыры, ұлпа құйрық ауызға ілінеді (М.Мағауин. Тазының өлімі).

ЖАНДАСАТЫН ЖЕР – жауласатын, жекпе-жекке шығатын орын. Ат басын кері бұрғысы келгендер де болып еді. «Жанынан күссін де жандасатын жерін айтсын!» - депті хан (М.Мағауин. Аласапыран).

АТАМЕКЕННІҢ ТӨРТ ПҰШПАҒЫ – дүниенің төрт бұрышы. Соңғы сегіз жыл орайында калыптасқан көші-қон ретін өзгертер мүмкіндік жоқ. Жағдай солай. Жер қусырылды. Атамекеннің төрт пұшпағы бірдей кесілген... (М.Мағауин. Аласапыран).

ҚЫСЫР КЕҢЕС – шешімі жоқ, кесімді сөзі жоқ, пәтуасы жоқ кеңес. – Жоқ! – деді Тәуекел. – Жоқ! Қысыр кеңес қыр асырмайды. Қылышпен қидаласып, сүңгімен сайыса бергеннен тағы ештеңе өнбейді (М.Мағауин. Аласапыран).

ҚОЛАЙЫНА ЖАҒУ – ыңғайын табу, талғамына сәйкес келу. Иір мүйіз арқардың топатай құлжасын күлге лақтырып, қолайына жаққан қой асығының өзін сақа сайлаған салуалы қауымның оңтайын таппай оңған кім бар екен?! (М.Мағауин. Аласапыран).

ҚАРА БЕРЕН – батыр, ер. Кеше ғана қазақ жұртының оққағар қара берені болған Жалым сұлтанның ұлы Тұрсын бар. (М.Мағауин. Аласапыран).

ҚАРАБІН МЫЛТЫҚ – қарабин мылтық. Бәрінің мойынын-да бір-бір қарабин мылтық. Басқарып келе жатқан қоржынды Қара Бураның өзі (І.Есенберлин Көшпенділер).

ҚАНДЫ ҮКІМ – өлім жазасы. Абыройын сатып масқара болған азғын қарындасыма да өлім! Момын елді қан қақсатқан, хан Абылай, саған да өлім! – деді Қаныбек іштей, қанды үкім айтып (І.Есенберлин Көшпенділер).

ҚАН ТӨКПЕЙ ӨЛТІРУ. Ақ кигізге оран, екі жағынан бұрап тұншықтырып, не аяғы мен басын артына қайырып, бел омыртқасын сындырып өлтіру жазасы. Көне монғол ғұрпында бұл жеңіл өлім (І.Есенберлин Көшпенділер).

ӨЛСЕК ШӘЙІТПІЗ, ӨЛТІРСЕК БӘЙІТПІЗ. Соғысқа аттанарда айтылған нартәуекел сөзі. Өлсек шәйітпіз, өлтірсек бәйітпіз, – деді ол тағы да күшті дауыспен, – кәне, еріндер соңымнан! (І.Есенберлин Көшпенділер).

ТАБАНЫНЫҢ БҮРІ КЕТУ – тұрақсыз, айтқанында тұра алмайтын жалтақ, табансыз. Бұл не, қорқақтығы ма, әлде кәріліктің алды боп, табанының бүрі кете бастағаны ма? (І.Есенберлин Көшпенділер).

ҚОШҚАР ТҰМСЫҚ – мұрны қолағаштай. Қара торы, орта бойлы, қошқар тұмсық, түлкі мұрт шүңірек көз жігітпін. Жасым жиырманың жетеуіне шығып тұр (Ж.Аймауытов Ақбілек).

ТҮЛКІ МҰРТ – жіңішке мұртты. Қара торы, орта бойлы, қошқар

тұмсық, түлкі мұрт шүңірек көз жігітпін. Жасым жиырманың жетеуіне шығып тұр (Ж.Аймауытов Ақбілек).

БАУЫРСАҚ МҰРЫН – дөңгелек мұрын. Шешеміз жылқы жылы құрт

аурудан қайтыс болған соң, әкеміз бір кедейлеу адамның ақ құбаша, бауырсақ мұрын жаңа өспірім қызын беріп қойған жерінен он бес қараға бата бұзып алып еді, тоқал бұ күнде әкейдің мойнына мініп алды (Ж.Аймауытов Ақбілек).

ҚОЛТЫҒЫ КЕҢ – қамқор. Орыс сияқты жері мол, қолтығы кең жұрттың қол астына қарағанына қазақ тәубе қылу керек қой (Ж.Аймауытов Ақбілек).

АУЗЫ ҚОБЫЗ ГҮІЛДЕУ – бөсіп сөйлеу. Бір шарасын ішкен адам дәл хор қызын құшқандай боп, беті шиқан дуылдайды; аузы қобыз гүілдейді; мас болады, жас болады; жел жетпеске

мініп алып, Алтай тауын дүрсілдетіп, таудың тасын күтірлетіп, көкпар, жарыс, алыс-жұлыс асыр салып жатқаны (Ж.Аймауытов Ақбілек).

ҚЫЗЫЛ ЖАУ – қызыл әскер. Алдымызда қылышын сүйреткен қызыл шұнақ қыс. Айналамыздағы қала – қызыл жау (Ж.Аймауытов Ақбілек).

КӨЗІНІҢ ҚҰЙРЫҒЫ ТҮСУ – көз қиығымен қарау. Ақбілек олардың бетіне тура қарай алмады, кіріп келгенде ғана немесе түрткенде ғана көзінің құйрығы түсті (Ж.Аймауытов Ақбілек).

АҚТЫҢ БІЛЕУІТТЕРІ – ақ әскерлер. Мен болмасам да, осынау ез етін өзі жегелі жатқан ақтың білеуіттері елді тыныш қояр ма еді? (Ж.Аймауытов Ақбілек).

ТҮТІН АҢДЫМАҒАН – ел жағалап қайыршы болмаған. Тезекбай ел қыдырып, зекет, садақа жинаған, ет, қымыз іздеп түтін аңдыған кісі емес, ондай сұқым, сімтік шалдарды қайта шенеп жаратпай «Не бар екен? Жатсайшы!» – деп отыратын (Ж.Аймауытов Ақбілек).

ДІН ОРДАСЫ – *meuit*. Бір кезде дін ордасы болған мешіт қазір білім ордасы – мектеп (Б.Сокпақбаев Балалық шаққа саяхат).

ӨЛІМТІК ЖАСАТҚАН ЖЕР – жемтігі қалған жер. Қайткен күнде де өлімтік жасатқан жерге екі не үш күннен соң қайырылып соғады, басқа аң жеп кетсе амал жоқ деген (С.Жүнісов Ақан сері).

ШЫНЖЫРЛЫ АЗУ – қақпан. Жанталасып бұлқынып, қайраңға

шыққан балықша бүктегіліп аласұрған қасқырды шынжырлы азу жіберер емес (С.Жүнісов Ақан сері).

ҚАЙЫРЫМСЫЗ БОЛАТ – қақпан) Қысқан үстіне қысып, тартқан

сайын қайырымсыз болат тісін батыра түседі (С.Жүнісов Ақан сері).

ТҮЛКІ ТІЛ – байыппен түсіндіру. Сөз таластырып жататын күш қайда,

жай-жапсарымды майдалап, түлкі тілмен, ара-арасында дөрекілеу бөрі тілімен түсіндіріп бақтым (С.Жүнісов Ақан сері).

БӨРІ ТІЛ – шегелеп, бұйыра түсіндіру. Сөз таластырып жататын күш

қайда, жай-жапсарымды майдалап, түлкі тілмен, ара-арасында дөрекілеу бөрі тілімен түсіндіріп бақтым (С.Жүнісов Ақан сері).

МАЙЛЫ КӨЗ – көрсеқызар. «Шыныңды айтшы, неше қаншығың бар» нәпсіге жаратылған майлы көзі жылтындап, күншіл неме жұтынып-жұтынып қойды (С.Жүнісов Ақан сері).

КҮН КІРПІГІ – күннің сәулесі. Әлі де тас төбеге жақындамай орағыта жылжыған күн кірпігі ескі жұртқа көлбей қадалып, дымқыл бүйірін жылыта бастады (С.Жүнісов Ақан сері).

БІРКИЕР ТӘУІР – сәнді киім. Ақбөпе бұрынғы әдетімен бүгінде біркиер тәуірлерін киген (С.Жүнісов Ақан сері).

ТӨС ТАҚАСҚАН – Ол менің Сұлтан деген төс тақасқан, тағдыр қосқан кедей досымның қызы еді (С.Жүнісов Ақан сері).

ҮЛКЕНДІГІН САТУ – Әкеңдей адамға орнынан тұрып сәлем бермейсің бе, – деп өзімше үлкендігімді сатып, міндетсіп жатырмын (С.Жүнісов Ақан сері).

ОМЫРАУЛАП КІРУ. *Кедергіні елемей, күшке салып, батыл да өктем түрде ішке ену әрекетін бейнелейді.* Күзетшімен жағаласып, омыраулап кірді (Ж.Аймауытов).

ТҮРПІЛЕП САУАТЫН АШУ. *Көп еңбектеніп, қиындықпен, шыдамдылықпен, қатаң талап қойып, бірте-бірте оқуға үйретті.* Не қылғанмен ит малтуға салып жүріп, отыз шақты баланы тынбай оқытып, түрпілеп сауатын ашты (Ж.Аймауытов).

ҚОҢЫР АДАМ. *Қарапайым, момын, сабырлы адам.* Қысқасы, ол тірі пендеге зәбірі жоқ, «құдай» деген қоңыр адам.

БҰЛДЫР ОЙ. *Көмескі ой.* Бұрынғы бұлдыр ойларына мына шәкіртпен әңгімелескені, мына кітапшаны оқығаны, олардың шығарған түйіні бір қазық, бір тиянақ болды (Ж.Аймауытов).

ҚАРАҢҒЫ ОЙ. *Үмітсіздікке толы ой.* Қараңғы ойлар Қартқожаның басын кернеді (Ж.Аймауытов).

ОМЫРАУЛЫ ЖІГІТТЕР. *Қайратты, намысты әрі өр мінезді ер-азаматтар.* – Кінегені берсін! – деп топ ду етіп түрегелді. Жамыраған қойдай гуілдеді жұрт. Ақсақалдар да түрегелді. Оларды кимелеп.. қамшысын білеп, омыраулы жігіттер ақырысты (Ж.Аймауытов).

БӨСТЕКІ ЖҰМЫС. *Пайдасы жоқ, нәтижесіз, тек уақытты алатын, босқа істелген іс дегенді білдіреді.* Аттың құйрығын көтеріп көру де сондай бөстекі жұмыстың бірі ме, көптен ескермеген аты бас-аяғын түгендеп, амандығын білгенге разы болсын дегені ме, кім білсін? (Ж.Аймауытов).

САЛДАМАН ӨЛЕҢ. *Мән-мағынасы терең емес, жеңіл-желпі жазылған, айтар ойы үстірт, тек әуез үшін айтылған өлеңді білдіреді.* «Бар дейді Қараөткелде мейіз сатқан. Бар ма екен сол мейіздің дәмін татқан? Молдалар шарифатқа обал дейді Бір үйде бой жеткен қыз жалғыз жатқан, – деген сияқты шілдеханада айтатын салдаман өлеңдер мен әр әннің басын шатып, соғып отыр. Өлгіндей өлеңдері болмаса, әннің ырғағына да жетік емес, жолсыз жерде жүрген арбадай, текіректетіп, бір беткей, қылып соғып отыр». (Ж.Аймауытов).

СЫЗАЛЫ, ҚҰЙҚАЛЫ ЖЕР. *Табиғи тұрғыдан ылғалды да құнарлы, егін салуға, мал жаяуға қолайлы, тіршілікке жайлы мекенді бейнелейді.* Отырса, Ертіс бойындағы өзен, өлке, тау, бұлақ, сызалы, құйқалы жер сағалаған елдер отырар (Ж.Аймауытов).

ҚАЗАН БҰЗАР. *Тыныштықты бұзатын, шатақ мінезді кісі.* Әр ауылдың, әр үйдің бір қазан бұзары, бір биі болады ғой (Ж.Аймауытов).

КҮЛКІГЕ ШАПТЫРЫП ЖІБЕРУ. *Аяғын күлкіге айналдыру.* Аға, қойсаңызшы!» – деп, балалары жуып-шайып, аяғын күлкіге шаптырып жіберетін (Ж.Аймауытов).

ТЫРАПАЙ АСУ. *Қайтыс болу.* Дәуде болса, Әлімбайдың кемпірі тырапай асқан болар (Ж.Аймауытов).

АЙ СӘУЛЕСІН ҚҰШАҚТАУ. *Ай сәулесі судың бетіне түсіп, оны жылтыратқан сәті құшақтау бейнесі арқылы берілген.* Сұлу құшқан жігіттей ай сәулесін құшақтап, көл жымың-жымың етеді (Ж.Аймауытов).

ЖҰРТТЫҢ ҚАБАҒЫНАН ҚАН ЖАУУ. *Адамдардың жүзінде ашу мен реніштің, ызғардың қатты байқалғанын, көңілі жабырқаулы, жағдайы ауыр екенін білдіретін тіркес.* Әлде «Ақыр заман» болатындай, әлде күн біржола бағатындай, жұрттың қабағынан қан жауып, нөсер алдындағы күндей, ішін тартып, булығып тұрған мәнісі осы еді. Туғалы жүген-кұрық тимеген асаудай, асау азаматтың

мойнына патшаның шынжыр бұғалығы түсіп, асаудай алқынып, дір-дір етіп, ет жүрегі шошып, үрейленіп тұр еді (Ж.Аймауытов).

КҮНГЕ МАНДАЙЫН БЕРІП ЖАТУ. *Күннің нұрына жылынып, рахат күйде жатты дегенді білдіреді.* Шапаны иығында, қостың етегіне жантайып, күнге маңдайын беріп жатты (Ж.Аймауытов).

ЖІГІТТЕРДІ ҚАҒАЗДАУ. *Соғыс, әскерге шақыру кезінде жастарды құжат жүзінде есепке алып, тіркеу жағдайында қолданылады.* Жаңа кітап өз қолында қалыпты, сонымен жігіттерді қағаздап жатыр дейді-мыс (Ж.Аймауытов).

ЕЛДІ ЕМІП ЖАТУ. *Халықтың маңдай терін, еңбегін пайдаланатын, ел байлығын сорып пайдаға кенелетін залым, қанаушы адамдарды бейнелейді.* Жүздеген жауыздар масайрап, тамақтан басқа қамы жоқ, елді еміп жағары (Ж.Аймауытов).

МҰРТ БАСТЫРҒАНДАР. *Мұртын қысқартып сәнденген еркектер.* Кейбір үйлердің қасында ермексізден ермек тауып, шаш алдырған, мұрт бастырғандар өздерінше бір топ боп... (Б.Майлин).

ҚЫСЫР КЕҢЕС *Бос сөз, құр мәні жоқ әңгіме.* Есіткен-білгендерін ортаға салып, бірінің сөзін бірі қостап, ыстықты да ұмытып, ыстыққа тілгер сусынды да ұмытып, өздеріне жанаспайтын, бұлардың пікірін керек қылмайтын бірер қысыр кеңес үшін-ақ қызыл өңеш боп керісіп отырар еді... (Б.Майлин).

ДӨҢГЕЛЕК ШАРУА. *Күнделікті істелетін, тұрмыстық тіршіліктер.* Бокбасардың шаруасы да дөңгелек қана шаруа ғой: бірекі десе жер астық егеді; төрт-бес қараға жеткендей шөп жиып алады. (Б.Майлин).

СИПАП БОҚТАУ. *Сытайылап тілдеу, бер жағынан қаралау, зілсіз былапыт сөз айту.* Кек сақтарлық үлкен қара жоқ, бірін-бірі ата-бабасынан бері сипап боқтап, ата-бабаларының кемшілігін, құлдығын қазысып сонымен өші алынғандай, шу біртіндеп басылды... (Б.Майлин).

СӨЗБЕН ШАЙНАСУ. *Ұрсысу, салғыласу, бет жыртысып айқайласу.* Осы екеуінің бірінде «енелік», бірінде «келіндік» жоқ, сөзбен шайнасып, беттері ашылып болған адамдар. (Б.Майлин).

ТҮСІ КӨГІЛДІРЛЕНУ. *Көгереңдеп, ашуға булығы.* Қара тоқалды ашу буып, түсі көгілдірленді. Әлденені айтқысы келген-

дей – ерні жыбырлады. Тоқп ақты жерден бір көтеріп, бір қойды. (Б.Майлин).

АЖАРҒА ТӘУІР. *Ажарлы, келбетті.* Ауыл әйелдері Нағиманың ажарға тәуірлігін, кербездігін, кісімен тез шүйіркелесе кететін ашықтығын күндейді. (Б.Майлин).

КӘШІРЛІК МӨРІН БАСУ. *Шоқынған деп немесе дінсіз деп қабылдау, орыстанған адам деп жақтырмау.* Киімінің бәрі орысша. Жүріс-тұрысы елдің ескі әдетіне қайшы. Діншілдер ол мұғалімге «кәшірлік мөрін» басты. (Б.Майлин).

МҰЗ БЕЛ – *жылқының ауыр жүкке төзімділігі.* Бұрыналысты жақын қылатын төрт аяғы, сандықтай сандары, қанша жүкке қайыспайтын мұз белі, сұм жотасы енді өзіне жау болды. (Ғ.Мүсірепов «Көк үйдегі көршілер» повесі)

ІШЕГІ ШҰБАТЫЛҒАН ӨСЕК – *қисыны жоқ сөз.* Басқа коллектив секілді, ішегі шұбатылған өсектен аман, айналасының аузына ілігулі еді. (Ғ.Мүсірепов «Көк үйдегі көршілер» повесі)

МИЛЫ БАС – *ақылды.* Бұлжық, Мұрат дегендердің бәрі де милы бас болып алыпты. (Ғ.Мүсірепов «Көк үйдегі көршілер» повесі)

ЖҮРЕГІ ОЙРАН-БОТҚАН БОЛУ – *қатты күйзелу, қайғыру.* Сәрсен өзінің айуандығына өкінді ме, көкжал жанталасқанда мұныңжүрегі де ойран-ботқа н болды ма, кім білсін, әйтеуір орнында тұра алмайды. (Ғ.Мүсірепов «Көк үйдегі көршілер» повесі)

ОЙЫНЫҢ ЖҮЙТКУ ЖҮЙЕСІ – *тез, ұшқыр ойлау.* Күсеннің сұрауынан көрі өз ойының жүйтку жүйесімен сөйлемекші болды. (Ғ.Мүсірепов «Көк үйдегі көршілер» повесі)

ҚЫРЫҚ ПЫШАҚ ДҮНИЕ – *қатал, қайшылыққа толы өмір.* Қырық пышақ дүние жаға созбай алыс та, өз зеңбірегі өз құлағынтұндырып, миллион адам зеңбірекпен өлімнің жеміне төгіліп жатқан кезде, ондай қозғалыстар көзге түсіп, ондай айқай құлаққа естілетін бе еді? (Ғ.Мүсірепов «Үздіксіз өсу» повесі)

ҚОПА ҚАРДАЙ СӨЗ – *мазмұнсыз, берекесіз сөз.* Бұл әсіресе Арғын жігіттерінің аузына қопа қардай сөз болып алыпты. (Ғ.Мүсірепов «Үздіксіз өсу» повесі)

ҚҰРИЯТ ЗАМАН – *Бостандық, еркіндік заманы.* Патса құлады. Енді ешбір билеуші болмайды. Әркімнің еркі біле-

ді. Құрият заманы туды. Халық бос тұрады – бостандық деген осы! – деді.

ТІСІНЕН СЫЗДЫҚТАУ – *ашулы күйде баяу сөйлеу*. – Әкеңнің аузын... – дейді ақырын, тісінен сыздықтап. (Ғ.Мүсірепов «Үздіксіз өсу» повесі)

ШҮБАР АДЫР – *шөбі кепкен, жері көрініп жатқан дала*. Айналада қабат-қабат шұбар адырлар (М.Әуезов).

МҮЙІЗ ТҰЯҚТАР – *аттар*. Ін үстіне мүйіз тұяқтар тасырлап, дүбірлетіп келді; айқай-дабыр молайды (М.Әуезов).

ЕКІ АЯҚТЫЛАР – *адамдар*. Ін аузына екі аяқтылар жыбырлады (М.Әуезов).

БЫЖЫЛ ҚАНШЫҚ – *қабаған ұрғашы ит*. Енді қара ала төбет те талай алмайды. Жота жүні үрпип, көздері жасылданып, бар тістерін көрсетіп, аузын ақситып ашып жіберіп, тап бергенде, талай бұралқы төбет, быжыл қаншық қаңсылай, шәуілдей қашатын болды (М.Әуезов).

СЫБАЙ-СЕЛТЕҢ ЕЛ (*жақын, аралас-құралас адамдардан жиналған ел*). Бір-бір ат бәрінде де бар, сыбай-селтең ел – жайлы қоныс, түпкілікті мекен іздеген де жоқ. (Ғ.Мүсірепов «Тұтқын қыз» повесі)

БЕЙКҮНӘ ҚҰЛА ДАЛА (*таза, иесіз, иен дала*). Бейкүнә құла далада кездескен біреуді ұстап алып: – Сен большевиксің! – деп жармасқанда, мұның теңі жоқ жігіт. (Ғ.Мүсірепов «Тұтқын қыз» повесі)

ҚОРҚАҚ ОЙ – *үрейлі ой*. Олжаның үлкені аман аттану деген қорқақ ой жеңуге айналды. (Ғ.Мүсірепов «Тұтқын қыз» повесі)

БАСТАҢҒЫ СӨЗ – *бастапқы, алдыңғы сөз*. Керекті сөз кезегімен келе қалмады, сондықтан «бастаңғы» сөзді тастады да тура іске көшті: – Жолдастар!.. Сібірдің қанішері өкше көтерді. (Ғ.Мүсірепов «Тұтқын қыз» повесі)

МӘҢГІ ҰЙҚЫ – *өлім*. Мәңгі ұйқы, ауыр ұйқы біржола басқан. (Ғ.Мүсірепов «Тұтқын қыз» повесі)

МАРҒАУ ҰЙҚЫ – *терең, тыныш ұйқы*. Қоңыр тау тағы бір ыңыранып, күрсінгендей болды да, ежелгі марғау ұйқысына кетті. (Ғ.Мүсірепов «Тұтқын қыз» повесі)

ТОЗҒАН ОЙ – *мәнін жоғалтқан ой*. Осындай тозған ойлар ескі әдетінше иектеп етекке түсе бергенінде, Құлшық үш айыр

жолдың түйіскен жеріне келіп тірелгендей. (Ғ.Мүсірепов «Тұтқын қыз» повесі)

ҮМІТТІҢ СУАЛУЫ – *үмітсіздік, үмітін узу*. Алаш өкіметі Семейдің шеткі көшелерінен ортасына таман көше ме деген үміт бар еді, ол үміттің өзі қарадай суалуға айналды. (Ғ.Мүсірепов «Тұтқын қыз» повесі)

ОЙДЫҢ БУНАУЫ – *ойдың мазалауы*. Наушаны осы ой ғана бунап тұр.

ҚАЙҒЫНЫҢ САЛМАҒЫ АЛЫП ТҮСУ – *қайғыны көтере алмай жерге құлауы*. Құлап кетті... Қайғының салмағы алып түсті...

ҚАНДЫ ЖОЛ САЛУ – *қантөгіс, зорлық-зомбылық, көтеріліс жасай отырып кесіп өту*. Сондықтан соңғы күшін бір жерге жинаған ауыр қол, қазақ даласын қақ жарып, қанды жол салып, өкпе тұстан Қытай шегіне өтпекші. (Ғ.Мүсірепов «Тұтқын қыз» повесі)

АЖАЛ – КӘРІ ҚҰЗҒЫН – *адамның жанын алатын жыртықш құс*. Кәрі құзғын – ажал манағы бір кезде осы жартастың басына да бір келіп қонып, мөлііп отырған сияқты еді. (Ғ.Мүсірепов «Тұтқын қыз» повесі)

ОЙЫ АСЫЛА ТҮСТІ – *ойына оралды*. Екі арқан бойы шықты ма, шықпады ма, үш жылдан бері шешілмей келе жатқан ойы асыла түсті мойнына. (Ғ.Мүсірепов «Тұтқын қыз» повесі).

САБЫРЫ ЖҰҚАРА ТҮСУ. *Шыдамы таусыла түсу, төзімі таусыла түсу*. Ішімде Бәтеске деген сағыныш отым лаулай тұра, сабырым жұқара түссе де, мен бұл жылдың да сабағын көңілдегідей оқып кеттім (С.Мұқанов).

КӨЗ БАЙЛАНЫҢҚЫ КЕЗ. *Кеш түсіп, қараңғы батқан кез*. Ал, Бөкенжан, көз байланыңқы кезде жөніңді тап!– деген Бәтеске: Сонымен, бір жұма ғой уәдеміз?–дедім (С.Мұқанов).

СӨЗДІҢ СЫРАҒЫСЫ. *Сөздің реті, сөздің nobайы, әңгіме болсын деген ниет*. Осы сөздерді неменеге айтып отырсың маған?– дедім Қалисаға. Жәй, әншейін, сөздің сырағысы да,– деді Қалиса,– әйтпесе, совет заманында кімді кім жей қояр дейсің (С.Мұқанов).

ІҢІР АС. *Кешкі ас*. Осындай ереуілді күндердің біреуінде, іңір шамын жақпастан, іңір асын ішпестен, әрқайсымыз өз төсе-

гімізге қисайып жата бастап ек, ауылдың бар иті үн қоса шәуілдей жөнелді (С.Мұқанов).

КІТАП САБАҒЫ. *Теориялық сабақ, кітаптан білім алу сабағы.* Түстен кейін сот мәжілісін жүргіземіз, онда да болуыңды өтінем. Мына тыңдағандарың кітап сабағы болса, сот мәжілісінен өмір сабағын аласың (С.Мұқанов).

ЖЕР ҚАРЫТҚАН ӘЙЕЛ. *Көпті көрген, кексе әйел.* Сен әлі жассың ғой, сондықтан «сырты сұлу, іші іріген, адамдарды кездестірдің бе, жоқ па, оны білмеймін; мен өзім талайын кездестірдім оның!.. Махаббат мәселесінде емес, – деп түзетті Шамсия сөзін, мені «бұл өзі жер қарытқан әйел екен ғой» деп ойламасын деген кескінмен (С.Мұқанов).

ӨТКЕЛ ҚАҒАЗ. *Пропуск.* Адам бұнша көп боларын білмей бейғам жүрген маған билет тимей қап, «ендігі билік, ішкі істер комиссариатының комиссарының өзінде ғана» деген соң, кабинетіне сұраусыз кіріп бардым да, өткел қағаз (пропуску) сұрадым (С.Мұқанов).

КӨЗ ТОҚЫРАР. *Көз тоқтатар, көз тояр.* Менің жерім – қай жағына қарасаң, да аспанмен таласқан жиегіне дейін көз тоқырар қыраты жоқ, «Торғай ойпаты» аталатын жап-жазық дала (С.Мұқанов).

ТҰЗ БАЙЛАНАТЫН КӨЛДЕР. *Тұзды көлдер, жағасында тұзы шығып жататын көлдер.* Қар суымен шалшықтанып, жаз құрғап қалатын, бетіне тұз байланатын көлдер бұл далада бірталай (С.Мұқанов).

КҮЗДІҢ АЛАСЫ ШАҒЫ. *Күздің ортасы, егін піскен кез.* Міне осындай көшпелі ауылда, Ұлытау жақтағы «Бүркітті» аталатын далалық шоқының етегінде, күздің аласы шағында 1909 жылы туыппын, сондықтан менің атымды Бүркіт қойыпты (С.Мұқанов).

ЕРІК ҚАҒАЗ. *Әйелдің басы бос, ешкіммен некелеспегенін растайтын құжат.* Бұл қағаз қалың малын қайтару кезіндегі даулы мәселелерді шешуде жиі сұратылған. Әкемнің ерлігіне риза боп қуана қарсы алған нағашылары, амалы құрыған шешемді көндіріп, Орынбордағы Торғай облысының губернаторынан басына ерік қағаз әпереді (С.Мұқанов).

ТАҚТАЙ МҰРТ. *Екі жағы тегіс күзелген, майлап түзеген, тіктеген жұқа жіңішке мұрт.* Әскердің ішінде бір тақтай мұрт бар-ды. Түсі аса суық адам-ды. Киімдеріне, ісіне, сөзіне қарап, оның осы әскерді бастаушы екенін білгеміз (С.Мұқанов).

СІҢІРІК ҚЫЛЫШ *Барынша жіңішке әрі ұзын қылыш.* Оның соғыста жараланғаны бізге мәлім. Сол жолы сіңірік қылыш қиған оң жақ қолы бүкірейіп, кемтар болып бітті (С.Мұқанов).

ОШАҚҚА ТАС БОЛУ. *Қыздың оң жақта, әкесінің үйінде отырып қалуы.* Қыз бала «жат жұрттық» емес пе, бейшара-ау?.. Ошаққа тас болған қызды қайда көріп ең?.. Жасы жеткен соң, абыройы бар кезде орналасқаны жөн емес пе, қыздың?.. (С.Мұқанов).

АР-ҰЯТТАРЫ КІРЛЕНБЕУ. *Ар-ожданы таза, қулықты білмейтін, тіс қаққан емес.* Менімше әкелері өтірік айтқанмен, бірен-саран тіс қаққан тәсілқой ересектері ғана болмаса, ар-ұяттары кірленбеген сәбилердің көбі шынын айтады (С.Мұқанов).

ҚАРА ТАЯҚТАР. *Ертеректе қалада оқығандарға қойылған кекесін ат.* Мал айдаған қонақтар Торғай қаласына келіп, әлде не байдың үлкен қарағай үйіне түскенде, қапқа алдында қарсы алушылардың ішінде әкем де тұрды. Олардың да арасында жабайы жігіттер мен қаратаяқтар бар екен (С.Мұқанов).

ТОҒЫЗЫНШЫ БАЛ. *Карта ойын атауы.* Қостанай байларының еріккендегі кәсібі – біреуінің үйіне жиналып ап, ұзақ күнге сыра ішіп, «тоғызыншы бал» атты қарт ойынымен шұғылданады екен (С.Мұқанов).

ҚҰС ТӨРЕСІ. *Аққу.* Құс төресі – аққу жұмыртқаны екеу-ақ салады, аң патшасы арыстан – екі-ақ күшік табады (С.Мұқанов).

ЫТЫРЫНА ҚАРАУ. *Жақтырмай қарау, жиіркене қарау.* Үй ішінің жасау-жиһазына көңілім толмаған мен, маңайыма ытырына қарай бастадым (С.Мұқанов).

МҰҚЫЛ ТҰМСЫҚ ЕТІК. *Басы доғал, жалпақ етік* шалбарының балағын етігіне сұққан, мұқыл тұмсық, биік өкше, қара сары түсті етігін жылтырата тазалаған, «шамасы қырықтарға келген-ау» деп мөлшерлейтін адам, үстіне қызыл шұға жапқан

столға таяна отырып, әлде не қағаздарды шұқшия жазып жатыр екен (С.Мұқанов).

ҚАНЫ ҰЙЫМАЙТЫН АДАМ *Ешкімге сенбейтін, ешкімге жаны ашымайтын, мейірімін бөлмейтін адам.* Жылушырауы өтірік, – деді нағашым, – онысы әкең мен араңа от жағудың амалы. Сөйтіп, араларыңды ажыратып алады да, әр қайсыңды жеке-леп төмпештейді. Бай атаулыға қаны ұйымайтын адам, әсіресе, сенің әкеңе (С.Мұқанов).

ҚОРЫТЫНДЫ

Лексикология мен фразеография қазақ сөзінің даму үдерісін, жаңару, толығу, кеңею, тарылу деңгейін бақылайтын, сөздің қасиеті мен құдіретін сақтайтын маңызды ғылыми тетік. Лексикология сөздердің жеке мағынасы мен олардың тілдік қатынастарын зерттесе, фразеография тұрақты сөз тіркестерінің мағынасын, қолдану аясын және мәдени маңызын зерттейді. Осы екі сала тілдің даму бағытын, оның өзгерістерін және қоғамның мәдениетін тілдік тұрғыдан сипаттауға мүмкіндік береді. Сондықтан лексикология мен фразеография саласындағы зерттеулер тіл білімінің маңызды бөліктерін құрайды.

Лексикологияның рөлі мен мәні қазақ сөздерінің құрылымы, мағынасы, пайда болу тарихы, сөздердің ішкі жүйесі мен олардың бір-бірімен байланысын зерттеудің негізінде толығымен түседі. Сөздердің тарихи дамуы мен олардың қазіргі тілдегі орны лексикологияның зерттеу нысанын ұлғайтып отыр.

Фразеография фразеологиялық бірліктерді, яғни тұрақты сөз тіркестеріндегі халықтың бейнелі ойлау жүйесін, мәдениеттің тілдегі көрінісін зерттеу үшін маңызды. Фразеологиялық тіркестердің құрылымы, мағынасы және қолдану аясын талдау осы саланың негізгі міндеті болып табылады. Әрбір сөз және фразеологиялық бірлік белгілі бір мәдени құндылықтарды, дүниетанымды, ұлттық ерекшеліктерді білдіреді. Сондықтан тілдің дамуы мен өзгеруінде пайда болған құбылыстар қоғамның мәдениеті мен әлеуметтік тұрмыстың күйіне тікелей тәуелді екенін аңғардық. Сондықтан сөз тек тілдік жүйемен ғана шектелмейді, ол әлеуметтік жағдай, мәдениет, ұлттық дәстүрлер мен дүниетаным арқылы көрініс табады.

Осы тұрғыдан алғанда, лексикология мен фразеография тіл мен қоғам арасындағы өзара байланысты айқындайтын өзекті салалар ретінде қарастырылады. Тілдік бірліктердің мағыналық өзгерісі, жаңа ұғымдардың қалыптасуы мен көне сөздердің қолданыстан шығуы қоғамдық санадағы өзгерістермен тығыз сабақтас. Қоғам дамыған сайын тіл де үздіксіз қозғалыста болып, жаңа лексемалар мен фразеологиялық бірліктер арқылы

өз қорын байытып отырады. Қазіргі кезеңде жаһандану үдерісі, ғылыми-техникалық үдеріс, ақпараттық технологиялардың дамуы қазақ тілінің лексикалық құрамына елеулі ықпал етуде. Бұл өзгерістер лексикология тұрғысынан жаңа сөздердің жасалу жолдарын, кірме лексиканың игерілуін, мағыналық кеңею мен тарылу құбылыстарын зерттеуді қажет етеді. Ал фразеография саласында жаңа қоғамдық құбылыстарға байланысты пайда болған фразеологиялық бірліктерді тіркеу, олардың мағыналық және стилистикалық ерекшеліктерін анықтау маңызды болып отыр. Сонымен қатар, лексикология мен фразеография ұлттық тілдің тұтастығын сақтауда да ерекше рөл атқарады. Олар тілдік мұраны жүйелеп, ғылыми тұрғыдан сипаттау арқылы сөздің қолданыс нормасын бекітеді және ұрпақтан-ұрпаққа жеткізілуіне ықпал етеді. Бұл, әсіресе, этномәдени мазмұнға ие сөздер мен фразеологизмдердің мағынасын бұрмаламай, дәл сақтаудың маңыздылығын көрсетеді.

Бұл монографияда қазақ лексикологиясының үш негізгі бағыты – құрылымдық, танымдық және тіркесімдік лексикология қарастырылып, тілдік бірліктердің құрылымы, семантикасы, тіркесімдік мүмкіндіктері мен когнитивтік-құрылымдық ерекшеліктері талданды. Зерттеу нәтижесі бойынша мынадай қорытынды жасалды:

- Сөздік құрам мен сөздік қор қазақ тілінің тарихи, әлеуметтік және мәдени дамуына сәйкес күрделі жүйе ретінде сипатталды.

- Сөз мағынасы және оның түрлері – лексикалық, фразеологиялық, мағыналар тілдің семантикалық кеңістігінде өзара байланысқан жүйе ретінде қарастырылды.

- Синонимия, антонимия, омонимия, көпмағыналық, кеңмағыналық,

жарыспалық және гипоним-гиперонимдік қатынастар арқылы сөздер арасындағы семантикалық байланыстар анықталды. Бұл зерттеулер сөздердің парадигмалық жүйесін, олардың семантикалық өзгерісін көрсетті.

- Сөздің типтері мен түрлері (көне, тарихи, кәсіби, аймақтық, кірме, жаңа сөздер) тілдік қордың әрқилығын көрсетіп, сөздің функционалды рөлін айқындады.

Танымдық лексикология бөлімі тілдік бірліктердің когнитивтік және концептуалдық ерекшеліктерін зерттеді. Ұғым және концепт

категориялары сөз мағынасы мен ойдағы бейне арасындағы байланысты анықтады. Концептілік құрылымдар мен өрістер сөздердің мағыналық ауқымын жүйелендіріп, сөз мағынасын модельдеуге мүмкіндік берді.

Тіркесім лексикологиясы сөздердің тіркесжасамдық қабілетін, комбинаторлық және фразеологиялық жүйесін зерттеді. Сөздердің тіркесжасам қабілеті олардың синтагматикалық әлеуетін, сөйлем ішінде және мәтінде қолданылуын көрсетті. Сөздің комбинаторлық жүйесі тілдегі тіркесім заңдылықтарын және сөздердің бір-бірімен үйлесімділігін анықтады. Тіркесім өрісі арқылы тұрақты тіркестер, бейнелі тіркестер және жаңа фразеологизмдер зерттеліп, олардың семантикалық қызметтері айқындалды.

Монография қазақ лексикологиясының теориялық және қолданбалы аспектілерін біртұтас жүйе ретінде қарастырып, тілдің құрылымдық, когнитивтік және тіркесімдік қасиеттерін кешенді түрде зерттеді.

Қазіргі қазақ лексикологиясы – тек сөздерді жинап, мағынасын ашумен ғана шектелмейді. Ол заманауи әдістер мен көпқабатты талдау тәсілдерін қолдана отырып, қазақ тілінің сөздік қорын жан-жақты зерттейді. қазіргі қазақ лексикологиясы құрылымдық, семантикалық, функционалдық, тарихи және танымдық аспектілерді біріктіретін кешенді зерттеу саласына айналды. Қазіргі қазақ лексикологиясы осы аспектілерді интеграциялай отырып, тілдің сөздік қоры мен тіркесім құрылымын кешенді, жүйелі, ғылыми тұрғыдан зерттейтін салаға айналды. Бұл бағыт тек сөздікке тіркелген әдеби сөздерді талдаумен шектелмей, сонымен бірге бейпіл сөздер, интернет сленгі, жаргон сөздердің жиілігі мен мағынасын тануға, этнофразеологизмдер мен диаспоралық лексика, кәсіби сөздер мен кәсіби терминдерді зерттеуге, атаулану үдерісінің дамуын зерттеуге бағытталады.

Сонымен қатар, қазіргі лексикология тілдік өзгерістер мен әлеуметтік трансформацияларды зерттеу құралы ретінде де маңызды. Мысалы, жаңа технологиялар, жаһандану және медиа кеңістіктің әсерінен қазақ тілінде пайда болатын жаңа сөздер мен тіркестер, олардың семантикалық, функционалдық және стильдік ерекшеліктері зерттеледі. Нәтижесінде, қазіргі қазақ

лексикологиясы тілдің функционалдық байлығын, семантикалық қорын және концептілік қоры мен оның құрылымын жан-жақты түсінуге мүмкіндік беретін кешенді ғылыми бағытқа айналады. Қазіргі қазақ лексикологиясы қазақ сөзі мен қазақ мәтіндеріндегі сөзқолданыстардың әдеби, рухани, танымдық, мәдени, жаһандық кеңістікте дамуын бақылайтын және сөздік қорға тіркейтін негізгі тілтанымдық «ресурс» болмақ.

Қорыта келгенде, лексикология мен фразеография қазақ тілінің дамуын кешенді түрде зерделеуге мүмкіндік беретін, тілдің ішкі заңдылықтары мен мәдени-әлеуметтік болмысын қатар танытатын іргелі ғылыми салалар болып табылады. Осы бағыттағы зерттеулер қазақ тілінің ғылыми әлеуетін арттырып қана қоймай, ұлттық рухани құндылықтарды сақтаудың сенімді тетігі ретінде қызмет атқарады.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Холодович, А. А. О «Курсе общей лингвистики» Ф. де Соссюра // Ф. де Соссюр. Труды по языкознанию. – М., 1977. – С. 9–29.).
2. Гумбольдт В. – Избранные труды по языкознанию. М.: Прогресс, 2000.- 400 з. Соссюр Ф. де. Курс общей лингвистики: Изданный Ш. Балли и А. Сеше при участии А. Ридлингера. Пер. с фр. – М.: URSS. 2004. 285 с.
4. Johnson S Preface to «A Dictionary of the English Language»; 1755
5. Энциклопедия Дидро и Д'Аламбера. Т.1. – Женева, 1755г.
6. Алпатов В. М. История лингвистических учений. 4-е изд. – М.: Языки славянской культуры, 2005. – 368 с.
7. Michel Jules Alfred Breal Essai de sémantique, science de significations», 1897
8. Кассирер Э. Философия символических форм. Университетская книга Москва – Санкт-Петербург 2001
9. Trier H. Der deutsche Wortschatz im Sinnbezirk des Verstandes. Heidelberg, 1931. Bd.1. s.100-397. Vol.41.
- 10 Porzig W.W. Wesenhafte Bedeutungsbeziehungen // Beitrage zur Geschichte der deutsche Sprache und Literatur. 1934. P. 70-97.
11. Roget Thesaurus of English Words and Phrases (1852). Wikimedia Foundation . 2010 .
12. Бенвенист Э. Общая лингвистика. М., «Прогресс». 1974. Изд.3. УРСС. 2009.
13. Бородай С. Ю. Современное понимание проблемы лингвистической относительности: работы по пространственной концептуализации // Вопросы языкознания: журнал. – 2013. – № 4. – С. 18. Архивировано 4 января 2020 года.
14. Электронный ресурс Studme.org «Лингвистическая деятельность М. В. Ломоносова. Формирование функционально-речевых стилей» https://studme.org/126616/literatura/lingvisticheskaya_deyatelnost_lomonosova_formirovanie_funktsionalno_rechevyh_stiley

15. Байтұрсынұлы А Тіл – құрал (қазақ тілі мен оқуағартуға қатысты еңбектері). – Алматы: Ел-шежіре, – 2013. Т. III: – 384 б.
16. Жұбанов Қ. Қазақ тілі жөніндегі зерттеулер. – Алма-Ата: Ғылым, 1966. – 362 с
17. Қазіргі қазақ тілі (лексика, фонетика, грамматика). – Алматы, Қазақ ССР Ғылым Академиясы. 1954. – 558б.
18. Мусабаяев Г. Современный казахский язык (лексика) – Алматы, Изд. АН КазССР., 1959. – 141с
19. Қордабаев Т. Сөз және оның мағыналары // Қазақ тілі мен әдебиеті 1958 №1.
20. Аханов К.Тіл біліміне кіріспе – Алматы: Қазақтың мемлекеттік оқу-педагогика баспасы, 1962. – 300 бет.
21. Барлыбаев Р. Қазақ тілінде сөз мағынасының кеңеюі мен тарылуы. – Алматы, 1969, 17 бет.
22. Садықбеков Р. Проблема многозначности слова в казахском языке. Автореф. дисс. на соис. учен. степ. канд. фил. наук. А., 1973
23. Кеңесбаев І., Мұсабаев Ғ. Қазіргі қазақ тілі. Лексика, фонетика. – Алматы, 1975. 315 б.).
24. Болғанбаев Ә. Қазақ тілі лексикологиясы. А., 1979. 36-6.
25. Қалиев Ғ. Қазіргі қазақ тілі лексикологиясы. Бақылау-пысықтау жаттығулары. – Алматы, 1961. – 54б.
26. Қалиев Ғ. Қазіргі қазақ тілі лексикологиясы. Бақылау-пысықтау жаттығулары. – Алматы, 1981. – 73б..
27. Ұйықбаев И. Қазіргі қазақ тіліндегі варианттылық проблемасы. – Алматы, Ғылым баспасы. 1976. – 144б.
28. Белбаева М. Қазақ тілінің лексикологиясы. – Алматы, 1976
29. Сәрсенбаев Р. Қазіргі қазақ тілі лексикологиясы (журналистика факультеті студенттеріне арналған оқу құралы – Алматы, 1979. 44б.
30. Сыздық. Р. Сөздер сөйлейді. – Алматы: Мектеп, 1980. – 126 бет
31. Хусаин К.Ш. Звукоизобразительность в казахском языке – Алма-ата, 1988, 226 с
32. Айғабылов А Қазақ тілі лексикологиясы (методикалық талдау) – Алматы, 1989. – 35б.
33. Қалиұлы Б Тіл біліміне кіріспе. – Алматы: Мектеп, 1997. – 95 бет.

34. Оразов, М.Қазақ тілінің семантикасы. – Алматы: Рауан, 1991. – 216 бет.
35. Уәли Н. Фразеология және тілдік норма.– Алматы: «Ғылым» баспасы, 1997 ж. – 120 б.
36. Ж.А.Манкеева Қазақ тілінің заттық мәдениет лексикасы. А.,1997.
37. Иманғазина А.Ә. Қазақ тілі лексикологиясының теориялық қырлары (Проф. Ғ.Ғ.Мұсабаевтың ғылыми мұрасы бойынша. Филол. ғыл. Канд дәредесін алу үшін дайындалған автореферат. – Алматы, 2002. – 306..
38. Смағұлова Г.Н. Қазақ тілінің лексикологиясы ме фразеологиясы – 500 тест. – Алматы, қазақ университеті – 2006, 90б.
39. Жалмаханов Ш., Серімов Е., Әбуталиева А., Жақыпова Г. Заңгерлерге арналған қазақ тілі. Оқулық. – Қарағанды: Қарағанды академиясы, 2018. – 297б.)
40. Жүнісова М. Қазіргі қазақ тілі. Оқулық. – Алматы, «Дарын» – 274б.
41. Құлжанова Б. Қазіргі қазақ тілі Лексикология (оқу құралы). – Алматы Қазақ университеті 2015. – 41б.
42. Авакова Р., Бектемирова С. Тіл біліміне кіріспе (сызбалар мен кестелер) – Алматы, Қазақ университеті 2017. – 204б.
43. Ғ.Қалиев, Тіл білімі терминдері. – Алматы, «Сөздік-Словарь» баспасы, 2005ж. – 440б.
44. Ғ.Әбуханов Қазақ тілі лексика, фонетика және морфология мен синтаксис Алматы, 1960. – 366 б
45. Болғанбаев Ә. Қазақ тілі лексикологиясы. – Алматы, 1979. – 176б.
46. Мұсабаев Ғ. Қазақ тіл білімінің мәселелері. – Алматы, «Абзал-ай» баспасы. 2014. – 640б.
47. Белбаева М. Қазіргі қазақ тілі лексикологиясы. Алматы. Мектеп баспасы, 1976ж – 114б.
48. Айғабылов А. Қазақ тілі лексикологиясы (методикалық талдау). – Алматы, 1989. – 35б.
49. Бодуэн де Куртенэ И.А. Избранные труды по общему языкознанию. Москва, 1963, Том-2. 348-бет
50. Степанова М.Д. Методы синхронного анализа лексики. – Москва, 1968, – 199.
51. Супрун А. Е. Лекции по языкознанию. Минск, 1971

52. Крысин Л. П. Язык в современном обществе. – М.: Русское слово, 2012. – 208 с.
53. Виноградов В.В. Избранные труды: лексикология и лексикография. М., 1977.
54. Жүнісова М. Қазіргі қазақ тілі. Оқулық. – Алматы «Шұғыла» баспасы. 2008. – 274б.
55. Куренкова Т. Н. Лексико-семантическое поле и другие поля в современной лингвистике // Сибирский аэрокосмический журнал. Серия Языкознание и литературоведение. 2006 №4.
56. Ғ.Қалиев, Ә.Болғанбаев «Қазіргі қазақ тілінің лексикологиясы мен фразеологиясы» Алматы, 2006, 86 бет.
57. Кеңесбаев С., Мұсабаев Ғ. Қазіргі қазақ тілі лексика, фонетика. Алматы, 1962.
58. Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі», 1 т. 1959, 1-2 бет.
59. Барлыбаев, Р. Расширение и сужение значений слов в казахском языке. Автореферат дис. на соискание учен. степени кандидата филол. наук / Акад. наук Каз. ССР. Ин-т языкознания. – Алма-Ата, 1963. – 16 с.
60. Сыздықова Р. Сөздер сөйлейді. – Алматы, 1994 165.
- 61 Жұмабекова А. Аударматанудың негіздері – Астана, 2015. – 286б.
62. Жұмабекова А.Қ. Қазақ тілінің антонимдер сөздігі. А., 2000. – 183б.
63. Мұсабаев Ғ., Кеңесбаев І Қазіргі қазақ тілі. – Алматы, 1962.
64. Айғабылов А. Қазақ тілі морфонологиясы мен лексикологиясы – Алматы, қазақ университеті 2006. – 270б.
65. Османова А.Ә. Қазақ тілі түсіндірме сөздігіндегі көп мағыналы етістіктердің лексикографиялық сипаты // қазақ тілі түсіндірме сөздігін жасау тәжірибелері. – Алматы: Ғылым, 1989. – 52-61бб.
66. Смағұлова Г. Қазақ фразеологиясы лингвистикалық парадигмаларда : монография / Г. Н. Смағұлова. – Алматы : Арыс, 2010. – 277 б.
67. Жалмаханов Ш. Қазіргі қазақ тіліндегі көп мағыналы зат есімдердің мағыналық құрамы. – Қарағанды, 2001. – 82б
68. Әлметова Ә. Көп мағыналы сөздер мен омонимдерді оқыту. – Алматы, «Арыс» баспасы. 2001.

69. Пашан Д. Бір буынды көпмағыналы сөздер. Филология ғылымдарының кандидаты ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған автореферат. – Алматы, 2010. – 316.

70. Порус В.Н. «Радикальный конвенционализм» К.Айдукевича и его место в дискуссиях о научной рациональности // Epistemology & Philosophy of Science 2014 №4.

71. Бизақов С. Сөз нұсқалары және балама атаулар. – Алматы: Самара-Принт, 2008. – 512 б.

72. Тымболова А. Қазақ тілі (оқу құралы) – Алматы: Қазақ университеті, 2008

73. Сыздықова Р. Абай шығармаларының тілі. – Алматы: Ғылым, 1968. – 332 б.

74. Айтбайұлы Ө. Қазақ сөзі: (Қазақ терминологиясының негіздері). – Алматы: Рауан, 1997. – 240 б.

75. Аханов К. Тіл білімінің негіздері. – Алматы: Санат, 1993. – 496 б.

76. Кеңесбаев І., Мұсабаев Ғ. Қазіргі қазақ тілі. – Алматы, 1962.

77. Болғанбайұлы Ә., Қалиұлы Ғ. Қазіргі қазақ тілінің лексикологиясы мен фразеологиясы. – Алматы, 1997. – 256 б.

78. Сыздық Р. Қазақ жазуының қалыптасу кезеңдері, даму жолдары мен бағыттары. Зерттеу жұмысының қолжазбасы. – Алматы, 2008

79. Сыздықова Р. Қазақ тіліндегі ескіліктер мен жаңалықтар. Ғылыми-танымдық зерттеу. – Алматы: «Арыс» баспасы, 2009. – 272 б.

80. Вежбицкая А. Язык, Культура, Познание. М., 1996.

81. Аскольдов-Алексеев С.А. Концепт и слово // Русская речь. Новая серия. Вып II. Л., 1928.

82. Лихачев Д.С. Концептосфера русского языка // Известия РАН. Серия, лит. и яз., 1993., №1. с.3-9

83. Степанов.Ю.С., Проскурин С.Г. Константы мировой культуры. М., Наука, 1993.

84. Маслова В. Лингвокультурология Москва, 2004. – 202с.

85. Бабушкин А.П. Типы концептов в лексико-фразеологической системе языка. Воронеж, 1996.

86. Болдырев Н.Н. понятиях формы, структуры и системы языка в лингвистике // Понятийный аппарат и практика конкретных

лингвистических исследований. – Тамбов: ТГПИ, 1994. – С.12-20. Концептуальный уровень языка // Там же. – С.25-34.

87. Виноградов В.В. Избранные труды. Том 3. Лексикология. Москва, 1977.

88. Серебренников Б.А. О материалистическом подходе к явлениям языка. – Москва, 1983.

89. Никитин М.В. Курс лингвистической семантики. Спб., 1996

90. Чесноков П.В. Основные единицы языка и мышления. Ростов- на Дону, 1966.

91. Павиленис Р.И. Проблемы смысла; Современный логико-функциональный анализ языка. М. 1983.

92. Воркачев С.Г: Концепт счастья: понятийный и образный компоненты // Известия А.Н. Серия лит. и яз. 2001, том 60. №60, с 47-58.

93. Воробьев. В.В. Введение в лингвокультурологию (теория и методы). – Москва., 1997.

94. Попова З.Д., Стернин И.А. Очерки по когнитивной лингвистике. Воронеж, 2001

95. Павиленис Р.И., Петров В.В. Язык как объект логико-методологического анализа: новые тенденции и перспективы // Вопросы философии 1987. №7. с 54-61.

96. Гиздатов Г.Г. Типология и динамика когнитивных моделей в речевой деятельности «Дис» док филол. наук. –Алматы., 1999.250с

97. Беляевская Е.Г. Семантическая структура слова в номинативном и коммуникативном аспектах // Когнитивные основание формирования и функционирования семантической структура слова. Автореф. дисс... док. фил. наук. – М. 1992

98. Береснева Н.И. Модели внутреннего лексикона в позднем онтогенезе (ассоциативный эксперимент). Автореф. дис... канд. филол. наук. – Пермь, 1997.

99. Липпман У. Общественное мнение / пер. с англ. Барчунова Т.В.. – М.: Институт Фонда «Общественное мнение», 2004. – 384 с.

100. Красных В.В. Этнолингвистика и лингвокультурология Лекционный курс. М.: Гнозис, 2002 – 284 с.

101. Сорокин Ю. Стереотип, штамп, клише: К проблеме определения понятий//Общение: Теоретические и прагматические проблемы. –М., 1978.

102. Рыжкова.В.Н. Языковое сознание: стереотипы и творчество. М, 1988

103. Степанов Ю.С Константы. Словарь русской культуры. Опыт исследования. М., Наука, 1993.

104. Қайрбаева Қ.Т. Қазақ тіліндегі этномәдени атаулардың символдық мәні. Дисс... филол. ғыл. канд., Алматы, 2004

105. Тодоров Цветан. Теория символа. М.: Дом интеллектуальной книги Год: 1998 – 409с.

106. Джекендофф Р. Семантические структуры. – Кембридж. 1990.

107. Минский М. Фреймы для представления знаний. Москва, 1979.

108. Қазақ тілінің фразеологиялық сөздігі – Алматы, 1977ж. – 850б.

109. Кеңесбаев І. Қазақ тілінің идиомдары мен фразалары // Халық мұғалімі. – 1946. – №1-2. – Б. 39-42.

110. Аманжолов С. Қазақ тілі ғылыми синтаксисінің қысқа курсы. Алматы, 1940. – 210 б.

111. Кеңесбаев І., Мұсабаев Ғ. Қазіргі қазақ тілі (Лексика. Фонетика). – Алматы, 1962.

112. Аханов К. Тіл біліміне кіріспе. – Алматы, 1965

113. М.Балақаев, Е.Жанпейісов, М.Томанов, Б.Манасбаев Қазақ тілінің стилистикасы. – Алматы, 1966.

114. Кеңесбаев С., Т.Жанұзақов Тіл білімі терминдерінің орысша–қазақша сөздігі.. – Алма-ата. Қазақ ССР–нің «Ғылым» баспасы, 1966. – 211 бет.

115. Кайдар Абдуали Тысяча метких и образных выражений : (Каз.-рус.фразеол.словарь с этнолингвист.пояснениями). / А. Кайдар . – Астана: Білге, 2003. – 368 с.

116. Уәлиұлы Н. Фразеология және тілдік норма. – Алматы, 1998. – 128б..

117. Айтбаев Ө. Аудармадағы фразеологиялық құбылыс – Алматы, 1975. – 227б.

118. Қожахметова Х. Фразеологизмдердің көркем әдебиетте қолданылуы / Х. Қожахметова . – Алматы: Мектеп, 1972. – 109 бет : 20 см

119. Сайрамбаев Т. Қазіргі қазақ тіліндегі күрделі сөз тіркестері. – Алматы, 1981. – 200 б.

120. Оралбаева Н., Мадина Ғ., Әбілқаев А. Қазақ тілі (практикалық курс) Алматы, Мектеп, 1982. – 295 бет.

121. Образно-фондовая основа устойчивых выражений, образованных на основе лексики скотоводства в казахском языке : дис. ... канд. филол. наук. / С.К. Сатенова; АН СССР ин-т языковедения; науч. рук. Кайдаров А.Т. – Алма-Ата: 1990. – 167 с. – Библиогр.: с. 132

122. Смағұлова Г. Фразеологизмдердің варианттылығы – Алматы, 1996ж.)

123. Султаньяев О. Русская и казахская лексика и фразеология произведений Чокана Валиханова: дис. ...докт. филол. наук. / О.А. Султаньяев ; АГУ им. Абая . – Алматы: 1994. – 431 с.

124. Қалиев Ғ., Ә.Болғанбаев «Қазіргі қазақ тілінің лексикологиясы мен фразеологиясы» Алматы, 1997ж.

125. Боранбаева Г. С. XV – XVIIIғ. Қазақ пэзиясы тіліндегі фразеологизмдер. Филология ғылымдарының кандидаты диссертациясы – Алматы, 1994ж. – 169б.

126. Құрманбаева Ш. Түрік және қазақ тілдеріндегі етістікті фразеологизмдерге салғастырмалы талдау. – Алматы, 1999ж.

127. Умиралиева Ж. Национально-культурная специфика конверсиональных фразеологизмов с соматизмами: 10.02.20. автореферат канд. фил наук. – Алматы, 1999. – 27с.

128. Аблақов Ә., Исаев С., Ағманов Е. Қазақ тіліндегі сөз тіркесінің дамуы мен лексикалану процесі. – Алматы. 1997. – 320б.

129. Сәтенова С Қазақ тіліндегі қостағанды фразеологизмдердің тілдік және поэтикалық табиғаты. – Алматы: Ғылым, 1997. – 184б.

130. Уызбаева Б. Қазақ тіліндегі соматикалық етістік фразеологизмдердің этнолингвистикалық сипаты : филол. ғыл. канд. ... дис.. / Б.К. Уызбаева ; А. Байтұрсынов атын. тіл білімі ин-ты ; ғылыми жетекші Ә. Қайдаров . – Алматы: 1994. – 203 б. – Библиогр.: 133-142 б.

131. Нұрмаханов А. Түркі фразеологиясы. – Алматы, 1998 – 272б.

132. Авакова Р. Фразеологиялық семантика. – Алматы, 2002. – 158б.
133. Сағидолда Г.С.Түркі-моңғол тілдік байланысы: топонимия және фразеология – Астана : Кантана пресс, 2011. – 354б.
134. Тымболова А. Тұрақты тіркестердің құрамындағы мағынасы күңгіреттенген компоненттер: филол ғыл канд дис. – Алматы, 1999. – 133б.
135. (Карымсакова Р. Казахский язык. Страноведение через фразеологизмы /– Алматы: Жибек Жолы, 1997. – 76 с. : 29x20 см.
136. Сарекенова Қ. Қазақ фразеологизмдерінің стильдік саралануы. Автореферат. – Алматы, 2001. – 27б.
137. Сабыр М., Ж.Исина Орта ғасыр жазба ескерткіштері фразеологиялық және паремиологиялық қорының этномәдени сипаты (XIVғ.) – Орал, 2014. – 188б.
138. Мамаева М. Фразеологизмді сөз тіркестері. Филология ғылымдарының канд. диссерт. – Алматы: 2004. – 127 б.
139. Байшукурова Г. Фразеосемантика русского и казахского языков // ҚазҰУ хабаршысы. Филология сериясы, № 4(134). 2011
140. Авакова Р. Фразеосемантика – Алматы, 2013. – 246б.
141. Смағұлова Г. Қазақ фразеологиясы (лингвистикалық парадигмаларда) – Алматы, 2010. – 280б.
142. Benson, M., Benson, E., Ilson, R. The BBI Combinatory Dictionary of English: A Guide to Word Combinations. – Amsterdam and Philadelphia: John Benjamins. 1986. – 322 p.
143. Соссюр, Ф. де. Курс общей лингвистики / Редакция Ш. Балли и А. Сеше; Пер. с франц. А. Сухотина. Де Мауро Т. / Пер. с франц. С. В. Чистяковой; под общ. ред. М. Э. Рут. – Екатеринбург: Изд-во Урал. ун-та, 1999. – 432 с. 125
144. Телия, В. Н. Русская фразеология. Семантический, прагматический и лингвокультурологический аспекты / В. Н. Телия. – М.: Школа «Языки русской культуры», 1996. – 288 с
145. Борисова, Е. Г. Коллокации. Что это такое и как их изучать / Е. Г. Борисова. – М.: Филология, 1995–49 с.. 13].
146. Бабкин А. М. Лексикографическая разработка русской фразеологии. М., Л., 1964
147. Телия Н. Фразеография в машинном фонде русского языка – Москва, 1990 – 208б.

148. Чепасова А. Теоретические составляющие фразеографии // Проблемы истории, филологии, культуры, 2009№2

149. Мелерович А.М., Мокиенко В.М. Фразеологизмы в русской речи. Словарь. – Изд. 2-е. – М.: Рус. словари; Астрель, 2001.

150. Чепасова А. Фразеография – зеркало фразеологии // Предметные фразеологизмы русского языка. – Челябинск: ЧГПУ, 2003. – 267 с.

151. Ермолаева, Ю. А. Принципы лексикографического описания русской фразеологии (на материале словарных статей общих и учебных словарей): дис. ... канд. фил. наук: 10.02.01 / Ермолаева Юлия Аркадьевна. – Л., 1990. – 232 с.

152. Верещагин, Е. М. Лингвострановедческая теория слова / Е. М. Верещагин, В. Г. Костомаров. – М.: Рус. яз., 1980. – 320 с.

153. Бушуй, Т. А. Фразеология русского языка в двуязычном словаре: дис. ... канд. филол. наук: 10.02.01. – Самарканд, 1989.-250 с.].

154. Андропова, Е. В. Традиционная русская фразеология в языковой личности современных школьников и проблемы создания комплексного учебного фразеологического словаря: дис. ... канд. фил. наук: 10.02.01 / . – Воронеж, 2009. – 195 с.

155. Архипова Н.Г. Сочетаемость слова в лексикографическом описании. Автореферат диссертации на соискание ученой степени кандидата филологических наук. – Москва, 2000. – 231 с.

156. Кубрякова Е.С. Синтагматика // Лингвистический энциклопедический словарь / Гл. ред. В. Н. Ярцева. 2-е изд., доп. М.: Большая Российская энциклопедия, 2002. 447- 448 с.

157. Хельбиг Г. Части речи и проблема валентности в современном немецком языке. – М., 1978.

158. Кустова Г. И. Типы производных значений и механизмы языкового расширения. – М: Языки славянской культуры. 2004. – 472 с.

159. Юздова Л.П. Фразео-семантическое поле квалитативности // Вестник ЧГПУ, № 10. – Челябинск: Изд-во ЧГПУ, 2008. – 275-281 с.

160. Хасанов Ғ. Қазақ тілінің лексикалық синтагматикасы. – Алматы, 2010. – 230 б.

161. Қалиев Ғ. Тіл білімі терминдерінің түсіндірме сөздігі. – Алматы: Сөздік-Словарь, 2005. – 439 б.

МАЗМҰНЫ

КІРІСПЕ	3
1-ТАРАУ. ҚҰРЫЛЫМДЫҚ ЛЕКСИКОЛОГИЯ	12
1.1. ЖАЛПЫ ЖӘНЕ ҚАЗАҚ ЛЕКСИКОЛОГИЯСЫНЫҢ ЗЕРТТЕЛУІ	13
1.2. ҚҰРЫЛЫМДЫҚ ЛЕКСИКОЛОГИЯНЫҢ НЕГІЗГІ ЗЕРТТЕУ НЫСАНЫ – СӨЗ	22
1.3 СӨЗДІК ҚОР МЕН СӨЗДІК ҚҰРАМ	32
1.4. СӨЗ МАҒЫНАСЫ ЖӘНЕ ОНЫҢ ТҮРЛЕРІ.....	45
1.5 СӨЗ МАҒЫНАЛАРЫНЫҢ КЕҢЕЮІ МЕН ТАРЫЛУЫ	55
1.6. ҚАЗАҚ ЛЕКСИКОЛОГИЯСЫНЫҢ ПАРАДИГМАЛЫҚ ЖҮЙЕСІ	65
1.6.1 СИНОНИМИЯ (<i>МАҒЫНАЛАС СӨЗДЕР</i>)	66
1.6.2. АНТОНИМИЯ (<i>ҚАРАМА-ҚАРСЫ СӨЗДЕР</i>).....	77
1.6.3 ОМОНИМИЯ (<i>ТҮРПАТТАС СӨЗДЕР</i>).....	82
1.6.4 КӨПМАҒЫНАЛЫҚ	89
1.6.5 КЕҢМАҒЫНАЛЫҚ (<i>ЭВРИСЕМИЯ</i>) ЖӘНЕ ЖАЛПЫЛЫҚ ПЕН ЖАЛҚЫЛЫҚ (<i>ГИПОНИМ-ГИПЕРОНИМДЕР</i>).....	94
1.6.6 СӨЗ ЖАРЫСПАЛЫҒЫ	100
1.7 СӨЗДІҢ ТИПТЕРІ МЕН ТҮРЛЕРІ.....	104
1.7.1 КӨНЕ СӨЗДЕР МЕН ТАРИХИ СӨЗДЕР	104
1.7.2. КӘСІБИ СӨЗДЕР МЕН АЙМАҚТЫҚ СӨЗДЕР	108
1. 7. 3 КІРМЕ СӨЗДЕР МЕН ШЕТТІЛДІК СӨЗДЕР	112

1. 7. 4. ЖАҢА СӨЗДЕР	117
2 ТАРАУ. ТАНЫМДЫҚ ЛЕКСИКОЛОГИЯ	124
2. 1. ҰҒЫМ ЖӘНЕ КОНЦЕПТ	125
2. 2. КОНЦЕПТІЛІК ҚҰРЫЛЫМДАР	132
2. 3. КОНЦЕПТІЛІК ӨРІС	154
3-ТАРАУ. ТІРКЕСІМ ЛЕКСИКОЛОГИЯСЫ	162
3.1 СӨЗДЕРДІҢ ТІРКЕСЖАСАМ ҚАБІЛЕТІ	165
3.2. СӨЗДІҢ КОМБИНАТОРЛЫҚ ЖҮЙЕСІ	177
3.3. ТІРКЕСІМ ӨРІСІ	183
4-ТАРАУ. ФРАЗЕОГРАФИЯ	191
4.1. ҚАЗАҚ ФРАЗЕОЛОГИЯСЫНЫҢ ЗЕРТТЕЛУІ	196
4.2. ФРАЗЕОГРАФИЯ ҚҰРАМЫ ЖӘНЕ СӨЗДІКТЕ ТҮЗІЛУ РЕТТІЛІГІ	202
4.3 ФРАЗЕОГРАФИЯ ТҮЗУ ТӘЖІРИБЕСІ	219
4.4 ФРАЗЕОГРАФИЯНЫҢ НЕГІЗГІ ТЕТІГІ – БЕЙНЕЛІ ТІРКЕСТЕР	246
ҚОРЫТЫНДЫ	288
ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ	292

АЙГҮЛ БӘЙДЕБЕКҚЫЗЫ
ӘМІРБЕКОВА

ЛЕКСИКОЛОГИЯ ЖӘНЕ ФРАЗЕОГРАФИЯ

(монография)

Мұқаба дизайні: Е. Мейірбеков
Компьютерде беттеген: Ж. Кенжебекова

Басуға 25.12.2024 қол қойылды.

Пішімі: 60x90 $\frac{1}{16}$

Борлы қағаз. Офсеттік басылым.

Көлемі: 19,0 б.т.

Таралымы: 100 дана.

«Ел-шежіре» қоғамдық қорының компьютер
орталығында беттеліп, басылып шықты.
Мекенжайы: Алматы қаласы, Абай даңғылы, 143-үй.